

ГОЛУБЕВА



# ҮРЖУМНАН ШЫҚКАН БАЛА

АЛМАТАЙ 1950.

А. Г О Л У Б Е В А

# УРЖУМНАН ШЫҚҚАН БАЛА

С. М. КИРОВТЫН БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ МЕН ЖАСТЫҚ ШАҒЫ ТУРАЛЫ  
ПОВЕСТЬ

Аударғандар:  
*Ғабдыр Салықов*  
*Бейсенғали Сланов*

ҚАЗАКТЫН МЕМЛЕКЕТТІК КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ  
Алматы — 1950



Осы кітапты жазаң алдында мен Киров өлкесінің қішкене бір қаласы — Уржумда болдым.

«Уржум» марей тілінде «тиң көрдім» деген сөз екен. Уржумның тұрғын халықтары баяғы заманда, мұнаң бірнеше жыл бұрын, осы жерде, ну-орман арасында, көп тиң болыпты-мыс деседі.

Ленинградтан Уржумға бапу үшін ұзак жол жүру керек: ең алдымен поездден Вятка қаласына дейін барып, онаң кейін атпен 165 километр жүру керек. Жаздығуні Вяткадан кемемен Уржумның өзіне дейін баруға болады.

Мен Уржумға қыстығуні жол шектім. Өзендердің бәрі қатып қалған болатын, тек бір гана амал қалды: ол — Вяткадан ат шана жалдаш алу еді, маған өзі көрі және көп сөйлемейтін жәмшік тап келді. Оның кішкентай, жүні үзын жирип аты бар екен. Қайқайған жалпак шанасына пішсенді толтыра салып алды.

Бұл жерлерде қыс тінгі катты болады. Басымда жылы орамалды қабатташ орап алып, үстіме үлкен тұлыш тои,

аямнан қонышы тіземмен жөғары келетін байпақ күйл  
шананға отырдым, сейтіп жолға шықтық.

— Әй, ата, Уржумға қашан жетеміз? — деп айқайла-  
дым мен осімнің жәмшігіме.

— Уржумға мә? Тым пысык өкенсін. Әлі отырмай  
жатып, — деп күбірледі шал.

Сонымен ол маган ешбір жауап қайтармады. Мен  
қайтадан әңгіме бастагым келіп еді, ол көзінің қырымен  
қарал қойды да, атына бір ақырып қойып:

— Ей жануар! Аяғынды басыңырасапшы! — деді.

Шананың табаны жолдың бұрылыстарында катты  
сықырлайды, аттың догасындағы қоңырау шылдырлайды. Калып кетіппін. Шананың катты сілкуінен оянып  
кетсем, жол ешкеуге түсіп барады екен. Оң жақта қаттып  
қалғая өзөн көрінеді. Үйлерді тобесіне дейін қар басып  
кеткен, алғыстаң қараган адамға, турбалар мен радио  
антендері қарайып тұрган, омыбы қар сыйкты.

— «Новый Путь» колхозы,— деді жәмшик маган бұ-  
рылдың қарамай, — осыдан ат суарып аламыз!

Шеткі үйге бұрылған токтадық, мен шананы толғы-  
рып салған пішениң арасынан шықтым.

Біз колхозда түнеп шырын, таң ата қайтадан жол тарт-  
тык.

Жүріп келеміз, жүріп келеміз—баяғы бір қалып. Адам  
жан-жакқа қарауға да жалығады екен — көзінді жұма-  
сын, қалғып, мұлғисін, ал көзінді ашып алсаң сілбір өз-  
герісі жок, бұрынғысы. Қарагай мен шырша, шырша мен  
қарагай, тіпті бір орында қозғалмасстан тұрган төріздіміз.  
Жол бойында қардан жасаған түрлі түстегі шақырымдық  
баганалар. Бұл бір колхоз бел екінші колхоздың арасы  
тым қашық болады екен, бірінен-біріне жеткенше он шак-  
ты, кейде онан да көп, баганаларды санаң шығасын.

Жүріп келемін, жүріп келемін, көкейімде Уржум де-  
ген қандай қала деген ой. Қалада танысым жок, алған  
рет көле жатқаным...

Маган тек бір нәрсе танаң: Уржум қаласында атагын  
букіл еліміз білетін адам туып-өсken, өмір сүрген кіш-  
кене үй бар екені мәлім. Бұл адамның есімімсін аталма-  
ған біздің қалаларымызда кошелер, завъод, мектеп немесе  
пионер отряды жок. Бұл адамды Сергей Миронович Кир-  
ров деп атайды.

Уржумда мұның оқыған мектебін тауып алсам жак-  
сы болар еді.

Мүмкін, келтірдін біреуінде оның отырып сыйзып-  
лап тастанай нағасы тұрган шыгар.

Уржумда, мүмкін, оны жас кезінен білетін адамдар  
табылар.

— Ата! — деймін жәмшікке. — Уржумға тез жетеміз  
бे?

— Азғана сабыр ет.

Сонымен, біз арада төрт күн журіп, бесінші тәулік  
ке айналған күннің кешінде алдымыздай жымыңдаған  
оттар көрінді.

— Міне, Уржумға да келіп жеттік! — деді жәмшік.

Атымыз ылдыйға қарай тез журді, бір мезетте базар  
алаңына кірдік. Аланды тірі жан жок, тып-тыныш, тек  
дүкендер арасында қарды тіміскілеп үлкен сабалак ит  
жүр, кооператив алдыңдағы маңдайшада кой терісінен  
жасаған тұлып тонына оранып алып қалғыған күзетшікі  
көресің.

Менің жәмшігім қатып қалған қолғабын алып, бел-  
дігіне тыкты да, маган қарап, кенсттен сөйлеп жіберді.  
Мен мұны осындай сөзшең екен деп ойлаған да жок  
едім.

— Мені Тимофей Палыч деп атайды, — деді жәм-  
шік. — Еіз осы жердікіміз, уржумдықпаз.. Мұнда тұр-  
ғанымызға жетпіс екі жыл болды, бұл жердің әрбір та-  
сына дейін білемін. Мәселен, мынау үйде кім тұрады? Сен оны білмейсін. Мен білмейін. Мұнда мұғалім Спас  
ский Владимир Павлович тұрады. Ол осы жердік, ур-  
жумдық, оның экесі бізде доктор болып істеді. Әне, көр-  
дің бе, терезесінен от жанып тұр. Кеш жатады. Бұл үйге  
қарсы үйде кім тұрды? Онда саудагер Царегородцев тұр-  
ды. Бершімек ауруынан қайтыс болды. Өлсер алдында  
бүкіл көшепі басына көтеріп айқайлады... Анау таудын  
етегінде ақ тастан ауласы бар үй тұтқындарды камайтын  
үй болды, — сірә, қазір, онда коймалар болуы тиіс... Ал  
мына төменде тұрған үйде саудагер Харламовтың лавка-  
сы болды және почта болды. Саудагер Харламов өте бай  
адам еді. — Қарың дүниені жалпағынан басты. — Оның  
лавкасында үш молния-шамы жанатын. Екі сатушы жә-  
не бір қызмет істейтін бала үстады. Ал қазір Совет өкі-  
меті оның орнына колхозшылар үйін күрді... Келіп жет-  
тік, жолаушы, шанадан түсіңіз.

Шал екі қатарлы тас үйдің қақпасының алдыңдағы  
сым-темірді тартып конырау шылдырлатты. Екі минуттан

кейін басына ұлken түбіт шәлі ораған әйсіл бізге какпа ашты. Шал қаранғы ауланың ішінде at дөгарып қалды да, мен әйелмен бірге үйге кірдім.

— Сіз қайдан жолесіз? — деп сұрады әйел менен, конторға кіргеннен кейін.

— Ленинградтан.

— Командировкаға ма, немесе бізге жұмысқа келдіңiz бе?

— Командировкаға. Киров жолдастың балалық шағы туралы кітап жазғым келеді. Соны билетін адамдарды табу керек.

Әйел таңданып қолын соқты.

— Бұл істе мен сізге көл көмек көрсете аламын! Қешенің арғы бетінде фамилиясы Самарцев, езінің және өкесінің аты Александр Матвеевич, деген азамат тұралы. Сергей Миронович екеуі бірге өскен адамдар, — соңынктан бұл кісі көп пәрселер айтып бере алады.

Мен қуанып кеттім.

— Мен оған қалай тез жолыгар екенмін? Тіпті қазір де барған болар едім.

Осы минутта конторға менің жәмшігім де кіріп келді.

— Тимофей Палыч, — деді әйел, — жолаушынды Свобода көшесінде тұратын Самарцевке алып бармайсың ба? Өзім-ақ апарып тастар едім, бүгін дәжурный болып тұрғаным.

— Ескіше айтқанда ол қай көше. Полстовалов көшесі смес пе? — деп сұрады жәмшік.

— Я, бұрынғы Полстовалов, ал қазіргі Свобода көшесі.

— Неге алып баруға болмасын, болады. Колсозым жер ғой. Жарты сағаттан кейін жәмшік мені Полстоваловкаға алып келді. Қар жапалактап тұр. Көше бойындағы үйлердің алдындағы тар көпірлдер төбеленіп тайғақ болып қалыпты. Қар терезелерді басып кете жаздалты.

— Күи қандай бұзылып кетті. Қезінде келгеніміз жақсы болған. Әйтпесе жолда қалып коятын едік.

Біз бір-біріне үқсас екі тар көшеден өтіп солға бұрылдық.

— Міне сінді келіп жеттік, — деді шал, есік ағаш үйдің жаңына токтап. — Қоңе жолаушым, есік қаралық. Кожайындар қонақтарын шығып қарсы алсын.

Бізге есікті қолында ўстаған байлаулы пәрсесі бар кішкентай кемпір ашты.

— Самарцевтер үйқтап қалған жоқ па? — деп сұрады шал.

— Я, сірә жатып қалды білем...

Жәмшігім алға бір аттай түсіл:

— Жатып қалғаны қалай. Ояту керек. Мына кісі Ленинградтан келіп тұр, — деді.

Тукпірдегі бір бөлмеден жөтелген адамның даусы шықты, іле-шала:

— Анда тұрған кім? — деп сұрады, қырылдаған дауыспен, ер адам.

— Александр Матвеевич, сіз үйқтаған жоқ па едіңіз, — деді кемпір. — Сізге Ленинградтан кіслер келіп тұр.

Бөлмеде жөтелген адамның даусы естілді. Тік жағалы ақ койлек, аяғына қара байпақ киғен үзын бойлы шашы ағарған адам орындықты жолдан алып қойып, колына шам үстап ас үйге кірді.

— Қош келдіңіз! — деді ол. — Бөлмеге жүріңіз.

Мен келген жұмысымды баяндадым.

— Несі бар, білгенімнің барлығын айтайын. Біз Сережа екеуміз бірге естік. Мен оны бала күнінде Серго деп атадым. Оның шын фамилиясы Костриков. Таң осы көшеде, осыдан екінші үйде Сережа тұрды... Тек мен, амал канша, сөйлеуге шебер емеспін... Дегенмен, білгендімше айтайын...

Осы кешке Александр Матвеевич Самарцев маған үзақ әңгіме айтты. Мен онан тілті кеш қайттым. Барлық жерде бірдей шам сөнген еді. Қыстығунгі мейреу деревня сыйқты, Уржумда үзақ үйқыға кеткен болатын. Деревнядағы тәрізді, мұнда да кейбір үйлерде үрген иттің даусы естіледі.


Таңертең Самарцев үйінің жанындағы кішкентай ғана үйді көруге келдім, түнде дүрыстап қарай алмаған болатынын.

Бұл ескі, беренеден салынған, үзақ жыл тұрғандық-ған сырты қарайып, жерге шөгінкіреген үй екен. Астының үйдің қоңырқай тартқан терезелері сәл ғана жылтырап көрінеді.

Көшелерді аралап жүріп, бурын Уржумның қалалық училищесі болған мектепке кірдім, ал кешінде Александр Матвеевич, жасында Сережа Костриков болып атанған Сергей Миронович Кировты жаксы білетін аламдарға алып барды. Бұлардың кейбіреулері оны кіш-

кентай бала құайнен, екіншілері мектепте бірге оқыған көзінен, үшінші біреулері жігіт кезінен біледі екен. Бұл адамдардың айтқандары маған осы кітапты жазуға мықтап көмектесті.

Қебінесе, Сергей Миронович Кировтың балалық шағы туралы мен оның қарындастары Анна Мироновнаның және Елизавета Мироновнаның айтқан сөздерінен білдім.



### I T A R A U

## ПОЛСТОВАЛОВ КӨШЕСІНДЕГІ УЙ ЖӘНЕ ОНЫН АДАМДАРЫ

Мұнан жарты ғасыр бүрын 1886 жылы үлкен кала лардың өзінде сол кезде сирек кездесетін электр жарығы Уржумда атымен жоқ еді. Көшелерді керосин фонарьлары эрән жарық қылатын. Қыстығұні фонарьларды қарбасып кеткенде жарық сығырайып қана тұратын. Жел мен жаңбырдан фонарьлар жиі-жиі сөніп те калатын. Үйлердің де жағатыны керосин еді. Бай адамдардың үйлерінде түрлі түстегі әйнекті аба журлары бар қола мен фарфордан жасаған шам болатын, ал әлсіздер көрбікте шам жағатын.

Көшелер, әсіресе, күздігүні қараңғы және тізеден баңышқ болатын, не көлікпен, не жаяу жүре алмайтынын. Баңышқ жаздың қақ ортасында кеүіп, шаңға айналатын. Қаланың шаңын айтпацыз! Жаздың ортасында жоғ

бойындағы ағаштарды, оның жапырактарын шаң басып кетеді.

Қаланың бар көркі ағысы қатты Уржумка өзені мен басты көшелердегі кәрі теректер еді.

Қалалық басқармада ілулі тұрған жоспар бойынша бұл Воскресене көшесі болып аталады, ал уржумдықтар оны «Үлкен кеше» деп атап, басқа атты таңғысы да келмейді.

Қектемнің күншуағымен бүкіл қалаға белгілі кәрі үзінші майнына кішкене күй сандықты іліп алғып, жүні түсіп түлеген тоты құсын бұйра шашына отырғызып алғып Үлкен көшеге шығатын-ды. Шарманщик қарт саудагерлердің терезелерінің алдына тоқтайтын. Ол аулаға кірмейтін, ейткені үйлердің барлығында дерлік шынжырға байланған қабаған төбеттер болатын. Шарманщиктің артына, оның сирек баратын көшелерінен балалар қантап жүретінді. Қаланың шетіндегі кішкене көшелерде кедейлер: етікшілер мениң пеш салушылар тұратын бұлардан шарманщик, әрине дәметпейтін, ейткені олардың тапқандары өздерінің күнелтулеріне әрең-әрең жететін.

Бұл көшелердегі үйлер, үлкен көшедегі тастан салынған және әдемі қақпалары бар үйлер сыйқты емес, нашар, ағаш үйлер болатын. Тас үйлерде Уржумның күнештері мен қала начальниктері тұрды. Воскресене көшесіндегі ең жақсы деген үй полиция басқармасының үйі болатынды. Бұл үйдің алдындағы қызылды-жасылды будканиң жанында үнемі көзін аудармастан бір жакқа қарап қару-жарақты, мұртты солдат тік тұратын. Бір кезде, осы солдаттың көзі қолдан жасалған көз бе, немесе нағыз көз бе деп екі жыйын боп Уржум балалары өзара көрісстінді. Полиция басқармасының үйінен екі квартал жерде терезе темірмен қоршалған үзыниан-ұзак салынған ақ үй — түрме болатын. Уржум балалары үлкендеге корінбей түрмеге үстері алба-жұлба, шаштары үрпіген, бет-ауыздары іскең бір тоң тұтқындарды алғып келе жатқызын керу үшін жіңі-жіңі барып тұратын. Кей кезде тұтқындардың ішінде студенттік бешшет, тік жағалы кара кейлек кигендер де болатын. Бұл адамдарды уржумдықтар «саясатшылар» немесе «үкіметке қарсы адамдар» деп атайдын.

Тұлғындар кешенің қақ ортасымен өтетін, ал көше-

нің шетімен, оларды күзегуші, қылыштарын қынаптарынан сұрып алған аттылар жүретін.

Олар салмактарын, тарапынға салып, аттың үстінде тік түршіп баләларға:

— Кейін кетіндер! — деп зекіретін. Аттар көзімен бір шолып, пысқырып қоятын.

Уржумға айдалып келген «аясатышылар» мүнда үш жыл, кейде бес жыл болатын. Олар сыртқан қарағанда бостандықта жүрген тәрізді көрінеді, ал шын мәнісінде полицияның рұқсатыныз аяқтарын аттап та баса алмайтын. Бұлар жер аударылғандар еді.

Сережа Костриковтың туып-өсken және балалық шағын еткізген Полстовалов кешесінде жер аударылғандар толып кетті. Бұлардың кейбіреулері мерзімдерін өтеп кетіп жатса, оларлық орнына басқаларды айдал әкеліп жатты. Жер аударылғандар Полстовалов кешесінің аяғындағы, тау отегіндегі үйде тұрды, ал Сережаның семьясы осы көшениң басындағы үшінші үйде тұрды.

Костриковтардың семьясы жоғ өмestі: әке, шешесі, үш бала — олардың ең үлкені Анията, ортаниның Сережа, ең кішісі Лиза болатын. Бұлардан басқа Сережаның карт шешесі Маланя Аздеевна болды. Бірак, бұл кемпір бөлек тұрды. Чиновник Перевозчиков та бала бағушы болып қызмет істеді.

Костриковтар өздері үйінің кішкене бөлмесінде тұршып, үлкен жатын Самарцевтерге жалға берді. Үйдің сырт жақта қарайберіс терезесі бар еді: оның үшеуі самарцевтердің, екеуі костриковтардың болмесінде болды.

Сережаның әкесі көрмегенді көріп күнелтті. Бір уақытта ол мектеп қарауындағы орманды қараушы болып қызмет етті. Бірак, мүнның айлыны тіпті аз болып, семьяны асырауга әрең жетті. Үйінің іші өте жарлы, жұпымы болды. Асқанада ескі дастарқанмен жабылған қыйсық тактай, стол оның екі жақ жаңында екі скамейка болынды. Жарда маятнігін тот басқан сағат ілүлі тұратын. Сағат әрқашанда алға кетіп қалатын. Өзге сағаттар 12 ні сокқанда костриковтардың сағаты бір жарым болатын.

Асқананың бір бұрышында сықырлаған ағаш кровать тұратын. Онда Сережаның анасы үйшіктайтын. Балалар дөрвөншаша жасаған тектеге жататын.

Асқанадан басқа тағы бір бөлме болды. Бұл «қоңак үй» деп аталды, мүндағы барлық жиһаз: әлде қашан бо-

лұы түсіп қалған төрт орындық, тоқыма дастарқан жа-  
былған бір стол еді.

Осы бөлменің бір бұрышында ыдыс-аяктар қоятын  
ескі шкаф түрді. Оның үсті әйнек, асты үш сұрмасы  
бар ағаш тақтай еді. Оның төменгі сұрмасы өмірі  
ашылмайтын. Шкафтагы ыдыс-аяктар унемі бір орында  
тұратын. Өздерінің күндегі тамағы — етсіз капуста сор-  
пасын шойын казанға пісіріп, сапал аяққа күйіп ішетін.  
ботқа мен картошканы құмырага пісіретін. Костриков-  
тардың ішіп-жегені оте жұмыны тамақ болды. Кей уақыт-  
та балалар өз үйінің ешкісі Шимканың сүтін ішетін.  
Ал, қызыл жұмыртқа мен рождество күндері дәңгелек  
етіп пісірген ақ наң жейтін.

Сережка алты жасқа толғанда базарда ағаштан жаса-  
ған шұбарала ойыншық атты корді. Ат алты тыйын тұ-  
ратын. Анасында артық бір тыйын да болмағандықтан  
ойыншыкты Сережага сатып өпере алмады. Баласын жұ-  
бату үшін анасы, оған бар болғаны, шуберектен доп  
тігіп берді. Бірақ, Сережа өзінің досы Санька Самарцев  
екеуі ойыншыксыз-ак күн өткізе беретін-ді. Олар лунка  
және салқа ойнайтын.

Жаздығуні олардың сүйікті кәсібі Уржумкаға суга тусу  
болатын. Ол екеуі өзен бойында тоңып денелері көгерген-  
ше жүретін. Бір-бірін қуып жүзетін, күмға аунайтын.  
Суға сұнгитін. Сейтіп күн үзаққа өзен бойында жүретін  
де қоятын. Бастьарына күн өтіп кетпеу үшін ошаған бай-  
лайтын.

Ал, кешке көрші тұратын балаларды шақырып алып,  
ауланың ішінде чикало-бегало ойынын, кейде жасырын-  
бак ойнайтын.

Ауланың ішінде жасырынбак ойнағанда тығылып  
қалатын жерлер ете көп еді. Мысалы, ат қора немесе  
сарайдың астындағы шұқырга тығылуға болатын еді.  
Бұл шұқырды Шарик күшіктер алдында қазып тастаған  
болатын. Бұл шұқыр салқындау, сызыдау болды. Балалар  
мұнан басқа огород ішіне, караңғы ауыз үйде, қансың  
қалған кеспектің тасасына тығылып жүрді.

Кең ауланың ішінде орын аз болсын ба!

Кейде балалар жасырынбак ойыны кезінде кіімдерін  
өзгертіп киіп жүрді. Жасырынғандар көйлектерін ауыс-  
тырып киіп бұрыштың сыртына тығылса иығын немесе  
шынтағын шығарып тұратын болды. Көзге орамал байла.

ғанды жетектеп жүретін бала, тығылғандардың біреуін көріп қалса, ол сол сэтте қолға түсстін болды. «Санька! — Санька!» Ал, шынында бұл Санька болып шықпайды. Саньканың көйлегін киген Колька Сазонов болып шыгады. Жасырынбაқ немесе чикало-бегало ойындары көп бала керек қылады. Ал, кейде Сережа мен Саня екеуі қалып қойса, ол уақытта күм мен балшықтан бөгет немесе қамал салып ойнайтын. Ойында екеуі келісе алмай кейде үрсып та қаластын. Саня Сережадан екі жас үлкен болғандықтан мектепке барып жүрсе де біртүрлі жәй, босағ болды: жұмыска бар ынтасымен кіріссе де, кенеттен оған деген ықласы жойылып, босаңсызды да қалады, балшықты алақанына салып өте жәй үқалап отырады да қояды. Ал, Сережа ондай болмады — сиртқа жүгіріп шыра салысымен-ак: «Ә, Санька, кел бөгет жасайық!.. Таяқ жонайық!.. Балық аулауға барайық!..» деп табандаға айқай салатын. Балалар балықты дінірмен жаиындағы бөгеттен аулап жүрді. Олар балықты жақсы аулап, көп үстаса улап-шулап көнілді қайтып жүрді. Ал, Серьга берінен де көп күліп, көнілді қайтатын. Оның сөз дегенде тамағы үнемі бүлкілдеп тұратын.

Көршілер оны «пысық бала», ал үйіндегілер — «тәпеші» деп атайдын. Мұның себебі Сережа дүниедегінің барлығын да білгісі келетін. Ол Санькаға да жімі-жіні сұрақтар қоятын. Әліппені ашып алып, оқуға үйрет, окуға үйрет дейтін.

Санька онаң құтылу үшін бір күні әліппедегі қалай болса солай көзіне түсे қалған: П, С және О әрітерін көрсете салады.

Сережа сол сэтте бұл әрітерге өзінше ат қойды. П — қакпа, О — деңгелек наң, ал С — жарты наң деп атады. Бұл үш әріпті ол үнемі жерге таяқпен жазып жүрді, кейіннен сарайдың қабырғасына бормен жазатын айланы тапты. Бұл үшін оған әкесі де көрешекті көрсетті. Мұнан кейін ол қабырғаны бұлдірмейтін болды. Бірақ, окуға деген ынтасы жойылған жоқ. Санядан күн сайын мектеп жайын, онда не болып жатқанын сұрай берді. Ал, үйінде: «Мен қашан мектепке барамын. Мені оқуға беріңдер!» деп қыцқылдай берді.

«Сен әлі жассын, мектепке бару кайда», дейтін еді, Сережаның анасы.



## II ТРАУ

### КУЗЬМОВНА

Сережаның анасының есімі Екатерина Кузьминична еді, оны көршілері тек Кузьмовна деп атады.

Ол арық, кішкене бойлы, кой көзді, жай гана сәйлейтін адам еді. Өз балаларын айтпағаның өзінде, оны көршілес балалардың барлығы да жақсы көретін.

Сережа жеті жасқа келгенде оның әкесі басқа қалаға барып жалакы тапқысы келді. Әр жыллың көктемінде Уржумнаң «шойын жолмен» — сол кезде темір жолды осылай деп атайдын — көптеген алам Вяткаға барып былғары және ағаш кесу заводтарына жұмысқа кіретін.

Сережаның әкесі бүл қалала азырап жұмыс істеп, күзге үйіне қайтуды ойлаған-ды. Күз түсті, қар да жауды, әкесі қайтпалы, суға баткан адамдай ғайыптан тайыл жоқ болды. Вяткада қайтыс болыпты-мыс деген хабар да тарап жүрді. Бірақ, ешкім ештеңе білмеді.

Кузьмовна өзіне таңыс писарьға қанцелярия барса ла, жазған хатқа талай тыйын төлесе де, Вяткадан ешбір

жауап алмады. Сондыктан Кузьмовиңаға өзін және үш баласын асырау үшін жұмысқа тұру керек болды.

Ол хат таңымайтын, түрлі өнерге олақ болатын. Оғаз малайлыққа тұру ғана: чиновниктер мен купестер үйінде кір немесе сден жуу, мейрам алдында үй тазалау қаллы.

Мүндай жұмыстарда таниң атысы, күнін батысы салпактап жүрді де қойды. Ол кезде күнделік жұмыс істейтіндеге күніне жыйырма бес, отыз тынынан төлейтін, бұл акшана да тұтас бермейтін еді. Өзі тапкан акшана әлде иеше рет бас иіп сұраған кезі де болды.

«Қарағым арғы күні кел, қазір үсак акша жок» не месе — «қолым тимей жатыр», болмаса — «сенсіз де жұмысым жетіп жатыр» дейтін.

Өзінің көршісі Устинья Степановнамен бірге Кузьмона жұмысқа кетіп күні бойы үйінде болмайтын, екеуі де балаларын үйге тастан сыртынаң құлыптаған кететін. Балалар құлыптаулы үйде отыра-отыра шаршап, жалықкан соң үйдің кабырғасы арқылы, тіпті пештің үстінен шығып алып, жарды жұдырыктарымен соғып сойлесетін.

— Серьга, бұл сенбісің? — деп айқайлайтын Саня.

— Менмін!

— А, бұл сенбісің, Саня?

Олар, міне, осылайша тойлесетін.

Үйінің қабырғасы арқылы сойлссу оларды тойдырыды және жоңді естілмейтін де.

Сондыктан, балалар сойлесуге жекіл болуы үшін, бір нәрсемен үйдің қабырғасын тессуге үйіндерди. Екі үйдің де пеші бір қабырғада болатын. Балалар колдарына орақ алып қабырғаның сылауын түсіре бастады. Үйді жаңырткан дүрсіл алып кетті, тіпті үйде пеш салып жатыр екен деп каласың.

Бұл жұмысқа таңертеш кірісті. Аналары — сыртта, балалары пештің үстінде. Тіпті Сережаның бес жасар қарындасы Лиза да жерге түскен сылауды бір жерге үйіп комектесті. Үйдің ағаштан жасаған қабырғасы жұка тेңрізді көрінсе де, оны бір жұма тесүе тұра келді. Балалар күні бойы пештің үстінен түспейтін болды. Өздерімен бір тілім кара нац, бір құмыра суды алып шығып күштері жеткенше қабырғаны қашай берді.

Ақыр аяғында, бір күн таңертеш үш рет қашап жіберіп еді, тесік шыға колді. Тесік болтапла қанлай! Қол сүғуға да болады. Қандай қуаныш! Барлығы да кезек-

пен қолларын сүғып бір-бірімен амандасты. Өз есімдерін, әкесінің аттарын айтысып шұрқырасып қалды:

- Сергей Миронович, сәламатсыз ба!
- Александр Матвеевич сәламатсыз ба!
- Ие, бұл сіз бе, Анна Мироновна?
- Я, меммін. Бұл сіз бе, Анна Матвеевна?
- Меммін!

Кешінде, аналары көрмейтіндегі етіп, тесікті ескі байпақпен, ескі шүберекпен мықтап біtedі. Олар жұмыстан кайтып келгенде пештің үстіне шығып жылынатын. Шаршал келгеннен кейін қара наңды жеп, шайға қанып алдып, пештің үстіне шығатын. Онда жатып алдып, арқаларын қыздырып, өзара үйдің қабырғасы арқылы сөйлесетін.

— Қалай, Кузьмовна, демінді алдың ба, — деп айкайлашын Самарцева.

— Азырақ дем алдым. Ыстық шай іштім. Жадырап қалдым, — деп жауап қайтарады, Кузьмовна жөтеле түсіп.

Оның қеудесі көптен бері ауыратын еді. Тіпті, кейде көзінен жас аққанша жөтөлетін. Емделу керек, ақшасы да, уақыты да болмады.

Бір күні түнде екі дос, әдеттегісінше, дем алдып жатып сөйлескен-ди.

— Степановна, ә Степановна, — деді кенеттен Сережаның анасы. — Бұғін сенің даусың, менімен бір пеште қатар жатқандай, тым жаксы естіледі.

— Ім, Кузьмовна, мен де сені бұғін тіпті жаксы естіп жатырмын, — деп жауап қайтарды Самарцева.— Қалай өзі, мұржа ашық емес пе?

Бұлар, әрқайсыны өздері жағына қабырғаларды шұқылап қарай бастады. Қабырғадағы тесікті тапты. Бұл қайдан пайда болған тесік.

Әрі ойланп, бері ойланп, ақырында тапты. Балалардан басқа ешкім де емес.

Олардың өздеріне де қолайлы болды: үйдің қабырғасы арқылы дауыс қарлықканша айқайлаулыш, қажеті жоқ болды. Тіпті үй шаруашылығына да бұл тесіктің керегі болды.

Устиная Степановнаға шөміш, жуа немесе тұз көрек болып қалса, тесіктен:

— Көрші, бар болса қарызға жуа тастанызышы, —  
— дейтін.

Сергей жуамен көзді ашып жұмғанша пештің үстіне  
карғып шығып, әржакта оны әлде қашан күтіп отырған  
Санькаға тесіктен қолын тығып, бармақтарын қыймыл-  
дататын.

— Кім күшті екен, кәне тартысайык, — дейтін  
Санька.

Екесі тартысып жатқанда жуа ойларынан да шығып  
кететін, Устинья Степановна Саньканы шақырганша ол  
пешген түспейтін.

Балалар кайда ойын-күлкі бар деп іздей жүретін.  
Оларға срмек болатын заттар мен ойыншықтар сатып  
алуга ақша болмады. Құндел жұмыс істеп жүрген ана-  
ларының табысы мардымсыз, кара наңға ғана жететін.

Аналарының жұмысы жецил болмады. Мырзалардың  
үйлеріне барып еден, кір жуатын. Катты сұыкта, үскір-  
ген бораңларда толған корзинка жуылған киімдерді Ур-  
жум сұына шайып кайтуға баратын. Самарцева әлдірек  
еді, ал Кузьмовна күн сайын әлсірей түсті.

Бір күн, әлле қалай, өзен бойында оған сұық тиіп  
бүрінғыдан да бетер катты жөтеле бастады.

Суга барған катындар бастарын шайқап:

— Быйыл Кузьмовнаның халі өте нашар. Жарты  
шелек сұлың өзін әзер көтеріп келеді. Оның науқасы  
күртауру. Қоктемге дейін шыдай алмас, деп жүрді.

Шынында да, солай болып шыкты, қоктемге дейін  
төзе алмады. Кузьмовна төсек тартып жатып қалды. Өз  
шашын тарауға да әлі келмеді — қолдарын көтере ал-  
мады.

Сондықтан онын енесі, кемпір Маланъяға салық жый-  
наушы чиновник Перевозчиковтың үйінде бала бағып  
жүрген жерінен шыгуға тұра келді. Ауру адамды күту,  
балаларды қарау, ас пісіру керек болды.

Кузьмовна жарты жылға таяу уақыт науқастанды.  
Жүрттүң бәрі жазылады деп ойлады. Бірақ ол күннен  
күнге нашарлай берді. Декабрь айында, бір күн таңтертең  
кемпір Кузьмовнаның жанына келіп әлсіреп жатқанын  
көріп:

— Балалар. Анаң жан тапсырғалы жатыр, — деп ай-  
қайлап жіберді.

Бұл мезетте Сөрежа қарындастарымен, қайғы-касірет  
шегетіндеріне күманданбастан, тектің үстінде отыр еді.

Кемпірдің даусын естігеннен кейін балалар тектің үстінен-  
секіріп түсіп, анасының жанына келді.

Бұл кезде олардың анасы аурудан әбден сарғайып  
кеткен екі беті бірдей қып-қызыл болып, демін әзер де-  
генде алып, екі көзін жұмып кровать үстінде қолдарын  
созып жіберіп жатыр еді.

— Мама, мама! — деді Аниота, жәй ғана.

Анасы жауап қайтармады. Аниота анасына қарап шо-  
шып кетіп сынсып жылап жіберді, оған қосылып кіш-  
кене Лиза да еңкілдеді. Сергей үндеместен төмен қарап  
тұрды.

— Ақымақтар, сендерге не болған,— деді Кузьмов-  
на, көзін ашып.

— Өлме, — деді Аниота.

Сол сэтте анасының қеудесіне басын қойып Сергей  
де жылап жіберді.

Кузьмовна күшін жыйнап, жастыққа сүйеніп Сергей-  
ді құшақтады.

— Ақымақтар, барыңдар, ойнаңдар. Мен өлмеймін,—  
деді Кузьмовна кішкене Лизаның басын сыйип.

Балалар жұбанып тектің үстіне шығып «қонақ» ойы-  
нына кірісті.

Ертеңгісіне Аниота күндізгіден ерте оянып текке  
асылып тұрып төмен қарады.

Төменде, анасының кроватының айналасында Ма-  
ланья мен Устињя Степановна сергелденге түсіп жүр-  
екен. Олардың тасасынан анасы көрінбеді. Кемпір күр-  
сініп, үйлейді, Устињя Степановна анасын простыйна-  
мен жауып жатыр, осыдан Аниота коркынышты жағдай-  
дың болғанын аңғарды.

Стол үстінде кішкене ғана шам жанып тұр. Сырт жа-  
ғы қараңғы.

— Міне, енді, біздің Катерина азаптан күтылды, деп,  
кемпір көз жасын орамалының үшімен сүртіп жіберді.

Екі күн бойы Катерина Кузьмовна мен каштасуға  
көршілері келіп жүрді. Үшінші күні Кузьмовна қара-  
пайым ғана шанаға салып бейіт басына алып барды.

Күн ызырық жел, сұық еді. Өліктің табытын алып  
Маланья немерелерімен және Устињя Степановна бала-  
ларымен алып жүрді. Жұру тіпті қыйын болды — жерді  
қар басып кетті. Балалар омбы карға батып жүре алма-  
ды. Орта жолда Маланья Лиза мен Сергейді табыт са-  
лығын шанаға отырғызды.

Бейіт басы тып-тыныш. Ондағы ағаштарды, өлгөн  
адамдардың басындағы крестерді қар басып кеткен. Бейіт-  
тің жалғызаяқ жолдарында омбы қар жатыр.

Кузьмовнаны бейіттің бір шетіне — ескі шарбақтың  
оржағына қойды.

Қабірге топырақты тастап болуы-ақ мұң екен, сол  
сэтте қатты қар жауып, анатың қабірін ақша қар басып  
калды.

---



### III ТАРАУ

## СЕРЕЖАНЫҢ ӘЖЕСІ

Сережаның әжесі Маланья Авдеевна, Глазов уезінің деревнясында туады. Мұнда ол тұрмыска шықты, бірақ күйеуімен ўзақ тұра алмады. Сережаның атасын, Иван Пантелейевичті, жасынан солдатқа алып, Кавказға айдал кетеді. Бұл бірінші Николай патшаның тұсы еді. Ол кезде патшаның заны бойынша адамдар солдат болып үдайы жыйырма бес жыл қызмет істейтін.

Жас жігіт әскери қызметтен қартайып қайтатын, қайтпайтыны да толып жататын.

Сонымен, Маланья Авдеевнаның күйеуі әскерден қайтпады. Ол әскерде алты жыл қызмет еткенин кейін безгек ауруына ўшырап, Кавказда, әскери ауруханада қайтыс болады. Маланья жас ўлымен кісі қолында — әуелі дерсвияда, кейіннен қалада бала күтіп күнелтеді.

Оған түрлі балаларды — жылы шырайлы баланы да, қыңыр, тыңдағыш баланы да, сотқар-тентек баланы да тәрбиелеуге тұра келді. Бала бағушы әйелге тандап жатуға да болмайтын-ды, оның ісі — ханым қалай бұйырса, соның айтқанындай етіп балаларды көнілдендіру, күту болатын. Тіпті, кейде бір емес, әлденеше баланың артынан жүретін кез де болады.

Мырзаларлың балалары мал болып ойшайты: біреуі сыйыр болып мәңгілді, біреуі қой болып маңырайды, біреуі шошқа болып қорсылладайды. Ал, балалар өздерін күтуші эйелді ит болып үруге мәжбур етегін. Маланя төрт аяқтап алып үйдің бұрыш-бұрышына жүгіріп ит болып үретін. Бас тартуға болмайды. Балалар ағыл-тегіл болып жылап, сол сағатында-ақ жүгіріп шешелеріне барады:

— Күтуші біздермен ойнағысы келмейді,— деп арыз айтатын.

— Балаларды көніллендіре білмесең сен қандай күтушісің. Сенімен есеп айыруға тұра келеді.

Маланя Авдеевианың жаз кезінде балаларды көнілдендіру үшін оның істейтін әрекеттері өзіне бата да қоймаушы еді. Оның төрт аяқтап жүгірген күні де, үйдің төбесінен немесе терец ордан допты алып шыққан кездері де болды. Ал, картайған кезде оған терен орга тұсубынай тұрсын, тіпті балалар жасырынбак ойнаганда олармен бірге столдың астына тығылу да қызын болды...

Бір күні балалар көрі Маланядан баспалдақтың таянышына атка мінгендей отырып алып тәмсін жылжууды талап етеді. Мұны істеулен кемпір үзак уақыт бас тартады. Балалар тындаламайды және тындалғылары да келмейді. Байдың бір баласы жер төркілед жылай бастайды.

— Ал, ерік сіздердің,— дейді де, кемпір таянышка отырып жылжыйды.

Ешнэрсе де еткен жок, тірі қалды, алақаны сыйдырылышы, кан шықты. Үш күн қолы байлаулы жүрді.

Антушевский мырзаның үйінде Маланя 13 жыл тұрады. Бір күні мырзаны қызмет бабында Глазов уезінен Уржумға көшіреді. Бұлар Маланяны:

— Бізben жүріңіз. Уржумга барысымен, басқа бір күтуші тауып алып, сені туган жеріңе қайтарамыз. Маланя біздің жағдайымызды түсін, деп азғырады.

Маланя бұлардың айтқанына көніп, мырзалармен бірге Уржумға жүріп кетеді, ал олар Маланяға алғыс айтудың орнына, оны ірсінжітеді.

Ерте кезде кімде-кім мырзаларға қызметке кірсе, паспорты сол сағатында алышатын тәртіп болған.

Ал паспортсыз ешкайда бас сүгуға болмайтын-ды.

Кемпір мырзаларымен Уржумға келіп, үш ай тұрған-яң кейін туган жеріне қайтуға жыйналады.

— Байбатша, өзінізге жаңа күтуші Ізденіз. Мен үйімекайтамын.

Байбатша мұның айтқаны тыңдайды да. Және паспортын да бермейді. Қайда барып шағым айту керек.


Маланя кемпір қайғыланып жылап-жылап алды да, қолын бір сілтеп Үржумда мәңгі қалып койды.

Қызмет істеу үшін Антушевскийден басқа мырзалардың қолдарына қошіп жүрді, ол мұлдем картайғаннан кейін, салық жыйнаушы чиновник Перевозчиковке қызметке орналасты.

«Бес жыл қызмет істейін, бәлкім, чиновник рахым етер, сінірген мінсіз қызметім үшін мені қарып-қасірлер жатқханасына орналастыра尔, онда өзім картайған шағымда тыныштық табармын», — деп ойлады кемпір.

Еірак, ойлағаны мұлдем басқаша болып шықты.

---



#### IV ТАРАУ

### ЖЕТИМДЕР

Чиновник Перевозчиковтың үйінде бала күтуші болып жұмыс істегеніне бес жылдың ақыры таянып келеді. Чиновник Маланья кемпірді карып-қасірлер жатақханасына орналастыру туралы өтініш те беріп койған-ды. Кемпір де чиновниктің ас пісірушісіне кемпірге карып-қасірлер жатақханасында мүндай шалының керегі не деп, гулді, шашақты шалысын сыйлыққа беріп қойды.

Ал, мына жакта кенеттен Маланьяның келіні, Кузьмовна, күртауруынан қайтыс болды, оның артында үш бала калып қойды. Кемпірге, қаргайған шағында, өзінің туған үш немересін бағуға тұра келді. Осы кезде Маланья 82 жаста болатын.

Кемпір есеп-қыйсабын алғып, қарып-қасірлер жатақханасының орнына, Полстовалов көшесіне орын аударды. Өзімен бірге көк сандығын ала келді. Оның ішінде көп жылдар бойы қызмет істегендеге тапқан дәүлеті: үш

көйлек, фланелден жасаган кофта, кашимерден істеген орамал, прунельден жасаган аяқнім, тағы да жұпнылау бірнеше көйлек бар еді.

Кемпірдің жана өмірі басталды, немерелері өте жас болды, олармен істейтін жұмыс та жетіп жатты. Ас пісіру де, балалардың күмін жамау да, өзеннен су алыш келу де керек болды. Кемпірге шаруашылық жұмысын істей оңай болған жок.

Кемпір өзіне көмекші даярлад: Анютаниң жұмыска үйрете бастады. Анюта 10 жаста ғана еді. Кемпір оны бірсесе нан, немесе көрсін алыш келуге дүкенге жіберетін болды, бірсесе еден жууға, болмаса жуылған кірді өзенге шайып келуге жұмсаңтын болды. Анюта кемпірден аулақ жүргүре тырысты. Оған кей уакытта Сережа жәрдемдесетін болды. Анюта картошка тазадаса, ол онын айналасынан шықпай: «қаие, мен тазалайын» дейтін. Бір картошка тазаламастан-ақ онан кемпір пышакты жүліп алады.

— Картошканы тазалай білу керек. Қабығын жұқа алған жөн, ал сен қашама картошканы босқа шығардың. Бұлай тазаласаң оның жейгін де ешнәрсесі қалмас, — дейгін кемпір.

Сережа пышакты көнілсіздеу бере салып және сол замат басқа жұмыс табатын. Колына орактың сынығын ала салып самауыр тұтатуга керекті тамыздық ағаш жаратын, немесе Анютамен бірге өзенге кір шайып келуге кететін.

Анюта карзинкаға кірді салып көтеріп бара жатса, ол онымен қатарласып, карзинканың бір шетінен үстап жүргетін.

Өзенде Анюта сүы терен, әрі таза жердегі тастың үстіне шығып кір шайса, Сережа су жағасында қалып қойып, ақ тастар жыйнайтын, күмнан бөгет салатын, Анютанаң қарай, байқап отыратын.

— Нютика, суга батып кетпе! — деп айқайлайтын, қарындасты қебірек еңкейіп кетсе.

Бір күні Сережа шыдап тұра алмады, тастан-тасқа сепіріп Анютаниң қасына барды. Ол бұрылып қарап:

— Сен мүнда неге келдің, — деп сұралы.

— Суга батып кетпеуің үшін сенің көйлегіңің етегінен үстап тұрамын.

Сонымен, Сережа қарындастының жанындағы тастың

үстінде отырып кірлі шайып болғанша оның көйлегінік етегінен мықтап үстап отыратын-ды.

Маланя кемпір тац сөріден, тауық айқайлағанда тұрып, узак шоқынатын. Балалар үйыктап жатқанда ешкі — Шимканы сауып, өзенин су әкелетін, пеш жағатын. Сөйтіп жүргенде балалар да тұрып, алыс жұлыс, айқай басталатын. Сережа Лизаны қуып ойнайтын, Лиза айқайлап кемпірдің артына тығылатын.

Кемпір стол үстіне бір күмыра піскен ыстық картошка қоятын. Балалар жүгірісіп келіп стол айналасына отырып, әркайсысы көп алуға таласатын.

— Тынышталындар, қаракышылар. Аштықтан келдіндер ме. Не жетпейді. Ыстық тамактан ішектерің пісіп қалады, деп айқайлайтын кемпір.

Немерелері стол манында отырғанда оларды Маланя үнемі үйретіп отыратын.

— Сіздер жетімсіздер, солай болғандықтан, жетімдерше тұру керек. Босқа сандалып жүрмей, үлкеннің айтқанын тыңдап, жұмысқа көндігу керек.

Кемпір өте кішкене, жуан адам еді. Аппак, үлпа жүндей жұмсақ шашы екі бұрымдалып желкесін жауып тұратын.

Кемпір насыбай атуды жарататын. Насыбайдың көзге пайдасы бар: «Насыбай атып жіберсем көзім шайдай ашылады» дейтін. Оның насыбай салатын сауыты — какпагында басына жиектелген қалпак киіп, колына гүл үстеган байбатшаның суреті салынған кара сауыт болатын. Бұл сауытты бір мырзаның әйслі туған күні оған сыйлыққа тартқан еді. Кемпір жып-жыйнақты киінетін. Қеудес жоқ көйлек пен кофтаның үстінен коныр шыттан жасалған омырауша байлайтын. Балаларды да жыйнақтылыққа үйретti.

— Үйкітауға жатасың екен, танертең тұрганда үйкілы-ояу көзіңмен іздел жүрмеу үшін күімінді белгілі бір жерге жыйнап қой. Күімің жыртылса, көрісімен де реу тігіп ал, әйтпесе үлғайып көтеді. Бір нәрсені алсан орнына қой.

Балаларлың біреуі абайсыздан тарелкені немесе аякты сындырып алса, кемпір оған қатты ашуланатын.

— Мал таба білмейсіндер, тапқанды булдіріп, сындырасындар. Кеше «сатып» алынған нәрсе бүгін жоқ. Бұлдіргіштер...

Анасы қайтыс болғаннан кейін көп үзамай бала-

лардың есінен үзак уақыт кетпеген мынадай бір оқыйға болды: Бір күні кеште балалар пештің үстіне отырып ботқа жеді. Олардың алдына аласа орындықтың үстінде саздан жасаған күмыра тұрған еді. Бір мезгілде Сережа абайсыздан орындықты қыймылдатып қалып күмыраны сындырып таstadtы.

— Мен әкеме айтамын, — деп күбірледі кішкентай Лиза. Ол әрбір үсак нәрсөні әжесіне айтуды сүйетін: «Әже, Сережа сенің иненде сындырып таstadtы. Эже, Анюта Шимканың сүтін төгіп алды», деп таңертенген кешке дейін әжесінің мазасын алатын.

Күмыра сынғанин кейін балалардың бәрі де қатты корыкты.

Сережа күмыраның сынықтарын қолына үстап тұрып: — күмыраны балауызben желімdeuge болады, — деді.

Ол нештің үстінен түсіп, құлайдың суретінің арт жағынан майшамды алып жағып, күмыраны балауызben желімдеді.

— Қәне, маған бер, мен жәй ғана үлдірікке қояйын, бәлкім әжем байкамас, — деді Анюта.

— Мен өзім қояйын, — деді Сережа. Сейтті де отырышты үлдірікке жақындастып, оның үстіне шығып, күмыраның сынған жағын жарға сүйеп қойды.

Оның ертеңіне кемпір күмыраны үлдіріктің үстінен ала бергенде, оның басына күмыраның сынықтары жауып берді, бір бөлегі қолында қалып та қойды.

— Бұл кімнің ісі, — деді кемпір сынықты көрсетіп.

Балаларда үн жоқ.

— Күмыраны кім сындырды, жаның барда айтындар.

Лиза шағым айтуға құтала берген кезде:

— Сындырган меммін, — деді Сережа.

— Құдай сактасын әже, сындырган біз емеспіз, Сережа. Біз сындырган жоқпыз, — деп Лиза шоқынып қойды.

— Эй, қарақшылар-ай, қарақшылар-ай, — деп, кемпір бір айқайлап қойып, ешкімге жәбір болмасын деп үшеуін де томпештеп алды.

Маланья кемпір кейуақытта балаларды қорқытып қиодан қашпаіды.

— Сендерді тастап басым ауған жакқа кетемін. Тейтек болып, адамның айтқанын тыңдамасаңдар, өздерінің қалағандарынша тұра беріндер.

Бір күні балалар ауыз үйде бір күмыра квасты тегіп

тастады. Кемпір балаларды шапалактап-шапалактап алды да, Попопка деревнясына бару үшін жалдауға ат ізден кетті.

Күн үзакқа балалар үйде жалғыз отырды. Сережа кемпір көрінбей ме екен деп қақпаның сыртына бірнеше рет шығып қарады, бірақ кемпір көрінбеді.

Кішкене Лиза қорықканынан жылай бастады. Кемпірсіз олар қалай қүнелтелі. Нан сатып алу үшін ақшанағай қайдан алады. Тұнде жалғыздан-жалғыз қалай үйкітайды. Коркынышты емес пе...

Кемпір күн батып қараңғы түскениң кейін үйге қайтты. Оны балалар сыртта күтіп жүрген еді. Кемпір келгеннен кейін үшесі үш жақтан кемпірдің осында болуын, Попопкаға кетпеуін отініп жалына бастады.

Кемпір көлкө дейін коне коймады.

— Мен Иван Павловичтің атын жалдап та келдім. Енді сандықты алуғана қалды. Жарайды, бұл жолға қалайын, солай болсын. Тек байқаңдар, тентек болмаңдар.

Маланъя кемпір қатал адам еді.

Бірақ, ол ертегі айта бастаса, балалар барлығын да: оның каталдығын да, үрыскақтығын да үмытып кететін. Кемпір ертегі айтуға өте шебер болатын. Балалар көбінесе «Жетім» туралы ертегіні сүйеттін. Ол ертегі былай болатын:

Баяғы заманда ерлі-зайыпты екі адам болыпты. Олардың екеуара бір қызы болыпты. Ешбір уайым-қайғысыз әмір сүріпті. Қенеттен қыздың соры қайнапты. Анасы науқастанып, қайтыс болыпты. Қыз жетім қалыпты. Қершілері қыздың әкесіне: үйлен, еркек адамға үй шаруашылығын істеу, бала бағы қызын соғалы депті. Еркек әрі ойлап, бері ойлап, ақырында үйлесіпті. Қыздың тоқал шешесі мыстан болыпты. Қызға күн керсетпепті. Танертеңнен кешке дайін үрыса беріпті. Аш үстапты. Қыз мұның барлығын әкесіне айтуға бата алмай, жылаумен болыпты.

Қөп кешікпей тоқал шеше босанып, қыз тауыпты. Жетімнің құні бұрынғыдан да жаман болыпты. Бір күні таң-ертең әкесі қызды шақырып алғып: «Қызым, жыйнал, орманға барамыз» дейді. Екеуі орманға барады. Орманға барғаннан кейін: «Тоқал шешең сені орманға тастан кет, қолын исеп ал» деп бұйырды дейді. Қыз жылауп-жылауп

колын кескен ағаштың түбірінің үстіне қояды. Әкесі балтамен оның қолын шынтағына дейін шауып тастайды. Сөйтеді де атка мініп алып, шауып кете береді. Қолы жоқ, жетім қыз жылап-еңіреп орманның ішінде қанғып жүре береді. Орманның іші тып-тыныш. Оның жылаған даусына қекек: қекек-қекек, деп үн қосады. Тұнде қыз аюдаң корқып ағаштың қуысында үйіктап, тацерген басына пана іздел орман кезеді. Ұзак жүргеннен кейін кішкене үйге кездеседі. Жетім осы үйде тұра береді.

Жылдар өтеді. Қыз бой жетседі.

Қыз өте сұлу болады. Тек қолсыз болады.

Қыз ойлап-ойлап күн көрер жакты іздейді. Қөп жүреді. Жолда үлкен жемісті баққа кездеседі. Ағаштың басында салбырап тұрған қып-қызыл алманы көреді. Ағаштың басында құстар жырлайды. Қыз алманы жұлып алғысы келеді. Амал қаша, қолы жоқ, тіспен жұлуға бойы жетпейді. Қызығалы. Көзін айырмай карайды. Кенеттен арт жағынан: «жұлыңыз, перизат, алма ғой, жұлыңыз» деген дауысты естиді.

Қыз жалт қарап, сасып қалады. Караса алдында та-маша сұлу бір еркек адам тұр. Оның үстінің барлығы гауһар мен алтынға бөлениген, жалт-жұлт егеді. Қыз шолақ қолын созады. Караса кол бітіп, саусактары шығып келеді. Екі қолының да саусактары өсіп жетіледі. Қыз қуанғаннан жылап жібереді. Сөйткенше болмайды, баяғы сұлу жігіт келіп, қызға алманы үзіп, өзін сарайына алып барады.

Сонан бері екеудің бірге жасап, барша мұратына жеттіпти.

Балалар бұл ертегіні жаттай білсе де, тындаудаң жалықпайтын. Тағы да оларға мырза жігіт туралы кемпірдің өлеңі қатты үнайтын. Оны кемпір жағын таянып отырып, жінішке, зарлы дауыспен жақсы айтатын.

Бесқыртып атымды айдал келе жатып.

Айрылдым тізгінімнен тоқір атып;

Қолымнан үшып кетті қолғабым да.

Бұл — нышан мениң соллат болмағым,

Солдатка болып қалар келіншегім,

Шиеттей балаларым төгер шерін.

Өлең қайғылы болса да, жақсы еді. Сережа оны түні бойы тындаста да, жалықпас еді. Бірақ кемпір көп отыруды жақтырмайтын. Керосинді босқа шығын қылғысы келмейтін.



#### V T A R A U

### МҰҚТАЖДЫҚ

Кемпір өзінің өлгендеген солдат күйеуі үшін жылына отыз алты сом пенсия және жетпіс тыйын пәтер ақысын алатын. Бір жылда он екі ай. Бұл ақшаны он екі айға бөлгендеге, айына үш сомнан келеді, айда отыз күн бар. Уш сомды отыз күнге бөлгендеге күніне он тыйыннан келеді.

Тамақ та ток, көйлек те көк болуы үшін, осы он тыйынмен төрт адам түрып караңызыши.

Кемпірдің басы катты, не істеу керек. Алған пенсиясы ешнәрсеге жетпеді. Сірә, немерелерінің мойнына дорба іліп садака сұрауга жіберуге тұра келер. Олар үш үйді қыдырады, үшеуі біреудің есігінің алдында қаз-қатар түрүп алып:

— Жетімдерге қайыр-садака беріңіз. Бір тілім нан берініздер, — деп қақсайды.

Кейбір адамдар қайыршыларды үйінің маңына да жолатпайды. Тіпті, кейде қабаган иттерін қосады.

Кемпір жүртпен ақылдаса бастады. Өзінің көршісі, Санъканың шешесі, Устинья Степановнадан ақыл сұрады.

— Не істеу керек Степановна. Амал құрыды. Бала-  
ларға кара наң да сатып алатын акша жоқ. Қартайғаш  
маған кім карыз береді. Әлім бітті, өлемін. Пенсия қаз-  
наға түсер, немерелерім қандай болады.

Екеуі жылай-жылай мынаған токтады:

Кемпір жетім балалар үйіне барып, немерелерін же-  
тімханаға алууды сұрайтын болады:

Сұрау оңай да, алу кыйын.

Жетім балалар үйі купеңтер мен чиновниктердің қа-  
ражатымен тұрган болатын. Онда тек қырық-ак орын  
бар. Қалада өз балаларын жетімдер үйіне бергісі келетін  
жүзден астам үй болатын. Ішбір таныссыз ешнэрсе шық-  
пайды.

Маланья кемпір өзінің бұрынғы қожасы, чиновник  
Перевозчиковке баруды ойлады. Мұның Уржум басшы-  
ларының ішінде таныстары болатын, кем-тарларға кө-  
мектесу қоғамының председателінің үйіне әйелі екеуі қо-  
наққа барып, карта ойнайтын.

Мырзаның үйіне тәуір киініп бармаса болмайды ғой.  
Сондыктан кемпір ең жаксы кофтасын күіп, сандыктан  
кашемирден жасаған көк орамалын басына тартып чи-  
новник Перевозчиковке келді. Немерелерін жетімдер үйі-  
не алу жөнінде, амал көздеуді өтінді.

— Алмайды ғой, Маланья Авдеевна, — деді Перевоз-  
чиков. — Сенің өз меншігінде үйің бар. Үй билеуші болып  
есептесің.

Кемпір намыстанғаннан жылап жібере жаздады.

— Ой, қандай үй. Оナン қараторғайдың үясы артық.  
Еденінің астынан жел соғады, кабырғалары төмен шөгіп  
кетті. Есіктері қыйқа-жыйқа. Терезелерін күшпен ашасын,  
жактаулары күйіп қалған. Әйттеір көзге көрініп тұрган  
нәрсе.

Перевозчиков кемпірдің сөзін тындап болып, сақалын  
бір сыйрап:

— Я, жарайды, керім. Комиссия барып үйінді қарай-  
ды. Бұлардан басқа, сен әлі Николай солдаттың әйе-  
лісің ғой, күйеүің ушін пенсия аласың ғой.

— Мәс-саған, осы пенсияның өзінен мен немерелерім-  
ді жетімдер үйіне алышдар, деп сұрап отырмын. Пенсия  
қанша акша еді, — деп Маланья жылап жіберді. Күнінө  
төрт адамға осы пенсиядан қанша келетінін саусактары-  
мен санап берді.

Санағанда адам басына екі тышынан солғаға асты:

— Жарайды, Маланья Авдеевна, үйіне қайт — сенің немерелерін үшін әрекет істеп көрейін,— деп уәде берді де, Перевозчиков және бір аптадан кейін бір сок деді.

Кемпір оған алғыс айтып тәжім етті де, үйіне қайтып кетті. Қақпа алдында оған Лидия Ивановна, Перевозчиковтың әйелі кездесті. Арызын оған да айтты, ол да немерелері үшін әрекет істеуге уәде берді. Кемпір оған да тәжім етті.

Жетімдер үйі туралы кемпір балаларға әлі ешнэрсе айтқан жоқ.

Оларды аяды, балалар анасын сағынғанды. Әсіресе Сережаға көнілсіз болды. Анасының ілулі тұрған шәлісін көрсе жылап алатын. Кемпір Кузьмовнаның кофтасыя кисе Сережаның оған көзі түсіп кетіп, осы кофтаны киіп анасының өзімен бірге Шамованың дүкеніне барып, оғаз прянник сатып әперетінін есіне түсіретін.

Кейіуақытта анасының қайтыс болғанын ұмытып та кететін. Сыртта ойынның қызығымен жүріп, карны ашқанда ауыз үйге жүгіріп келіп, есікті шалқасынан қайрып тастап:

— Мама, мама, — деп айқайлайтын.

Сейтіл, сезін аяқтамай, анасының жоқ екенін есіне түсіріп, караңғы үйде жалғыз тұрып-тұрып кейін шығып кететін.

Кемпір балалармен әлденеше рет әнгімелесіп, оларды, үш немересін, асырауга шамасы келмейтінін, мүмкін, оған да ажал жетіп қалуы кәдік екенін, олардың қашан ержететінін сөз ғып қоятын.

Балалар өні тындалап, аяғын неге соктыратынын білмейтін. Ал, кемпір үнемі жетімдер үйі туралы ойлайтын. Перевозчиковтан жауап күтетін.

Бір апта оған тіпті үзак көрінді. Уәделі күн жетті. Кемпір тағы да Перевозчиковке келлі, ол: «Тағы да бір аптадан кейін кел» деді. Кемпір чиновникке уш рет барап, төртіншісінде жауап алды.

— Ал, Маланья Авдеевна, құттықтаймын. Біреуін жетім балалар үйіне орналастыруға болады, — деді Перевозчиков.

— Қалайша біреуін, әкем, мен үшеуін де орналастыруды сұрадым гой.

— Үшеуін бірдей жетімдер үйіне алуға болмайды. Жастаны келмейді, — деді Перевозчиков. — Үлкені неше жаста?

- Анюта ма. Он бір жасқа шығады.
- Лиза бес жасқа шықты. Мұның жасы да келмей ме?
- Жетіңкіремейді.
- Сережа сегіз жасқа шықты.
- Міне, осы жастағыларды жетімдер үйі алады. Сережаны алып бар.

«Мұндай жерде ойланып-толғанып жатудың керегі жоқ, келісу керек» ғой деп ойлад, кемпір, Перевозчиковке алғыс айтты.

Үйге кайтып келгеннен кейін бұл туралы Устинья Степановнаға айтты.

— Амал қанша, бала үшін, сірә, жетімдер үйіне бартан тәуір болар, — деді ол. Оған білім керек, қолөнері керек. Ал жетімдер үйінде балаларды етік тігу өнеріне, мұқаба ісіне, карзинка мен қалпақ тоқу ісіне үйретеді, дейді ғой.

«Дұрысында да солай, Сережа өскеннен кейін өз нанын өзі тауып жейтін болады. Өнері бар адам өлмейді ғой,— деп ойлады кемпір. — Сережа етікші болып шығып, бәлкім, мырзалардың биік өкшелі аяқкімдерін тігетін шебер болар. Мұндай аяқкімге Үлкен көшедегі уржумдық байлар қымбат төлейді».

---



#### VI ТАРАУ

### ЖЕТИМДЕР ҮЙІНДЕ

Сыртта балалармен ойнап жүрген жерінен кемпір Се-  
режаны шақырып алды.

Әңгімені үзактан бастады. Өзінің жастық шагын еске  
түсірді; жікішке иненің көзіне көзілдіріксіз жіпті өткізе  
бергеніне, деревняда жүрттың бәрінен де әнді жаксы  
айтқанына тоқтады. Мейрам күндері киіп шығатын көй-  
легінің болмағанының, кедей тұрганын, жетім болып өс-  
кенін баяндады.

Сережа әжесінің әңгімесін тыптырып тыңдалап тұр, өйт-  
кені балалармен ойнағысы келеді, кетіп қалуға болмай-  
ды. Кемпірдің сөзі таусылар емес. Қойлек жөніндегі әң-

тімесін аяқтап, бүкіл деревняға белгілі болған, қызыл қаска бұзау туралы әңгіме бастанды. Сережа тыңдай-тыңдай жалықты. Қенеттен кемпір:

— Ертең жетімдер үйіне барамыз, — деді.

— Жетімдер үйіне барғым келмейді.

— Сережа, қарағым, мұның не, «барғым келмейді» дегенің қалай? Не істейміз, қалай өмір сүреміз? Ал, жетімдер үйінде саған жақсы болады. Онда балалар көп.

— Бармаймын. Барғым келмейді. — деді Сережа, ол жер теуіп айқайлап, дір-дір етіп жылап жіберді...

— Қемпір оны қөндіру әрекетіне кірісті. Қөндіріп те болар ма. Сережа жетімдер үйінен корқады. Өзі жетімдер үйінде болмаса да, Санька екеуі ондағы балаларды әлденеше рет көрген болатын. Оларды жексенбі сайын шіркеуге түскі дүғаға алып баратын.

Олар шалдар мен кемпірлер сыйқты аяқтарын жәйғана басып, бүкірсіп екеу-екеуден кетіп бара жататын. Балалардың да, қыздардың да шаштарын тап-такыр етіп алып тастайтын. Қыздар ұзын сұр көйлек, ал балалар қарақоңыр шыттан көйлек, шалбар киетін. Олардың артынан, ұзын қара көйлек киген, зәрі суық әйел, бастық, кетіп бара жататын. Оның көзінде көзілдірік болатын. Көзілдіріктің қара жібін құлактың үстінен асырып қоятын. Бұлтты күні бұл бастық әйел сүйек сапты зонтик үстайтын.

Мінс, енді Сережа да жетім балалар үйіндегілермен бірге жүретін болады. Воскресенье көшесіндегі балалар: «Жетімек, қайда барасың», деп келсмеждейтін болады.

Жетімдер үйінсін балаларды ешкайда шығармайды. Санькамен бірге Уржумға суға түсе алмайсың. Енді, ескі пішен қорага тығылып жасырынбақ ойнай алмайсың, дірмсін түбінле отырып балық аулай алмайтын боласың.

— Айналайын, Әже-тай, жетімдер үйіне бере көрме. Мен жұмыс істейін. Балық аулап базарға сатайын. Тіпті болмаса ағаш кессейін.

Кемпір бұл сөздерді тыңдап жылап та жіберді. Устина Степановна келіп Сережаны жөнелтуді бір күнге токтата тұруға кемпірді қөндірмекші болды. Бір күннің ішінде бәлкім, бала жұбанып ақылына келер, сөйтіп, жетімдер үйіне барудың керектігін өзі түсінеп.

— Сірә, тағы да бір күнге қалдыруға тұра келер, — десп кемпір ымыраға келді.

Тұнде, жұрттың бәрі үйқтап қалған кезде, Сережа

сәкінің үстінде қарындасты Анютадан өзін жетімдер үйіне бермеу жөнінде кемпірді қөндіруді сұрады.

Тек бермесе болғаны, акшаны көп табуға тырысамын. Құнде щи, ботқа пісіруге болады, қара нан жеуден артып та қалатын болады. Ал, жетімдер үйісіз іс бітпейтін болса, үшеудің бірдей берсін, осы үйде артық болған жалғыз сол ма екен?!

— Сұрайсың ба?

— Сұрайын, — деді Анюта.

---

Анютаның сұрауы көмек болмады. Келесі күні кемпір ешбір адамға тіл де катпастан, Сережаны жетімдер үйіне апару үшін киіндіре бастады. Бұл күні танертең осы үйге Лидия Ивановна Перевозчикова келді. Лидия Ивановнаның кигені ақ бәтестен оймыштап жасаған кофта мен қара жібектен жасаған юбка болатын. Құмістен жасаған бауы бар сары қол сумқасы шылдыр-шылдыр етіп, бұлаң қағатын. Лидия Ивановнадан әтірдің исі шығатын, ал оның өзі жылы жүзді, сонымен қатар, көңілсіз болды.

— Сережа, мен сені жетімдер үйіне баруға корқады деп естідім. Онда саган жақсы болады. Балалар көп, көңілді болады. Жетімдер үйінде ойыншық, кітаптар көп. Өзінің же жеке кроватың болады, мектепке барасын.

Сережа Лидия Ивановнаның айған сөздерін көзінің астымен қарап тыннады.

Лидия жүресінен отырып, оның басынан сыйпады. Лидияның қолы аппак, жұп-жұмсақ болатын, әтірдің исі қолынан да шығып тұрды.

— Ал, егер жетімдер үйі саған үнамаса, үйіне қайтып келуіне болады,— деді Лидия Ивановна, оның бетін азырак қысып қойып. — Кеткің келеді екен, кетесін де қаласын — бар болғаны осы...

Лидия Ивановнаның бұл сөздері Сережаға өте үнап кетті.

Кровать, ойыншық, жолдастар бір белек те, үйде болған бәрінен де артық қой. Сережа көнілленіп көтті..

Кемпір оған ең жақсы деген көгілдір шыт көйлегін кигізді.

Ол көзінен жас алмай қарындастарымен, Санъкамен қоштасты. Босқа уайымдаудың қажеті не, бәлкім ол ертең үйіне кайтып келс...

Барлызы үйден шықты.

Сережинің қолын ўстап сол жағында кемпір, он жағында Ліндия Ивановна келеді. Оның жібек көйлегі сұдырлап, сумқасы былғандап келеді.

Есік алдында бұларға қарап Аньота, Лиза мен Санька үзак түрді.



#### VII ТАРАУ

### «ПАНАСЫЗДАР ҮЙІ»

Жетімдер үйі Воскресенье көшесінің шетіндегі ен ақырғы үй болатын. Оны басқа үйлерден сұр шарбак бөліп тұратын. Кақпасында тот басқан үлкен қаңылтырыға:

#### ПАНАСЫЗ ЖАС БАЛАЛАРДЫҢ ҮЙІ

деп жазылған мандайша бар еді.

Сережа жолшыбай тыныш кана келе жатыр еді, жетімдер үйінің қақпасына таянған кездे, жургісі келмей жүлқынып-жүлқынып жіберді.

— Саган не болды. Біз тек қонаққа ғана келе жатырмыз, — деді Лидия Ивановна.

Сережа азырак тынышталайын деді, бірақ жетімдер үйінің қақпасына тосырқап карай берді. Оның танқалғаны және корыкканы үлкен мандайша болды. Уржумда ол мандайшаны тек үсак-түйек бўйымдар, арак-шарап

сататын дүкендер маңдайында және мұртты часовой тұратын ақ үйдің қақпасындаған көрген-ді. Дүкендерде сауда болатын, ақ үде қылыш асынған городовойлар тұратын. Ал, бұл үйге маңдайша неге керек.

Жетімдер үйінің ауласына кіrmesten бұрын кемпір Сережаға қарай қойып, оның кейлегін жөндеді, шашын сыйпады. Аузы жыбырлап құдайға жалбарынды.

Кемпір есікті ашты, барлығы да жетімдер үйінің ауласына кірді. Олардың артында көнерген кішкене есік, сықырлап жабылып қала берді. Міне, тап осы жерде Сережа «жетімдер үйі» деп аталатын сұмпайы үйді көрді. Шөп басып кеткен кең ауланың ортасында түнерген екі қабат үй тұр. Оның қабырғалары тозығы жеткеннен қоңырытадан жасаған төбесі күнге күйгеннен жолақ-жолақ болып кетіпті. Қақпадан үйге баратын жан-жагында тырбыйған акация ағаштары бар аллей жатыр. Үйдің тереңелерінің алдына хош істі жасыл гүл отырғызылған және жас үш терек егілген. Ауланың іші тып-тыныш, бір де адам жоқ тәрізді. Есікке кіре беріс жерде арқанға кептіруге іліп қойған сұлгіні жел қозғап тұр. Үйге кіру үшін есік басқыштар мен төбесінде қалқасы бар, жан-жагын істік темірлермен бедерлеп тастаған тар есік алдына көтерілу керек.

Лидия Ивановна тезірек басып басқышқа көтерілді. Оның артынан Сережа, Сережаға жалғас үзын кең кейлегін екі қолымен үстап асып кемпір келеді.

Басқышқа көтерілмesten бұрын, Сережа тағы да бір рет аулаға көз жүгіртіп алды. «Сірә, жетімдер үйінің балаларын қыдыртуға алып кеткен болар» деп ойлады. Сережа, сойтті де, ауыз үйге кірді.

Үзыннан-ұзақ созылып жатқан тар ауыз үйден жас жөкенің және қуырған бияздың исі аңқыйды, өзі қоңырсалқын. Үйдің екінші қабатына сары жақтауы бар сатымен көтерілу керек. Саты аяғында басқан сайын сыйқырлайды.

— Міне, біз де келіп жеттік, — деді Лидия Ивановна құлімсіреп, Сережаның басын сыйпап қойып.

Кішкене бөлме. Қараңғы қойма тәрізді салқын. Терезе арасында мықырайып есік шкаф тұр.

Сережа байқап алғаша болған жоқ, бөлмеге алтындағы тастаған көзілдірік киген үзын бойлы әйел кіріп

келді, ол манағы, жетімдер үйінің балаларын шіркеуге алып барып жүретін әйел еді.

Кемпір тәжім етті.

— Амансыз ба, Юлия Константиновна, — деді Перевозчикова.

— Алып көлген қағаздарыңыз бар ма? — деп сұрады Юлия Константиновна, Сережаны басынан аяғына дейін бір қарап шығып.

Кемпір жалма-жан өзінің көк кейлегінің қалтасын асығып қарай бастады. Кемпірдің қолы қалтырап, қалтасын түйреп тастаған түйреуішті қапелімде ағыта алмады. Ақыр аяғында, қалтасынан мұрын орамалға орап тастаған түйіншекті алды. Оны шешіп арасындағы қағазды бастық әйелге берді. Сережаның ішкимдерін ораған будакты отырғыштың үстіне қойды.

— Фамилияң кім? — деп сұрады Юлия Константиновна, алдында жатқан қағазға қарап.

— Костриков Сергей, — деді кемпір тәжім етті.

— Жасың?

— Сегіз жаста. Блоговещеніядан он күн бұрын туды.

— Жақсы, — деп бір күрсініп қойды бастық әйел, бейнебір Сережаның Блоговещеніядан он күн бұрын туғанына өкінген адамша. Бұдан кейін әйел тоқыған қара сумканың ішінен бір будак кілтті алып, үйдің үлкендігіндегі шкафтың жанына келді.

Шкафтың тартпасы сықырлап ашылды. Сережа мойнын созып жіберіп, бұл үлкен шкафтың ішінде не бар екенін қарады, бірақ шкафтың өрелерінде қарапайым заттардан көк мұқабалы дәптерлер, қарындаштар, қаламұш салған құтылар, жазу қағаздарынан басқа ешнэрсе жоқ еді. Шкафтың түп жағында шишада сыв мен желім түр.

Юлия Константиновна жоғарғы өреге Сережаның қағазын қойып, қайтадан шкафты жауып қойды. Кілтті тағы да тоқыған қара сумканың ішіне салды.

Сережа қорыққанынан шошып кетіп кемпірді кейлегінен тартып қалды. Ол тап осы кезде, Сережа өзінен және қарындастарына, бұрын қызмет істеген үйінің әйелі паспортын алып қойып, соның салдарынан Уржумда мәңгі қалып қойғаны туралы кемпірдің айтқан сөздерін есіне түсірді. Я, бұған да жетімдер үйінде мәңгі қалуға тұра келеді. Кемпір, сірә оның паспортын жетімдер үйіне берген сыйкты.

— Рақмет, Юлия Константиновна, рақмет, — дед кемпір.

Сережа кемсендеп жылай бастаған кезде, Юлия Константиновна келіп терезенің алдына алып барды.

Сережа терезеден жетім балалардың сырттан аулаға кіріп келе жатқандарын көрді. Барлығының да шаштары алышып тасталған. Терезеден кімнің қызы, кімнің ер бала екенін айыра алмайсын.

— Кане, Серьга, жүрелік, балаларға барайық,— деді Юлия Константиновна. Сережаға бұл сөз ўнай кетті. Бұлай деп оны Ծанькағана атаушы еді.

Сережа Юлия Константиновнамен бірге коридорға шықты. Кемпір бұлардың артынан келеді. Барлығы баспалдақтан түсіп келе жатқанда кемпір, бір мезетте, Сережаның төбесінен тез сүйіп алды. Сережа төбесін сыйпап, кейін бұрылып қарады, бірақ кемпірді көре алмады. Ол басқа есіктен шығып кеткен еді.

— Жүрсійк, жүрәйік,— деп Юлия Константиновна Сережаны үйдің алдына алып шықты.

Жетімхана балалары аула ішінде асыр салып ойнап жүр. Сіра, олар жаңағана өзен бойынан қайтқан болу керек. Қыздардың қолдарында гүл жапырак, тақыр бастарын да гүлге орап алған. Балалардың қолында талшыбысы.

— Балалар. Міне сендерге серік келді, тағы да. Юлия Константиновна Сережаны итеріп жіберді де, тез ауыз үйге кіріп, жоқ болды.

Сережаның қасына екі қызы келді. Ол екеуді Сережаның карсы алдында тұрып алдып, сыбырласып бірдемелерді айта бастады. Осы екі қыздың ішіндегі ең кішкенесі, пысығы, карғадан да карасы, бір кезде мырс етіп құліп жіберді де, бетін омыраушамен баса қойды. Сережа қабағын карыс жауып, теріс айналып кетті. Дәл осы кезде арқасынан біреу салып жіберді.

— Эй, казанбас, кане, ойнайык.

Сережаның алдында тығыншықтай, аузы ырсыйған бала тұр.

— Не ойнаймыз?

— Чикало-бегало ойнаймыз: Менің есімім Васька, сенің есімің кім?

— Сергей деп атайды.

— Тез сарайға барайық, онда менің доп соғатын таяғым тығулы тұр, — деді Васька.

Олар сарайға қарай жүгірді. Ауланың ортасында бір кішкене көз құмға қаз-қатар гүл отыргызып, бау-бакша жасап ойнап отыр еді, Вастька оның ғулін, жасаған бауын аяғымен тапап кетіп еді, кыз еңкілдеп жылап жіберді.

— Каттырақ өкір, — деп айқайлады Вастька, сөйтті де қызды тәмпештеп алды.

— Оны не үшін ўрдың? — деп сұрады Сережа, тоқтай қалып.

— Жай, — деп күңк етті Вастька. — Біздің ісімізге араласнасын...

— Арзласқан да жоқ кой, — деді Сережа.

— Тагы сейлем көрші.... — деп айқайлады Вастька. — Сені де жұдырықтың астына алармын.

— Қане, әлің келсе...

Сережа иығын қомдал, тарпа бас салды. Вастька оны жұдырықпен қарсы алды.

— Анда не болып жатыр, — деп айқайлады бір кезде Юлия Константиновна терезеден.

— Юлия Константиновна, жаңа келген тәбелесіп жатыр, — деп айқайлады Вастька.

— Өтірік, өтірік айтады, оның өзі бастады, — деп шулады жетімхана балалары.

— Василий мында кел, — деп шақырды Юлия Константиновна.

— Вастька Сережаға жұдырығын түйіп, есік алдына қарай жүгіріп кетті.

Бағанағы қыз көзінің жасын омыраушасымен сүртіп, құмның үстінде әлі отыр.

— Зинка, сол жылағаның болар, тұр, — деп айқайлалы дос қызы.

Зинка орнынан тұрып, көйлегін қакты, аузына бармалын салып тұрып Сережаға үніле қарады.

Бұған үш баланың көзі түсіп кетті. Олардың ішінен таңқы мұрындау келген біреуі басқаларын түртіп қалып, күлактарына бірдеме деп сыйырлады.

— Күйеу мен қалындық. Күйеу мен қалындық, — деп балалар бәрі қосылып айқайлап жіберді.

Таңқы мұрын бала, көзін алартып, Сережаға жетіп келді. Сережа қызарып кетті және сүзісетін бұкаға үксап басын тәмен тұқыртып алды. Балалар оны қамап алды.

— Күйеу мен қалындық. Оны жоқ қалындық! — дег айқайлады балалар, бар даусымен.

Сережа сырт айналды да, үйге қарай жұғіріп кетті.

— Даукас. Өсекші. Шағым айтуға жұғіріп кетті, — деп айқайлап қалды, таңқы мұрын бала оның артынан. Сережа жұғіріп барып, үйдің қабырғасын құшақтап бірталай тұрды.

— Қараңыздар, қараңыздар, өксіп жылап тұр, — деп құлді қыздар.

Бірақ, Сережа жылаған жоқ еді. Біраз тұрып, бір мезетте қақпаға қарай жұғірді. Есікті салдыр етіп ашып жіберді де, көшеге шығып кетті.

— Юлия Константиновна, Юлия Константиновна. Жаңа келген бала қашып кетті,— деп шулап жіберді, әлар Сережаны қуып кетті.

Сережа жолды кесіп өткенше болмады, балалар оны юстап алыш, қайтадан ауланың ішіне алыш кірді. Сережа барлық күшін салып құтылып кеткісі келіп еді. Бірақ құтыла алмады — балалар көп. Есік қайтадан жабылды. Жетімхана балаларының бірі есіктің сұқпа темірін салып қойды.

— Мені жіберіндер. Бәрібір қашып кетемін. Жіберіндер. Кане, жіберіндер, — деп Сережа ақырғы рет тулаған еді.



#### VIII ТАРАУ

### ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕР

Жетімдер үйінде бір апта тұрганнан кейін, Сережаның ондағы балалардың, алғашқы құндегідей, біркелкі емес тігіне көзі жетті. Балалардың ішінде жасықтары да, тентектері де, ебдейлісі де, ыңғайсызы да, мұндысы да, жайдарысы да болды. Барлық жетімдер үйінің қорқатыны — балалардың ішіндегі ең бұзақсы Сеңежаны «қазанбас» деп атаған, Зинканы салып кеткен әлгі Васька Новогодов еді.

Васька Новогодов жетімдер үйіне бұдан үш жыл бұрын түскен болатын. Оны ергең жаңа жыл деп тұрган күні жабық үлкен шіркеуден тауып алған-ды. Устінде алба-жұлба және кір-кір тоны болатын, басын тоқыма шәлімен орап алған екен. Тоқыма шәлінің кеудеге ораган екі шеті тоның жыртығынан сыртқа шығып кетіпти.

— Сен кыз иеге жылап тұрсын, — деп сұрады, онан  
кайрыры комиір.

— Мамам мені тастап кетіп қалды, — деп ексіп-өксів  
жылап қоя берді Васька. Кемпір городовойлы шақырып  
келуге жүгіріп кетті. Городовой оны қолынан жетектеп,  
бірсеке үрсып, бірсеке боктап жетімдер үйіне апарып тас-  
тады. Васьканы жетімдер үйінде шешіндіріп қараса, ол  
деревия формасында жасыл көйлек киген, белін жіппен  
буып тастаған, жыртық шалбары, үлкен байпағы бар  
ақбас бала екен.

Ол өзінің атын табанда-ақ айтты. Оның аты Васька  
екен. Олардың деревиядан мініп шыққаны Малька аты  
кішкене жириен ат екен. Кішкене болғандықтан оны  
Малька деп атайды. Анасын «мамка» дейді.

Бұлардан басқа ол өзі туралы ешнорсе айта алмады.  
Бет келбетінсөн карагаңда, ол терп — бес жаста болуы  
мүмкін, сондықтан оны жетімдер үйінің тізбесіне Васи-  
лий, бес жаста, фамилиясы Новогодов деп жазды. Бұған  
мүндай фамилияны қойған жетімдер үйінің молдасы бол-  
ды, оны балалар әке, ал үлкендер Константин ата деп  
атайды.

— Бұл сәби ертең жаңа жыл деп тұрған күні табыл-  
ды ғой, сондықтан бүгіннен бастап ол Василий Новогодов  
болып аталады, — деді молда.

Васька сыйкылар жетімдер үйінде толып жатыр. Поля  
деген қызды жеңгесі аштықта үстай-үстай, ақырында,  
тастап кетіпті. Поля әруақытта тамақты қолынан біреу  
алып кететіндей, өте асығып ішетін. Оны жетімдер үй-  
індегілер «Сараң — Полька» деп атап кетті. Тағы да,  
екі тастанды бала бар-ды. Оларды «жетімдер» деп атайды.  
Олар үнемі қол үстасып бірге жүретін, егер-  
де біреуі күлап қалып, бір жері ауырып жыласа, екінші-  
сі де жылайтын.

Сережаға бір көрмеге жетімдер үйі балаларының  
шаштары барлығы бір түсті сыйкты көрінді, бертін келе,  
алдырған шаш өсе бара, жетімдер үйінде бурыл, ак,  
қара, тіпті жириен шашты балалар бар екені байқалды.

Күндер өтіп жатты. Қейіннен, Сережа жетімдер үйінен  
қашып кетудің қыйын екенине, тіпті мүмкін еместігіне кө-  
зі жетті. Біріншіден, — балалардың өздері бірін бірі ац-  
дып жүрді, онан кейін, қакпа алдындағы отырғышта ау-  
ла караушы, жұзі сұық Палладий отыратын болды. Оның  
үстінде ақ канттен істеген алжапқыш, аяғында шабата-

сы бар-ды. Жириң шашын дөңгелектен алдырып, күн  
етіп жақтада майымен майлап қойтын.

— Тентек болсаңдар мен сендерге көрсетермін, — деп  
Палладий жириң сақалын бір сыйпал, ашулы жұзбен  
қолын мезеп қоятын. Жетімдер үйінің балалары, бастық  
айелден де гөрі онаи көбірек корқатын еді.

Сережаның бір үміті ғана қалды — әжесінің келуін  
кутті. Ол жексембі күні әжесі келсе, оның алдына жығы-  
лып, үйге алып кетуіш сұрауға бел байлады. Кемпірдің ке-  
летінін я келмейтінін ол білген де жок. Бұл ой оның есіне  
түссе, қалтырап-дірілдеп тоқтайтын, жүргегі лупілдейтін.

Сыртта балалармен ойнап жүріп, ол есік жақтан кө-  
зін айырмайтын. Жататын үйінің терезесінен есік ашыл-  
мас па екен, кемпір келе жатқан жок па екен деп минут  
сайын қарай беретін. Бірақ әжесі көрінбеді. Шынында,  
ол немересінің халін білейін деп жетімдер үйіне әлдсне-  
ше рет келіп кеткен болатын, мұның бірінде де, балалар  
қыдыруға кетіп қалғандықтан, немересін таба алмаган-ды.

Сережа әруақытта жетімханаға қайтып келгеннен  
кейін, бірде күлағы, бірде тісі ауырып үнемі қыдыруға  
бармай қалатын кішкене Зинкадан әжесінің бүгін тағы да  
келіп кеткенін естітін. Сережа балалар көріп қалмасын  
деген оймен, сарайдың артына барып жылап алатын. Ол  
өзі жокта үйіне келіп кетіп жүрген әжесіне ашуланатын.  
Бірақ, әжесінің мұны жорта жасап жүретінін — немересі-  
нің көнлін бўзбайын деген ойын ол білмейтін.



#### IX ТАРАУ

### ЖЕТИМДЕР ҮЙІНІЦ ӨМІРІ

Жетімдер үйінің өмірі таңтеренгі сағат сегізден басталатын. Жоғарғы, солтүстікке қаратып салған кішкене терезелері бар, балалар жататын ўзыннан-ұзак бөлмеге дембелше келген күзетші әйел Дарья келіп балаларды оятатын.

— Тұрындар... Тұрындар... дейтін ол, қарлықкан даусымен, ықылыш атып.

Жетімдер үйіндегілер, Дарьяға «көз тиіпті», сонаң ол — «ықылыш» деген жаман, жазылмайтын науқасқа шалдығыпты, деп жүрлі.

Күн сайын Дадья, Васька Новогодовтың көрпесін үстінен жұлып алып, арқасына салып-салып жіберетін. Өйткені Васька көп үйқтауды жақсы көретін, балалардың ең соңынан тұратын.

Ұзын тақтайға орнатылған бес қанылтыр қол жуғыштың салдыр-гүлдірі жоғарғы үйге естілетін. Жұынганда шашыраған судан қол жуғыштың айналасына қақ пайда

болатын. Жоғары көтерілетін баспалдақтарында адамның су іздері қалатын.

Жуынганиң кейін әрбір бала өздерінің сұлғаларын белгілеген «форма» бойынша: екі бүктеп краваттың аяқ жағына іletін. Кімде-кім мұны істемесе жаза алатын.

Орамалдарын іліп болып, балалар төмендегі асханаға түсетін. Асхана ас пісіретін үймен қатарлас болды. Бұл, қабыргаларын ыс басып кеткен, бұрыш-бұрыштарына құдайдың суреті ілініп койылған, өте қарағы, жоғары көтерілген қолдан басқа ешнәрсөні ажыратуға болмайтын бөлме еді. Асхананың ортасында боялмаған үзын стол, оның айналасында лавка тұр. Асхананың ішінде балаларды, стол мен лавканың арасына стройға тұрғызып, оларға дүға оқытатын. Стол мен лавканың арасында жүру балаларға өте ыңғайсыз болды. Еңкейгенде олардың аяқтары отырғышқа, қарындары мен кеуделері столдың шетіне тиетін болды.

Дежурный — балалардың ішінен жасы үлкен біреуі— ортаға шынып дүға оқыттын. Оны тез және жаңылмайды керек, қatalасып кетсе молдадан көрешекті көретів еді. Аят оқыттын ортадағы баланың айтқанын қалғандары қайталап, барлығы дауысталап эн салатын. Аят оку өтеді қыйын болды, тіпті кейбір сөздерін айтуга балалардың тілі де келмедин. Намаздан кейін тамақ ішуге отыратын. Ер балалар қыздардан бөлек отырып журді. Столдың устінде, әрқайсысы өз қасығын танып алу үшін ойып-жонып таңба немесе әріптің белгісін салып тастаған, ағаш қасықтар қойылатын.

Таңғы әрекет таңертекі тамактан басталатын. Балаларға шайды аптасына екі рет: жұма және сәрсембі күндерінде беретін. Таңертекі тамаққа май салып, тіпті кейде құр сүттің өзін қатып, бұршактан кисель жасайтын, анда-санда сүттің өзін ғана беретін.

Бес бала саздан жасаган бір аяктан ішетін. Сүт бергенде сүттің ішіне азғантай ғана қара наи турап беретін. Еалалар көп ішу, көп жеу жөнінде бірін-бірі аңдып отыратын.

Ақ нанды балалар жылына екі рет: Пасха мен Рождествоңда аллатын. Бұл мейрамдар қарсанында Дарья орыс пешіне мейіз араластырып, кішкене дәңгелек булочкалар пісіретін. Әрбір булочканың ішінде екі мейіз ғана салатын. Бір мейрамда сараң Поля бір булканың ішінен төрт мейіз тауып алғып төбесі көкке жеткесі-ді. Сірә, Дарья

жаңылып кеткен болса керек. Осыдан бастап өз булкаларының арасынан артық мейіз ідейтін болды. Бірақ біреуі де табылмай жүрді.

Таңтеренгі тамактан кейін, балалар тағы да дұға оқып мастерскойларға тарағын-ды. Балалар қағаз түптейтін, етік тігетін, ағаш жонатын, ал қыздар киім тігетін, сұлғі кесетін, жастық тыс, капшық жасайтын мастерскойларға баратын. Кей уақытта жетімхананың киім тігетін мастерскойна көпес әйелдерден көрпе тыстауға заказ әкеліп беретін. Бұл кезде затты бүлдіріп аламыз ба деп тыным алмастан тігетін. Әсірессе киімнің ілгегінің орнын жасау қыйынға соғып жүрді. Тігілген дүниеге көпес әйел риза болса, онда ол жетімдерге ботқа жасау үшін актаған тары, салма жасау үшін ак үн жіберіп жүрді.

Бір күні таңтереңгі тамакқа бұрын болмаған, бір тамак берді.

— Салма, салма... деп күбірлесті балалар, стол айналасында.

— Бұл жай ғана тамак емес, татардың тамағы деді,— маңызданып, Сережаның қасында отырған қоянға үқсас Пашка.

Сережа жана тамактың дәмін татуға өте қызықты. Бұл тамакты ол сом балығы сыйқты деп ойлады.

Алайда, балалардың аяктарына бетінде үлкен етіп кескен кеспе мен бүршак калкып жүрген ылайлау сорпа қўйды. Балалар тамсанып, еріндерін жалап салманы ішуғе кірісті. Үстеме сұрау үшін жылдамырақ ішу керек.

Сережа балаларға ілесе алмады. Ол бұлайша ішуге әдеттенбеген еді. Әжесі асығып ішкенмен ішек күйіп қалады деп асығып ішуге қоспайтын. Тап осы тамақтың үстінде асығу керек еді. Бұл күні Сережа аш қалып, асханадан кейіп шықты. Салма оған үнады ма, әлде жок па, әйтеуір, ол түсінбей шықты.

Асхана салмадан басқа тағы бір, «кулага» деп атлатын тамақты пісіріп жүрді. Бұл тамақ кауызы алынған сұлыдан жасалған, түсі қоңырлау, наннан жасаған квастың исі бар, адамның бет-аузына жабысып қалғыш, тәтті тамақ болатын. Кулага тамағын бергенде қатар отырған балалар оны бірінің бетіне бірі жапсырып ойнайтын.

Бұл үшін жетімдер үйінде берілетін жаза үйдегідей болмайтын. Үйде баланың күлағынан тартып, немесе жүдірықтап қана қойса, мұнда тамақсыз қалдыратын,

шарті асханаңда жүгіндіріп отыргызатын. Балалардың Сорінен де Вастька Новогодов кең отырган-ды. Кей уақытта оның өзі келіп бурышқа туратын. Тамақсыз қалғанша бұрышқа тұрған жақсы ғой.

Сағат екіде түскі тамақ басталады. Тамақ алдында дұға оку үшін балалар тағы да сапқа тұрады. Түскі тамақ екі түрлі тамактан: сорпа немесе щи, ал екінші — ботқадан тұратын. Тамақ ініп болғанин кейін балалар қайтадан дұға оқып тарағын.

Кешкі сағат тоғызда, кешкі тамақ алдында, дұға оқып және бәрі косылып аят айтып түскі тамактан қалған асты ішіп-жеп, қайтадан дұға оқып, тунгі сағат онда балалар үйқтайтын. Үйқы алдында ерекше дұға оқып — құдайға жалбарынбай, тунгі періштеге сыйынатын. Періште жетімдер үйіндегілерді тұнде аман сақтауға туіс.

Пашка деген сарылау келген бала бір күні Сережаға: мен бірнеше тұн періштені көремін, деп уйқтағаным жок, бірақ періштені көре алмадым, деді. Мүмкін періште жетімдер үйіне келмей, басқа жаққа барып жүрген шығар.

— Бұл үйде біз монахтарша тұрып жатырмыз, тек босқа дұға оқый береміз, — деді Пашка. — Тезірек күз түссе екен.

— Күз түскенде не қылмақсын, — деп сұрады Сережа.

— Құздігүні ең болмағанда, біз мектепке барамыз ғой. Бізде, жетімдер үйінде, өзіміздің мектеп жок.

— Мені мектепке ала ма?

— Неше жастасын?

— Кешікпей тоғызға шығамын — деді Сережа. Ал, шынында оған тоғыз жасқа шығу үшін әлі де жарты жыл керек еді.

Пашка оған тыржыйып қарады да:

— Мектепте көреді ғой... деді.

---

Жаздығүні түскі тамактың алдында балаларды суға түсіруге алып баратын. Өзен үйдің жанында ғана болды. Табалларықтан аттасаң суға баратынсын.

Үржум өзенінің жағалауында терек, қайың және жапырағы жалбыраған емен ағашы бар, жетімдер үйінің балалары көк майсалы шөпті басып шауып барып өзен жағалауына күлайлды, кейбіреуі когалдың үстінде жатағы, бірнештери айқай-шукен суға шомын кетеді.

Шынын аяганды, бұл жерде суга түсстіп орып Собордың алдындағы кала балаларының суга түсстіп орынай артық, мунда балалар аунаң жататын күм таза, шөп те көп тапталмаған болатын. Алайда, жетімдер үйінің балаларымен бірге суга түсу Сережа үшін көнілсіздеу болды. Балалар командамен суга түсіп, судан шығатын. Юлия Константиновна үстіне әдемі тігілген жүқа ақ көйлек кіп, жібектен жасалған шатырды басына кетере үстап судың жағасында:

— Балалар, суга түсіндер. Балалар, суга түсіндер,— дег команда беріп тұратын.

Мұнаан кейін ол күмнің үстіне жайып тастаған сұлтаниң үстіне ептең барып отырып, кітап оқыттын, көз әйнектің үстінен балаларга анда-санда бір қарап қоятын.

Жетімдер үйіндегілер, Юлия Константиновнаның қолына қызылықсыз кітап түссе өздерінің суга түсіү көнілсіз өтетінің байқаган болатын. Юлия Константиновна кітаптың бетін жылдам-жылдам аударып, отырады-отырады да, бір күрсініп алып:

— Балалар, шуламаңдар. Алыска жұзбендер... Балалар, сұнгімендер... Балалар, күм шашып ойнамандар... дег команда бере бастантын.

Өз еркімен жүрмегеннен кейін суга түскеннен қандай мақсат.

Ал, Юлия Константиновна қолына қызықты кітап түссе, бас көтермesten оқыттын.

Міне, ол уақытта емін-еркін боласың да каласың.

Жетімдер үйінде үш апта тұрғаннан кейін Сережа өзін Мария Ивановнаның алдағанын білді. Жетімдер үйі туралы оның айтқаны өтірік болды. Ойнишыктар жок болып шыкты. Балалар Сережаның үйіндегі сияқты шуберектен жасаған доппен ойнайды екен.

Оның айтқанының біреуі ғана рас болып шыкты. Әрбір баланың ағаш койкасы, ішіне салам толтырған жүка, тозыны жеткен көрпесі бар екен, жастықтан бүркүрап салам шығып жатады екен.

Жетімдер үйіндегілерге простиňя берілмейтін, тек жалғыз көрненің үстіне үйіктастын. Жататын үйдің санлау-тесігінің бәрінде қантап жүрген қандала болатын. Түнде олар қабыргада да, еденде де жорғалап жүретін, тіпті адамның үстіне төбеден де құлайтын.


— Лидия Ивановна жегімдер үйінде бәрі де бар дег

мақтапын еді. Ойынан шыгарып айтқан екен төд, -- дәдтін болды Сережа Пашкага.

— Бұл үшін сен оған, осында келе қалса, артынаң үндемей бар да көйлегіне түкір де жібер, — деп үйретті Пашка.

Бірак, Лидия Ивановна жетімдер үйінә келуді есінө де алған жок.

---



## X ТАРАУ

### ҮЙІНЕ ҚАЙТЫ

Юлия Константиновна Сережаны үйіне жіберіп алуға үйғарғанда үшінші аптаның аяғы жақындаған еді. Жексембі күні жетімдер үйіндегі балаларды анда-мұнда босататын күні — ол Сережаны кеңсеге, баяғы өзінің қазын салып қойған үлкен шкаф түрған бөлмеге шакырып алды.

— Сережа, қазір жататын бөлмене бар, аяғыңа етігінді, үстіце таза көйлегінді ки, сойт те үйіце бар, кошке әжең қайтадан осында алып келер. Түсіндің бе? — деп сұрап, Юлия Константиновна оны иегінен қарып қойды.

— Түсіндім,— дей салды Сережа, нығыздап. Ол ойнап түр ма деп бастық әйелдің сөзіне әлі толық қашған жоқ еді.

— Несып тұрсың. Бар,— деді Юлия Константиновна столдың үстіндегі қагаздарын жиілінастыра босғал. Сіра ойнап түрган төрізді.

Сережа Балхаштірдағы есікре Сасыл жеттегін үйде  
мұнай да келді. Аптек-есеншіл жүріп көйлесін төрс күйін ат-  
рия, сиңіндеңде, әзізді.

Етігін де сондай тартып киді, тіпті қонышындағы үс-  
таманы жүлымп ала жаздады.

Ақыр аяғында даяр болды.

Сережа ақырын басып, басқыштың таяуынан үстап  
төмен туғсі. Аяғындағы өте ауыр етік оны жүргізбеді.  
бөгей берді. Ол ауланың сыртына шыға жаз-жарына ка-  
рады.

Оны терезеден Юлия Константиновна шақырып алғып  
«сен үйіне бармайсың, жетімдер үйінде қаласың» деген-  
дей көрінді. Оны ешкім де шақырып алған жөк, аман-  
есен шығатын есікке жетті. Есік сықырлап ашылып Се-  
режаның артынан жабылып қала берді.

Воскресенье көшсі жым-жырт, — сірә жүрт шіркеуде  
шығар. Жолдың қақ ортасында шаңға батып тауыктар  
жур, кімдікі екені белгісіз, бір ешкі үйдің жанындағы  
бір сирень еккен бауда ойран салып тұр. Сережа демін  
бір алып, жөнделді де, бар күшімен жүгіріп кетті. Оған  
жетімдер үйінің ауыр есігінің даусы бүкіл көшенні жан-  
ғырықтырғандай болып көрінді. Ол артына қарауға кор-  
кып жүгіре берді.

Сережа беті қып-қызыл болып, мандайынан төр ағып.  
еңтігіп келді де, тынығып алу үшін аптеканың жанына  
токтады. Аптектің терезелерінен шыныдан жасалған қы-  
зылды-жасылды шарлар көрініп тұр, бұлар Сережага  
кattы ұнап кетті. Бұрын, үйінде жүрген кезінде, Санька  
екеуі бұларды әдебій келіп көріп қызықкан болатын. Ка-  
зір істің түйіні мүнда болмай тұр. Сережа ернін бір жа-  
лап алып, терін койлектің жеңімен сұртіп тастап, қайта-  
дан жүгірді.

Буйская мен Воскресенье көшелерінің бұрыштарында  
қалың ағаштың аржагынан, үлкен ақ тасқа үсаған Вос-  
кресенье шіркеуі көрінді. Шіркеуден үйіне дейін кол со-  
зым ғана жер. Қазір тек онға бұрылып Буйская көшесінے  
тусу керек, онаң кейін шіркеу алаңын басын өтіп, көпес  
Казанцевтың екі қабат үйінің, онаң кейін Людмила Ва-  
сильевнаның дүкенінің жанымен, оның аржагында, бы-  
лай-былай өткен адамдардың бәріне бәркін алып тәжім  
еткендіктен ақылы ауысқан деген атақ алған, ескішіл  
Пронька шалдың алаңы тиіп тұр. Пронька алаңымен  
катарап онын өзінің, Сережаның, үйі. Бұл үйдің бес тере-

зесінің барлығы да кеше жақта болатын. Ойдағы адамдардың барі де өзінікі: әжесі Маданыя кемпір, жарындастары Алиға мен Лиза жонға жолдасы Санька тұрады.

— Эне, өзінің үйі, әне өзінің үйі.

Сережа жүгіріп барып екпінмен есікті түйіп-түйіп жіберді. Ауланың ішінде, арқасын қақпаға беріп, Санька барлық жігерімен тас пен топырақтан бөгет жасап отыр. Кішкене Лиза, күшін көзін ашып-жұмып, тот басып кеткен банка мен құмнаи төмпешік істеп отыр. Сарайдың жанында әжесі кір іліп жур. Бұрынғыдан өзгеріс жок, бәрі де орынша.

— Са-а-нь-ка,— деп айқайлап жіберді. Сережа барлық даусымен, тіпті оның даусынан кемпір кірін жерге түсіріп алды.

— Өзің қандай болып кеткенсің, — деді Санька, Сережаның қысқа етіп алып тастаган шашына, сұр, кең кейлегіне, екі жағынан бірдей құлағы шығып тұрған етігіне қарал.

Сережа да өзінің шалбарына, кейлегі мен етігіне қарап:

— Қандай, қандай... Бұрын қандай болсам, қазірде де сондаймын. Өзенге суға түсуге барамыз ба?

— Қайда. Шіркеуге ме?

— Жек. Өзеннің мына жақ шетіне бараңық, — деді Сережа.

— Өте алыс қой, — деді Санька ылас қолын шалбарына сұртіл.

— Алыс болғанмен оның құмы жақсы, Санька, оның үстінә абақтыға да қараймыз.

Екеуі Полстовалов көшесіне қарай жарысып жүгіріп кетті, тек оның ақырына, жер аударылғандар үйінің жанына барып тоқтады.

Үйдің есігінің алдында шашын қырықтырған, ереккейлелін киіп, белін буған бір әйел кітап ўстап отыр, ал оның жанында шашы үзын, тіпті орыс молдасының шашынан сәлғана қысқа, бір адам тұр. Ол адам шашын қырқып тастаган әйелге бірдеме айтып тұр, бір мезетте екеуі қатты күліп жіберді.

— Саясатшыларга қарашы, — деп Саня жолдасын түртіп қалды.

Сережа сәл кідіріп, оларға қарағысы келіп еді, бірақ та Воскресенье көшесі жағынан адамдардың басқан аяқтарының лаусы, ыскырық араласқан эп естілді.

-- Солдаттар... Қетелік... -- деп айқайлады Саня.

Олар жүгіріп Воскресенье көшесіне шықты. Шанды асманга көтеріп көңілден жасалған көйлектерінің чыктарына қызыл погон тағып алған солдаттар жаттығудан қайтып келе жатыр екен. Олардың барлығы да бастарына үлкен ақ кокарда тақсан күндігі жок шолак фуржка киген. Солдаттарды бірінен бірін айырып алғысыз, егіз бала тәрізді көрінеді. Барлығы да күнге күйгей, терлеген, жылтырап ак тістері ғана көрінеді. Өлең айтып келеді. Өлеңнің орта шенінде адамның құлағы жаңғырыққандай қатты ыскырып жібереді.

Солдаттар, жайсаң жігіттер,

Әйелдерің қайда жүр?..

— деп сұрап, әрі-беріден соң:

— Октап қойған зеңбіректер —

Бар жарымыз, міне солар, деп өздері жауап береді.

Балалар солдаттарды шіркеуге дейін шығарып салды да, өзенге жүгіріп кетті. Уржумда, әбден жалыққанша, үш сағат шомылды. Олар өзенде кір жайып отырган әйел шайтандар деп үрісқанша, кемпірге айтамын деп корқытқанша жүзді, сұнгіді, су шашып ойнады.

Уржумнан шығысымен Сережа мен Саня каланың сыртына, Қазан көшесінен басталатын, солдат орманына тұра кетті. Орманға барысымен Сережа кейлегін шешін алып қарағайдың басынан түскен бүршіктерді терді, кепкен бұтақтарды жыйнады. Сейтіп от жақты. От маздалап тұтін шықты, бұтақтар сатырлады жанды.

— Қане, енді осыдан секірелік, — деді де Сережа өзі жүгіріп келіп, оттан секіріп кетті.

Санька да оттан секіріп өтті, шалбары сәл ғана жанбай қалды.

— Маған секіру қыйындау, менің аяқтарым үзын, кедергі келтіреді, — деп мыңғырлады ол, өзін актап қалу үшін.

— Тагы да секір, — деді Сережа.

— Тәуекел ете алмай тұрмын.

Олар түскі тамаққа үйге қайтты. Бұл күні кемпір қара үннан майға жалпақ наң пісірді, бұрын оны үлкен мейрам күндерінде ғана пісіретін еді.

Ымырт жабыла балалар терезе алдында түрлі ойындар ойнап жүрді, Сережа жетімдер үйіне қайтуды да үмытып кетті. Кеш болды. Қарайғы түсті. Кемпір тереңен ашып жылды жүзбен:

— Карапым, Сережа, біздің жетімдер үйіне барынъ  
уақыттыңға болса, — деді.

Таты да жетімдер үйі Жетімдер үйі, мұнда балалар  
төбелесседі, бірін-бірі үрып қағады, бұрышқа отырғыза-  
ды, қандала шағады.

Ол өксіп-өксіп жылап жібергісі келді, бірақ жас шы-  
ғармады, өйткені, какпа алдында балалар түр. Сережа  
кіржиңіп, мұрнын қайта-қайта тартып, өзінің ауыр етігі-  
мен жолшыбай шаңды көтеріп аулаңың ішіне кетті.

---



#### XI ТАРАУ

### МЕКТЕП

Күз. Бір күні таңертең, балалар таңертеңгі тамақты ішіп болған кезде, асханаға Юлия Константиновна кіріп келіп:

— Ал, балалар. Ертең сіздер мектепке оқуға барасыздар, — деді.

— Мектепке, — деп балалар у-шу болды да қалды. Балалардың біреуі қасыкты алып столды тарсылдатыл қойды. Жетімдер үйінің өмірі бәрін де ығыр қылды, ал мектепте тым құрмаса бір жаңалық болатын шығар, нағыпты.

Бұл күні таңертең балалар дүғаны, әйтеүір парызды етегу үшін ғана, оқыды. Дежурный дүғаны тез оқыды, тіпті кей жерінде кекештеніп те қалып отырды.

Намаз оқып болғаннан кейін балалар топ-топ болып жыналдды. Бәрінің де айтатыны бір сез — мектеп туралы болды.

Мектепке өткен жылы барған балалар оку жөнінен, өз бастарындағы өзгерістер түралы, сабак кезінде үнемі түшкіріп отыратын мұғалім Сократ Иванович туралы жә-

вс оның «балапандар» деп атайдын балалары туралы әнгіме айтты. Ал, мектенес аяғаш рет барайын деп отырган балалар, жетімдер үйінің балаларының қолына дәндер бере ме, кейуакытта окудан кейін, аз да болса көшеде ойнап кайтуға мүмкіншілік бола ма, деп сұрады.

— Жаңа келгендерді мектепке алыш бара ма? — деп сұрады, Сережа әрбір баладан.

— Өзің барасың. Мектеп алыш емес, көшениң арғы бетінде гана, — деп күлді Васька Новогодов.

— Мұғалім үрмай ма? — деп сұрады қылый көз қара қызы, корықкан пішінмеи.

— Маған тимейді, ал сен қылый көз, сені сайладап тұрып үрады, — деп ақырды Васька.

— Мүмкін сенің өзінді мектептен күшп жіберер.

— Немене? Не айтып тұрсың? Мені мектептен күшп жібереді. Олай болмайтын шығар, — деп айқайлап, Васька бір баланы мандайдан салып жіберді.

— Юлия Константиновна, Юлия Константиновна, Васька тағы да төбелесіп жатыр, — деп шулап қоя берді балалар.

Васька екі кішкене қызды соғып та үлгірді және жағы байлаулы журген бір баланы басына салып қалды.

Балалардың айқайын естіген Юлия Константиновна асығып бөлмеге кірді.

— Тағы да төбелес пе... — деді ол қатаң жүзбен қолын асханаға кіретін есікке нұскап.

— Жарайды, — деді Васька күбірлеп, қолын қалтасына салды да, тағым етуге оқтанды.

Бастық әйел асықпай іләсе жүрді.

— Юлия Константиновна. Мені мектепке ала ма, сіз соны білдініз бе? — деді Сережа артынан қүшп жетіп.

— Е, неге, әбден алады, — деді Юлия Константиновна, кейін бұрылмастан.

Сережа қуанғанынан басқыштан зырлап өтіп, сыртқа шықты, жолда асханадан жуынды шелекті төтүгеге алыш келе жатқан Пашканы құлатып кете жаздады.

— Пашка. Ертең мектепке барамын.

— Көрмеген адамға үксайды, — деп күбірледі Пашка. — Көзіне қарап журмейді, жуынды алыш келе жатқан адамды көрмейді.

Ауланың түбінде, сарайдың қасында, жетімдер үйінің бес кішкене қызы қол үстасып, жабықкан дауыспен, Юлия Константиновнаның:

Сондау езен аржакынан.  
Хүннегаң кей кезде, —

Деген сүйікті әйн қосылып айтып жүр екен.  
Сережа сол багытпен барып, қыздарға қосылды да  
кетті.

Қыздар бытыраң, жан-жаққа қашты да кетті.

Сережа біраз ойланып тұрды да, қақпаға қарай жүр-  
ді.

Ал, егер де қазір жүгіріп барып оссының барлығын  
Санькаға айтса, не болар еді. Үй жап-жақын, кол созса  
жететін жер бой. Түскі тамакқа дейін қайтып ораласың.  
Ешкім де сезбейді. Сережа есікті шалқасынан қайырып  
тастап ашты да, қақпаның сыртына шыға бергенде, ау-  
лашы Палладий картқа кездесті.

— Сен қайда баруға жыйналдың, жерлесім, соны айт-  
шы, — деп тақырқады Палладий, Сережаға қарап бұры-  
лып.

Сережа аулашыға ешбір тіл қатпай, оған көзінің ас-  
тымен бір қарап, қайтадан аулаға кірді. Сірә, сембіге  
дейін күтүге тура келер. Күнбұрын қашып кетүге бола-  
тын түрі жоқ қой.

Түнде балалар күндеғіден гөрі тынышсызданып қайта-  
қайта қыймылдан жатты. Сережа, үйктап қаламын, ба-  
лалар ояtpай тастап кетеді деп коркып үш рет ояңды.

Ол ең соңғы рет ояңғанда, түн немесе таң екенін айы-  
ра алмады. Сыртта әлі қараңы, ас пісіретін үйдің есігі  
ашылып, жабылмайды, тып-тыныш. Осыған қарағанда  
түн. Осыны ойлады да, көрпеден басын шығарды.

— Сен неге үйктамай жатырсың? — деп сұрады кенет-  
тен оның көршісі Пашка. Оның да даусы қырылданып  
ғады, сірә о да жаңа ояңған болса керек.

— Ал, сен өзің неге үйктамай жатырсың? — деп сұра-  
ды, Сережа, көрпені бүркеніп, астынан сығалап.

Мұның артынша басқа койкадаңылар да қыймылдай  
бастады.

— Тұратын уақыт болды, — деді балалардың біреуі,  
барлығы бірдей киіне бастады.

Балаларды оятуға Дарья келгенде бәрі де киініп бол-  
ған еді.

— Дегбірсіздер, қандай ерте тұрғансыңдар, — деп күң-  
кілдеп, Дарья жататын бөлмеден шығып кетті.

Балалар тессек-орындарын жыйнап белып, бет-колда-

рын жууга кетті. Қайтып келғен соң таңтерсігі тамақта атташады.

Олар Сұршектан жасатын жаңағары ішін белде борғен кезде асханаға Юлия Константиновна кірді.

Оның кигені үзын жағалы қара көйлеқ, мойнын колдан тоқыған шілтермен орап тастаған. Мойнына такқан кішкене алтын сағат корініп тұр. Шашны толқындаңдырып, бүйралап тастаған.

Юлия Константиновна балаларды бір қарап шықты да, екеу-екеуден тұруға жарлық берді.

Балалар етіктерімен тарсылдатып, күбір-күбір сөйлесіп, соктығысып, қақтығысып үйдің кабыргасымен скамейканың арасындағы тар жолға тұрысты.

Асханаға, қолына бір будак бет орамал үстәған, аксақ басып Дарья кірді.

Юлия Константиновна балаларға срамал үлестіре бастады. Орамалдар үлкен, олардың әрқайсысының бұрышында қызыл жіппен тігіп тастаған. П. Ж. Б. У.— пана-сыз жас балалар үйі деген белгі бар.

Бұл бастамасы ғана. Орамалды үлестіріп болғаннан кейін Дарья кенептен жасаган тәзімді сумкалар алып кірді. Сумкалар уржумдық әйелдер қолына үстап базарға баратын шилан тәрізді. Бірақ бұл сумкалардың мойыниан асатын бір ғана бауы бар. Сумканың әрқайсысының бүйірінде жетімдер үйінің дөңгелек мөрінің танбасы тұр.

Мұнан кейін балаларды ауланың ішіне алып шықты. Юлия Константиновна женсіз кара жамылғыш жамылып, қолына ақ колғап киіп есік алдына шықты.

— Балалар, маган ілесіндер, — деп команда беріп, үзын кейлелгінің етегін жыйнастырып, қакпаға қарай жүрді.

Балалар екеу-екеу болып, оның соңынан ілесті.

Қакпа алдында аулашы Палладий, Юлия Константиновнаға еңкейіп тәжім етті.

— Кеттіңіздер ме? — деп сұрап, ол есікті ашты.

— Кеттік, — деді Юлия Константиновна.

Балалар көшеде маңғазданып кетіп бара жатыр. Оларға бүгінгі күн тіпті срекше, сейсембі болса да, жекесембідей көрінеді.

Жолда бір үйден толған корзинка жуған кірді көтөріп бір әйел шықты; ол тоқтап, иығынан корзинканы

алып жерге қойын, салылардан артынаң үзак қараш тұрды.

— Бұл жетімдерді, қайда апара жатыр, — деді айел, басын шайқап.

— Мектепке апара жатыр, жеңеше, — деп айқайлады артта келе жатқан бір қыз.

Балалар сапқа тұргандай-ақ, аяктарын дұрыс алып жүруге тырысты. Тіпті біреуі:

— Бір, екі. Бір, скі, — деп санағай бастады.

Бірақ, аяқ санау және марш жасау үзаққа созылмады — мектеп осы көшеде еді. Кішкене ғана сары есіктің алдына таяна бергенде, Юлия Константиновна:

— Балалар, қақтығыспандар. Біреуден кіріндер, — деді.

Қалай қақтықпассың, мектеп ауласына әркім-ақ еңалдымен кіргісі келеді, есік өте тар.

Мектеп ауласының Уржумның баска үйлерінен ешбір айырмашылығы жоқ еді. Ол ішіне шөп өсіп кеткен кішкене ғана еді; ауланың түп жағында баусымақ болды. Баудың ішінде дөңгелек стол және отырғыштар тұр, — сірә жаздығуні мұнда мұғалім шай ішетін болуы керек.

Шарбақтың ішінде баланың көгілдір көрпесі және кішкене кейлек ілулі тұр.

Үй алдында семіз үйректер жүр.

— Бұл кімиң үйректері скен? — деп сұрады Сережа Пашкадан.

— Мұғалімдікі шыгар, — деп жауап берді Пашка, тағы да бірдеме айтқысы келіп сіді, үлгіре алмады.

Жетімдер үйінің балаларын қараңғы ауыз үйге кіргізді.

Жаңа ғана жуылдып, әлі суы күрғамаған ауыз үйден балалар ештеп басып етіп үйге кіретін есікке таячды.

Үйден күбір-күбір, у-шу еткен балалар дауыстары естілді.

Бір мезгілде есік ашылды, балалар, кішкене бойль, бозаң жузді, кекшіл тік жаға көйлек киген Сократ Ивановичтің көрді.

— Залға кіріндер, балапандар, — деп айқайлады ол.— Казір дұға оқымыз.

— Залға жүріндер, — деді Юлия Константиновна, кейлегін судырлатып, өзі балалардың алдына түсіп.

Залғасында тобасі аласа, жердің түбінде үш отырғыштың сар кілекшиң жаға боялмаған.

Болма қарандылай, біткін тереселерінің алдына си-  
рень есін кеткен.

— Біздің асханамыз тәрізді қараңғы екен, — деді же-  
тім балалардың біреуі.

Залға жетім балалар үйінін попы, Константин атай  
кірді. Ол, күндеңі әдеттінше, ұзын шашын сыйпап, кеу-  
десіндегі кіресті жөндеп койып, дүға окуға кірісті.

Дүға да таныс. Оны жетімдер үйінде күнде оқыттын.  
Дүғадан кейін балаларды класқа алып барды.

Класта Сережа мекген парасын алғаш рет көрді.  
Парта дегеніміз столымен отыргышы бар бірнорсе екен,  
оган қатты үнады. Партаның тартпасына кітап пен сум-  
каны салып қоюға болатыны онан да горі үнады.

Сережаны Пашкамен бірге отыргызды. Сережа клас-  
ты әбден қарап біткенші болған жоқ, мұғалім Сократ  
Иванович келіп сабакты баставы.

— Кане, балапандар, сендердің араларында әріпті кім  
біледі, колдарыңды қотеріңдер, — деді Сократ Иванович.

Сережа, бір кезде өзіне Санька көрсеткен үш әріпті  
білетін, бірақ қолын қотеруге корықты. Класта отырган  
балаларға көзі түсіп кеткен еді, жетімдер үйіндегілерден  
екі балаға қолын қотеріп отыр екен. Оның өзінде де  
олардың жағына қолын таяп отырганын немесе мұғалім-  
нің сұрағына жауап беріп отырганын айыру қыйын еді.

Тап осы жерде Сережа қолын жайлап қана жоғары  
қотеруге батылы барды.

Сократ Иванович мұны көріп:

— Кане, неше әріп білесің, айт, — деді.

— Үшеу.

— Кандай-кандай?

— Пы, сы, о.

— Өте жақсы. Оларды тақтаға жазып көрсете ала-  
сың ба?

Сережа бөгөліп қалды.

— Тақтаға жаза аласың ба оларды,— деп тағы сұра-  
ды мұғалім.

— Мен таякпен жерге сыйып, көмірмен сарайға жа-  
зып көріп едім,— деп жайғана жауап берді Сережа.

— Кане, енді бормен тақтаға жазып көрші.

Сережа партадан тұрып, үлкен қара тақтаға қарай  
журді.

Сократ Иванович оған бор берді.

Такта тым бійк болатын. Сережа аятының үшімег көтерілсе де, ортасына дейін колы жетиеді.

— Төменгे-ак жаз, — деді Сократ Иванович.

Сережа тақтаның төменгі жағына екі ұлкен әріпті жазды.

— О — ак дөңгелек нан. Сы — жарты нан,— деп ішінен кубірледі ол, әріптерді жазып жатып.

«Пы»әрпінің қалай жазылатынын ол үмытып калыпты.

— Сен не айтып тұрсың,— деп сұрады Сократ Иванович.

— Сы — жырты нан, былай жазылады — деді Сережа жай ғана.

— Жігіт-ак екенсін. Жарайды, орныца бар. Ал «жарты дөңгелек нан» болғанда сенің фамилияң қалай?

— Костриков Сергей.

— Жарайды, Костриков Сергей, орныца бар.

Бұл күні Сергей, Санька көрсеткендегі емес, катардан үш жаңа әріпті: А, Б, В әріптерін білді.

Сережаның окуы осылайша басталды.

Мектепке кіргеніне бір апта өтті, жексембі күні деңгеліп жетті.

Таңертенгі тамаққа жексүрын кулаганы берді. Сережа оны әрең жұтып отыр. Тек тез-тез жеп бітірсем екес деп асығады.

Таңертенгі тамақтан кейін, күндегідей, дүға оқый бастады. Намаздан кейін Юлия Константиновнаға поп Константин кірді. Екеуі коридорға шыкты, поп кеудесіндегі кіресін үстап, бастық әйелге бірдеме айта бастады. Ол екеуі үзын коридорда ерсілі-карсылы жай жүріп әнгімелесіп келеді, олардың артында, нак келенке тәрізді Сережа келеді. Оның үйге қайтқысы келіп жүр, бірақ рұқсатсыз кетуге болмайды. Біреумен сөйлесіп келе жатқанда Юлия Константиновнаң сөзін бөліп жіберуге тағы болмайды, амалсыздан сөздің аяқталуын күту керек.

Бір уақытта поп қоштасып, төменгे кетті.

Сережа бар пәрменімен Юлия Константиновнаға жүргірді.

— Сағынып қалған шығарсың. Жарайды, үйіңе барағой, — деді Юлия Константиновна.

Сережа басқиімін баса киіп алыш, жүгіре жөнелді. Демін өз үйінің қасында бірақ алды. Есік ашық түрган

елі. Аула мұлдем бос Сережа үйге кірді. Ас пісіретіл үй-айда есесінде Лиза құышык обиап отыр.

— Эже, Сережа келді.

Кемпір пештің әржаяныда тұрып қарады.

— Сен неге қызырып терлеп кеткенсің, — деп таңкалды ол. — Біреумен төбелесіп қалған жоқпышсын.

— Эже, мен қазір мектепке барып жүрмін, — деді Сережа.

— Тіпті жақсы. Ғұлама адам болып шыгасын, — дес кемпір шоқынды. Оның өзі оку да, жазу да білмейтін адам еді.

— Эже, Саняға барамын.

— Бар, тек балалармен үрсып қалма.

Бірақ Сережа оны тындастап, есікті тарс еткізіп жапты да шыбын кетті.

Санька, қас қылғандай, үйінде жоқ болып шыкты, сондыктан Сережаға қақпаңың алдындағы тастың үстінде отырып, жарты сағаттай құтуғе тұра келді.

Ақырында, Санька да келді, оны дүкенге жіберген екен. Сережа оны көрер көрмesten өз басындағы жаңалықтарды актарды:

— Мені тіпті тақтаға да шақырды... Сократ Иванович бізге күнде жана үш әріп көрсетеді. Кешікпей окуға да және жазуға да, жаттап алуға да үйретеді.

Тап осы кезде оларды кемпір үйге шакырды.

— Қане, оқығандар, құймақ наң жеуғе үйге кіріңдер, — деп айқайлады ол терезеден.

Сыртта қараңғы тусе баставаң кезде, кемпір Сережа-ны жетімдер үйіне алып баруга жыйналды. Ол нығына ескі шәлсін жамылып сыртқа шыкты, сарайдың айналасына өскен үлкен калакайға қарап, күрсініп койды да:

— Мен әзірмін. Жетімдер үйіне жүрейік, — деді.

— Бүгін өзім барайын, — деп Сережа етігін кие бастады.

— Өзің барсаң, өзің бар, — деп қолын бір сілтеді де, кемпір үйге кіріп кетті.

Осы кеште жетімдер үйіне Сережалы ешкім ертпей, өзі жалғыз қайтты.

Сережа барған сайын жетімдер үйінің өміріне жаттыға берді. Мектепке барып жүргенен бері, жетімдер үйі оған, бұрынғыдай сүйкімсіз көрінбейтін болды. Жетімдер үйінің бастығы Юлия Константиновна, оған өте риза болып жүрді. Балалармен төбелесуге қарсылығы

болмаса да, қыздар мен жас балаларды ренжітпейтін, басқа балалар төрізді олардың бастарына шертнейтін, күлагынан тартпайтын болды. Мектепте жаксы оқыды, ол жетімдер үйінің мастерскойнда корзина мен қалпакты жаксы тоқығаны үшін, карт мастер Пал Палыч оны мактауға сөз таба алмай жүрді. Балалардың біреуі де, Сережа сыяқты, саламнан жасайтын қалпақтың төбесі мен корзиннің тұтқасын шебер тоқыўтын болған жок. Басқа балалардың тоқыған қалпағының төбесі шошайып немесе қыйсайып тұратын болды. Ондай қалпақты ешкім де алғысы келмейді.

**Маланъ кемпір Сержаның табыстары жөнінде Саньканың шешесіне жиі-жиі әңгіме қылатын болды.**

Степановна, жетімдер үйінде: Сережа адам болып шығады, дейді. Окуда өзінің қабілеттілігін көрсетіпті. Мінез-құлқы да байсалды көрінеді. Қейбір балалар алған жұмыстарын үқсата алмаса мықшындал оны тастанап кететін сыяқты. Ал біздің бала терлеп-тепшіп, өзінің дегеніне жететін көрінеді. Мен де қажырлы едім, ал ол менин өткен қажырлы екен Откен күзле мыналай оқыйға болды. Ауланың ішінде құмнаң үй жасап ойнап стыр. Бір мезгілде жаңбыр құйып кетті. Мен Сергейге: «үйге жүр», деп айқайлаймын, ал ол құлақ аспайды. Жүгіріп шықтым да, қолынан жетектеп ауыз үйге алып келдім. Бір айналып қарасам Сергейім жок, тағы да кетіп қалыпты. Жаңбыр шелектеп құйып тұр. Мен оған терезеден жұдырығымды түйіп: үйге қайт, сотқар, деп кіжінп тұрмын. Ал ол жүресінен отырып алған, үсті басының барлығы су, балшық: «үйді салып бітіргеннен кейін барамын» деп айқайлайды. Мен қолыңды бір сілтедім. Мінезі өзіме тартқан.



#### XII ТАРАУ

### ЖЕТИМДЕР ҮЙІНДЕГІ БАЛАЛАР МЕН ҚАЛА БАЛАЛАРЫ

Қыс келіп қалды. Мұз қата бастады. Таңертең есік алдында жатқан судың бетінде қаймақтанып, мөлдір жұка мұз пайда болатын болды. Үйдің қабырғасын, ауланы, есікті, тіпті сарай алдындағы ескі күбіні — барлық затты қырау басты.

— Қыс,— деп айқайладап, балалар алғашқы мұзды байқауға шықты.

Мөлдір кілегей мұз жарылып, су балалардың етігіне күйылып жүрді. Түске таяу үйдің төбесіндегі қырау еріп, түк қалмайтын болды. Қырау тез ерітін.

— Ал, мұлдем қыс түспей қалса қайтеміз,— деп балалар уайым жеп жүрді.

Бірақ қыс түсті.

Бір күні таңертең, жексембі күні, жетімдер үйінің балалары сағат сегізде тұрып, терезеге қарап, қайран қал-

ды. Олар терезеден қараса, қар жапалактан жиуын тұр екен.

Жетіндер үйінің айналысы аниқ қар. Үйдің төбесін және ағаштарды қар басып кетіпті. Тіпті аспан да ағарып кеткен тәрізді.

Таңертсігі тамактан кейін балаларға қыстық киім үлестірді. Балалар мен қыздар арасына макта салып сырып тастаған сүр түсті пальто алды. Пальтоның жендері бурмеленіп тігілген. Пальтодан басқа, балаларға қолқап және байпақ берілді. Байпаққа уржумдық жетімдер үйінің дәңгелек печаты басылған. Қыздар жүнинен жасаған жылы орамал, балалар арасына макта салып сырып тастаған дәңгелек бөрік алды. Пальто балалардың бойына сай тігілмеген болатын. Сондықтан олардың етектері аяқка оралып, жендерінен қолдың үші ғана көрінетін.

— Поп, поп, — деп балалар бірін-бірі келемеждең жүрді.

Сыртта аулашы Палладий күртік қарды үлкен ағаш күрекпен күреп жүр. Сережа оның жанына келді.

— Е, көмекшім. Міне қыс та түсті, — деп Палладий, сілкініп-сілкініп қойды.

Аулашы Сережаны «көмекшім» деп атайды бастағанына көп уақыт болған жоқ, бір күні ауланың іші жарылған отынға толып кеткенде Сережа оны тасып, үйісуге көмектескен болатын, сол күннен бастап «көмекшім» дейтін болды.

— Палладий, маган күргінді берші. Қардан тау жасайын деп едім, — деп сұрады.

— Ал, бірақ орнына қой.

Сережа күректі алды. Уржум өзеніне бармақшы болып қақпала қарай беттеді. Ұзын пальтоның етегі аяғына оралып, оның үстіне күректі сүйретіп әрең кетіп бара жатыр.

— Эй, бөбекім. Күректі иығына сал, алып журуге ыңғайлы болады, — деп айқайлады Палладий оның артынан.

Сережа күректі, мылтық тәрізді, иығына салды да, асықпай есіктен шығып кетті.

Бұл жексенбі күні жетімдер үйінің балалары Уржум өзенінің қатып қалған мұзының үстіне таудай етіп қар үйіп тастанды. Жұмыс бәріне де жетті.

Сережа барлығынан да көп істеді. Ол қарды күреп, бір жерге жыйнастырып, байпағымен таптады, тіпті қар-

дан тау жасауды тез бітіру үшін карды үлкен жөкенің үстіне салып тасу айласын иштарлы. Балаларға Палладий да келін көмектесті, тау біткеннен кейін оған үш шеслек су құйып таастады.

Кешіне тау катып қалды, жетімдер үйінің балалары сырғанақ тебе бастанады. Сырғанақ тебу ыңғайсыздау болды. Өйткені жетімдер үйінде шана жоқ еді, сондыктан балалар пальтосымен немесе астарына жеке салып сырғанайтын болды.

Васька Новогодов кешке таман өзінің жөкесіне су құйып, сыртқа қалдырып кетті. Таңтерең тұрса жеке тақтайдай тегіс катып калыпты. Васька таудың басынан сырғанап түсіп келе жатқанда жөкедегі қатқан мұз жаraryлып, әйнек сыйкты қыїрап, быт-шыты шықты. Пальтосының артын сулағаннан басқа оның ешбір пайдасы болмады.

Бір күні кешке таман балалар қар лактырып ойнау үшін көшеге шыкса, Уржум өзенінің тік жағынан төмен қарай құлап келе жатқан қарайған бірнорсені көрді. Жақындан келіп қараса Васька Новогодов екен.

— Эй, балалар, біз де анау жардан төмен қарай сырғанайық. Біздің жасаган тауымызға қарағанда, бұл жер тіктеу екен. Өзенің ортасына дейін сырғанауга болады, — деп айқайлады Пашка.

Сейтті де, астына жөкесін салып, жардан төмен қарай сиді сырғанайын деп жатқан кезде, төмениң омбы қар арасынан Васька Новогодов шыға келді де:

— Сен тағы немене ойлап таптың, сары әтеш. Менің тауымнаң сырғанақ тепкің келген екен, салып жіберсем күлің аспанға ўшар, — деді.

Пашка жөкесін жыйнап, жан-жагына қарады да, өздері салған тауға қарай кетті.

Бұл оқыйғадан кейін балалар «Васька тауының» маңына жолаудан қорқатын болды.

Арада, бірнеше күн өтті. Бұр күні кешке балалар кайтадан Васька тауының басына шықты. Қараңғы түсіп қалған кез еді. Қар, бүкіл жерге ніл құйып тастағандай, жылтырап, көгеріп жатыр. Өзенің жанында, жұмысқ, үлпа қар жатыр. Балалар жогарыдан төмен қарай сырғанап құлдыйлап барып үлпа, омбы қардың арасына енгісі келді.

Олар жардың жағасына келіп, төменге қарады. Тे-

менде, Уржум өзенінің ортасында, үстіндегі қарын қағып  
Васька Новогодов жүр екен.

Сережа азғана тұрды да, аспай-саспай жөкесін төсей  
бастады.

— Васькадан көрстінінді көресің, сырғанама, — деп  
шулап қоя берді балалар.

Сережа, олардың айтқаыны тыңдамастаң, үндемей ба-  
рып жөкесіне отырды.

— Ойбай қараңдаршы, кетті, кетті,— деп айқайлады  
Зинка.

Шынында да, Сережа мұз сыйқты жылтырап қатып  
қалған жардан, қарды боратып, тәмен кетіп бара жатыр  
еді. Балалар омыбы қардың үстінде оның дөңгелек бөркі-  
нің қарауытып кетіп бара жатқанын қарап тұрды. Арада  
он минут өткеннен кейін балалардың қасымен Васька Но-  
вогодов жүгіріп өтті. Оның көлтығында бүктеп алған  
жөкесі бар. Жүгіріп бара жатып, артына бұрылып жұ-  
дырығын түйіп біреуге кіжінді.

Социнан Палладий, Васька аулаға жүгіріп кірді де,  
барлық құшімен күбіні теуіп-теуіп жіберіп, қолтығында-  
ғы жөкені лактырып тастап, барлық даусымен еңреп  
қоя берді, деді.

Келесі күні Васьканың тауына Сережамен тағы да  
бірнеше бала еріп барды.

— Кеттік, балалар. Несіне қорқамыз, — деп шақырды  
оларды Сережа.

— Қорқынышты. Жар тым тік.

— Жоқ, тап онша қорқынышты емес, тек құлағын  
шулайды, қар бетіңе соғады, көзінді тас жұмып ал. Бол-  
ғаны осы, — деп балаларды азғырды Сережа.

Сережа бірінші болып, онан кейін қалған балалар тө-  
мен қарай сырғанап кетті.

---

Мұнан бір аптадан кейін үлкен оқыйға болды, ол ба-  
лалардың есінде үзақ уақыт қалды.

Бастауыш мектепте, жетімдер үйінің балаларынан  
басқа, Уржум купецтері мен ауқатты мещандардың ба-  
лалары оқытын. Жетімдер үйінің балалары мен қала  
балаларының арасында көптен бері өшпенділік бар бо-  
латын. Мектептен шығысымен қала балалары жетімдер  
үйі балаларының қытығына тиіп:

— Жетімдер үйінің біті қайда бара жатырсың, — дейтін.

Жетімдер үйіндегілер қала балаларымен байланысуға қорқып, ұн демей жүре беретін. Өйткені қала балалары ірірек және қуаттырақ келетін, — әйтсе де, олар жетімдер үйінің панымен гана тұрмай, үйлерінде тұрады гой. Қалалықтардың басшысы, Воскресенье көшесіндегі сатушының баласы, қып-қызыл Лешка болатын. Ол Сережадан бір класс жоғары оқыйтын.

Бір күн үлкен демалыс кезінде ол Сережаны байқаусызда аяғымен шалып қалып еді, Сережа еденге үшіп түсіп, тізесі ауырып қалды. Ал, сатушының баласы өзінің ойынына масаттанып, класқа кіріп кетті.

Конырау соғылды. Сережа аксап басып келіп, өз орнына отырды. Сабак кезінде тұнжырап, бұрышқа қарап отырып: қайткенде қала балаларының істегенінің қыйуазын қайтарарап екенбіз, жетімдер де өздерін қорғай алатының қалай көрсетер екенбіз, — деп ойлаумен болды. Қайтып, солардан қорлық-зорлық көре береміз. Мен жетімдер үйіне өз бетіммен келгенім жоқ қой, мені әжем әкеліп тастанды емес пе?!

Сабак бітті, мұғалім кластан шығып кетті. Сережа партада отыра берді.

— Қане, Костриков, үйге қайтайық, жүр, — деді оған Пашка.

Сережа орнынан тұрып сумкасына кітабын және қалам, карындаш салатын сауытын жыйнастырып сала бастады.

Тап осы кездे өзі кішкентай, әрі қараңғылау келген кім шешетін бөлмеде төрт пальто қалған еді. Барлық оқушылар үйлеріне қайтып кеткен.

Сережа кнімін кніп жолдастарымен бірге сыртқа шықты. Ол әлі аксап жүр.

— Ауыра ма?

— Ауырмағанда, — деді Сережа ашууланып.

Мектеп ауласында ешкім жок.

— Бүгін бізге ешкім тимейді. Барлығы да үйлеріне қайтып кеткен екен, — деп Пашка куанды.

Ол осы сөзді айтып болуы-ак мүң екен, көрші қорадан улап-шулап қала балалары шыға келді. Оларды тиін терісінен жасаган үлкен бәркін шекесінен кніп, Лешка бастап келеді екен.

— Жетімдерді ұрыңдар, — деп айқайлады ол.

Пашка және тагы бір екі бала қаша жөнелді. Сережа қошениң ортасында жалғыз өзі қалып қойды. Лешка жүгіріп келіп Сережаны бір салып қалып, басындағы бөркін ұшырып жіберді.

— Оған әлде де аз. Тағы да бірді беріп жібер, — деп айқайлады қалалықтар, Сережаның бөркін аяктарымен жан-жаққа лактырып.

Ол бөрікті алуды Сережа ойлаған да жоқ. Шашын алып тастаған үлкен басын төмен салбыратып жіберіп, ауыр күрсініп тұр. Лешка бір айланып алды да, Сережаның қеудесіне салып жіберді. Сережа құлауга жақындалап шалқақтап барып, орнына қайта тұрды. Тізелері бүгіліп кетті.

— Кешірім сұрап тұр, — деп айқайлады қалалықтар.

Тап осы кездे Сережа жүгіріп келіп Лешканың ішіне басымен беріп жіберді. Ол қолдарын жайып етпетінен ұшып тұсті. Сережа оған есін жыйнатпастан үстіне мініп алды. Лешка әрі әрекеттеніп, бері әрекеттеніп тұрғысы келіп еді, Сережа мықтап үстап алып жібермеді.

— Жібер, — деп айқайлады Лешка қошени басына қөшіріп, аяғымен жер тепкілеп.

— Төбелесесің бе?

— Жібер.

— Ендігәрі төбелесесің бе?

— Жі-бе-р. Естіп тұрмысың, жі-бе-р!

Лешка басын бұрып, жан-жағына қарады, жолдастарын іздеді. Олар ауланың тубінде тұр екен, тіпті айрып алуға келетін де емес.

— Айт шыныңды. Ендігәрі төбелесесің бе? — деді Сережа.

— Төбелеспеймін, — деді акырында Лешка, жәй ғана, достары естіп қалмасын деп.

— Байқа, — деп Сережа оның үстінен тұрды.

Сережа асықпай пальтосымен байпағының қарын қағып болып жан-жағына қарады. Қошениң екінші бір шеттінде жетімдер үйінің балалары жүгіріп келе жатыр екен. Олар бұрыштан қарап тұр екен. Барлығының да жүздері жайдара. Пашка Сережаның бөркін алып, тізесіне қағып-қағып жіберді де, Сережаға берді.

Бұл кезде ауланың тубінде Лешка өз командасын ба-лағаттап жатты.

— Ол маган үмтүлғанда сендер не қарап тұрдыңдар? — деді Лешка қалышылдан, жұдырығын түйіп.


— Бір адам бір адаммен тәбелеспей ме? — деп доста-  
рының ақталғысы келді.

Жетімдер үйінде тұнімен Сережа туралы әңгіме бол-  
ды.

— Ал, Костриков, оны салып жіберді деймің... Салып  
жіберді деймін... — деп қойды Пашка.

— Енді біз қадалықтарға көрешекті көрсетеміз, —  
деді біреуі күліп.

Жетімдер үйіндегілер мен қалалықтардың алғашқы  
айқасы осылайша аяқталды.



### XIII ТАРАУ

#### У. К. У.

Бастауыш мектепті бітіргенде Сережа он бір жасқа толған еді. Мектепте жақсы оқығандарды тағы да окуға, Уржумдағы қалалық училищеге жіберіп отырды. Оны балалар басқа әріппен УҚҰ деп атайды.

УҚҰ-ға түсү қыйын еді. Бұған кластан класқа көшкендей емес, ең таңдаулы окушыларды алатын.

— Кострикоеке не керек. Оны УҚҰ-ға сішбір тоқтаусыз алады, — деп Сережамен бір класта оқығандар көре алмай жүрді.

— Алмағанда не, оның барлық отметкасы бес пен төрт.

Шынында да солай болып шықты. Сократ Иванович окушы балаларды УҚҰ-ға көшіру жөнінде тізім оқығанда, Сережа бірінші болып шықты.

Училище Полстовалов көшесіндегі екі қабат ак үйде болатын. Оның үстін көк қаңылтырмен жауып тастаған, көшеге шығатын есік алды бар-ды. Өз қатарындағы ағаштан салынған кішкене үйлерге қарағанда бұл үй сымбатты және үлкен еді.

Кеше жаңқа ишегатын есіктен тек мұғалімдер ғана кіріп-шығатын, ал окушы балалар тастан жасалған баскышты ыластап тастантын болғандыктан, директордың ас пісіретін үйінің жаңындағы есіктен кіріп-шығатын. Ас пісіретін үйден үнемі майлы тәтті сорпа мен еттің нісі шығып жатады. Ал, кір жуған күні ас пісіретін үйді тұман құсап бу басып кетеді.

Мектептің ауласының ішінде, жапырағын ешкі жеп койған, бірер түп шырша мен терегі бар кішкене ғана бақша бар. Ауланың түбінде дар ағашы сыйқты, бағаналары қоқайған көпірсымак түр, мұның үстінде жүгіріп ойнауга рұқсат жоқ, өйткені ағаштары шіріп кеткен болатын.

Уржум қалалық училищесінің оқушылары бастауыш мектеп оқушылары алдында мұрындарын шүйірді. Олардың училищесі үлкен үйде болатын. Мұнда, бастауыш мектептегідей қыздар мен ер балалар бірге отырмайтын, тек ер балалар ғана оқыттын. Ал, ең бастысы — Уржумдағы қалалық училищесін оқушылары бір форма: сүр шалбар және шолақ сүр бешпет киетін, белдеріне: УҚУ деген үш әріп бар сары жезден жасаған доғалы, былғары белбеу тағатын, оқушылар белбеулерінің доғасын бормен жалтыратып тазартып, бастауыш мектептің оқушылары алдында мақтан етіп шандозданып жүретін де қоятын. Жасыратыны жоқ, бұлардың көбісінің бешпеті мен шалбары қалың нашар шүғадан тігіліп, оның кез келген жерінен түгі шығып тұратын. Дегенмен, әйтеүір форма болатын. Санька Самарцевтің бұл формамен сылаңдағанына екі жыл. Ендігі кезек Сережа да келді. Бұл киіммен көшеде екеуі бірге жүреді, оның қайсысы жетімдер үйінікі екенін ешкім білмейді.

Екеуі екі класта оқыса да, демалыс кезінде жолығысуга, мектептен шыққанда бірге кайтуға болатын болды. Тіпті кейбір кезде онымен бірге анда-санда үйіне жүгіріп барып кайтуға да мүмкіншілік туды, өйткені әжесінің үйі осы Полстовалов көшесінде еді.

Кенет жағдай өзгеріп кетті. Бір күні, жексембі күні Саня Сережаға жолығып:

— Менде жаңаңыз бар, — деді манғазданып ол, — мен сиді У. К. У. да оқымаімын, күздігүні Вяткаға барып реальное училищеge кіремін.

Енді жексембі күндері Сережамен бірге ойнай алмайтынын, өйткені реальное училищеge тусу үшін ала жаз-

лай даярланатынын айты. Егер де ол емтихан тансырып реальное училищеге кірсе «реалист» атағын алады, студенттер киетін формадан кем түспейтін форма киеді.

— Реальное училище оку қыйын ба? — деп сұрады Сережа.

— Неге қыйын болмасын. Жалғыз геометрияның өзі неге тұрады...

— Ал егер де сабакты жақсы оқыса?

— Білмеймін, — деп басын шайқады, Саня, және жан-жагына қарап қойып сыйырлап: ертең мен үкіметке қарсы адамдарға барамын, — деді.

— Неге?

— Олар мені реальное училищеге даярлайды. Олар білімді адамдар — студенттер фой. Мен үшін олармен кітапханаши эйел сәйлесті, ол олардың танысы, ал әжем бұл әйелдің кірін жуады.

— Мені өзіңмен бірге аласың ба, — деп сұрады Сережа.

— Байқап көрейін, — деп уәде берді Саня.

— Сен оларға қашан барасың, барғанында әбден байқап қара, — деп сұрады Сережа.

— Жарайды, — деді де Санька өзінің даярланатын пәндерін саусақтарымен санай бастады. Санька бір колының бес саусағын, екінші қолының екі саусағын басты.

— Зан, орыс тілі, арифметика, жаратылыс тану, география және сурет салу, бұларға косымша орыс тілінен жазба және ауызша емтихан... Күрыйсын фой.

— УҚҰ-да қанша пән жүреді, — деп сұрады Сережа.

— Мұнда да жеткілікті, — деді Санька, сөйтті де УҚҰ туралы әңгімені көпірте жөнелді, Сережа нанарын да, әнабасын да білмеді. Санянің айтуы бойынша, училищенің директоры Алексей Михайлович Костров катаң, мейрімсіз адам, күрттай бірдеме бола қалса балаларды линейкамен үрып-соғады, шашынан тартады.

— Сені ўрды ма — деп сұрады Сережа.

— Ўрды. Бір рет шашымды жұлды, екі рет линейкамен сабады.

— Ал, егер де сабакты жақсы оқысаң қайтер еді?

— Онда көп ўрмайды, дегенмен анда-санда болып тұрады.

Келесі жексембі күні Саня Сергеймен Бүйіск көшесінің бұрышында кездесті.

— Үкіметке қарсы адамдардың үйінде болдым, —

деп сыйырлады да, көзін қысып қалды, тіпті Сережа көңілденіп кетті.

Балалар ауланың ішіндегі сарайдың қақпасының астында тұрған бөрененің үстіне барып отырды. Саня басын Сережага қарай бұрып құлағына сыйырлады.

— Естіп отырганым жок, қаттырақ айт, — деп ашуланды Сережа.

Саня жап-жатына қараш алды да, күбірлеп үкіметке қарсы адамдардың үйінде болғаның айта бастады.

Сережа олардың ішіндегі ең бастысы Дмитрий Спиридович Мавромати екенін, Санямен сабак өткізетін сол кісі екенін білді. Мұндай адамдардан сабак оқудың қорқынышы жок. Дмитрий Спиридович, директор Костров сияқты сабакты білмей қалсаң ұрып-соқпайды, тек қарандашпен столдың үстін қағып қояды. Алдында отырып түк, түк, түк, деп столды қағады да отырады. Столды катанды түзегенше немесе тіпті үндемей қалғанша қағады. Жаттан жазу болған күні мөлиіп жаңында тұрмайды, бөлменің ішінде әрлі-берлі жүреді де қояды. Және есепті Дмитрий Спиридович өз басынан ойлап шығарады. Есеп кітабындағы есептер ете көңілсіз, онда: бір суаттан екінші суатқа бірнеше шелек су құйсак, алғашқысында қанша су қалады, немесе жаяу адам бір қаладан екінші қалага дейін неше шакырым жер журді дегендер көп. Ал мынаның есебі ерекше. Бірінші есепті балық жөнінен ойлап шығарды: балықшы аумен қанша балық үстады, үстаған балығынан қанша акша түсіріп аллы. Мұғалім бүкіл балықты атымен: қанша шабақ, қанша шортан, қанша алабұға, қанша қызыл балық екенін атап берді. Екінші есебі бұрынғыдан да артық: бұл — жылқы туралы болды: қанша торы, қанша ала, қызыл, сүр, боз жылқы бар екенін шығару керек болды. Тіпті қызық. Дмитрий Спиридович пішіні, кімі жағынан басқа саяси адамдарға үқсас: үзын шашы бар, айналасында ешбір жиегі жок, әйнектері жілкө байлаулы көзілдірік киеді.

— Біздің Юлия Константиновнаның көзілдірігі де осындаидай ғой, бірақ оның айналасында жиегі бар, — деді Сергей, соны айтты да, үкіметке қарсы адамдар үйлерінде не істейтінін айтуды сұрады.

— Кітап оқыйды, ал біреуі көйлегін тігіп отырды, — деп жауап берді де, сабактан кейін жана мұғалім өзін

шай ішуге шакырганын айта бастады. Олар шайды ак наимен і shedі екен. Дмитрий Спиридоновичтан басқа онда үш кісі болды: біреуі бүйра шашты, үзын бойлы, екіншісі — каба сақалды, сірә ашушац адам болуы керек, ал үшіншісі мойнын байлап алған адам. Шай құйып берген эйел, о да үкіметке қарсы адам. Барлығы оны «бикеш Мария» деп атап отырды. Оның үстіне кигені ак түймесі бар тік жағалы еркектер киетін көйлек, белін белбеумен буып алыпты, шашын қырқып тастапты, оны Дмитрий Спиридонович сыйқты, артына қайырыпты.

— Тагы не көрдің? — деп сұрады Сергей.

— Енді болды, — деп кесе жауап берді де, Санька үндемей қалды.

Оның енді айтатыны да жоқ еді.

Шынын айтқанда, ол бұл адамдарға тап онша риза емес, өйткені ол бұлардан, уржумдықтардан басқаша, бір ерекше жаңағалықты күтіп еді, бірақ олай болып шықпады: жапырылған конферкасы бар ескі самауырдан көгілдір бедері бар шыныаяқпен шай іshedі, шыныдан жасаған бүйірлі қант сауыты бар. Орындыққа отырады, сырған көрпе жамылғып темір кроваттың үстінде үйктайды. Ал терезелерінің алдында, Маланя кемпірдің үйіндеғідей, құмырага отырғызып тастаған гүл бар.

— Олар жөнінен тіпті өтірік айтады екен, — деді, Саня.

— Кім?

— Кім болсын, уржумдықтар. Олар дінге қарсы адамдар, ешиэрседен қорықпайды, үйлерінде патицаны өлтіру үшін сактап жұрген, бомба және тапанша бар дейтін еді, бәрі де өтірік екен, мен ондай ешиэрсені көргенім жоқ.

— Неге өтірік айтады?

— Халықты қорқыту үшін, — деді Санька. Мұнан кейін ойланып отырды да: — кім білсін оларды, — мүмкін дұрыс та айтатын шығар. Мүмкін олар, үкіметке қарсы адамдар, ку келеді, мен барған уақытта барлығын тығып жойған шығар. Кім білсім оларды, — деді.

---



#### XIV ТАРАУ

### МҰҒАЛІМДЕР МЕН ШӘҚІРТТЕР

1897 жылдың күздінде Саня реальное училищеге тұсу үшін Вяткаға жүріп кетті, ал Сережа ҮҚУ-да қалып койды.

Алғашкы күні, мектепке дүға окуға келіп, Сережа өзіне Саня айтқан, мейрімсіз және ашушан директор Костровты көрді.

Дүға таңертеңгі сағат тоғызда екінші қабаттағы залда болуы керек. Залда ешкім жок. Тек залдың қабырғаларын қуалай қойған отырғыштар, есікке карсы қабырғада айналасын алтыншап тастаган, кісі бойы патшаның суреті ілвлі тұр. Патшаның екі жағында рамага алынбаган жәй суреттер. Бұл суреттің біреуінде жасыл бояумен салған тарамданған ағаштар, оның тасасында

көріліп жаткан жолбарыс, ағаштардың бұтактарында қызын тартқан маймылдар; көкшіл көлде аузин зрачтайдай анын жатқан крокодил. Бұл картинаға «Гризли орманы» деп жазылған.

Калған картиналарда теңізде жүзіп жүрген кемелер, медуздер мен жұлдыздар, солтүстік шұгласы, үңгір суреттері салынған.

Окуға жаңа түскен балалар дүғаны күтіп, біресс залға, бірессе класқа қарап, коридорда сандалып тұр. Бұлардың ішінен, тіпті, мұғалімдер үйінің есігінің саңылауышан сығалаган балалар да табылды. Бірақ, сығалаганмен олар ешиәрсе көре алмады. Тек екі кісінің сөйлесіп отырғанын естіді. Мұның біреуі қырылдаган дауыспен, екіншісі жөтеліп қойып, жуан дауыспен сөйлеп отыр.

Сережа да басқа балалармен бірге коридорда тұрып баспа түбінде жаңа келген екі баланың құрескен қызығына қарап тұр.

Бір мезгілде мұғалімдер бөлмесінің есігі ашылды да белі бүкірейген, үзын бойлы адам шықты. Ол қолын артына үстап алған. Оның сұрғылт тартқан беті, үйқысы қанбаған адамдай, қою қатқан қабағы ашулы кісінің кейпін көрсеткендей.

— Директор, директор, — десті коридордағылар.

— Сендер кайда тұрсындар, э! — деп ақырып, балаларға тессіріе қарады директор, балалар қорықсанынан кейін шегінді, ал біреуі баспалдақтан тайын кетіп, төмен қарай құлап түсе жаздады.

— Дұға окуға залга тез кіріндер, — деп Костров команда берді.

Окуға жаңа түскендер бірі мен бірі қақтығысып калды. Бұрын көрмеген бір мұғалім балаларды екі-екіден стройға тұрғызды да, залға алып келді. Қекшіл түсті шапан киген үзын бойлы, ақ сакалды поп дұға окуға кірісті. Дүғаны ол асықпай, ұзак օқыды, сөзді міңгірлен айтты. Сережа поптың сөзін тындаумен қатар екі көзін жарда ілулі тұрган тропикалық орманның ішінде жатқан жолбарыстың суретінен айырмады.

Арада бір ай өтті. Окуға жаңа түскен балалар мұғалімдердің мінез-құлықтарын әбден танып алды, мұғалімдер қанша болса, олардың мінез-құлықтары да әртүрлі болатын. Инспектор Верещагин Гавриил Николаевич, балалардың славянша жаксы оқығанын тәуір көре-

гін. Ол әр уақытта бұған мысал ретінде кладбища шіркесуіңді даусы жақсы, тіпті дұра оқығанда, жел сыйқты, шамды соңдіре жаздайтын дұяконын алатын.

Егер де окушы бала кітапты тұтығып оқыса немесе сөзін керіп-созып жатса, Верещагин кітапты баланың қолынаң жұлдып алғып, басын қыйсайтып жіберіп:

— Бә-ә-ә, бә-ә-ә, — деп баланы келемеждейтін, оның даусы тұра ешкінің маңыраганында болатын.

— Қане, осы жақсы болып па екен,— деп сұрайтын инспектор, мұның артынан іле-шала. Сен, ақымак, діни кітапты да осылайша оқыйсың, дейтін.

Карт поп балық аулауды жақсы көретін. Оның Уржум өзенінің жағасында қармақ салып отырғанын жи көресін. Балық аулауга ол өзімен бірге окушыларды да алатын. Окушылар өзеннен балықты көп үстап қойса, оларды күндейтін.

— Түү, жоқ жерден пайда болған бақыт, — дейді ол, менің кешегі үстаған қызыл балығымның есебі жоқ... Ал бүгін екеуін үстасам да жараган болар еді, о да болмас деймін.

Балалар бәрінен де арифметика мен орыс тілінің мұгалімі Никифор Савельевич Морозсты жақсы көрстін еді.

Ол жуан, қып-қызыл, семіз, шашын жып-жылтыр етіп алдырып жүретін, кішкене гана мұрт қоятын адам. Кой кезді көзімен үнемі сығырайып қарайтын. Қыста да, жазда да, Морозов жецил етігін, жағасын кестелеп тастаған ак көйлек киетін.

Уржум халықтарының біреуі оны кестелі көйлегі үшін «малоросс», ал шашын тап-тақыр етіп алдырып тастағаны үшін «артист» деп атаған болатын.

Никифор Савельевичке қойылған екінші ат, шынында да, оған лайыкты болатын, ойткені спектакльдерде күлкі рольдерді онан артық ешкім ойнай алмайтын. Ол кейде күдағай, монах, көпес тіпті әйелдердің рольдерін де ойнап қоятын.

Сабак үстінде Никифор Савельевич класта жүретін де қоятын, қолын сілтеп, саусағын қағып жүретін, сабак бергенде аяғының үшімен көтерілетін.

Оның даусы қандай тамаша еді. Жазғытұрым тереzenі ашып қойып класта арифметиканың ережелерін айтқанда даусы бүкіл Полстовалов көшесіне естілетін.

Балалар Никифор Савельевичтің сабагына ешбір мұлдайлар жауап беріп, жазудан аз қате шыгарған күндері, Никифор Савельевич қоныраудан он бес минут бұрын ерек сырды бар адамдай бір көзін қысып қойып журналды жаба бастайды, бұл — сабак бітті дегені еді, қазір Никифор Савельевич папкасынан былғарыдан жасаған мұқабасы, алтынмен жазған әріптері бар кітапты алыш:

— Қане, мен бүгін сендерге, достарым, Николай Васильевич Гогольдің шыгармасын оқып жіберейін, деп кояды.

Бұл кезде біртүрлі жарқын жүзділік, қуаныш, етік табанының дүрсілі, сыйыр-күбір пайда бола кетеді. Балалар ыңғайланып отыратын. Сәлден кейін класта мұлдем тыныштық орнайтын.

Никифор Савельевич, алдына кітапты жақын қойып, окуға кірісетін, ол тамаша оқыттын. Балалар, әсіресе, Гогольдің «Елес» атты үзак әңгімесін бар ынталарымен тыңдайтын. Никифор Савельевич әңгіменің ең корқынышты жерін, — мысттан салынған астаудың шіркеуді айнала үшкан жерін оқығанда класта шыбынның да ызыны естілмейтін. Он бес минут өтіп кетеді, демалыска шығатын қонырау соғылады, онаң сабакқа кіру қонырауы соғылады, бірақ балалар орынан қозғалмайды. Ал, басқа сабактарда балалар қонырауды шыдамсызданып күтіп отырады.

УҚҰ-да оку Сережага қыйын сокпады. Қөп үзамастан ол училищедегі бірінші, Морозовтың сүйетін окушысы болды.

Арифметика сабагы кезінде Никифор Савельевич оның жапына келіп, нығы үстінен дәптерін қарап:

— Қане, көрсете, көрсете. Сен жана қызықты әдіс тауыпсын, — деген күндері де болды.

Осыны айтады да, Сережаның қасына отыратын. Ол партаның ең штіне ғана отыратын, ортасына таман отыруга семіз қарны жуаи болғандыктан сыймайтын.

Сережа кластагы окушылардың ішіндегі жасы кішкенесінің бірі еді. Онымен қатар, директор Костровтан бойлары сөл ғана кіші, үлкен балалар отыратын. Бұл жігіттердің аты Чемеков және Филиппов болатын.

Чемеков бір класта екі жыл отырып қалған, он төрт жастағы, шіркеу қызметкерінің баласы болады.

Чемеков есектен де жалқау, қыс шыбынынан да үйкышыл, ал өзі әр сөмбі күні сабакты нашар оқып, жаман

отметка алғаным үшін әкем сабайды, деп мактанның тәжур, ал, бұл ойна кіріп те шықнайды, деп қояды Никифор Савельевич жиі-жиі.

— Ўрса ўра берсін, оқудан менің басым қатады,— дейді Чемеков есінеп койып.

Чемековтың досы және сүйіктісі Филиппов та бірінші класта екі жыл отыр. УҚУ-да онан шандоз адам жоқ. Ол ұзын, сүйірбас ботника киеді, оны алакалымен, мұрын орамалымен, сыйсорғыш қағазбен тазалайтын да отыратын. Селдір келген шашын біртүрлі май мен майлап, оның ісі бүкіл класты алып кететін.

Бұл екі достың екеуі де барып тұрған кербез және жалқау болатын, сабакты нашар оқыттын, бір күні жат жазуда Никифор Савельевич олардың жазуының әрқайсысынан отыз сегізден кате тапкан. Бұлар екеуі бір партада отыратын, бірінен бірі көшіріп ала береді екен.

— Шашынды маймен майлағанша, Филиппов, басыңды жөндесейші,— деп Морозов жұрттың көзінше айтты қоятын.— Қалалық мектепті бітіргенше сақал да шығар, — дейтін ол.

---



XV ТАРАУ

## САНЯ — РЕАЛИСТ

Саня Вяткадаң жазғы демалысқа шығып, июль айының бір ыстық күнінде келіп тұсті. Үстіне ішіне мақта салып тіккен үзын пальто, басына айналасын сары түсті матамен жиектеп тастаған және маңдайына реальное училищеннің алтын жалатқан гербін таққан кара фуражка киіп, Воскресенье көшесімен маңғазданып, асықпай келе жатты. Ыстықтап, маңдайынан бұршақтап тері ағып келе жатса да, үстіндегі қалың пальтосын шешіп қолына алмайды.

Ол жаңа формама жұрт қарасын дегені еді. Пальтоның ішінде ол өзін бұрынғыдан анағұрлым өскен, жіңішкерген тәрізді көретін. Бірак, қас қылғандай, оған ешкім карамады. Үржумның меніреу, капырық көшелерінде тірі жан болмады. Тек жолдың ортасында ыстықтан тілін салқтатып барап ит жатыр.

Ніт оған бір қарады да, көзін жұмып жата берді.

Саня өз үйіне келіп, есікті аиты да, ауланың ішіне кірді. Ауланың ортасында Маланья кемпір кір жайып тұр.

— Сізге кім керек, жас жігіт, — деп айқайлады кемпір, сейтті де, қолын көзіне үстап, таныттын адамына қарай бастады.

— Менмін, Маланья кемпір. Мені танымай қалдың ба, — деп күлді Саня, және өзін жігіт дегенге риза болып қалды.

— Саня. Сен қалай өсіп кеткенсін. Көрі картая береді, жас өсе береді. Мына үстіңдегің жандай форма, — деп басын шайқап, Саняның қасына келіп пальтоның матасын қарай бастады.

— Жақсы мауыт екен. Қашаға алдың — деп сұрады кемпір.

Үйден Саняның анасы мен карындастары жүгіріп шыкты. Олар Саняны коршап алып бетінен кезек-кезек сүйе бастады, бірін бірін бөліп бірдемелерді сұрай бастады. Анасы үлын құшақтап бір жылап, бір күлді. Барлығы да жыйналды. Тек Сережа ғана болмады.

— Серьга қалай. Екінші класқа көшті ме, — деп сұрады Саня.

— Көшті. Оны мектебінде мактайды — жақсы оқыйды. Ертең келеді, әнгімелерің таусылғанша сойлесерсіндер, — деп жауап берді кемпір.

— Ертең емес, арғы күні келеді, — ертең сембі емес пе, ал Сережа жексембі күні келеді, — деп сегіз жасар Лиза сөзге араласты.

— Біздің тентек қыздың білмейтіні жок, — деп, күліп, кемпір Лизаның бұрымынан тартып қалды.

---

Екі күннен кейін жолдастар жолығысты. Еңалдымен Саня Сережага өзінің формасын көрсетті. Ол түймелері жылтыраган макталы пальтосы мен фуражкасын киді. Бір қолын пальтоның қалтасына, екінші қолын өциріне салып ауланың ішінде ерсілі-карсылы жүрді. Сережа бөрененің үстінде жолдасына қарады да отырды.

— Пальто жаман емес, тек үзындау екен, жүруге кедергі келтіреді.

— Үйренигенен кейін ешиэрсе етпейді, — деп Саня, оған жайді түсіндіре бастады: — училище кеңессінің жа-

рында бүйрек ілінүлі тұр, онда шинельдің етегі жерден екі жарым сүйем жоғары туруы керек, дедінген.

Саня пальтосын шешіп тастап, қара шалбар және сыртынан жезден жасаған дөгасы бар былғары белбеу бұныңған қара шолак бешпетпен қалды.

— Біздің белбеуімізде сіздерге қарағанда бір әріп артық. Сізде УКУ, ал бізде А. В. Р. У., — деді Саня, белбеуінің дөгасын сыйрап қойып.

Саньканың «сізде», «бізде» деген сөздерін Сережа көңіліне алып қалды.

— АВРУ-деген ис? — деп сұрады ол.

— Александр атындағы Вятка реальды училище, — деген сөз.

— Александр атындағы дегені несі.

— Александрды, патшаны құрметтегендік,—деп сөзді тоқтатты да: — көнілің шапса менің формамды алып көр, — деді.

Сергей пальто мен фуражканы киіп көрді. Фуражка тарлау болып шықты, ал пальтоның етегі жерге тиіп, жеңінен қолы көрінбесе де, қеудесі тарлау болды.

— Сен ряса киген попқа үқсал кеттің, — деп күлді Саня.

Сережа ауыр, қалың пальтоны шеше бастады.

— Жүр, онан да бізге, училищеге барайық, мен бір нәрселер көрсетейін, — деді Саняға.

— Онда мен көрмеген не бар, — деді Саня жалқаулағып. Бірақ Сережамен еріп кетті.

Мектеп ауласына келіп, жерге отыра кетті де, Сережа етігін шеше бастады.

— Не істеп жатырсың.

Сережа жауап қайтарудың орына, жымыя түсті де, үстіндегі шолак бешпетін шешіп тастап, шалбарын тізесін жоғары көтерді.

Сөйтті де, жүгіріп барып баспалдактың үстіңгі таянышынан үстап екі қолымен жоғары көтеріле бастады, азырақ жан-жаққа теңселіп жоғары шықты.

— Бізде гимнастика сабағында мұны тек мұғалім ғана істей алады. Ол офицер, — деді Саня.

— Мен мұны бір жылдың ішінде үйрәндім, — деп айқайлап, Сережа жерге түсті, қолын шөпке бір сұртіп алды да:

— Қазір номер екінші фокус — поқус көрсетемін, — деді.

Жүгіріп баспалдақтың жаңында тұрган жуан бага-  
наның жаңына келіп, екі аяғымен шашаң, асқан шебер-  
лікпен жоғары көтеріле бастады, бағананың басына шы-  
ғып алып трапецияға қарғып түсті, қолымен азырақ өнер  
көрсетті де, ақырында басын төмен жіберіп екі рет айна-  
лып түсті.

— Маймыл, нағыз маймыл, — деді Санька.

Маймылды ол өмірінде көрген емес-ті, тек маймыл  
ағаштың басында өтө шебер секіріп ойнайды, дегенді  
жітіген болатын.

Сережа өзінің барлық фокусын Саняға көрсетіп бол-  
ғаннан кейін, екеуі шөптің үстіне отырып әңгімеге кірісті.

Саня өзінің мектептегі жаңа жолдастары, мұғалімдер  
туралы және Вятка қаласы жөнінде айтты.

Оның сөзіне Караганда, Вятка — Петербургтан сәлға-  
на кіші үлкен қала. Қаладағы үйлердің барлығы да кір-  
піштен қаланған, тіпті үш қабат үйлөр де бар. Қалалық  
бақшада таңтеренен кешке дейін әскери духовой ор-  
кестр ойнап тұрады. Ал, шіркеуде архирейдің өзі бо-  
лады.

Сережа шөптің үстінде жағын таянып жолдасының  
сөзін бар ынтасымен тыңдал отыр.

Шынында, Вятка түкпірде жатқан провинцияльдық  
қала еді, көшелерінде, Уржум сыйкты, майшам жаңып  
тұратын. Құздігүні жоне жазғытұрым аяқ алып жүре ал-  
мастай балшықтан тротуар мен жолды айыру қыйын еді.  
Бұл кезде қалада жүрудің бір ғана әдісі: үйлердің қабыр-  
ғасына жабысып, терезелердің жақтауын қармалап жүру  
әдісі бар еді.

— Ал біздің Вяткада да, Уржумдағы сыйкты, үкімет-  
ке қарсы адамдар тұрады, — деп сөзін бітірді Саня.

Оның мұнысы дұрыс. Вяткаға, Уржумнан да бұрын,  
саяси адамдарды жер аударатын.

Саня осымен сөзін аяқтады.

Жолдасына жаңа жаңа айту кезегі енді Сережаға кел-  
ді. Сережа ойланып қалды.

Саньканы қандай сөзбен қызықтыруға болады — оның  
өзі уржумдық және УҚҰ-да оқыды.

Достар азырақ отырғыштың үстінде отырды да, қай-  
тадан Полстоловол көшесіне бет алды.

Үйге келгеннен кейін Саня Сережаға Вяткадан алып  
келген оку күралдарын көрсете бастады.

— Мынау қандай оқу құралы, — деп сұрады Сергей, бір кітапты ашып жіберіп.

— Неміс тілі.

— Неміске оқый білесің бе?

— Оқый да, жаза да білемін.

— Сөйлей аласың ба?

— Азырақ сөйлеймін де.

— Неміске столды не деп айтады?

— Дер тиши.

— Ал отырғышты ше?

— Дер штуль.

— Ал ешкіні не дейді, — деп сұрады Сережа, терезеден ауланың ішінде жүрген кәрі Шимканы көріп.

— Біз әлі өшкі жөнінен оқығанымыз жоқ.

— Менің де неміске оқығым келеді, — деді Сергей, неміске кітаптың бетін аударып жатып.

— Уржумда неміске оқытатын мұғалімдер жоқ, олар тек Вяткада тұрады.

— Оның несі бар. УҚҰ-ды бітіріп, мен де Вяткаға өкуға барамын, — деп жауап берді Сергей.

Саня сықылықтап жіберді де, онымен таласпады.

Келесі күні Сережа түскі тамактан кейін жетімдер үйінен әжесіне келсе, Санька вяткалықтан уржумдық болақалыпты.

Оның шинелін, гербасы бар фуражкасын, шалбарын, шолақ бешпетін, тіпті белбеуін де босқа тоздырып тастайды, деп аңасы тығып қойыпты.

Санька ауланың ішінде шолақ шалбарын және өткен жылғы ескі шолақ жеңі бар койлегін киіп, аяғының кірін күбіге жуып жатыр екен.

— Диірменге барып алабұға аулайық, — деп шақырды Сережа Саньканы.

Санька жүгіріп барып ауыз үйден шелек, қармақ алып шықты, екі дос үйренишкіті жолмен диірменге қарай жол шекті. Әуселі екеуі шаңды аспанға шығарып катар жүрді, содан кейін шелектері қалдырлап, қармақ саптары солқылдан жерге тигенше жарысты.

— Сен Вяткада балық аулауға бардың ба, — деп сұрады Сережа, екеуі келіп диірмен түбіндегі бөгеттің жағалауына отырғаннан кейін.

— Бардым, — деп көңілсіз жауап берді Санька, қармағын суға лақтырып.

— Вяткада қандай балық бар екен?

— Коңны, сен осы Вятканы. Балықтың борі балық емес пе... Біздің Уржумдағы алабұға, болқім, ондағыдан семізірек болуы мүмкін.

Санька Вятканы қашама мақтаса да, оған Уржум жақсы екенін Сережа осы жерден әбден түсінді.

Июльдің аяғына дейін Санька Вятка туралы, өзінің АВРУ жайын бір де ауызға алмады. Тек, Вяткаға жүрмesten бір алта бұрын анасы оның киімдерін сандықтан алғанда:

— Жаз да өтіп кетті-ая! Енді көп кешікпей Вяткаға жүру керек,— деді.



#### XVI ТАРАУ

### ЕҚІНШІ КЛАСС ОҚУШЫСЫ

Саня қайтадан Вяткаға, өзінің АВРУ-ына, жүріп кетті. Ал Сережа өзінің Уржумында, Воскресенье көшесіндегі «планасыз балалар үйінде» қалып қойды.

Бір аптадан кейін, он бесінші августа, УКУ-да оқу басталуы керек.

Жұрттың барлығы екінші класта оқу қызын болады, тағы да бір пән, география оқуы бір сағат кеш бітеді, деп жүрді.

Орыс тілінен, бірінші кластағыдай оқығанынды қайталаپ айту емес, шыгарма жазу керек. Бұл — барлығын да өз басынан «ойлап» шыгару керек деген сөз.

Сөйте тұрса да, Сережа класқа жайдары жүзбен кірді. Қала балаларындаі емес жетім балалар үйіндегілерге мектептің қадірі ерекше еді. Олар мұнда өздерінің «пла-

ласыздар үйнің» балалары екептің кейуақытта ұмытып та кететін.

Сережа класта терезенің жанындағы екінші партадан орын алды.

Бірінші сабақ орыс тілі болды. Ол әдеттегісінше басталды. Никифор Савельевич класқа, сол қолына папка үстап, оц қолын сермей, тез басып, өткен жылғыдай келіп кірді.

Оның көйлегі бұрынғыдай ак емес, қызгалдақтың, масақтың суретін кестелеп, басқа түсті матадан жасалыпты.

Екінші жағынан Никифор Савельевич жаз бойы күнге күйіп қарайыпты, тіпті шашын алып тастаған оның жалтыраған басы да қарайын депті.

— Ал, достарым, қыдырдындар ма, дем алдындар ма? — деп сұрады Никифор Савельевич, ісініп-кеуіп. Сөйтті де, — қыдырдындар, дем алдындар. Енді оқыймыз, — деп өзі жауап қайтарды. — Кане, достарым, бүгін, алғашқы күні, класта отырып «Біздің аула» деген тақырыпқа ойдан шығарма жазындар, — деп Савельевич орындыққа отырды.

Окушылар үрпісті де қалды. Мектеп ауласы туралы жазу тым қыйын емес кой. Тіпті, оқығанынды қайталап айтып беруден де жеңіл, мұнда оқығанынды есіне сақтауың керек, ал ойдан жазғанда оның керегі жоқ. Терезеге кара да жаза бер.

Былай дең бастауға болады: «Біздің аула тап онша үлкен емес. Мектеп ауласының оц жақ бұрышында отын қойған сарай түр, сарайға карсы гигант, оған жалғас трапеция түр...» — деп әрі қарай жаза беру қажет.

Мектеп ауласы жөнінде шығарма жазу жеңіл болса да, балалар оны үзак жазды.

Ал, Сережа, бұрын оқығанын қайталап бірінші айтып беретін болса, бүгін шығармасын Никифор Савельевиччеке звоноктың алдында, Филипповпен бірге берді. Никифор Савельевич балалардың дәтерлерін жыйирап үйіне алыш кетті. Үйінде қарап, ертең таңтертең әкеліп беруге уәде берді.

— Сіздердің шығармаларыңыздың ең жақсысын, достарым, мен оқып беремін, — деді Морозов, кластан шығып бара жатып.

Ертеңіне Никифор Савельевич класқа келісімен-ж:

— Костриков Сергейдің «Біздің аула» деген шығармасын тыңдайық, — деді.

Сойті де, устінде жатқан дәптерді ашып «Елесті»  
жығандай дауыстал, кемеліне келтіріп оқый бастады.

Шыгарма бүкіл класты таң қалдырыды. Шыгармада ау-  
ладағы үлкен ағаштардың түбінде шөп өсетіні, гүлдің  
көптігі, алаңға құм төсөліп тастаганы, трапецияның,  
отырғыштардың, гиганттардың көк сымен боялғаны,  
ауланың ортасында үлкен әлпеншектің тұрғаны айтыл-  
ған. Шыгарманың ішінде отын қойған ескі сарай туралы  
бір ауыз жазылмаған.

Никифор Савельевич шыгарманы оқып шыққанша  
шыдамай, балалар терезеге үніле қарады. Олар терезе-  
ден шаңы аспанға шыққан кішкене ауланы, жапырағын  
ешкі жеп қойған теректі, ескі гиганттың жел шайқап  
тұрған, буындан байлап тастаган, шіріген арқандарын  
корді.

— Барлығын өтірік жазған, бізде мұның бәрі де —  
отырғыш та, әлпеншек те жок,— деп күцк ете қалды Ше-  
меков.

— Мүмкін, болатын шығар! — деп жауап берді Кост-  
риков, жәйғана.

— Болады! — деді арт жақта отырған балалардың бі-  
реуі.

— Өте жаксы жазылған шығарма, — деді Морозов.

Кластағылар жым-жырт болды.

Сабактан кейін Морозов Сережаны шақырып алды:

— Сен кітап оқуды жаксы көремісің? — деп сұрады.

— Қызық болса жаксы көремін.

— Қандай кітаптарды оқылың?

Сережа өзіне ўнаған үш кітапты атап өтті. Оларды  
мектеп кітапханасынан алғанын айтты. Олар: Аксаков-  
тың «Багров немересінің балалық шағы», Лажечников-  
тың «Мұздан жасаған үй» және «Робинзон Крузо» деген  
кітаптар еді.

— Ал, туған, ертең сабактан кейін маған келіп кет,  
мен саған бір жақсы кітап берейің, — деп уәде берді Ни-  
кифор Савельевич.

Сережа қуанып кетті. Мектеп кітапханасындағы кі-  
таптардан ол өзіне керегін сұрыптаған алған болатын. Қа-  
зір оқыттың ешнәрсесі жок еді.

Қалада төрт кітапхана бар. Оның үшеуі: қалалық,  
земстволық және жеке адамның қарауындағы бір кітап-  
хана — Воскресенье көшесінде, ал бір кітапхана — оқу  
үйі Казан көшесінде болатын. Оларға балаларды көп

жібермейтін. Тек, Касиң көшесіндегі оку үйіне — кітапханаға анда-санда жіберетін.

Кітапхананы кемпір кейде екі-үш балаға кітапхананың бір бұрышында отырып алыш (оку үйінен үйге алыш кетуге кітап берілмейтін, тек кітапхананың ішінде окуға, қарауға болатын) сурет қарауға рұқсат ететін.

Кітапханашы кемпір кітап берердің алдында балалардың қолын қарап алатын. Егер де қолдары кір болса, кітапты бүлдіріп тастайды деп бермейтін. Бірнеше баланы соғайлайді, күбірлейді деп, бір стол айналасына отырғызбай әр жерге боліп-боліп отырғызатын.

Сережа кемпірден көбінесе «Нива» немесе «Жаратылыс және адамдар» журналының бір жылдық номерлерін алатын. Бұл журналдарда түрлі суреттер, кішкене әңгімелер және мақалалар басылатын. Сережа бұларды өзіне берілген жарты немесе бір сағаттың ішінде оқып шығатын.

«Нива» журналында түрлі суреттер көп басылатын. Олардың ішінде кейде — «Тау ішіндегі қорған» немесе «Бенгал жолбарысын аулау» сыйкты қызықты суреттер кездесетін. Кейде адамды жарытпайтын — түрлі өсімдіктер мен гүл сатып отырған әйелдердің суреті табылатын.

«Жаратылыс және адамдар» журнальда мұлдем баекаша еді. Оны бас алмай оқысыны.

Оның бір суретінде «Жанартаудың жалын атуы» көрсетілген. Өте қорқынышты сурет. Жанартаудың аузынан будақтал қара түтін, жалын шығып жатыр. Түтін шығып, жалындаң жатқан таудан ұлксн-ұлкен тастар атылып шығып жатыр, таудың етегіне тамырымен құлап түсіп жатқан ағаштар. Таудың бауырында апаттан қашып қолдарына балаларын үстап ойран-кестен болып жүрген ерлер мен әйелдер. Сережа, әсіресе, «Кеменің апатқа үшырауы» жөніндегі суретті ұзак қарайтын.

Үш дінгекті кеме қыйсайып жатыр. Оның палубасы мен қаюасына су толған.

Суга батып бара жатқан кеменің жанында тулаған толқынмен арпалысып жеслкенді кемеге мініп кетіп бара жатқан жолаушылар мен матростар. Бұлардың барлығы да жалаңашқа жақын, — сірә кеменің суга батуы түндө болса керек. Жұздерінде қорқыныш, дағдару белгісі бар.

Тек бір адам ғана сабырлылықпен тұр. Ол өзін сақтаған қалуды ойламайды да. Ол адам — кеменің капитаны. Ер, батыл капитанның қолында дүрбі, ол қыйсайып суга ба-

тын бара жатқаң көпірдің үстінде тұрып ақыргы командасын берін тұр... Суреттің астындағы сөзден Сережа кеме суга батса, оның капитаны ең ақырында шығуы керек екенін білді. Теніз заны осылай. Сережа уәделі күні Никифор Савельевичтегі кітап алды. Ол Жюль Верниң «Капитан Гранттың балалары» деген шығармасы еді.

Кім білсін, — бұл капитан Грант өз өмірінің ішінде, суреттегі суга батқаң кеменің капитанына қарағанда басынан аз қауып откізбеген шығар? Бұл қандай капитан және оның балалары қандай, соны тезірек білу керек!

Сол күннің кешінде Сережа жетімдер үйінде үлкен ағаш столдың үстінде үзақ отырып Жюль Вернді оқыды. Ол шам сөнгенише оқыды, тіпті қараңғыда ол тенізді, желкенді кемені және тағы адамдары бар аралдарды есіне түсірді.

Ертеңіне Сережа «Капитан Гранттың балаларын» училищеге алып барды. Демалыс кезінде аз да болса оқырмын деп ойлады.

Сережаның жолы болды. Бірінші дін сабағы еді, карт молда тәрбие ем болмаған тентек бала туралы нақыл сез айтты. Молда күндегідей класты қыдырмай өз орнында отырып сойледі. Сережа партадан ептеп кітапты алып, звонок болғанша оны білдірмей оқып отырды. Демалыс кезінде де кітапты қолынан түсірмей терезе алдында тұрып оқумен болды.

Оны балалар қамап алды.

— Костриков, қызықтың кітап па? — деп сұрады балалардың біреуі, оның иығынан кітапқа қарап.

Кітаптың атын мұқабадан оқуға болмайтын еді, өйткені Сережа, мұқабаны кірлетіп тастаймын деп корқып, оны жетімдер үйінің ас пісірушісі Дарья берген қант ораган көк қағазбен тысталап алған болатын.

— Қызық болғанда қандай! Бас ала алмайсың, — деді Сережа.

Мұны айтқаннан кейін балалар оны бұрынғыдан бетер қамап алып, өзі оқып шыққан төрт тарауды түгелімен айттып беруін сұрады.

— Бұл кітаптың сонына түскесін енді ол есепті нашар шығарады! — деді Чемеков, звоноктан кейін класка кетіп бара жатып.

Сережа «Капитан Гранттың балаларынан» ешбір бәлеге үшыраған жоқ.

Оку өз кезегімен жүріп жатты.

Демалыс көзінде Никифор Савельевич әлде қалай класқа тірді, наратада Сережкмен катар Филипповтың отырғанын көрді. Екеуі де қып-қызыл, қабактары қатыңды. Не үрысқанын, не төбелескенін білмейсін!

Тіпті Филипповтың майлап қойған шашы үрпіллекеткен.

Сергей Филипповқа қарағанда мұлдем бала, оның төбесі Филиппов бешшетінің екінші түймесіне сәл ғана жеттін.

Морозов есік алдына тоқтай қалып, олардың не сөйлесіп отырғанын тындады.

Тыңдаса, жалғыз Сережа ғана сөйлем отыр, ал Филиппов терезе жаққа қарап, үндемей көзін сүртіп отыр.

— Мұнан кейін екеуін қосасың, — дейді Сережа Филипповтың құлағына сыйырлап, — сөйтіп, өзің іздел отырған екі жаяу адамның бірге жүрген шақырымын шыгарасың, ал осыдан кейін алып тастайсың. Мұнан кімнің қанша жүргенін білесің, ал онан әрі...

— Ал онан әрі, демалыс кезінде кластан шығу керек, — деді Никифор Савельевич партага жақындалап келіп.

Екеуі де селк ете түсті.

— Неге класта отырсындар?

Филиппов пен Сергей жауап қайтармады.

— Класта неге отырсындар деймін?..

— Я, мен Костриковпен бірге есеп шыгарып отырмын, — деді Филиппов күбірлеп.

— Көзіңнен жас неге шыққан? Неге жыладың?

— Жәй, әшейін! — деді Филиппов.

— Қалайша жәй?

— Белбеуімнен мықтап үстап алып, есепті шыгарғанша кетпейсің, деп мені коридорға жібермей отыр.

Күлкісін әрен басып, Никифор кластан шығып кетті.

Сережа Костриков сүйікті оқушы болды. Жатқа жазудан балалар көп қате шыгарып, Никифор Савельевич сабакты тастап, сарт еткізіп есікті жауып кетіп қалған күндерде кластағы бүкіл балалар Сергейді коршап алыш:

— Костриков, бар Никифор Савельевичті шақырып кел. Сен шақырсаң келеді, дейтін...

Балалар сөзін бітірмesten-ақ Сергей істің мәнісіне түсініп, мұғалімдер бөлмесіне жүгіретін. Бірнеше минуттан кейін Никифор Савельевич класқа қайтып келетті.

Мұғалім көзін сығырайтып, қолын артына үстап клас-

та әрлі-берлі жүргенниң кейін, ортага келіп текташ, сұк қолын жогары көтеріп:

— Сендерге бір қызықты кітап оқыйын деп келіп едім, онынан айныздым, енді оқымаймын. Оқымаймын! Сабакты даярламағансындар. Достарым, сіздерге риза емеспін! Қоңілім қалды! — дейтін.

Осы сөзден кейін Никифор Савельевич шығуға ыңғайланып есікке қарай жүретін. Барлық оқушылар парталарынан үшіп түрегеліп Морозовқа жүгіретін.

— Кешірініз, Никифор Савельевич, біз енді мұны қайталамаймыз. Бізге бірнәрсе оқып беріңіз, кешірініз, — деп шулайтын балалар.

— Олай болса, жарайды! Оқыйын. Бірақ жалқауларға емес, нығында басы барлар үшін оқыймын. Достарым, бас ойлау үшін біtedі, майлап, сәндең кекіл қою үшін бітпейді!

Никифор Савельевич бұл сөзді айтқанда барлық оқушылар бұрылып Филипповқа қарайтын.

---



#### XVII ТАРАУ

### СПЕКТАКЛЬ.

Сережаның УКУ-да оқығанына екі жылға, жетімдер үйінде тәрбиеленгеніне бес жылға таянды; тап осы кезде барлық балаларды толқытқан бір оқыйға болды. Жетімдер үйіне арналып жана үй салынды. Үй салуға ақшаны уржумлық күпептер берді, оларды Константин поп «мейрбанды адамдар» деп атады.

Жетімдердің ескі үйі әлдекашан тозығы жетіп, күлауға жакындалған жаман үй болатын. Жүрт бұл үй құлап тәрбиелсүшілерді басып кала ма деп коркатын.

Жана үйді ағаштац, ауланың ішіне, ескі үйдің жаңынан салды. Қоңтепер бері жетімдер үйінде, жаңа үйге көшкендегідей оқыйға болған жок еді.

Жаңша айтсац да жаңа үйдің аты жана гой. Сидағы өмір де, бұрынғыға қарағанда, бәлкім жаңа болар.

Бірақ жаңа үйдің ескіден артығы шамалы болды.

Сергей окуға түскен төменгі дәрежелі техникалық училищеде үш жыл оку керек болатын, және бұған тіпті селолық екі кластың біліміменен қабылданатын. Демек, бастауыш және қалалық мектептердің торт класын бітірген Сергей өз жолдастары арасындағы ең мықты сауаттылардың бірінен саналды.

Орта дәрежелі училищедегі талап жоғары болды — бұған реальное училищеңін төртіншісін, немесе гимназияның бесінші класын қабылдайтын төменгі дәрежелі училищеге қарағанда мұнда бір жыл артық оку керек еді. Казанның біріккен училищесінің үйі күйдірген қыштан салынған әдемі, үлкен үй еді, бүкіл бір көшені алғып тұрды. Бірақ бұл арада ешқандай көше жок еді. Училище қаланың сыртында болды. Оның адресі де сондай ықшамды болатын: «Арское даласы, өз үйім», деп жазылатын.

Бұл Арское даласында діни академия, мал дәрігерлік институты және шоқынған татарлар мектебі орналаскан. Академияның, институттың және өнеркәсіп училищесінің есіктерінен қара шыбындай гүлдеген окушы, студенттер лек-легімен шыға келген кезде, каладағы қандай көшeden болсын шуыллаған дауыстары басымырақ болатын.

Дегемнен де бұл қала емес қой.

Көктемде апандар мен арықтар, жол бойының ойпаң жерлеріндегі кар көп уақыт ерімей жататын. Ал, өздеріне үя салып, мола тәңірегін айнала үшкан қара қарғалар қыйқулап жүретін. Болашақ механик, чертежник, құрылым десятниктері, машинистер мен завод мастерлері төмennен нешетурлі дауыспен таласып-тармасып, шулап, өлең айтып жатқан кезде, жоғарыда шыйқылдаپ жүрген құстар даусын анық естүгे тіпті мүмкіншілік болmas та еді.

Орта дәрежелі училишелер окушыларын басқалардан бір қарағаннан-ак ажыратып алу оңай болатын. Олардың басындағы қара фуражкасына, жагалары мен жеңдеріне көк жиек салынған.

«Төменгілдердің» фуражкаларына, шолақ палтюлеріне де ондай жиек тігілмейтүгін.

Егер де «төменгі» окушыдан біреу қызығып, еліктегендікten шыдай алмай өзінің фуражкасына көк жолақ тіккізген болса, мұндай өз бетімен кетушілік оған оте қыйынға соғады. Кейіннен мұндай қылышының сазайын тартады.

Инспектор Широковтың кабинетінің бұрышында шкаф болды. Бұл шкаф полкаларында баскім мастеркойнде-гідей, жолақты фуражкалар катарланып жыйнаулы тұр. Инспектор бұл фуражкаларды кіналы бастардан өз қолымен алған болатын. Мұндай тәртіп бұзғандығы үшін окушылар екі сағаттан жеке сұық, қараңғы болмеде карщерде отырумен, оған қоса жаңа фуражка сатып алушмен күтілательн.

Бірақ, «орта» мен «төменгілер» арасындағы айырмашылық тек жолақта ғана болған жоқ. Мектеп бітіргенден кейінгі уақытта олардың әрқайсысын әртүрлі дағдырытқіп тұратын. «Орталар» инженер бола коймағанмен техникке даярланып шығады, ал «төменгілердің» десятник, мастер немесе мешинистерден жоғары өрлейтін сәттілері сирек кездесетін.

Сонымен катар оқу министрлігі төменгі дәрежелі техникалық училищсін тіпті барлық пәннен бес бағамен бітірген окушыларға да орта дәрежелі училищеге түсуге рұқсат етпеді.

Бірақ та, мұндай қатаң тәртіптің бәрі де «орта» және «төменгілердің» өзара өте тату-тәтті араласып тұруына бөгет бола алмады. Өздерінің праволармен де, канткім белгілерімен де «орталар» онша мактанбады. Олар тек өздерінің жалғыз-ақ артықшылығымен «төменгілер» алдында мактанудан бас тарта коймалы. Ол мынау елі: оларға тіпті училище коридорында темекі тартуға рұксат етілген, ал «төменгілерге» темекі тартуға мұлде тыбым салынған болатын.

Басқа ережелерлек тәртіп екеуіне де бірдей ортақ болды. Инспектор Широков кантты окушыны да, кантсыз окушыны да бірдей, училище тәртібін болмашы бұзғаны үшін зекіріп, жазалап отырды. Мұндағы жаза «шарпа колдану» деп аталды, және кенседе әйнек ішінде үрейлендіретін такырыппен жазылған үзын кестелер ілулі түралы:

«Орта дәрежелі техникалық және төменгі училище

окушыларына колданылатын шаралар туралы Оку Министрі мырзаның бекіткен ережесі», деген жазылған еді бұған.

Колданылатын шаралар әртүрлі—ол екі сағат карцерде отырудан бастап училищеден шыгарғанға дейін. Сабактан қалғаны, белгілі формамен белін бумағаны, түймесі үзіліп қалғаны, жатқан жерінен мезілсіз кеткені, тұрган жерін өздігінен өзгерткені, ең ақыры шоқынуға бармағаны үшін карцерге отыргазылалы. Ал, үлкендерді «сыйламаганы», «тындармаданы» үшін, сол сыйкты «ережеде» көрсетілмеген күна үшін, атап айтқанда «саяси» ісі үшін училищеден шыгарылады.

Окушыларға тек училищедеғана емес, сонымен катар үйде де тыныштық бермейтін: инспектор менин тексерушілер окушылар жатқан үйлерге рұқсатсыз кіруден тайынбайтын, олардың үйінде немен шұғылданып отырғанын, кімдермен, кандай адамдармен бас косып отырғанын, кешкі сағат 8 ден кейін белгіленген заңдан тыс үйден шықпаудын қатты қадағалап отыратын.

Барлық окушылардың үйіне тексерушілер келіп тиісті бақылау жасағаннан кейін белгі салып, кол койып кететін арнаулы дәптерлері болатын.

Егер де тексеруші бастықтар окушының үйінде болғаннан кейін олардың театрға рұқсатсыз баруға әрекет жасаған күйқарлығын сезсе, келесі күні ол окушыға үлкен жаза даяр тұратын. Театрға барып екі — үш сағат ойын көргені үшін ол келесі күні бес—алты сағат карцерде отырумен күнасын жуып шығатын. Сондықтан окушыбалаларға театрға бару мүмкіншілігі өте сирек кездесетін еді: театрға баруға олардың ақшасы да жетпейтін, тапсырмалары да бастарынан асып жататын. Училищеде оларға тапсырма, әсіресе черчение мен математикадан өте көп болатын. Окушылар егер де тапсырмаларын күнінде орындаған болса, оларға жексембі және мейрам күндері де сабакпен шұғылдануға тұра келетін еді.

Сергей өз уақытын күн үзаққа — ергенгі сағат сегізден кешкі сегізге дейін училищеде откізетін еді. Эйткенмен де тұс кезінде балаларға екі сағат үзіліс берілетін. Бірақ, Сергейдің тұратын үйі алыс болғандықтан, және оның жатқан жерінде ешқандай дайын тамақ болмағандықтан екі сағатты да жолда бос өткізбеу үшін үнемі училищеде болатын.

Сондықтан Сергей училищеде калып, ішінде өзі сы-

яқты «жер түбінде» тұратын он — он бес окушымен бірге қаңырап тұрған асханаада отырып, абажалай үзын столдан тамактанатын. Басқа балалар үйлі-үйлеріне кететін, олар училищедегі сегіз тыйындық катыксыз тамақ ішкенше, үйден дәмді тамак ішіп келуді көздейтін.

Кешкі сағат алтыға таяу барлық мұғалімдер сабакты бітіріп, үйді-үйлеріне тараітын, бастықтардан тек тексерушілер ғана училищеде калатын, училишенің карт күзетшісі, минут сайны есік ашып, бас нетін қожалары кеткеннен кейін, есік алдындағы орындықка отырып, қалғый бастайтын.

Үзын едендегі шамдар сөндіріліп, түңгійық қарандымен бірге тыйыштық та басталатын. Тек чертеж класы мен лаборатория есігінің төменгі санлауынан жарық сәуле жылтылдаш көрінеді. Чертеж болмесінде қағаздардың ғана баяу сыйырлаған даусы естіледі. Сірестіре стол үстінен керілген ақ қағаздың бетінде сусылдаш, жылтылдаған сыйық сыватын үшбұрыш, лекалдар мен сыйыштардың дыбыстары анық естіледі. Ал, лабораторияда шөлмек ыдыстарының бір-біріне соғылып шылдырап шыққан даусы естіледі, және күйген құс қауырсыны, немесе бұзылған жұмыртқа исі сяяқты белгісіз конырсық пістер сезіледі. Чертеж класында да, лабораторияда да тым-тырыс тыйыштық еді. Бірақ, оның есесіне, терезесі кора жакқа қараган механика мастерскойнда гүілдеп, тарсылдаған даустар естіліп тұрады.

Бұл мастерскойлар мектеп кластарына тіпті үксас емес, үлкен завод цехтарына үксас еді. Мұндағы әрбір оқушының заводтардағыдай өздерінің «жұмыс орындары», өз станоктары болатын. Мастерскойға келісімен әрбір оқушы формалы сыртқы киімін тастанап, былғары алжапқыш киетін.

Сергей өзінің практикалық жұмысын механикалық мастерскойдагы токарь становынан бастады. Бұл становта бес ай жұмыс істегеннен кейін ол үсталық жұмыска, жамау-дәнекерлеу, акырында машиналарды құрастыру ісіне көшпекші.

Уржумдағы жетімдер үйі мастерскойларында жургендегі көздерінде-ақ Сергей өз қолының ептілігі, шапшаңдығымен және әніэрссінің тез түсініп, менгеру каблетімен дацқа не болған-ды. Токарь становында ол ынтамен жұмыс істеді және оның ісі бірден-ақ алға басты. Әдетте мастерскойға жаңа келгендер сәтсіздікке кезітеді. Мыса-

лы, кейде колын кесіп, кейде аягына ауыр аспаптарлы түсіріп, кейде тискіге бармакын қыстырып алады. Жанын ауыртқаны былай тұрсын, сәтсіздікке үшырағанларға «мастерскойда» сабак беретін заводтың егде слесарьлары, мастерлері жаза қолданатын.

— Машинамен айналыса білу керек, ашық ауыз күзғындар, — деп зекіретін мастер, оларлық бөлшект-бөлшектері срнынан кішкене тайса болғаны, — сен өз мұртыңды да қыстырып аласың. Станокта жұмыс істеу — доп ойнау смес.

Сергейге мұндай кекесін сөздерді ешкім айта алған жок.

— Мұны машина да жаратады — дейді, жанынан өткен мастер оған басын изсп.

Бұл дұрыс та еді. Егер де мастер — Сергейді машина емес, Сергей — машинаны жақсы көреді деғен болса одан да дұрыс болар еді. Бастаның күннен-ақ Сергей машинаны жатырқаған жок, оған үқыптылықпен қарап, күтіп үстады. Ол күн сайын машинасын бірнеше рет сұртіп, майлап, тексеріп шығатын. Оның станогы төрзеле алдын-дагы бұрышта орналасқан. Осы жерден Сергей аспап-сайман қоятын полкалар жасады, оның жанына станоктан түсетін үгінділер мен кол суретінен мақта, шүберек салатын жәшік койды. Мектемен қызмет аяғында станокты, майға былғанған колын сұртетін.

Оқушылар жұмысты емескі менгере бастасымен оларға мектеп мастерскайлары мен лабораторияларына қажетті әртүрлі заттарды даярлау тапсырылатын. Оларға алдымен оңай, бертін келе кыйын заттарды жасататын. Оқушылардың өздері аспаптарға сап-тұтқа, балға, майдысы, тұтік, мыс келі, тіпті, гидравлика прессасын да жасайтын.

Сондыктан да училище директоры Грузовтың бір сөйлеген сөзінде жергілікті завод иелері — Крестовников, Алафузов және баскаларға — енлі үш жылдан кейін заводтарға тәртіпті, әзірлігі мол жұмыс күшін беремін, деп уәде беруі тегін айттылған емес.

Крестовников, Алафузов тағы осылар сыйкты Қазаның ірі алпауыттары техникалық училищенің «қамкоршысы» болды. Олар училищеге акша мен жаблықтарды не үшін беретіндіктерін жақсы біледі. Сол кездерде олар бір гана нәрсені, атап айтқанда Қазаниң өміркәсіп училищесінде оқып жүрген болашақ техниктер мен мас-

терлердің араларынан болашақ революционерлердің осін көле жатқанын, олардың аз емес скендердің тағы да білген жок.

Оқушылардың кітап окуына, мінез-құлқына жүргізген ешқандай бақылау, ешқандай ізіне тузы де оларға заңнан тыс бас қосуға тыйым салынған революциялық кітаптарды бірінен бірі алып кезекпен оқуларына бөгет бола алмады.

Арской даласынан қалаға дейін едәуір жер еді. Оқудан үйге қайтатын кештеге бұл аралықта еркінше сөйлесуге мүмкіншілік мол еді.

Училищеден қалаға дейін қараңғы жолмен жүріп келе жатқан «майлаушылар» деп аталатын өнеркәсіп училищесінің оқушылары көп мәселе туралы сөйлесіп үлгіретін. Бұл болған әңгімелерде мектеп басшыларында, қалалық және бүкілrossиялық шоң желкелерге де — тіпті екінші Николай патшаның өзіне де сыбағалы сөздер айтылып, сазайлары берілетін.

---



#### XXV ТАРАУ

### СТУДЕНТПЕН ТАНЫСУ

Бір күні кеште, аспазшы кемпір ыдыстарын жыйыстырмай тұрған кезде ас үйге көзі ойнакшыған, жүзі то-тықкан студент кіріп келіп, есік алдына тұра қалды. Сергей дәл есы кезде физика оку кітабына үңілген бойы терезе алдында отырған. Ол бу машинасының суретін карап отыр еді.

Студент келіп Сергейдің нығының үстінен асыла ашық жатқан физика кітабына карады.

— Түкке тұрғысыз іс, қыйын нәрсе емес, — деп бу машинасын сүк қолымен нұскады да, — міне, электр қозғаушысы, осыны сөз қылуға болады, — деп койды.

Кітабын жаба салып, Сергей жылы шыраймен студентке карады. Студент оған қолын үсінди.

— Танысайық та, физика-математика факультетінің студенті Владислав Спасский — деді.

Сонымен, Сергей өмірінде бірінші рет нағыз студент-пен танысты. Владислав ас үйдегі Сергеіге жиі келе бастады. Кейде ол Сергеіге қыйын чертеждерді әкеліп, тұрлі машиналардың құрылышын түсіндіріп жүрді. Екеуі де машинаны сондай жарататын және олар цилиндр, ротор, статор, вал сияқты тамаша нәрселер туралы әнгімелегендеге өте қызығып, жарыса сөйлесетін. Олар мұндай әнгіме үстінде уақыттың өтіп кеткенін андамай қалатын.

Аспазшы кемпір пеш алдында дөңбекшіл жатып оларға былай деп құнқілдейтін:

— Оқымысты адамдар, бірак, арсыз, гүілдейді де отырады. Немене, іштерің жарылып бара ма...

Бірақ, «гуілдеп» отырған тек Сергей мен Спасский ғана емес. Людмила Густавовна студенттерге жалға берген үш болме де кеш сайын адамға толып, дабырлаған шу болатын.

Бір бөлмеде Рим правосын оқып, штата келтіріп жатса, келесі бөлмеде казір ғана тындалған лекция талқыға түсіп жатады, үшінші бөлмеде гитар ойнап, ән салып жатады.

Студенттер Ленька Стародуб жататын ең үлкен бөлмеге бәрі тегіс жыйналған кездегі дауыстар — аспазшының мәтеліне айналған сөзben айтқанда нағыз ғарасатқа айналып, олар жұтқыншағы жыртылғанша айқайлайтын.

Студенттер ортадан ақша жыйнап оған тоқаш, шұжық, қаудырап кепкен жент сатып алатын.

Аспазшы жарты шелек су сиятын самауырды кайнатады. Жастар кімге қандай орын тигеніне қарамай, біреулері орындық, біреулері кереует үсті, терезе алдында отырыса қалады. Олардың барлығына бірдей орындық өмірі түгел жетіп көрген емес.

Стол үстінде бұрқылладап қайнап, ыжылданап самауыр тұрады. Студенттер шай ішіп, бутерброд жеп отырып жарыса сөйлеп бәсекелеседі, таласады, косылып өлец айтады. Біріне-бірі женістік бермей таласады, дауыстары қатты шығады. Олардың таласы әртүрлі болатын. Жанадан сатуға шығарылған роман туралы, студенттердің жерлестік үйыми туралы, катал, болмашыға кінамшыл профессорлар және студенттердің өз күштерімен қойылған махаббат жөніндегі спектакльдер туралы таласатын.

Шу көтеріліп, талас қызып жатқан кездерде Людми-

ла Густавовна талай рет болме есігінен қарап ашуланған болатын.

— Мырзалар ақырын шуылдауға болмас па екен! Қазір ғана көршілер келіп маған шағым айтты.

Шуылдаған дауыстар жым-жырт болады. Бірақ, оның есіктен шығуы-ақ мұң, әлгі дауыстар қайтадан өршиді, талас күшіе түседі.

Сергей ас үйде сабак оқып отыралы. Оған әлгі жағрыс талас-тартыстағы студенттер даусы, ыдыстар сыңыры, гитар, оған қосылып әндектен дауыстар бірде естіліп, бірде естілмейді. Сергейге, әсіресе бау туралы өлең ұнады. Ол өлөнді химик Хрящницкий айтты.

Бұл таныс өлең болатын, оны әжесі Маланья да айта-тын еді.

Кайран жасыл баум-бақшам,  
Несіне ерте сен ғүлдейсің  
Ерте солып, сембегейсің!...

Көп ўзамай-ақ Сергей Люмилла Густавовнаның үйіндеғі барлық тұрғыншыларымен әбден танысып алды. Бастапқыда олардан үялыңқырып, үндемей, жабырқау сыйқтанып жүрді. Бірақ, әңгіме машина, чертеждер туралы болғанда ол таласқа өзі де қызу араласуға тайсалмайды.

Алайда, студенттер бір оқыйғадан кейін ғана оған шын мағнасында көңіл аудара бастады.

Жекеңбі күні болатын. Құзғі жаңбыр терезені сабалап тұр. Барлық тұрғыншылар да үйде отыр. Еріккендіктен Владислав Сергеймен француз күресін бастады. Владислав отырғандарға қарап, француз күресінің барлық өрежелсрін сактай жүріп қалай да болса бес минут ішінде Сергейдің екі жаурының бірдей жерге тигізетінін хабарлады.

Шынында да, бастапқы айқасудан-ақ Владислав Сергейді қаусырып әкетті. Бірақ, Сергей кенеттен шашпаң айналды да, тіпті өзі дәбүрүн білмеген бір әдіс қолданып, көзді ашып-жұмғанша Спасскийді алып соқты, екі жаурының бірдей жерге тигізді. Онымен қоймай өш алайын дегендегі жерге жаншыл түсті.

Студенттер мәз-мәйрам күлісіп жатты.

— Сен күшті екенсің гой өзің — деді үялған тек тұрмасын керін келтіріп, жерден тұрып бара жатқан Владислав.

— Жарайды жігіт, мығым екен өзі! — деп студенттер

Сергей жаққандығын мойындады. — Дегенмен біздің Ленька Стародубты ол жыга алмайды.

Бұл оқыйғадан кейін Ленька Стародубтың өзі де келді. Бұл да кәрі қыз Сундстрэмнің үйінде тұрғаның бірі еді. Ол шашы тап-такыр, көзі нашар болғандықтан көзілдірік киетін, үскінсиздау, дембелше денелі болатын.

— Мен мұнымен күреспек емеспін, — деді Ленька, оған француз күрессінің «чемпионы» туралы айтқаннан кейін. — Әйтпесе мен бұл жеткіншектің барлық сүйектерін бытырлатып сындырып жіберуге бармын. Одан да мен сендерге бір тамаша көрсетейін.

Оның бұл «тамашасы» мыналай екен: бір адам еденге етпетінен көсіле жатуға тиіс. Екінші біреу оның үстіне арқасын-арқасына тигізіп, шалқасынан жатады. Содан кейін алғашқы жатқан адам аяғынан тік тұрады да, екіншісін кішкене ғана қағазға ораған ўнша көтереді.

Барлығы кезекпен бұл номерді оп-онай-ак атқарып шықты. Алайда, студенттердің ешқайсызы да Ленька Стародубовты көтеріп тұра алмады.

— Қабан... Томба... Піл... Колапайсыз адамдар құдайы, — деп студенттер әзілдей сөгіп жатты.

Өзіне өте рыйза болған Ленька қарқылдан күліп, батпан жұдырығымен кеудесін соғумен болды.

— Ал, мен байқап көрсійінші, — деп үсінис жасаған Сергей жауабын күтпестен еденге етпеттей жата қалды.

Еңгезердей Ленька оның арқасына шалқасынан құлай кетті. Барлығы да тіл қатпастан не боларын күтіп тұрды.

Сергей бойына бар күшіп жыйып, ауыр күрсінді де барлық каны бетіне шығып ақырындан тұра бастады...

— Бәрекелді жарайсың! Бис! Бис! — деп Владислав Спасский айқайлап жіберді.

Барлық, студенттер айқай салып, өкшелерімен еденді тепкілен, тасырлата алақандарын соқты.

— Бұл бара-бара кім болмақшы?... — деп Ленька Стародуб төнірегіндеғілерге қарады да, Сергейге жақындан келіп оның құрыштай бұлшық еттерін сипай берді.

Үйдің каранғы сенегінде, пүшпактағы ескі сандықтың үстінде жататын, ас үйде оқыттын ересек, Людмила Густавовнаның үйіндегі тұрғындардың көңілін кенет өзіне аударды.



#### XXVI ТАРАУ

### ЕРИКСІЗДЕР

Бір күні Сергеі мен Спасский көшеде келе жатты. Ала қағаз жапсырылған, жәшік тиеген көліктер керуені тас көшени тарсылдатып оларға қарсы жүріп келеді.

— Қазан сабынын білесің бе? Ол бүкіл Россияга тарайды. Ағайынды Крестовниковтар сабын мен свечкадан миллионға не болып отыр — деді Владислав.

— Ал, олардың заводы үлкен бе? — деп сұрады Сергей.

— Ие, Россиядағы ең ірі заводтардың бірі.

— Мен әлі күнге дейін заводтарда болғаным жок, тек Уржумдағы Аркульде ғана болып, онда кемені қалай жөндөйтінін көрдім. Біздің заводтарға бару практика жұмысымыз екінші курстан басталады.

— Сен Крестовниковтардың заводына барып көрсөң қайтеді. Сіздердің техниктерінді онда кіргізетін сыйкты.

— Дұрыс, бару жағын қарастырып көрейін,

Ойға алған істі кейінге қалдыруды жаратпайтын Сергей, сабак аз болған бірінші күні-ак Плестендегі ағайынды Крестовниковтардың сабын қайнататын заводына кетті.

Завод қакпасының алдында отырған күзетші оны жібергісі келмеді, бірақ, Сиргей оған окушылық билетін көрсетті. Күзетші Сергейді окупы болғанин кейін практикаға жіберген екен деп ойлады да қақпаны ашты, әдетте, мұндай іс заводта болып тұратын.

Сергейдің көзіне бірінші түскен заводтың жермен біте қайнасып өскендей тастан салынған ажабадай цехы болды. Сабынның, мұрынды жарған нашатырдың ісі және басқа белгісіз бір сасық ісі, көзді ашытатын азы иістер мүнкіп тұрды. Сабын шайындыларына суланған завод шарбагының іші тайғақ еді. Апандам жасыл-сұрғылт суға басқа жақтан су құйылған сайын оның ақ көбігі көпірши түседі. Қакпадан кіре берістегі үзын үйдің касында сабын салған жәшіктер тиеліп жатыр. Ауыр салмақты үлкен жәшіктер блокпен жоғарыдан түсіріліп келеді. Әрбір жәшікке жапсырылған ала қағаздар көрінеді:

«Қазан сабыны, Париж көрмесінде кіші алтын медальға не болған».

— Машина цехына қалай бару керек, айтып жіберінізші? — деді Сергей, көліктерге сабын тиеп жатқан жұмышшыларға келіп.

— Біздегі қандай машина? Бір ғана аты болмаса, — деп қолын сілтеді, сабынмен қатпарланып жылтылдаған, батпан, ауыр алжапқыш байлаған жұмышшының біреуі.

— Жігітім, анау жаққа бар! — деп айқайлап, завод корасының түкпіріне карай қолын шошайтты екінші бір жұмышшы.

Сергей сілтеген жаққа карай жүріп қетті. Бірақ, ол машина бөліміне барудың орнына, күкіртті-кислота цехина барды. Шыйкылдай ашылған кішкентай есіктен кірген Сергейдің мұрын қышқыл ісі жарып жібере жаздады. Ол үлкен бөшкеде тұрған нашатыр спиртін исекегендсій болды. Сергей жәтеліп қалды.

Ол үзын, каранғы, асты да, қабырғалары да тас, кислотадан қарайып кеткен бөлмеге кірді. Бірнеше жұмышшы шамнын қасында күйбендеп жүр, әлгі бөлменін тереңесі түрменікі сыйкты темірмен торланған.

— Жігітім, есікті жаппа! — деп айқайлады Сергейге, ұзын бойлы, көк көйлекті жұмысшы, — торға түскен тышқанша төрсійшіп өліп қаларсың мұнда. — Ол да жөтеліп, жерге түкірді.

Есіктің астына қыш сынығын қоя салып Сергей табалдырықта біраз тұрды. «Аптырай, басқа цехтарда да осындай тымырсық па екен?» деп ойлады ол.

Ол келген скінші цехта сабын қайнатылатын. Мұнда аты әйгілі «Казан сабыны» қайнатылады. Үлкен шамдардан ыссы ақ бу оркештеніп, көтеріліп жатады. Цехтың іші түгелдей үлбіреген үлла бұм-н кестелегендей.

Шамның қасында қолдарына ескек сыйқты ұзын ағаш қалақ ұстаған жұмысшылар әлсін-әлсін айналдырып, қайнап жатқан сабынды араластырады.

Сергей карт жұмысшыға тап келді.

— Сен мұнда негып қаңғып жүрсің? — деп сұрақ қойды ол Сергейге.

Сергей оған сабынды қалай пісіретінін көрейін деп келгенін айтты.

— Нені көре алар екенсің, көрейін деп келген соң кара, караї бер — деп күле сөйлеп, ақ тұманға сұңғып кеткендей жок болды.

Заводта Сергей үзак жүрді, әрбір бұрыш-бұрыштарға көз жіберді. Кім біліпті — окуды бітіргеннен кейін оған да, ссы заводта жұмыс істеуге тұра келер. Егер де тіпті мұнда болмаған күнде басқа бір осы сыйқты заводта жұмыс істер.

Әрине, жұмыс істеген соң машинасы жеткілікті, жабдығы жақсы заводта істеу қызықты болар еді. Ие кайда баратыны әлі белгісіз ғой. Бір цехтың коридорында, темекі қалдығын тастайтын болуға тиіс, су құйған бөшкенін жаңында Сергей жас жұмысшылармен сөйлесті. Жұмысшы асығып қысық цыгарын тартып болды. Оның оң қолы кірлеп қарайған шүберекпен оралып таңылған.

— Сенің қолыңа не болған? — деді Сергей.

— Қислота қўйып алдым. Үшінші күн өтті тіпті жазылмай-ақ қойды.

— Ал, сен бір қолыцмен жұмысты қалай істеп жүрсің?

— Амалым канша, жұмысты жарты күшіммен ғана істеп жүрмін. Басқаларға қарағанда мен қайта бакытты екемін, кейбіреулер тіпті қолынан, немесе көзінен айы-

рылалы. Кислота дегенің өте зыянды нэрсе. Адамның сүйегіне лейін күйлірп жіберелі...

Олгі жігіт темекісінің қалдығын суға тастап, цехқа кіріп кетті. Ал, Сергей қакпаға қарай бетtedі.

Завод шарбагына Сергеі бірнеше балаларды көрді. Олар сабын төгілген апанлардан қарғып, цехтарға қарай бет-бетімен жүгіріп кетті. Қелбеттеріне қараганда, олар Сергейден екі-үш жасы кіші сияқты.

Балалардын беттері де, қолдары да, киімдері де баттаскан қарақүйе еді.

«Сабын заводының кай жерінен бұлар сонша күйеге баттасты екен?» деп танданлы Сергей.

Қакпа алдындағы күзетшіден:

— Мына балалар сіздерде не істейді? — деп сұпалы.

— Сабын қайнататын үлкен қара қазанды тазалайды, — деп жауап берді, күзетші есіней түсіп. — Қуніне 23 тыйын табады.

— Ие, бұл сондай завод деңіз, — деп ойлады, қалаға қарай жүріп бара жатқан Сергей. — Мұнан еріксіздер артық шығар.

Сергей кешке үйге келіп Крестовниковтар заводы туралы әңгімелегендегі Спасский иығының қакты:

— Завод — кәдімгі завод. Басқа заводтар мұнан да нашар. Ал, егер саған бұл үнамаса, өмірді болса қайта жаса.

Екеуінің арасындағы әңгіме осымен аяқталды.

---

Мұнан бірнеше күн кейін Сергей бір карт жұмысшымен танысты. Ол карт Нижне-Федоров көшссінде жуық тұратын. Оның фамилиясы сондай-ақ үзак, адам күлерліктей қызық болатын, ал өзін жүрт Акимыч деп атайдын.

Сергейдің картпен таныстығыбы лай басталды.

Бір ретте Сергей кешпен үйге қайтып келе жатқанда бір адам оған айқайлап:

— Жігітім, ей, жігітім? — деді.

Сергей жалт қаралы. Аласалау қыйсайған қакпа жаңында темекіге ысталған мұрты сабалақтанып, сақалы секспін турған картты көрді.

— Оттығың жоқ па?

Жанынан коробка шірпісін суырып жатып Сергей: «Осы шалды мен қайда көрдім?» деп ойлады.

Мұнан кейін Крестовниковтар заводының сабын кай-

нату цехындағы қалың бу тұмандын, «Қара, бірдене ақ-  
қара алсаң қарап қал» деген карт жұмысшыны елестет-  
ті көз алдына.

Шынында бүл карт дәл сол жұмысшының өзі еді.

Көп үзамай-ақ Сергей Акимычпен дос болып алды,  
-тіпті үйіне қонаққа жіңі баратын болды.

Жартысы қатты қалың қағазбен, жартысы сурет сал-  
ған қызылды-жасылды жұқа қағазбен желімделген кіш-  
кене болме ішінен кара темекі мен герань гүлінің исі  
бұркырап тұрды. Терезе тұсында кара торғай мен шып-  
шық камаған екі тор жәшік ілінген.

Бір күні, Сергей карт үйіне келгенде Акимыч торда-  
ғы суды жаңартып, олар жем жетін жерге конопля тұ-  
қымын койып жатты.

Ол қонағымен амандақсаннан кейін жұмысына қайта  
кірісті.

— Тұмсығынды неге айналдыра бересің? — дейді ол  
караторғайға. — Немене? Қызметкерім! Қарашы өзін,  
жемсауын толтырып алған. Шоң желкелерше семіріп  
алғанын көрдін бе? Міне, енді сені заводка кислота  
құюға жіберем, сонда көрерсің көрмегенінді. Әйтпесе  
отырып алып шыйқылдайсың да тұрасың. Сенен қандай  
пайда? Арамтамақсың сен, арамтамақ.

— Ал, сен суды сонша неге шашыратасын? — деп ол  
шыпшыкты сөкті. — Немене, мен сенің қызметшіңмін бе?  
Жыйыстыру маған оцай деп ойлайсын ба? Сенсіз-ақ жұ-  
мысым жетеді. Токтап тұр бәлем, сені көшеге жіберем,  
мысық жеп кояр әлі-ақ.

Балапандарына жем шашып, кішкентай тостағанға су  
құйғаннан кейін Акимыч Сергейге карады.

— Ал, енді біз екеуміз де аздап жемімізді шұқылай-  
мыз.

Ол бір буда тоқашты алып, жez шайнегінен екі ста-  
канға шай құйды.

— Көптен бері мен жас кісілермен шай ішкенім жок,  
— деді Акимыч, стаканнан шай үрттап жатып, — менің  
ұлым, сірә, сенен көп үлкен болуға тиіс. Сенің жасың не-  
шеде?

— Мартта он алтыға толады.

— Сонымен менің ұлымнан кіші екенсің ғой — оның  
жасы қазір жыйырмаға кетті. Келбетіне қарағанда сен  
де он сегізге келіп қалдың ба, деп ойлаған едім.

— Сіздің ұлыңыз қайда? Бір жаққа жолаушылап кетті ме?

— Алыс емес жақынға көтті. Кол созсаң да жетерлік, ал мен оны көрмегелі бессінші ай.

Қарт Сергеіге қарай еңкейе түсіп, құлағына сыйырлап:

— Отыр ғой ол,— деді.

Сы арада Акимыч баласы Григорийдің акымақ емес тігін, кітаптар оқытының, жұмыста да есесін жібермейтінін әңгімеледі. Егер оның окуға мүмкіншілігі болса техник болып шығар еді. Тек оның мінезі шашаң, қызбалау, цехтағы мастер жүрген бір ит. Сондыктан да олардың арасындағы жаңжал осыдан барып туды...

Тек үшінші стакан шай үстінде ғана Сергеі Акимычтан мұның қалай болғанына қанықты.

— Айып үшін болды осы сүмдүктың бәрі,— деп Акимыч ақырын сөйледі,— ие жалғыз менің ұлым ғана емес, басқаларын да айыптағы. Бізді күн сайын бір реттен айыптасты. Бір жерде көзінді жыпылықтатсаң да айып алады. Ал, менің ұлым әлгі мастердің көзіне айтады. Мастер оны тісіне салып жібереді. Ал, менің Григорийм оған есесін қайтарып береді... осылайша — апарып түрмеге қамаған да қойған. Айтпақшы түрмеге қамалмасстан бүрын тінту жүргізіп, кітап тауып алды... Әлгі тыйым салынғандары...

— Ал, кітаптарды қайдан алыпты ол?

— Ие, әйтеуір алыпты, білмеймін — деп Акимыч бұл жолы өзінің баласы туралы да, тыйым салынған кітаптар туралы да ештеңе айтқысы келмеді, басқа әңгімесін де қозғамады.

Қарт Сергеімен жете танысқаннан кейін ғана өзінің жас досымен барлық нәрсе туралы жасырмай ойына не келсе соны айтып, ашық сөйлесетін болды.

Сергей одан завод жағдайы туралы бірсыныра нәрселерді естіп, білді.

— Мен, — деді қарт, — заводқа жаңадан келген жұмышы болып саналамын, мұнда болғаны он бес жылдан аса уақыттан бері жұмысшымын. Ал, біздерде осы заводта туып, өскендер бар. Біздің қазан тазалайтын балаларды көрдің бе? Бұлардың көпшілігінің әкелері осында істейді, аталары осында өмірмен қоштасамыз ғой, деп жүр. Мұнан қайда бармақсын? Ағайынды Крестовниковтар — іскер, жылбыурын адамдар. Олар заводы-

ның жанынаң дүкен ашты — мұнда кітапшага жазған ті зіммен несепе төпар беретін. Жұмысшылар көзін анын жұмғаша борышқа батады. Іде, бұған қосымша, біздің әрбір жұмысшы өзінің меншікті үйінде тұрады. Үй дейтін үй де емес, әрине — төрт бұрыш, сорайып тұрган тұrbасынан басқа сштесесі жоқ, ал мұндаң сарайлардың салдыруға ағайынды Крестовниковтар қарызыға ақша берген болатын. Ол біздің асыраушы піріміз — тәрбиешіміз емес пе, ал біз оларға көрімізге кіргеише борыштымыз, қорыта келгенде осылай болып шығады. Шіркеуғе барғанда солардың байлығы, денсаулығы үшін шамшырақ қоюға тиісті болдык.

— Менің өзіме қалса, мүмкін мұндаң жағдайларға жетпеген де болар едім, — деп тағы сейлей жөнеді карт. — Григорий қолға ўстатқандай бәрін түсіндірді гой маған, ал ақылды адамдар оның көзін ашты. Қазір біз кімнің кінәлі екеніне түсінеміз, эттең ашық айтуда болмайды. Бізде мұнан жарты жыл бұрын кислота цехына практикаға келген бір студент тұтқынға алынды. Ол социалист болып шықты. Ал, мұны кім хабарлады? Аға мастерден басқа ешкім де хабарлаған жоқ. Ол ішкі қауіпсіздік сактайтын орынға қызмет етеді дейді.

Сонымен карт жұмысшы «кімнің кінәлі» екендігі туралы Сергейге тұра айтпағанмен, жанамалай әңгімемен түсіндірді.

Қарттың бұл әңгімесі ертегіге ме, немесе мәтелге ме, әйтеуір біреуіне үқсас еді.

— Бір үй тұр, ескі үй, тұrbасы жанына қыйсайған. Еденінен жел гулеп тұр, терезе ағаштары қақсып қалған, есігі шыңқылдайды. Суық, ылас, мәкіру. Ал бұл үйде адамдар тұрады. Әрбір жұмысшының өз іні бар. Олардың әрқайсысы үй ішін жөндеп, тәртіпке келтіргісі келеді. Біреуі еденің тесігін жұн-жұрқамен бітегіштейді, екіншілері терезесіне жастығын тыққыштайды, үшіншілер өзінін лашығын әлемі қағаздармен әщекейлеуге тырысады. Үйіндегі адамкөргісіз тұрлерді әшнейкелеп бүркегісі келеді. Ал, еденин тұнымсыз жел гулай береді. Үй шіріп кеткен, оның табаны да шөгіп төмен түскен — құлап кетуі де ғажап емес. Қаша тыққыштасаң да мұндаң үйлерге ештеңе шақ келмес. Пайдаға жарамайды, мұндаң үйлер. Енді өзің түсініл ал. Кім кінәлі?.. түсіндің бе?..

— Түсіндім? — деп Сергей мырс етті. — Патша кінәлі.

Карт орнынаң үшып тұра келді.

— Немене сен, акымак, жайлай сейле. Потшагар, иедеген аңғарғышың өзін. Мен саған не туралы әңгімеледім. Шіріген үй туралы айттым. Демек, оның шіруіне кім кінелі. Иесінің өзі кінелі? Сен былай деп айтуда тиістісің: Ие-сі кі-нә-лі. Ал сен, тұп-тұра нысананы байлағандай жоғары өршисің. Сен білесің бе, мұндай сөз үшін не болатынын? Сібірге, айдауға жібереді...

Карт үйінде қонақта болған әрбір ретте Сергей жаңа-лық, үлгі алатын сөздер естіп жүрді. Бірде ол Акимычке оның ызага булығып, ашуланып жүрген кезінде жолықты

— Бұл алпауыттар қандай сұм,— деп күңкілдейді.— «Сендер қожаларыңдан жалакы көбейтуді, бутін үйде тұруды, күлкіндарыңды тойғызууды ғана талап етіндер, ал саясат сендердің — жұмысшылардың ақылынан келетін іс емес» дейді. Жок, өтірік айтады, калқам, саясат кімдікі болса, өкімет те соныкі. Бізге өзіміздін, жұмысшының өкіметі үшін күресу керек.


Карт көп уақытқа дейін күңкілдеп, ашуланумен болды.

Сергей шыдай алмай, сіз кімге үрсып, кімді сонша сөгіп жүрсіз, деп сұрады Акимычтан.

— Экономистерді. Жұмысшы табының ең бірінші опасыздарын — деп келте қайтарды карт, жауабын.

«Экономистер»дің пигылына рыйза болмаған карт жұмысшының айтқаны дұрыс еді. Сондай зиянды сөздермен саяси күрестен жұмысшылардың көнілін басқаға бөлгөн адамдарды социал-демократтар осылай деп атады.

---



### XXVII ТАРАУ

## ДВИГАТЕЛЬ ОҚЫЙФАСЫ

Сергей екі ай бойы Людмила Густавовнаның үйінде тұрды. Бірақ үйдегі көршілерімен онша араласып кете қоймады. Олардың жасы көп үлкен болатын және олардың тұрмысы Сергейге қарағанда әлде қайда тәуір еді. Студенттер ортадан жыйнаған ақшаларына жиі-жиі кеш өткізтін, Сергейдің оған беретін ақшасы болмайды, тегінен қонақ болуды Сергейдің жаңы сүймейтін. Студенттер көрші бөлмелерде шырқап ән салып жатқан кезде Сергей ас үйде оларға қосылып ыңылдан өлең айттып, чертеждеріне үңіліп қараумен отыратын. Студенттер әртүрлі — қайғылы, қуанышты және күлкілі өлеңдер айтатын. Сергейдің көршілері көбінесе Қазан студенттерінің өлеңін айтатын:

Казанның өзенімен мелдір бұлақ —  
Сагынған қос бауырдай құшақтасқан;  
Сол жерде студенттер сейіл құрад, —  
Інірден таңға дейін сарқылмастан.

Екеуін бір мақсатпен байланыстырыған мәселе қызғанша Сергей Владислав Спасскиймен де көп сөйлесе қойған жоқ-ты.

— Білемісін, Сергей, мен не ойлан таптым? — деді бір кездे Спасский. — Екеуміз бір электр двигателін жасап шыгаруды қолға алғын көрейікші.

Бұл ой Сергейдің жанына жағып кетті. Спасскиймен бірінші кездесіп, осы двигатель туралы сөзді естігенде, — мұндай нәрсөні жасап шыгарсақ қандай тамаша болар еді, деп ойлаған-ды.

— Бұл жұмысқа қажетті заттардың баршасының тізімін жасап көрейік, — деп үсыныс жасады да, Спасский, оның жауабын күтпей-ақ, өзінің лекция жазып жүрген клиенка мұқабалы қалың дәптерінен бір парапқ қағазды жүйеп алды.

Ас үйдегі столға отыра қалып жаза бастады.

Сергей оның қарсы алдында отырган бойы, көзін айырмай қарап отыр, ал, Спасский ойланып, біресе қарындашының үшін тістеп, біресе қарындашпен қасын қасып көп уақыт үціліп жазумен болды.

Әлден уақытта ол — болдым ғой деймін ақыры — деп Сергейге қолын созып қағазды үсынды.

Бұл қағазда жап-жатық әдемі жазумен былай деп жазылыпты:

1) Шойын корпус.

2) Статор, оған қоса катушка мен пластиналар.

3. Ротор: а) ротордың білігі, б) подшипниктер, в) якорлың пластиналары, г) коллектор табағы және д) коллектор щеткасы.

4) Монтаж сымдары және басқа түрлі болттар мен теріктер, гайкалар.

— Ал, ойласайық, нені қайдан табу қажет.

Екеуі ойласа бастады.

Ең алдымен шойын корпусты табу керек. Мұнсыз жұмысты бастауға болмайды. Мұнан кейін ротор, статор және статор пластиналары қажет.

— Сірә, бұлардың барлығын да сатып алуға болатын шығар, — деді Спасский. — Бірақ, ақшаны қалай еткенде де көбірек іздестіру керек...

— Ал, бұларды арзанырақ алуды қарастыруға болмас па? — деп сүрады Сергей. — Егер де, тек шойын корпусты ғана сатып алғып, басқаларын өзіміз жасауға болмай ма? Мысалы, базардан арзанға темір сынықтарын сатып алғып, содан өзіміз даярласақ деймін!

— Жарайды, солай етіп көрейік, — деді Спасский, — мен монтаж сымдары мен подшипниктерді тауып аламын.

— Мен де гайкі, болт және турлі тетіктерді училищеңдегі токарь етаопогінде жасайны. Бірақ, солардың иеден жасауды көздестіру керек.

Колдары босаған бірінші күні-ақ достар базар арапал, металл жәутіктерін сататын қатарға барды.

Олардың бірден-ақ жолы болды. Тат басқан темір жәутіктерінен шеті жарылған даяр шойын корпусты тапты. Содан кейін олар тағы да бір тамаша керегін тапты. Жайылған көп жөкенің үстінен достар қоладан жасаған торды көрді. Оның әрбір көздері мықты қола шыбықтарынаң өрілген. Сергей торды үқыпты қараң шыққаннан кейін жерден көтеріп алды.

— Сен аңғарып тұрсың ба достым, мынау шыбықтан өзімізге керекті щеткені де, пластиналы да колдан жасап алуымызға болады,— деді Сергей асығыса сыйырлап сөйлем Спасскийге.

Қынырайған карт сатушы оның товарын сатып алатын адамдар жаңа кездескенін бірден-ақ байқады. Оның сұраған бағасының көптігі соңша, Спасский тіпті ыршып түсіп, айқайлап жіберді.

— Неге десендер бұл тордың өзі тамаша жасалған ғой,— деп шал мақтап тұр,— мұның бағасы ете қымбат. Бұл маған тұра кінәздің үйінен келіп түсті.

Спасский аздал болса да арзандатуды өтінсе де, шал айтқанынан қайтпады.

Ауыр күрсінген достар ақырында жөкеден кетіп қалды.

Олар мүйістен айнала бергенде шал қайтадан шашырды.

— Әй, жігіттер бері келіңдер, бері келіңдер! Айтатын сөзім бар! — деп айқайлады, олардың соңынан.

Енді сауданың пісіп, дегеніне жететініне көзі жеткен достар қайта оралды.

— Жігіттер, сіздер маған ете үнап кеттіңдер, — деді сүм шал, — солай-ақ бола қойсын, жарты бағасына ала қойындар мына асыл затты.

Сергей мен Владислав қола тор мен шойын корпусты жермен сүйретіп ентігі: үйге жетті.

Осы күннен бастал-ақ Сергей училищеден үйге қайткан сайын оз қолымен қыныстырып жасаған, егер жылтыратқан двигательдің бір бөлшегін әкелумен болды.

Спасский детальдарды көргениен кейін Сергейді мақтайды:

— Жарайсың! Тек мына бір жерін аз да болса еген-зірген дұрыс болтар еді...

Сергей макулдан басын изейді, ал, ортегіне таңтертең оның жан қалтасы ауыр жүкке толы, бұлтыбып кете баратын.. Ол кешегі жасап әкелген деталін қайтадан училіштеде жонуга, егеп жөндеуге әкетеді.

Екі анта өткеннен кейін барлығы да даяр болды.

Двигатель детальдарын жыйыстыру ісіне кірісуге мүмкін болды.

Бастапқыда скі дос бұл істі қызу қолға алды. Ал бертін келе студент салқын тарта бастады. Бұл істен ол же-рінейін деді ме, әлде Сергеидің жалғыз өзінің-ақ мұны жәуекемдей алатынын сезді ме, әйтеуір Владислав селқос болды. Ол тіпті жиі кетіп қала беретін болды. Темекі тартуға оттық іздеп өз бөлмесіне кеткен күйінде бір сағатқа кешігіп келеді. Әйтпесе коридорда біреумен сөйле-сіп тұрып двигатель жайын мұлдем ұмытып кетеді.

Ақырында Спасский Сергейге турасын айтты:

— Достым, барлығын өзің істе! Сенің мүндай іске қабілетің барлығы байқалып тұр. Ал, мен болсам техни-каға құшті смеспін. Теория болса оның жолы тіпті бас-каша болар еді.

Бір апта өткеннен кейін двигатель жыйыстырылып та болды.

Оны ақырындалап Владиславтың бөлмесіне әкеліп енгіз-ді де, бұрышқа қойып, газетпен жауып қойды.

Әрбір ретте, студенттерге жолдастары келген сайын, мейлі ол медик болсын, мейлі юрист, немесе тарихшы болсын — бәріне де Сергей двигательді ашып көрсетіп, оның құрылышы туралы жете әңгімелесетін. Қешікпей-ақ оны көрсететін де ешкім болмай қалды, ол туралы жұрт ұмытып та кетті.

Бірақ, екі аптадан кейін двигательді қайтадаи еске түсіруге тұра келді. Спасскийдің шалбары тозып жыртылып қалды, тіпті оның барып лекция тыңдауына да мүм-кіндік болмай қалды. Ол үйі жіберген ақшаның келуіне әрең шыдады. Ақша келісімен жаца киім сатып алуға базарға тартты.

Алайда, оған шалбар сатып алудың ынғайы келмеді.

Бұған кеселін тигізген, күтпеген жерден кездескен жағдай болды.

Бір үзын бойлы, көзіне көзілдірік киген арық адам ғашкене ағаш жөнікті киімшің ішінә жасыра тырып ба-

зар аралап жүрді. Спасский мұның не екениң білгісі келді де, жоціктің не қасиеті барлығын сұрады.

— Телеграф, сатамын — деді жаңағы адам жамылған үзын, кара пальтосының етегін көтере түсіп.

Телеграфтың бағасы да, шалбардың бағасы да, Спасскийдің жанындағы барлық ақшасының да болғаны алтысом еді.

Спасский телеграфты сыйпалап көріп, алақтап жан-жанаумен әлгі кім жамылған адамның қасында айналышқтап біраз түрді да, қолын бір-ақ сілтеп токтамға келді.

«Мейлі, қайдан шықса, онан шықсын! Шалбарды бірдене етіп жамауға болар, ал телеграфты дәл осындай бағаға күнде ешкім сата бермес» деді.

Колтығына жәшігін қысқан бойы, ыскыра жүріп, Спасский үйіне келді. Үйде оны жолдастары — Ленька Стародуб пен үйпалақ бас химик Хрящіцкий қарсы алды.

— Сатып алдың ба? — деп айқайлады Ленька.

— Ие, сатып алдым! — деп Спасский пальтосының колтығы астынан ағаш жәшікі суырып алды.

— Немене, сен үйден посылка алғансың ба? — деп орнынан ушып тұра келді, тамақты тәуір көретін Ленька.

— Аш бөрінің ойында бір-ақ нәрсе болады, деген-ау. Мен телеграф сатып алдым, — мінє керек болса! — деді ашулы тұрде Владислав.

Химик пен Ленька Владиславтың алған затын мұқыят қарап шығып, мақұлладады.

Ал, бір сағаттан кейін Людмила Густавовнаның үйінде тұратын қалған төрт студент келді. Олар да сатып алған нәрсені қарап шықты. Олар телеграф жанында отырған Спасскийді қамалап алған. Барлық студенттер де осы кеште бүкіл өмір бойы алмаған телеграммалар алды.

Телеграммаларды Морзе әліппесін білетін Ленька Стародуб оқыды. Бірінші телеграмма да оның өзіне жолданған болатын:

«Сіз сондай сымбаттысыз, арап пәльмасы сыйқтысыз. Жүріс-тұрысыңыз сондай жеңіл, шапшаң антилопа сыйқтысыз».

Айлар бойы пәтер акы төлемеген химик Генри Хрящіцкий мынадай телеграмма алды:

«Тұрған ғұлменеңіз үшін төрт айға акы төлеуіңізді сұ-

раймын, жоғалткан аяқкім щеткасын қайтарунызды етінен. Сүйіктің — Сундстрем» дейінгеги бұған.

Бұл кеште студенттер телеграф жаңынаң кетпеді. Спасскийдің бөлмесінің едені қағаз лентасының қыйықтарына толып кетті. Сундстрем арудың мысықтары ол қағаз қыйындыларын барлық коридорға сүйретіп тасумен болды.

Ақырында Сундстрем арудың өзі Владислав жатқан бөлмеге кіріп келіп:

— Сіздер не істеп жүрсіздер? Үйдің барлығын бір қағаздар қаптап кетті... Сіздер немене басып шығарып жатырсыздар! — деді.

Ол еденнен қағаз ленталарының кесінділерін жыйыстырып, көзіне таяп қарап жүр.

Бірақ та Сундстрем ару олардағы нүкте мен тиреден басқа ештеңені көріп тұрған жоқ. Сұрланған Сундстрем ару жүргегін үстайды. Масқара:

— Владислав мынау күпия әріптер ғой?

— Бұл Морзе әліппесі ғой, — дейді Спасский.

Не болып жатқанына мұлде түсінбеген Сундстрем ару үрейленіп есікті қайыра соғып бөлмеден кетуге бетtedі.

— Апымай, қорықлаңыз Людмила Густавовна! — деп Владислав оған айқайлайды. — Бұл кәдімгі телеграф қой!

— Пәтердегі телеграф, а?! Ал сіздер кімге телеграмма беріп жатырсыздар? Мұнда тұрған ешқандай жамандыққа жорыйтын нәрсе жоқ екенине сене алам ба? Сіздердің істеген істеріңізге менің жауапты екенімді сіздер білесіздер ме?

Тұбінде керек болар дегендей, бөлмеде шашылып жатқап телеграмма ленталарының бір тобын уыстап алды да, бөлмеден шығып кетті.

Училищеден кеш қайтқан Сергей тарсылдаған дыбысты естіді де, Спасскийдің бөлмесіне кірді. Ол үйренбеген жұмысынан шаршап, тәмен қараған бойында аппарат алдында отырған-ды.

Катушкадағы қағаз лентасы таусылуға айналған. Спасский Сергеіге ең ақырғы телеграмманы үсінди:

«Бас инженер-механик Костриков нүкте 2000 электр двигателіне тығыз заказ алудыңызды сұраймыз нүкте ақшаны сіздің ағымдағы счетыңызға аударамыз нүкте Құрама Штаттар Президенті».

— Ал сен ертең лекцияға не киіп баратыныңды ойла-

дай ба? — деді студенттердің бірі, көріліп-созылып орынап тұрган Спасскийге қарап.

— Осы да сөз болып на?, — деп ештеңей сйламаган Владислав қолын сермеді.

Бірак ол шалбарын шешіп қолына алып көргеннен кейін оның беті тыжырайып кетті. Шалбардың тозығы жеткені соңша, ол тіпті жамау-жасқауга да келестін смес.

— Ўйіңе хат жаз, саған тагы ақша жіберсін, — деп кеңес берді Ленъка.

Одеалға оранған бойы Спасский терсін ойра қалып кереует үстінде мелшип отырып қалды. Оның алдындағы стол үстінде телеграф тұр.

— Жок. Енді жібермейді, — деді Спасский, опынған тұрмен басын шайқап.

Владиславтың әкесі доктор Спасский үнемді, ұқыпты, шыдамды, аңғырттықты, жеңіл мінезділікті жаратпайтын адам болатын.

— Апырай мені қандай сайтан тұрткілеп осы онбаған аппаратты алғызыды екен, — деп Спасский өзіне-өзі үрсып отыр. — Енді телеграф лентасына оранып университетке лекцияға бармасам, не істермін.

Химик Хрящницкий студенттерге ақша жыйнап Владиславқа шалбар алып беруді үсынды. Студенттер өз қалталарындағы байлықтарын түгендей бастады. Алты адамның жаңынан 3 сом 27 тыйын ғана шықты. Сергей санауға кіріспеді, өйткені оның жаңында көк тыйын-куріш жоқ еді. Оның оқуына, жататын пүшпагы мен тамагына Уржумдағы қамкоршылары ақша төлеген болатын.

— Білесін бе — двигательді сат та, өзіңе штан алыш ки, — деді манағыдан үндемей отырган Сергей.

— Сиан да телеграфты саткан жақсы емес пе, — деп күрсінді Спасский.

— Телеграфты сатудың қажеті жок. Ол жаңа гой. Біз оны әлі жақсылап көргеніміз жок, — деді студенттер.

Спасский тағы да бес минуттей ойланды. Ол Сергейге двигательді сатуға қақы жоқ екенин, оны жасауға Сергейдің өзінен көп еңбек сіциргенін долелдеумен болды.

Бірак, ақыр аяғында Спасский көнді.

Екі күн отксинен кейін двигательді алты сомға сатты, ал келесі күні — бұл жексембі күні болатын — Владислав базарға баруға жыйналды.

— Ал, салді сенімен бірге мен есім барымын, әйтпесе

жеси не үміт, не кайыр, тағы да шалбар алудың орнына ай қарайтын тұтік алып қайтарсың, — деді Сергей.

Кешке студенттер Спасскийдің бөлмесіне жыйналып шай ішті, оны жаңа алған киіммен құттықтады. Қөп уақытқа дейін отырды.

Түннің әлде бір уақытында Владислав самауырға су толтыруға ас үйге шықты. Ол Сергейдің таңданарлық іспен шұғылданып жатқанын көрді: үзын жіңішке жіпті ішінде туны бар шөлмекке жайлап жіберіп отыр.

— Сен не істеп отырсың?

— Бұл қандай сұрак? — деп күлді Сергей өз әжесі Маланьяны еске түсіріп.

Ол шөлмектен дымқыл қара жіпті сурып алып, оны кептіруге пешке жайып қойды.

Келесі күні таңтерең Сергей мен Спасский үйден жа-затайым бірге шықты. Олар Грузин көшесіне келе бергенде Владислав университетке қарай бұрылды. Дәл сол айырылысқан жерде Владислав Сергейдің сол аяғындағы етік қара жіппен айқыш-үйқыш таңылғанын көрді. Жіп енді жұлдынып түсуге қалған үлтанды үстап тұр.

— Бұл пемене? — деп таңданған Владислав кешегі боялып, кептіріліп жаткан қара жіпті таный қойды да, бастаған сөзін аяқтамай тоқтап қалды.

Бір апта өткеннен кейін Спасский күтпеген жерден әкесінен қосымша үш сом ақша алды. Бұл ақша оның айтуыша «сметадан тыс» болғандықтан Спасский мұны тұрмыс қажетіне жұмсауға үйғарды.

Екі сомға шай, колбаса, қыяр, булка, тәтті тогаш және сыртқы қағазына славян әрпімен «шіркеудікі» деген жазу жазған бір шөлмек қышқылт қызыл шарап сатып алды. Ал қалған ақшасына театрға екі билет алды.

— Күрметті инженер-механик бұған сіз қалай қарай-сыз? — деді қолындағы скі жапырақ қызғылт қағазын желлідетіп. — Сізді өртең театрға шақырамын. Онда «Фауст» болмақсы. Қарсылық стпейсіз бе?

Әрине бұған Сергей қарсылық білдірген жок. Ол өмірінде әлі күнге дейін театрда болып көрмеген.

Келесі күні кешке дестар театрға баруға жыйналды.

Өнеркөсіп училищесінің оқушыларына театрға бәзу үшін оларға арнаулы рұқсат алу керек. Мұндай рұқсатты Сергей аламын деп ойлаған жок, сондыктан рұқсат сұрамай-ақ «жай киініп» жасырынып баруға бел ғайлады.

Ол өзі көйлегін өткөтеді, етігін тазалады, тізесіндегі жыртыны жамағанда аксыйын түргиң жінгі қара бояумен бояды. Спасский өзінің студенттік формалы кімін кініп иессу жағынды.

Олар Қазан опера театрына келді, киім ілгішке киімдерін тапсырды, кілем тәсеп тастаған кең басқышпен жоғары көтерілді.

Тыста қар жауып, сұық жел соғып түр, ал мұның іші қылы-ак, айналары жарқырап, иессу ісі аңқып түр.

Швейцар, кіретін есікті шалқасынан ашып, қар басқан адамдарды ішке лек-легімен жібере бастағанда тыстан сұық желдің лебі келді.

Достар фоэда адамдарға соктығысып қалды. Мұнда маң-ман ғасқан, мейрамдагыша үзын көйлегін сүйреткен әйслдер, жырық бешпет, немесе әскери киім киінген еркектер де жүр. Эр жерден студенттердің күрткісі де көрінеді.

Аяғын аңдалап басып, маңыздана екі қолын артына үстеган татар байлары да бар. Шұғадан тіккен үзын шапа-нын сүйретіп, аяғына сары етік, басына мақпалдан зерлеп тіккен тақиясымен татар саудағерлері де жүр.

Ойын басталар алдындағы қоңырау соғылғаннан кейін Сергей жаңағы әсем киінген топ соңынан еріп партерге кіруге ыңғайланды.

— Кайда барасың сен? Біз, достым, жоғары баруға тиіспіз! — деп Спасский оның иығынан тартты.

«Жоғарысы» — галерка (театрдағы ең арзан орын) болып шықты. Бірнеше қатар түрган ағаш скамейкалар оқушы жастарға толы.

Сергей мен Спасскийдің орындары шетте екен. Олардың үстінде театрдың алабажалақ төбесі. Оған қою бояулармен салынған сыйбызы, сырнай тартып ойнап жүрген періштeler сүреті.

Есігіне дейін адамға сықала толған галерка іші әрі қапырық, әрі ыстық, әрі аяқ алып жүрісіз тар еді. Жастар бұл жерде үйінде отырғандай жайласқан. Студенттер мен курс қыздары біріне бірі айқайласып, дүрбілері мен ойын программаларын сұрасып шуылдан отырысты.

Сергей барьерден асыла тәмен қарай бастады. Оркестр отырған жерден даусын келтіріп жатқан әртүрлі музика аспаптарының бет-бетімен шыққан дауыста-ры естіледі.

Қоңыр мақпалмен қанталған жұмсақ ложаларда, көл-

лары мен иңкітари борықтай болып, веермен беттерін жемілігеп әйелдер отыр. Олардың желктінде қатырма жағамен сірескен қара бешшетті еркектер тұр.

Оркестр увертиураны ойнаған кезде нерде екі жаққа ысырылып, сақна ашыла бастады.

Сергейге барлығы жақсы естілді, бірақ, сақнада не болып жатқанын ол тек артистер сақнаның как ортасына шыққандаған көрді. Ал, сақнаның оң жақ қанатында қарап жылжығанда Сергей үшін олар еден жарығына кіріп кеткендегі көрінбей қалады. Маргаританың ролін ойнаған жүрген артистка әдеби Сергейді ызалаңдырысы келгендей ылғый оң жақта тұрды да алды. Сергей даусын естіп отыр, бірақ, қаншама жантайып қараса да оның үзын атлас ақ койлегінің тек жерге сүйретілген етегін ғана көреді.

Бірақ, мұның бәрі де Сергейге жай нәрсе болып көрінді. Ал, оған ән, музика және театр тамаша үнады. Ол көзін тас жұмып, екі қолымен басын сүйеп отыра берді.

Оған үнаган көбінесе «Темір үшін адам құрбан» деген Мефистофельдің ариясы болды.

Үйге қайтып келе жатқанда Сергей мен Спасский барлық даусымен Мефистофельдің ариясын айтумен болды. Олар тек қалада тәртіп сактаушы тұратын көшениң бұрышына келгенде гана ән шырқауын тоқтатты.

Бірнеше күн өткеннен кейін Акимыштың үйіне барған Сергей оған театр туралы әнгімеледі.


— Билеті қымбат болар, ә? — деді карт.

— Қырық тыйын, мен оны өзім төлегенім жоқ. Мені жолдастарым апарды.

— Кесір, қара мұның байлығын! Ал, қырық тыйынға қандай орынға отырдыңдар?

— Жоғарыда орын бар екен.

— Демек, райкада отырғансындар ғой? — деп Акимыш күлді. — Несі бар, райка — бұл күрметті орын. Менің Григорийім студенттермен бірге үнемі райкада отыратын. Ал, мырзалар көбінесе ложаларда отырады. Олардың барлық жерде де — шіркеуде де, театрларда да орындары бар. Керек десе моншада да олардың өз орындары — «дворяндар» орны бар. Ал, біздер қайда болса да «жәй» орынға отырамыз.



#### XXVIII ТАРАУ

### «ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАМҚОРЛАР» БЕЗДІ

Сергей Қазанға оқуға келе жатқанда «бір класта екі жыл отырып қалмасам болар еді» деген маза бермеген-ді.

Польнер оған—егер де екінші жылға бір класта отырып қалсаң Уржумға қайтасын деген. Саудагер—«қайырымдылар» артық жылға төлеуге тіпті ризалық бермейді.

Қазанда, сабакқа барған бірінші күні Сергей сабак кестесін оқып тұрып ойға шомды. 12 пән екен, ойыншық емес көй бұл. Бұлардың ішінде ол өмірі естіп-білмеген пәндер бар. Мысалы: механикалық өндіріс, машиналар күрүлісі, механика, счетоводтықты үйрену, черчение...

Қоз корқақ, қол батыр деген емес пе, оку басталғанда Сергейдің бұл өзін үрейлендірген пәндерді де үлгіре алатындығына көзі жете бастады.

Үзамай-ақ сабакта мұғалімдер оны мактай бастады.

— Кадамың жамаш емес жақті,— деді олар,— тек алдағы уақытта да ынтанызды салыныз.

Сонымен өнеркәсіп училищесіндегі алғашкы оқығанайлар осылай өтіп жатты.

Барлық училище үшін қорқынышты күн—бірінші тоқ-

сан қортындысына қойылған бағаны жариялайтын күн жақындаған келеді. Сергей сабакты жақсы оқып келе жатқанын сезіп жүр, сондықтан да ол онша саскалақтаған жоқ. Сондай-ақ оның оқу жағдайы өзі ойлаганин да жақсы болып шықты.

Бақылаушы оның фамилиясын алғашкы бес оқушымен бірге атады.

Сергей үйге келісімен Уржумдағы Польнерге хат жазуға отырды. Оқуға шығарылған ақшаның бос кетпегенін хабарлау керек болды.

Бірақ, ол хатына жауап ала алмады.

Польнерден Костриковтың кластагы оқушылардың бәрінен де сабакты жақсы ұлгіретінін естігеннен кейін қамқор саудагерлер оның оқуына, басқа шығындарына әнді қаражат жібермеу тоқтамына келді.

— Ондай қабілетті жігіттің өзі де өлмейді! Бізсіз-ақ ол өзіне жол табар, — деп үйғарды қайырымдылар.

Екінші тоқсан қортындысын хабарлаудан екі күн бұрын бақылаушы Макаровтың өзі келіп, алгебра сабағында отырған Костриковқа инспектор Широков өз кабинетіне шақырып жатқанын хабарлады.

— Әрине, Широковтың өзінің шақырғаны істің салмақты болғаны ғой!

Инспектор Широков оқушыларды шақырғанда көбінесе олардың ереже бұзғанын корқытып мойыннату немесе карцерге отырғызу үшін шақыратын. Инспекторға барғанда Сергей онша үрэйленбеді. Бірақ, неге екеніне түсіне алмай таң қалды.

Сірә оны бір сәтсіздік күтіп түрған шығар?

Солай болып та шықты.

— Костриков Сергей сенсін бе? — деп ашуулана сұрады Широков, Сергей ауыр емен мебельдерге толы кабинетінің табалдырығынан аттап ұлгірмей-ақ.

— Ие, Костриков Сергей менмін.

— Олай болса жігітім, оқу ақынзызы осы айдың жыйырмасынан қалдырмай төлеуге тырыссаныз деймін!

Жайлап қана Сергей нығын қозғады да:

— Мен үшін Уржумдағы жетімдер үйінің қамқорлары төлеуші еді ғой.

— Сіздің қамқоршыларыныздың төлемеуінен болып отыр ғой әңгіме.

Оларға хат жазыныз, білікіз, неліктен олар ақша жіберуді тоқтатты екен. Төлемеген күнде сізге шығып қалу

хаупы төніп тұр. Қете беруіңізге болады!.. — Инспектор ақырын басын изеді де, бір қағаздарды окуға кірісті.

Сергей кабинеттен шығып кетті.

— Мә, саған оку!...

Оған бұл хабар көңілді болмады, жәйсіз тиді. Арский даласы мен Нижне-Федоров көшесі арасында келе жатып оның ойламағаны болмады.

Мүмкін, Польнер ауырып қалған болар? Әлде панаханың екі қамқоршысы жүрек аурудан бір сәтте өліп кетті ме екен, өткен жылғы жуан полковник Ромашконың өлгені сыйқты?

Мүмкін, Уржумнан Қазанға оның ақшасын әкеле жатқан почтаны жолда қарақышылар торап, ат айдаушы мей почтальон бишараларды өлтіріп кеткен болар?

Бір кездерде әжесі өзінің жан досы күзетші қыйсық шал Владимир Ивановичке Глазовский оязында сондай жағдай болғанын әңгімелеп отырғанда өз құлағымен естігсін-ді, Сергей.

Ал, мүмкін Широков әншійін қаталасқан болар. Ертеш ол Сергейді қайтадан кабинетіне шақырып алып:

— Окый берунізге болады, Костриков. Сізді училищеден шығару қаупы жоқ!.. деуі гажап емес.

Ал, үйде Сергейді басқа бір пәле күтіп тұрган-ды.

Кешке ас үйде чертеж сабағымен шұғылданып отырған Сергейге Людмила Густавовна келді. Әрдайымдағы дай оның үстінде бомазей көк халаты бар еді. Оның шыйратып шашын ораған қағаздары безсу басқан маңдашына түсіп, мүйіздей шошайып тұр.

— Үйқтайдын уакыт жетті! — деді ол күнкілдеп. — Неменеге керосиніді жағасын.

— Маган әлі сабак әзірлеу керек.

— Ах, менің онда қандай шаруам бар! Қазір керосин бір тыйынға тағы қымбаттап кетті.

Людмила Густавовна шамды сөндірді де, есікті тарсұрып шығып кетті.

Сергей бір минуттай қаранғыда отырғаннан кейін столға төрт бұрышынан бірдей қадаған, ертең мұғалімге беруге тиісті чертежын сипалап отырып оттық тауып алды да, шамды қайтадан жақты. Бірақ, ол циркулін қолына алып үлгермей-ақ коридордағы ас үй есігі қайтадан ашылды. Босағадан Людмила Густавовна тағы да көрінді. Ол тіпті есік жанынан бір қадам кетпеген де тәрізді.

— Мен кімге айттым, — шамды сөндір деп!

Ол қатты екпінімен жүгіріп барып барлық күшімен шамды үрлеп қалғанда моржадан жалын бір-ақ көрінді де, шам жалп етіп сөніп қалды.

— Ешқандай адам тұрғандарды тегін үстауға міндетті смес! Әрбір жылы үйдің мүйісі ақшага түседі. Отынсу, жарық, коридорлық едені мен ас үйді жуу, — деп сапап әкетті Людмила Густавовна қараңғыда жылаған даусымен.— Сенің камқорларың төлеуден бас тартты.— Ол, кеңеттен қалтырап ызаланды: — Мен енді сені тұрғыза алмаймын!.. Өзіңе басқа пәтер тауып ал!..

Сонымен бұл кеште чертежды аяқтауға болмады. Түні бойы Сергей өзінің сандығының үстінде дөңбеки шумен болды, таңға дейін бір минут та көз ілінте алмады. Ол киініп үйден шыққанда сағат алты да болмаған кез еді. Ол тапсырған чертежды класта аяқтауға үйғарды.

Арское даласына дейін ол жолдың адыр-бұдырына карамастан тұра жүгірумен барды. Қақ алдынан сұық жел соғып тұр. Сергейге анда-санда біреу қарсы кездеседі. Олардың барлығы да бір нәрсеге асығуда, барлығының да бет ажары солынқы, көнілсіз.

Сабак басталғанша тек қана чертежымды бітірсем-ау, — деп Сергей өзін өзі асықтырып, апан-құдықтардан қарып келеді. Ол керек дәсе нағыз қоркынышты нәрсе туралы да ештеңе ойламапты: мүмкін, шынында оны училищеден куып жіберсе, Людмила Густавовна үйіне кондырмаса қайтеді? Дәл осы кезде ол өз класында оқыйтын бір окушының кедей окушыларға жәрдем көрсегу жөніндегі Казанда кедей окушыларға жәрдемдесу коғамынан стипендия алып тұратынын есіне түсірді. Бірак, кім біледі — мүмкін бұл коғам тек қазандыктарға, Казанда туып-өсken және қазір осында тұратын окушылардың кедейіне беретін шығар.

Ал, олай болса Уржумиан шыққан бала не істеу керек?

Ол өстіл жүріп училищеге жетті. Қошे жактагы есік әлі жабық еді. Енді тек көшілік білмейтін басқа есіктен кіру керек болды. Сергей шарбаққа жүгіріп кірген бойда басқыш алдында тұрған күзетші картты көрді.

Бір маңызды нәрсені ойлап қажығандай карт өзінің көгеріп, базданып кеткен бешпетін тазалап тұрды.

Шамасы ол жаңа ғана орнынан тұрғанға үқсайды, өйткені ағарған сирек шашы тарағамалты. Өзінше маңыз-

ды іспен мазаланып тұрған шалдың қасынан шапшаш етті де, өз класына бет бүрді.

Канрап тұрған, даладай сұық коридордағы онын тар-паңдай басқан етігінің даусы әлемге естілгендей. Коридордың ең басында бір пеште жылтылдаپ от жанып жатыр. Әбден қураған ағаш отқа жанғанда тасырлаш атылып коридорды жаңғырықтырады, ал пештің алдындағы еденге түскен қызыл көлеңке дір-дір етеді.

Класта Сергей жарық болсын деп терезе алдына орналасты, бірақ партада отырып чертеж салу ыңғайсыз болды. Чертеж тақтасы сырғый берді. Сонымен қатар, терезеден түскен елең-алаң жарық та чертеж жасауға көмегін онша тигізе коймады.

Тек кана үлгісем, үлгісем екен-ау!.. Алайда жұмыс онға баспады. Бірсесе қолдағы қарындаш үшы сына-ды, циркуль түсіп кетеді. Мүмкін уш-төрт күннен кейін окууды мүлде тастауға тұра келер, деп отырганда қызмет істей қыйын екен.

Ол чертежын аяқтаған кезде коридордағы сағат та-дыңыллады. Жеті жарым. Ұзақ түнге көз ілмей шыққан Сергейдің үйқысы келді. Ол партага отырып алдына қарап созған қос қолына басын сүйеді де қалғып кетті.

Училищеге бірінші келген Асеев оның осылай жатқа-нының үстінен тусты.

— Сен немене, осында қонып шығудан саумысың? — деп сұрады ол Сергейден.

Ол басын көтеріп алды, Асеев оған қарап, бетінің сарғайып, солғын тартқанын, көзінің үйқы басып қыза-рып кеткенін байқады.

— Ие, саған не болған? Бір пәлеге үшырадың ба, эл-де? — деп Асеев келіп оның партасына отырды.

Сергей керіліп, есіней отырып оған өз оқыйғаларын айтып берді.

Асеев тек иығын қыймалдатты да:

— Үй иесі әйел бас тартқан екен — онда тұрған не-бар! Оның көзіне түкір де, Рыбнарядскийдегі бізге кел. Біз Яковлев екеуміз бірдене етіп сыйыстырармыз. Ал, Широков жайында да үшеуміз ақылдастып бірнэрсе ой-лап табармыз — деді.

Сергей бірден-ак сергіп кетті. Бірінші переменде ба-қылаушы Макаровтан жаңа пәтерге көшу жөніндеге рүк-сат сұрауға кетті.

Бірақ, бұл жай ғана іс емес еді.

— Үш күннен кейін жауабын аласын — деді бақылаушы. — Еңалдымен сен жаңадан көшетін үйдің иесі сенімді адам екені туралы анықтама аламыз. Біз өз училищеміздегі оқушының қандай жағдайда тұратынын білуге тиістіміз.

Сонымен қатар Макаров Сергеіге өзінің жаңа адресі туралы кеңсеге хабарлауға бұйырды.

Адрес мындаған болатын: Рыбноряд көшесі, Суворовтың үйі, Мангубидің пәтері.

Людмила Густавовнаға жиі кездескісі келмеген Сергей училищеге үш күн үдайы елең-алаңда келіп, сабак әзірлеп жүрді. Ал, ақырында, төртінші күні ол жаңа пәтерге көшуге рұқсат алды.

Ол Владислав Спасский және басқа тұрғын-студенттермен қоштасқаннан кейін, корзинкасын қолына алып шығып кетті.

Қоштасқан кезде: қараңғы бұрыштан Сергейді емес, өзін қуып жібергендей Людмила Густавовна қатты ренжіп қалды.

Жаңа орынға көшу, орналасу Сергейге рұқсат алудан әлде қайда онай болды.

Асеев пен Яковлевтің шинельдері мен күрткелері ілінген екі шегениң қатарына өз кімін ілу үшін үшінші шегені қақты Сергей.

Екі қорзина тұрған бұрышқа үшінші — өзінің корзинасын апарып қойды.

Барлығы да дайын болды. Сергейге тек үйқтауға кеңеует қана жоқ-ты. Асеев өзінің және Яковлевтың темір койкаларын түйістіріп қойып ортасына Сергейге төсек салып беруді үсінди.

Егер де бұл койкалар енділеу болып, қырлары бұдан жалпағырақ болса, ортаға жатуға тіпті-ақ болар еді. Мұнымен қоса бір кереуettің аяғы жоқ болатын, бұған ағаштан тіреу қойылған.

— Менің еденге жатқаным жақсы болар. Жерден құлай қоймаспын, — деді Сергей.

Солай деп үйғарысты. Терезе мен стол аралығынан жерге төсек салынды, бұған Сергей бүкіл тұрқымен созыла рахаттанып жатты. Людмила Густавовна Сундстремнің үйінде тұрғанда мұндай рахатты ол көрмеп еді, сандықтың үстінде төрт бүктеліп жататын.



#### XXIX ТАРАУ

### ҰШЕУІНІЦ ТҮРМЫСЫ

Жаша орында Сергей бұрынғысынша аш болғапмен, әйтеуір тұруына кең болды. Түн ортасына дейін сабак оқуға мүмкіншілік болды. Сергей, Асеев, Яковлев үшеуі жаткан болмеге бұрынғыдай үй иесі әйел келіп мазаны ала бермеді. Отken кепіті пәлсембай тыйының керосинін жактындар, деп санап отырмады ол.

Керосиніді олар өздері кезекпен барып, көше бұрынғылалы темір ыдыстар сататын үсак-түйек дүкенінен алғып жүрді.

Еденде Сергей көп жатпады. Торт тақтай мен төрт бөлек ағаштаи Сергей өзінің бүктетілмей жатуына лайық күшетка жасап алды. Бұл болмедегі барлық жиһаздан ғөрі Сергейге ұнаган черчение үшін жасалған стол болды. Бұл столда үшеуі де шұғылданды, үшеуіне де жететін бұл стол.

Шынын айтқанда бұл үлкен столдың мүнда қалай келтірілгені белгісіз, мұның өзі шынында черчениеге ар-

налмаған стол сыйқты. Бұл тігіншінің столы, өйткені оның етегінің қарыған іздері қалған. Кешке таман достар өздері жасаған қалпақты шамды жаққанин кейін үшесуі бірден чертеж тақтасын алып ыңылдалап өлең айтып, немесе ысқыра отырып чертеж салуға кірісетін. Олар чертеждерді зор ынта, табандылықпен отырып салатын. Черчение оқытушысы Жаков скушыларға өте қатал еді. Ол скушылардан чертежге басқа бір дақ түспеуін, кірлемеуін талап ететін.

Асеев салақ болды. Жылтырақ ватман қағазында көбінесе оның сүрстілген саусақтарының ізі қалып қоятын. Соңдықтан да оның жаңқалтасында кір-кір резенікі өшіргіштер өте көп болатын, бірақ олар да оның чертежді таза істеуіне көмегін тигізе алмайды, тек онан жаман қагаз бетін былғай түседі. Ол студенттер қолданатын ең ақырғы айда — наиниң жұмсағымен өшіруді колданатын. Сол үшін оның жолдастары нан алғанда жарты қадақ ақ наанды соған арнап алатын.

Олар дүкеннен наи алғанда қатты жері емес, нағыз шикілеу піскен былқылдақ ортасынан өлшеуді өтінетін. Катырлаған, күйіп піскен жерлерін келгешіле кеміреді де, достар ортасындағы жұмсағын үшке тең бөліп өшіргіш үшін алып қалып, көздің қараышында сақтайды. Ал, Асеевтің ақ наны басқалардікінен бұрын түгесілеці. Оның наиниң жартысы қағазға түскен дақтарды тазалауға, жартысы сындырып-кеміріп жеумен біtedі. Оның наны таусылып, тек үсағы қалғанда Сергейден қарызға жұмсақ наң сұрайтын.

— Тағы да жеп койдың ба? — деп таңданатын Сергей.

— Жеп койдым, — деп мойындайтын Асеев. — Бүгін наң өте жұмсақ, өте тәтті екен бар болғыр, қызығып кеттім!

Достар үшін ақ наң тәтті тағам болатын.

— Ең ақырғы рет бергенім — деп Сергей өз сыбагасынан сындырып алып, Асеевке үсынып жатып қатты ес-кертетін.

— Тағы берші? — деп Асеев жарты сагаттан кейін тағы сұрайды. — Саған шикі наиниң керегі не? Онсыз-ақ сенің чертежың тамаша болып шыққалы жатыр.

Достар бірігіп отырып чертеж салады, геометрикалық есептерді шығарады. Ал, таңертең олар ертемен Арский

даласына, училищеге қарай жол тартады. Эңгімелескенде жол қысқаратын сыйкты.

Сергей бұрынғысынан әлде қайда көнілді тұрды. Оны тынышсыздандырган жалғыз-ақ нәрсе: окуға ақы төлеу керек, бірақ ақша жоқ.

Қазанның өнеркәсіп училищесінің педагогикалық Советіне өтініш берген Сергей күннен-күнге жауабын күтумен болды.

Өтініш көп сөзді емес-ті:

Мұндай өтініштер Педагогикалық Советке әрбір окужылының бірінші жартысы біткеннен кейін жпі түсіп тұратын. Барлық өтініш мынадай бір үлгіде жазылатын:

«Қазанның өнеркәсіп училищесінің Педагогикалық Советіне.

Төменгі механика училищесінің оқушысы  
Костриков Сергеиден

### Ө Т І Н І Ш

Қазанның өнеркәсіп училищесіне окуға төлейтін ақшам жоқ болғандықтан осы училищенің Педагогикалық Советінен мені жоғарыда төлейтін ақшадан құтқаруды көп-көп өтініп сұраймын».

Екінші өтінішті Сергей кедей оқушыларға көмектесу қоғамына берді. Бұл өтініш те бір үлгімен жазылды. Сергей бұл өтінішінде — «бір жылға болсын, немесе ай сайын болсын ақшалай жәрдем беруді» сұрады.

«б» әрпі «кедей-сорлы» деген сөздің мағнасын беретін.

— Мұны да оқушыға көмек дейді-ау, ә! — деді ашуланған Яковлев. — Бір айға бес сом беріпті, осымен мәз еттім дейді фой. Бұл сенің тамағыңда да зорға жетеді, ал етігінді немен жаматасың?

Бірак, Сергей ақша алуға келгенде ашуланшақ қызыл көзді секретарь оған екі айға ғана ақша алатынын хабарлады.

— Солай, деп мәжлісте қабылдады. Екі айға бес сомнан. Протоколды оқыңыз.

Солай деді де секретарь қағазды сұқ қолымен шұсқады. Бұл қағаздағы «кіріптарлар» тізімінен Сергей астын жуан сзықпен сызған өз фамилиясын көрді.

Сергей протоколды оқыды, бес сомды алды да, үнде-  
мesten «қогам» кеңесінен шығып кетті.

Ол бір нәрсені ғана ойлады: қалай еткенде быйылғы  
оку жылын аяқтасам екен. Ал, келесі жылы ешқандай  
қамқоршысыз, «қогамсыз»-ақ күн көргө уақытта  
еді. Бір заводтарға практикаға, немесе жөндеу мастер-  
скойларына барап еді. Быйылғы жазда келесі қысқа ка-  
ражат тапқан жаксы-ақ болар еді. Бірінші кластағы оку-  
шыны ала ма екен? Егер де алған болса ол қуана-қуана  
барған болар еді. Бәрібір, жазға онын баратын жері жоқ  
және баруға ақшасы да жоқ. Әжесі Маланъяға бару  
қыйын, өйткені оның өзі шақ өмір сүреді. Жетімдер үйіне  
баруға болмайды: Польнер оның хатына жауап бермей  
жатыр.

Мүмкін қазір оны жетімдер үйінікі деп санамайтын  
болар. Жоқ, тек өз қолының күшіне сену керек.

---

Жаз шыға Сергей ауырып қалды.

Ол көпке дейін ауруға көнгісі келмей тырысты. Қың-  
қыл-сыңқылға мойын ұсынсам жатып қалам. Онда не  
болмашы? Жатып калсаң училищеге де бара алмайсың.  
Ауруға да мойын ұсынбау керек, училищедегі сабактан  
да қалмау керек. Күн сайын мастерскойда, лаборатория-  
да болу керек, барлық пәннен де бес бағаға оқу керек.

Сергей қанша шыдап бағам десе де сұықтан жабыс-  
қанқұзыр өз дегенін істей берді. Оны тондырды да, қал-  
тыратты да. Оның жолдастары жапқан шинель, көрпе, та-  
ры басқалар Сергейді жылыта алмады. Ыстықтай ішкен  
су да оның жылынуына көмектесе алмады.

— Біздің бұл жерімізде безгекпен ауырмайтындар си-  
рек кездеседі. Қаланың өзі сондай шірік, — деген бола-  
тын қарт күзетші. — Жаз шыға су тасығанда Еділ өзені  
барлық ойпаң жерді алып кетеді. Жаздың қаң ортасына  
дейін дымқыл кеппей нағыз батпақ болып жатады. Ал,  
безгек, тұмау-сүзек ауруының шығатыны да осы дымқыл  
жерден болатыны сөзсіз.

— Жігітім-ай саған бұлдірген салған шай ішу, мон-  
шага түсіп буға отыру — терлеу керек кой! — деп айқай-  
лайды қарт, кітап чертеждарын алып оқуға баражатқан  
Сергейдің соңынан ере түсіп.

— Ештеңе смес ата, осылай журіп-ақ жазылам! —

деп қолын сермейді Сергей. — Жатсан тұра алмай қала-  
сың, болмайды жатуға.


Сонымен ол бір күн окуын бос жібермеді.

Сарғайып жүдеп кеткен, тұла бойы тітіркеніп, қалты-  
рап тоңған Сергей сабактың ең басынан аягына дейін  
класты отыратын еді. Тіпті ол бір күні эксперсанттармен  
бірге парафин заводына да барды. Бірақ, жолда оған  
жұру өте ауыр болды, Асеев пен Яковлев оны қолтық-  
тап алып жүрді.

Үйде отырғанда Сергей столға жантая жатып маши-  
на детальдарын салады. Ал, жатар кезде оның шешініп  
жатуға халі келмей қалатын жағдайы кездесетін.

Аяғындағы етігін шешкенен кейін бірнеше минут  
дем алып отыратын. Әлсіздіктен оның басы айналып тәц-  
селеетін, бірақ ол тапшанының екі жағына сүйеніп түзу  
отыруга тырысатын. Тек оның нығының селкілдегендінен  
ғана Асеев пен Яковлев Сергейдің тағы да безгегі үстап  
отырғанын, күзетші шал айтқандай «ўрып» тұрғанын се-  
зетін.

Бір күні кешке Асеев көрпемен бүркеніп жатқан Сер-  
гейдің «ўйқта, Сергей үйқта» деп жатқанын есітті. Бұл  
түсі ме, немесе сандырақпен айтты ма, — оған Асеев тұ-  
сінбеді.



### ХХХ ТАРАУ

## БАЛАЛЫҚ ШАҚТАҒЫ ДОСТАР ҚАЙТА ҚЕЗДЕСЕДІ

Жазғы каникул басталуға екі апта қалғанда, өнеркәсіп училищесінің кеңессінде «Жазғы каникулға шығарылатын тұған-тысқандарына, практикаға жіберілстін» окушылардың тізімі ілінді. Сергей Оқыйтын бірінші класс тізімінде мына фамилиялар бар еді:

1. Асеев Дмитрий. Уфа қаласына — тұғандарына.
2. Веселицкий Василий. Симбир губернасы, Сенгелей қаласына — тысқандарына.
3. Дедюхин Иван. Сарапул қаласына — тұғандарына.
4. Желодков Николай. Вятск губернасы, Слабод қаласына тысқандарына.

Осылай әліппе ретімен К әрпіне дейін одан да әрі тізіле берді. Біреулері Нижне-Новгород, біреулері Дон-қолы тұрған облысқа, біреулері Вятскіге және Самарға, «жапалақ жарына, тұрымтай тұсына» дегендегі әрбір окушы өздерінің тұған-тысқандарына кетіп жатты.

Бүкіл кластағы оқушылардың екеуін ғана педагогика советі практикаға жіберуге үйірді. Костриков Сергей — мұны Симбирдегі Сангов заводына, тағы бір баланы Қазандагы оқ-дәрі заводына жіберді. Сергей бұған қуанышты еді. Мұнан екі ай бұрын, әрең деп оқу ақысынан босатканнан кейін, педагогикалық советтен ол практикаға жіберуді сұраған болатын. Ол ең жаксы оқушының бірі болатын, сондыктан оның өтінішін қанағаттандырган-ды.

Жат кала Симбирск, белгісіз Сангов заводы, ең неғізгі болашақ практика — мұның барлығы да Сергейдің көз алдындағы елес еді. Оны алып үшқан ой — тек кету болды.

Кім білген, мүмкін, бұл заводта тапқан ақша оқу жылына жететін болар. Ондай жағдайда, демек, жәрдем жөнінде енді ешкімге өтінудің де қажеті болmas.

Оқушыларды каникулға таратуға әлі де табаны күректей екі апта бар-ды, бірақ та жүріс алдындағы обігер, қобалжу училищеде орын алғанды. Сонымен қабат жаздың шыққаны да едәүір әсер еткенді. Күн қалаға нұрын тәғіп, әніәрсеге шағылышқан сәулесі жалтылдан ойнай бастаған-ды. күн нұрының тамшысы класс кабыргаларына да, оқушылар бетіне де түсетін, қыстай айбатты катал болып келген мұғалімдердің кіміне, беттеріне де нұрын тәғіп жұмсартқандай, жасартқандай сән берді. Тіпті оқушыларға қаһарлы ашуланшақ бақылаушылардың да иі жұмсағып, қайырымды бола бастағандай еді.

Класс терезесі шалқасынан қайырылып ашық түрді. Кара батпакты дала да көгалдана басталы. Мектеп жаңындағы жас қайыцдарға да інзік жапырақ пайда болды.

Оқушылар шинельдерін, желбегей фуражкаларын теріс қаратып киіп жүр.

Барлығының да казіргі айтатыны: «жазды күндері бізде қандай... ой несін айтасын...» мұнан кейінгілерінің сөзі ертегі сыйкты «Бізде, Лукида», «Бізде, Самар түбінде»... Қандай тамаша ұлken алма, алмұрт, өрік... өседі, құртша шыпырлаған ақ балықтар, табан, торталар, қармакқа ілінгенін сезбей қалады...

Сергей де шинелін желбегей киіп, көнілді дауыспен ысқырып жүрді. Ол кемемен Симбирскіге жүруге әзірленіп жатқанда, күтпеген жерден Уржумнан хат, оған қоса жолға ақша келді.

Хат Польнерден екен. Сергей ол хатты екі қайтара

окып шыкты, бірақ ақшаны кім жібергеніне тіпті түсіне алмады. Ақырында Польнер есіне түсіріп ақша жіберді ме, немесе қайырымды-сәудегерлер «жетімекті» тагы да қамқорлыққа алғысы келді ме?

Сергей Симбирскіге практикаға баратынына әбден сенген-ді. Ойламаған жерден мына өзгеріс... Ол тіпті не істерін — қайда баразын білмеді: Уржумға, немесе практикаға бара ма? Амал не, тандап тұруға мүмкіншілігі болмады.

Инспектор Широков оған, жетімдер үйінен шықкандардың жасы толмай тұрып басшылар-қайырымдылардың рұқсатынсыз ешқайда баруға еркі жоқтығын әбден түсіндірді. Ақша жіберген екен бару қерек. Сонымен Сергей Уржумға жүріп кетті.

Қазаннан Уржумға баратын жолдың ең арзанга түсітіні кемемен жүру еді.

Пристаньға дейін Сергейді шығарған ешкім болмады, өйткепі оның барлық жолдастары, бірге тұратын достары мұнан бұрын жүріп кеткен-ді.

Ол қолына кішкентай корзинкасын үстап, жолаушыларды шығарушылардың шулаган қалың тобынан эрең деп өтіп кемеге мінді. Кетуші халық та аз емес екен, оларды шығарушылар одан да көп болды. Қеменің журуіне жарты сағаттай уақыт қалды. Төртінші дәрежелі каютаның іші лық толған, ыстық, аласа, тар, күңгірт, түрме сыйқты екен. Оның ішіне топтап жәшіктер мен бөшкелерді жыйнаған.

Емшектегі нәрестелер шырылдан жылап жатыр, оларды жұбатқан аналар даусы бірде ыңылдан жай, бірде дарылдан қатты шығады.

Қыңыр буылған қапшықтың үстінде отырған ақселеу шашты бір жігіт қолына балалайка алғып жайлап тырылдатып отыр.

Сергей каютада көп болған жоқ, өзінің корзинкасын қолтығына қысып төменгі палубаға шыкты. Мұнда да шу, ылас жетерліктей, дегенмен суға жақындау, ауасы таза еді.

Кешікпей-ақ кеме жағадан қозғалды.

Сергей қеменің кемеріне сүйеніп тұрып, Қазанның арадай гулеген, ылас пристаның артта қалып бара жатқанын көрді:

Міне, бірінші рет ауылға каникулға барады. Қазанда болғаны сегіз ай тұрды, алайда Уржумды бес жыл-

даи бері көрмегендей болып келеді. Ие, қазір Уржум-ның нінағаш сыйқты қысық қәшелерінде журу, таныстармен кездесу, дірмен басына, Мещанский орманына бару қандай қызықты болар екен!..

Бұл жаздан кейін сірә Уржумға қонаққа келуге болмас. Келесі жылы — практика, ал онан арғы жылы жұмыс, кәдімгі жұмыс.

Сергей «Кама» кемесінде бүтіндей бір тәулік болды, осы уақытта ол палубадан ешқайда кетпеді. Бір қапшықтар үстіне ориаласып осында жатып үйкітады да. Ал, келесі күні таңтертең «Соколик» пристанынан ол «Вятскі» кемесіне отырды. Бұл өзінің үйреніштікі кемесінде, іші таза, палубасы сырланған, кішкене ғана кеме болатын. Бұл кемені «дед» деп атайды. Неліктен екенін кім білген, әйтсеір Вятскінің барлық, үй-ішінің есімдерімен «әке», «ұл», «қызы», «немере» тіпті «жекеше» деп аталатын кемелер де бар еді.

Орындыққа нықталып отырған Сергей өзінің үйінде отырғандай болды.

Сергейге таныс — Вятскі аланы, Горки, Арғыш, Шурма сыйқты пристандар бірінен соң бірі артта қалып барауды. Шурмадан Уржумға дейін отыз-ақ километр қалды, ал ендігі Орыс Турегі одан кейінгі Цепочкино.

Кеме Орыс Турегінен өте бергендеге Сергейдің жүргегі лупілден, Уржумға қалай да тезірек жеткісі келді. Кемеден түсे сала жағамен жаяу жүгіру де ойда болды. Доңгалагы иылпышдаң қолапайсыз «Дед» кемесі өте жайжүріп келеді.

Сергей түскен Цепочкино пристанынан онымен бірге жағаға сегіз жолаушы шықты — оның бесеуі Цепочкино селосынан шыққан мұжыктар, екеуі кемпір, біреуі қолында қара бақыр акша салған кружкасы бар бұжыр монах. Монах шіркеу салуға акша жыйнап жүр.

Пристанның карсысында білк төбе. Төбенің нағыз білк жерінде ағарған бір орындық көрінеді. Оның бауыраійнда қайың мен жаңғақ бұталары есken. Төбенің етегінде сыртқы балшығы күлаған кішкене ғана есқі шіркеу түр. Элгі кружкалы монах солай қарай солдатша колын бұлгай жүріп кетті.

Пристаннан Уржумға дейін үлкен жолмен он екі километр деп есептелетін, мұнан басқа тоғай арқылы өтетін жалғызаяқ жол болатын. Бұл жол екі есе жақын еді.

Сергей тез төбеге шығып төніректі шолып өтті де,

төмен қарай жүгіріп кетті. Ол өзінің кішкене корзинкасын арқалап алып тогай арқылы тартып келеді. Корзинкасының ішінде бірнеше ішкім, бір кесек сабын, беторамал ең астында бірінші дәрежелі награда — техникалық кітапша және «Оглично окуы мен жақсы мінезі үшін» деген жазуы бар мактау қағазы жатыр.

Мактау қағазы жылтырақ, үстінде герб таңбасы бар әдемі қағаз болатын.

Солдат орманына жақындаған Сергей кең алымдаپ, журсін шашандатты. Қала шетіне кіргендеге, Қазан көшесі де көріне бастады. Енді Сергей шыдай алмай жүгіріп кетті. Тек солдат казармасына таянып келгенде Сергей ойға қалды.

— Енді қайда баруым керек — панаханаға ма, немесе әжеме ме?

Қалай дегенмен жолға ақшаны панахана жіберді ғой, демек, ол әлі панахананікі болып есептеледі, сондыктан сонда баруға ол міндетті. Бірақ, үйдегі әжесіне, апа-қарындастарына бармай қалай кетпекші?

Сергей бір минуттай аңырып тұрды да, Полстоваловскі жаққа бұрылды. Ол қаланың көшелерін аралап, тәңрегіне көз айырмай қарап келеді.

Бұл жылы қалада болған өзгерістер елеусіз еді, бірақ ең елеусіз жаңалықтарды да ол сезіп, көріп келеді.

Полстоваловскіге қарай айналған беріп Сергей қалалық училищеннің тәбесінің көк сырмен сырланғанын, үсақтүйек сатушы Людмила Васильевнаның төңгрегіндегі қыйсайып қалған ескі қоршаудың жөндөліп, жаңа дінгектермен сүйелгенін бірден-ак білді. Ал, өзінің әжесінің үйі тіпті өзгермеген, тек төменгі терезесі жарылған — сірә көшедегі балалар жақ атып, немесе бірдене лактырып сыңдырған болуы мүмкін.

Әжесі ескі көзілдірігін мұрнына киіп терезе алдында киім жамап отыр екен. Қарындасты Лиза стол басында бір кітапты оқып отыр. Лиза Сергейді бірінші көріп, айқайлап жіберді.

— Ой, әжекем-ай, анау келіп тұрған кім, қараши!

Қарт ана көзілдірігін алғып, көзін айырмastaн немесіне қадала қарап отырды да, жылап коя берді. Сергейді өзінің алдындағы орындыққа отырғызып, оған асықпай барлық жаңалықтарын әңгімеледі.

Әжесінің әңгімесінен Сережа өзінің апасы Аниятаның бұдан бірнеше күн бұрын Кукарка селосындағы өзінің

жолдас кызына кеткенін білді. Быйыл оның апасы окуын бітірген, ал осы күзден бастап деревняда балаларды оқытуға кіріспекші.

Өзі туралы әжесі мардымды ештеңе айтпады.

— Мен туралы не айтуға болады? Тоқсанды қусырып келемін. Қозім көруден қалып барады. Лиза жанымды адам катарына коссам, содан кейін өлсем арманымжоқ. Сен туралы Сереженькам енді қам жемеймін. Сен қазір дұрыс жолға түстің.

Карт ана Сергейдің техникалық белгі қадаған фуржкасын қолына алып отырып, оның шаңын алақанымен қакты да, қайтадан орнына қойды.

— Сергей, Радонежскийге табыну керек, ол алланың жәрдемшісі, сенің оқуыңа көмектеседі — деді ақырында Сергейдің әжесі.

Үйінде жарты сағаттай отырғаннан кейін, кешке жақын тағы да келіп кетуге уәде берді де, жетімдер үйіне кетті. Ол кетіп бара жатып үйдің Самарцевтар тұратын бөлегіне кірді. Саня үйінде жоқ болып шықты, ол қайықпен жүзуге кетіпті.

Польнер бұл жолы Сергейдің алдынан шығып, өзінен тен адамдай кәдімгідей қолын алып, амандасты.

— Өзінің үйіндегідегі жайлануыңа болады, балалар үйқтайдын бөлмеден орын табылар саған — деді.

Жетімдер үйіндегі балалар арасында Сергей өзін жат санады. Оның бұрынғы құрбыларынан ешкім көрінбеді. Васька Новогодов етікші болып кетіпті, шикіл сары Пашка ағаш шебері болыпты, Наташа Козлова Воскресенский көшесіндегі казна гимназиясына окуға кеткен, ал кішкентай Зина скорлатинамен ауырып өліпті. Сергейдің көзіне жетімдер үйіне жақадан келген жас балаларғана түсті. Сергей солардың біреуінің терезеден басын қылтыйтып тұрып:

— Бізге бір бөтен ағай тұруға келіпті! — деген айқайын ейтті.

«Ағайға» осында жас балалармен бір бөлмеде бірге тұру өте ыңғайсыз болды. Ол Польнерге барып, мүмкіндігі болса мен осыдан тамақтанып, Полставалов көшесіндегі үйімде жататын болсам деп өтініш жасады.

Польнер қасын сипап, керіліп отырды да, біраз ойланғаннан кейін ризалық білдірді.

Кешкі тұрым Сергей қайтадан Полставалов көшесіндегі үйіне қайтты. Ол үйіне кайтқан кезде Воскресенскі-

дегі саудагерлер дүкендерін жауып жатты. Кейбір үйлerde шамдар жағыла бастады. Буйский және Воскресенский көшелерінің бұрыштарында жалаңаяқ төрт бала шылдасып шүлдік ойнап жатты.

Әзінің үсак-түйек дүкеніндегі алдында отырған Людмила Васильевна жүннен тоқыған үзын ақ чулкин қолына алды. Ол мұндағы ақ чулки тоқумен шұғылданғанғына міне жатарынан бес жыл өтті. Бірақ, бұл үзын, қалың, ақ чулкилерді кімнің кистіні белгісіз еді.

Сергей бұл ретте Саньканы үйінен кездестірді.

Соңғы жылда Санька тіпті өсіп кеткен, бойы Сергеиден екі сседей үзын еді.

Ол орта дәрежелі училищені бітірген, бірақ оның киімін әлі тастамаған еді.

— Ал Сергей, сөйле, Қазан үнады ма саған? — деп сұрақ қойды Саня, бірден-ақ.

— Неге үнамасын! Қазан үлкен, әдемі қала. Тек окуорындарының өзі ғана жүзден кем келмес, — деді Сергей.

Сенбегендей Саня басын шайқады. Оның өзінің, осы тұрған Вяткаға барып келгенде, өтірікті ертегідей судыратқаны есіне түсті.

Сергей де ептең бөсүі мүмкін!

— Ал, Қазанның өнеркәсіп училищесі қалай, окуға қыйын болар, ә?

— Қалай деп айтуда болады саған... Онша қыйын деуге болмас, әйткенмен де жұмысы жетерлік. Он екі пән жүрелі.

Екеуі де үнсіз біраз отырды.

— Сен әлі қырынбағасың ба? — деді, Сергейдің үстіңгі ерніндегі жаңа ғана тапталған селдір талшық мұртқа көзі түскен Саня.

— Жоқ, әлі қырынғаным жоқ. Сақалымды да, мұртымды да өсіргім келеді, — деп жауап қайтарды да, Сергей күліп жіберді.

Сонымен, бұлардың әңгімелері жапсарласа қоймады. Ақырында Сергей орнынан үшып тұра келіп:

— Сен білесің бе, біз өткенді еске түсіріп, жүгіріп барып суға шомылып қайтсақ деймін! — деді.

Сонымен балалық шақтағы достар шомылуға Уржум-ға кетті.

Жолда кетіп бара жатып Саня Сергейге көзінің қы-

рымен жалтақ-жұлтак қарай берді, бірақ бұрынғы Сер-  
гей екенін, немесе өзгергенін анық айыра алмады.

«Ис, шынында Сергей біртүрлі өзгеріп кеткендей, тіп-  
ті түсініксіз. Ойшыл болған ба, әлде қатал болып кет-  
кен бе? Мүмкін бұл салмақтылықты ол өзін-өзі көрсету  
үшін істеп келе жатқан шығар!» деген оймен Саня есекі  
досының қатарында жүріп келеді.

— Айтпақшы мен сенең сұрауды тіпті үмытып кетіп-  
пін-ау — Сіздерде неміс тілін үйренеме? — деді Саня.

Сергей басын шайқады.

— Ой, ондай бізге қайдан келсін! Ондағы бастықтар  
«Майлаушыларға» неміс тілін білудің кажеті қанша дей-  
ді...

«Жок, мұның мақтанбайтыны шын екен, егер де ол  
мақтанатын болса өзін-өзі майлаушы деп атар ма!» деген  
кортындыға келді Саня.

Шомылып қайтқан жолда, үйге жақындағынан кей-  
ін Саняны Сергей қолтықтап алып:


— Сенің Толстоваловскідегі жер аударылғандарға  
барғың келмей ме? — деп жайлап сұрады.

— Жок, барғаным жок, барам деп жыйналғанымда  
жок — деп танданды Саня, — саған оның қажеті қанша?

— Танысқым келеді. Ертең кешке соларға барып  
қайтсақ қалай көресін?

— Несі бар, баруға болады. Недегенмен менің онда  
бұрынғы мұғалімім тұрады, ол — Дмитрий Спиридоно-  
вич Маврат — деді Саня.

---



XXXI ТАРАУ

## БҮЛІК ШЫҒАРУШЫЛАР

Қаланың еңбектеген жасы, еңкейген кәрісіне дейін Полстовалов көшесінің басындағы төбешік баурындағы ескі, бірқатар үйді жақсы билетін.

Чиновниктің жесірі, карт эйел Анна Павловнаға жа-  
расты бұл үйдің жұпымыны үш бөлмесінде саяси жер ауда-  
рылғандар тұратын. Оларды қалада «Бүлік шығарушы-  
лар» деп атайдын-ды. Олар тоғыз адам еді, бәрі бір ком-  
муна болып өте тату-тәтті тұрды.

Бұл жас коммунаның үлкені Ростов мастерскойнан келген, отыз жастағы, бойы сырыйтай білік, жаурыны күшиған, аш өнді, едірекін, селдір үзын мұртты — Зоткин деген жұмысшы болатын. Ол әзілді сүйетін, қуакы тілді адам еді. Әлгі тәбе баурайындағы үйді ол «Нұқ пайғамбар кемесі» деп атады.

Бұл — студент, жұмысшы жастаңдардың барлығын мұнда жер аударған патша үкіметі: бұлардың бірсынырасын

жұмысшылардың жасырын үйіміна катысы болғаны үшін, біреулерін стачка комитетіне, немесе демонстрацияға қатысқаны үшін жазалады. Буларды Уржумға Россияның кыйыр түкпірлерінен айдаң экелген. Бұлардың екінші сөзі болатын.

Бұлардың барлығы да талай миңнатты шеккен.

Олар, Уржумның көк шалғынга бөлек атап каласы мен ирелендеген тамаша өсніне жеткешіле талай жерді шарлап, ыстық ауа, насырлек жауынга қарамастан не алуда, кыйын жолдардан өтті.

Бұл олардың азап шегін, талай күндер жол жүргенін кейінгі үзак аялдаған жері болды.

Таңың атысы, күнің батысына дейін олар тобын жазбай талықсып жол журді. Тұтқындарды айдаң келе жатқандар атпен жолдың екі жақ қапталымен жүрін келеді, шаршап-шалдықкан тұтқындардың ілесе алмағандарын жүр-жүрдің астына алып, асықтыра туследі.

Айдаудағылар аударылған жеріне үнемі тұра жолмен бармайды. Дмитрий Спиридонович Мавромати Ейскі қаласынан Уржумға дейін екі жарым ай сапар шекті, ал бұл аралықта әдетте бес күн ғана жол жүру керек.

Мавроматиді кыры-шиыр, үзак жолмен Ейскіден — Ростовка, Ростовтан — Самара, Самардан — Казанға, Казанинан — Уфага, Уфадан — Челябіге, Челябіден — Екатеринбургке, Екатеринбургтен — Вяткаға, Вяткадан — Ногинскіге, ал мұнан Уржумға айдаң келді. Саяси тұтқындарға әр каладан өздеріне бір бағытқа баралын серіктес — жер аударылғандарды күтүге тұра келеді.

Кейбір жағдайларда көшпелі тұрмеде олар бір аттадай, тіпті онан да көп уақыт кешігіп қалатын. Бұл тұрменің көшпелі деп аталған себебі — осы тұрме арқылы тұтқындар «көшіріліп» отыратын еді.

Жер аударылғандарды Уржумға онша көп экелмейтінді. Олар Вяткада көп болатын, Вологдада, Архангельскіде және Мезениде мұнан да көп болатын. Ал Сібірде тіпті көп екенін айтпай-ак қойса да болады.

Онда жер аударылғандар үшін орын жетерлік еді.

Жер аударылғандар «полицияның ашық бакылауына» жіберілген орындарына жетісімен-ақ бірінші кезекте исправникке (полиция бастығы) барып көрінуге тиісті болды. Исправник оларды зат есебінде қолхат беріп қабыл-

дайы да, сол мезетте олардың сөзсіз багынуга, орындауға тиісті барлық ережелерін білдіреді.

— Бұл ереже мынадай: айна екі рет исправникке келіп керініп тұру, қаладан бес километр жерден алыска үзап кетпеу, ал ереженің ең басты міндесті — саясатпен шұғылданбау, сонымен қатар жергілікті халықпен байланыс жасамау.

Жер аударылғандардың қызмет істеуіне, балаларды оқытуына қатаң тыйым салынды.

Бұл саяси адамдардың тек: жер қазу, тас шабу, немесе ағаш жону жұмыстарына баруға ғана правосы болды. Патша бұлардың тамағына: білімсіздеріне айна он бір тыйын, университет бітіргендеріне жыйырма тыйын ғана беретін еді.

Мұндай ақшамен күнелту қыйын екені өзінің өзі белгілі гой. Саяси еріксіздер қалай болғанда да жолын тауып акша табудың айласын істеді. Ағайынды Спрудалар Үржумда бақша егіп күн көрді. Парникте помидор мен қыяр өсірген мұндағы ең алғашқы бақашылар осылар болды. Коммунадағылардың барлығы бақша өнімімен тамак асырады, сонымен қатар өздерінен ауысканын баскалаға да сатты.

Жұмысшы Зоткин Үржум өзенінен балық аулап жүрді, бұл да қосымша тамак болды. Мавромати балаларды оқытып жалпы білім беретін училище мен гимназияға даярлады. Саяси еріксіздерге мұндай оқытушылық қызметі рұқсат етілмейтін, бірақ қалада білімді адамдар жеткілікіз болғандықтан, полиция өкіметі бұған немектетті қарады.


Саяси еріксіздер ынтымакты, үлкен бір семья болып тұрды, олар өздері айдауда жүрсе де бостандықта жүрген жолдастарымен тығыз байланыстарын үзбелі. Байланысты олар хат арқылы жасады. Полицейскілердің қатаң бақылауына сездірмес үшін олар хаттарын сенимді адамдар арқылы жіберіп тұрды.

Әрбір қалада, керек десе әрбір деревняларда полицейдің астыртын, немесе ашық бақылауынан корыкпай жер аударылғандарға колынан келгенінше, немен болса да көмектесуге тырысқан адамдар — жұмысшылар, мұғалімдер, студенттер көп болды.

Ол адамдар құлазыған дала, ну орман, аяқ алғысыз батпактарды кешіп өтіп үлтандарына, кейлектерінің іші-

не немесе бешшеттерінің астарына тігілген хаттар мен кітапшаларды, шетел тілдеріндегі жасырын газеттерді қажетті орынға жеткізіп журді, саяси еріксіздер айдауда жүріп-ақ өз ісін жүргізе берді. Шет аймактарда олар революциялық жұмыстарын жүргізумен болды. Ал, патша мен жандармдарға наразы адамдар кез келген жерде, тіпті алыс жаткан қыйыр түкпірлерде де көп болатын.

Патша мен оның жандармдары есебінен жаңылды. Эрбір жыл сайын астанада, немесе басқа калалан «сенимсіз» адамдарды көтеп жер аудара берді. Мұнымен олар калалардағы революционерлер санын азайта алмады, керісінше, калаларда көбейе түсумен катар, шет аймактағы, ең алыс түкпірлердегі революционерлер саны көбейе берді. Жер аударылғандар алыс түкпірлерге өзімен бірге кітаптарын, өзінің ойын, өзінің өлеңдерін ала келді.



#### XXXII ТАРАУ

### ТӨБЕ АСТЫНДАҒЫ ҮЙШІҚ

Сергей бала шағының өзінде-ақ Полстовалов көшесіндегі үйшіктің касына әлде неше рет жүгіріп барып, әрдайым оның терезесінен қарауға, сонда тұратын уржумдықтарға үксамайтын жат адамдарды көргө күштәр болатын.

Ал қазір ол коңақ ретінде олардың үйшігінің баспалдағына өрмелеп келеді.

Ашық тұрған терезеден біреудің сырнай тартып отырғаны естіліп тұр.

Сергей мен Саня есікті тықылдатты.

— Ашық тұр, — деген біреудің даусы естілді. — Келініздер.

Олар есікті ашып кішкене сенектен өткеннен кейін бөлмеге кірді. Бұл бөлмедегі нашар мата дастарқан жайылып, самауыр койылған стол жанында үш адам отырды. Төртінші адам теріс айналып, бетін терезеге қаратқан қалпы, түрекеліп тұрған бойы, теңселе түсіп, скрипка ойнап тұр.

— Осы тұрған Мавроматидің өзі, — деп Саня сы-

бырлап скрипкашыға қарай басын илі де, сол минутта: қайырыл кеш, Дмитрий Спиридонович! Мен сізге жолдасыммен келіп тұрмын — деді.

Мавромати скрипкадан негін босатпай-ақ оған күле қарал:

— Ие, Саня! Ал, отыр, мен қазір ойнап болайын — деп жауап қайырды.

Еңгезердей білк, жаурыны какпактай, сары бүйра шашты біреу орындықтан тұра келді.

— Танысайық Франц Спруде! — Өзін таныстырыды да балаларлын колын алыш қатты қысты.

— Христофор Спруде! — леді тагы да бір сақалдысы. Бұл Францтің ағасы болатын.

Шашын қыйған жас әйел Мария қонақтарға бір стажинаи шай құйып, тарелкада тұрган тоқаштарды ысыра салды.

«Кедей тұрады екен» леп ойлады, жан-жағына қарал Сергеі.

Бөлмеде кабыргаға жағалай қойылған жіңішке үш темір керуеттен басқа ешқандай мебельдер жок-ты. Колдан жасаган полкаларда көптеген кітаптар қойылған. Қабыргада түшпен салған Пушкиннің портреті ілулі тұр.

— Дмитрий, сен бүгін немене ойнадың? — деді әлгі әйел, колын жаңа ғана скрипкадан босатқан адамға қарал.

— Фибих поэмасын.

— Ал, мен бүгін де жаттығу болар деп ойлап едім, — деп күлді үлкен Спруде, жалпақ тістерін аксыйта.

— Егер де гамманы ойнаган болсаң, мен әлдекашаш бұл үйден кашып кеткен болар едім, — деді қуаттағандай Спруденің кішісі.

Олардың әзіліне көніл аудармастан Мавромати стол жанына отырды. Шайлы үрттап жатып ол Санядан:

— Табысың қандай? Тригонометриядан айтқан жерде жеттің бе? — деп сүрады.

— Жететін несі бар? — деді Саня. — Мен қазір училищенні бітірдім.

— Олай болса құттықтаймын. Ал сенің жолдасың қайда оқыйды?

— Казанда, тәменгі техникалық училищеде оқыймын, — деп жауап қайтарды Сергей.

— Казанда ма?

Мұнан кейін әңгіме жандана түсті, жер аударылған-

дар Сергейден училище туралы, қала туралы, Қазаниң жаналықтары туралы сүрай бастады.

Соның арасынша балык аулауга кеткен жұмысшы Зоткин де келді. Ол кірісімен ішінде балықтары шопылладап жүрген шелекті Марияның алдына қойды. Саня мен Сергей шелекке қарасты: бұл шелекте ірі балықтар да, кішкентай түрлі шабактар да бар еді. Олардың барлығынан да көп орын алған жатқан шортан болды, ол шелек ішінде бірнеше рет бұктеліп жатты.

— Бізде ертең балық қармасы болады, — деді кіші Спруде, қолының шырышын сүртіп тұрып.

— Есінде болсын бұзаудан қарма пісірмейді, — деп түзетті оны Христофор Спруде, — ол баяғыдан бері балықтан жасалады. Орыс тілін үйренетін уақыт жетті ғой.

Барлығы да, әсіресе Франц Спруде, қатты қарқылдаш күлісті.

«Жаксы адамдар, көнілді!» деп ойлады Сергей.

Ол қазір мүнда үйінде отырғандай сезімде еді. Ол сөйлемеп, әңгімелесіп отыргысы келді, басқалардың сөйлегені де оған ұнады. Соңға оған таңданған пішінмен қарап отырып, үндемсістен шайын іше берді.

«Пәлесін кара мұның, әңгімешіл болған екенсің!» деп ойлап отыр ол ішінен.

Сергей мен Саня бұлардан тіпті кеш қайтты.

— Бізге жиі келіп тұрындар, — деп шакырып жатты оларды Франц Спруде.

— Келіп тұрындар, келіп тұрындар балалар, — деді Зоткин жылышырап.

Жер аударғандардан қайтып келе жатып Сергей жол бойы, бір көнілді әнге салып ыскыруда болды, ал оның катарында жүріп келе жатқан Саня көнілсіздсү, бір нәрсеге риза болмағандай еді.

Үйде олар тездетіп кешкі тамактарын ішті де, Саняның каникулға келгенде жататын жазғы сарайына үйқтауға шықты. Онда ағаштан жасалған жалпақ керуекте және кішкене стол мен орындық бар-ды. Ал, сарайдың бұрышында үолі тұрған сынық орындық, пайдалан қалған шәүгімдер, қыраған үлкен шылапашын тағы сондай үй ішіне тұтынудан қалған жарамсыз заттар бар болатын.

Саня майшамды жағып стол жанына отырды да бір кітапты оқый бастады.

— Сенің оқып отырғаның қандай кітап? — деді Сергей.

— Қойшы сен өзің, — деп Саня қолын бір сермеді.

Оның беті бұл кезде тырысып тұрған-ды.

— Сен немсеге ашуланып, өкпелеп отырсың?

— Қойшы!

Алайда, бір минуттан кейін Саняның өзі Сергеімен сойлесіп кетті, өзінің өкпесін, іренішін ашып айтты.

Бұл калай болды өзі? Оған, Саняға, өзінің ескі досына Сергей Казан туралы мәрдымды ештеңе айтпады, ал жер аударылғандарға барлығын да рақаттана әңгімеледі.

— Койсаныш Саня, шынында мен саған айтып үлгіргендегі болдым ба..! Асықпа, түн ўзак, мен саған көп нәрселер туралы әңгімелеймін, — деп Сергей Саняны орнықтырды.

Достар шам сөндіріп жатқаннан кейін Сергей есінеп жатып ўзак әңгімеге кіресті. Ол Қазандағы тұрмысы, оқуы туралы айтты.

— Казанда «Андрей Кожуховты» оқый ма? — деп сұрады бір кезде, Саня.

Сергейдің бұл кітап туралы бірінші рет естіп отырғаны осы.

— Ол не туралы жазылған кітап?

— Революционерлер туралы. Қызық кітап! Маған оны бір-ақ түнгі берген-ді, алайда, мен оның барлығын оқып шықтым. Ол тыйым салынған кітап. Біздің училищеде ол ешкімге сезілмей қолдан қолға көшеді.

— Ал, бұл кітапты қайдан табуға болады? — деді Сергей мазасызданып. — Онда не туралы айтылған?

Саня түсіндіріп әңгімелей бастады.

Ол асықпай сойлесп, барлығын егжей-тегжейіне дейін қалдырмай әңгімеледі. Бірақ, ол, қасақана істегендей ең қызықты жеріне келгенде оқыйғаларын еске түсіргендей біраз тоқталып айтты.

— Ал, одан әрі не болды, одан әрі! — деп Сергей шыдамсызданып досын бүйіріне тұртіп қояды.

Ақыры Саня өзінің әңгімессін аяқтады. Сарайды бірнеше минут тыныштық биледі. Тек жүгіріспіп, шыйкылдаскан тышқандар дыбысы ғана естіледі. Саня калғый бастады. Сергей бір кезде басын көтеріп, жастығына шынтақтай жатып өзіне өзі сөйлегендей күбірледі:

— Сонымен дарага асты де... Саня тындал жатырсың ба мені? Ал Андрейдің жолдастары тірі қалды ма?

— Тірі қалды, — деді үйқылы-ояу жатқан Саня.

---

Уш күн өткеннен кейін достар тағы да жер аударылғандарға карай сапар шекті.

— Маган окуға бірдене берінізші, тәнір жарылғасын, — деді Сергей бірден-ақ Спруденің үлкеніне қарап.

Христофор бір минуттай ойланып, Сергейден көзін айырмastaн қарап отырды да:

— Жаксы, — деді.

Ол, тәрізі бірнеше рет оқылған, төрт бүктелген «Искра» газетінің бір санын берді. Бұл, Сергейдің бірінші рет колына үстап отырганы бірінші жасырын газет еді.

— Окыныз, окыныз. Тек сақ болыныз, мұны сізден ешкім көретін болмасын. Бір түнге ғана окуға беремін, — деді Спруде.

Мұнан кейін Сергей конакта отыреңсы келмеді. Тезірек үйге қайтып «Искраны» оқығысы келді. Ол орнынан тұрып олармен қоштаса бастады, ал газетті көйлеғінің ішіне жасырып алды.

Бұлардан шыққаннан кейін үшінші үйге жетпей-ак Саня Сергейді асыктыра бастады.

— Мен саған барыша сақ болу керектігін айтыв едім гой, — деп ол жолдасының құлағына сыйырлайды. — Тезірек!.. Тез жүрептік!..

— Егер де сен бізді ешкім байқамасын десең сыйырлама ла, жүгірме де, — дейді Сергей оған. — Не. Сен осы иеге тынышсызданып келесін. Көшеде жан жок қой!

Шынында көшеде ешкім жок болатын. Жаңбыр себелеп тұрган-ды, сондыктan Полстовалов көшесін тұрғындары бугін қште есігінің алдындағы орныдыққа отырып әнгіме айтуда шықпаған-лы.

Бірак, Саня жүріп келе жатып жан-жағына қараумен, әр дыбысқа күлак қоюмен болды.

Қандай дыбыс болмасын: қақпаның сықыры, кенеттен ашылған терезе, одан көшеге қарап қылтыйып көрінген біреулердің бастары, өтіп бара жатқандарлың аяқтықыры, көрші көшедегі дауыстар оны үрейледіре берді. Оның ойынша Сергей екеуінің жер аударылған-

дарға барып «Искра» газетін алып келе жатқанын бүкіл қала билетін сыйкты болып көрінді.

Үйлеріне жақындағанда олардың алдынан исправник Пенешкеевич шыкты. Тапалтак, алса бойлы исправник аягын манғаздана басып, ксудесін шалкайта түседі, жүгін ауырсынған түйедей екі жағына бірдей тенселеді. Достар біріне бірі қарасып, екеуі де бір-ак нәрсені ойлады: «Міне, жанымыздан өтіп барады, керек десе ештенені байқамады да... Ал егер де байқапталса?».

Бірак, исправник бұларды байқаған да жок, жандарынан өтіп кетті.

Міне, ақырында кемпір үйінің қакласына да келді. Балалар жүгіріп келіп қаклаға кіріп кетті. Олар сарайдың ысырмасын ішінен жанты да, шам жағып окуға кіресті.

Ие, «Искра» деген жарысын газет осындағы екен гой! Элгі шетелдерде Ленин шығарып жүрген, революционерлерлің өміріне қауіпті жағдайларда Россияға астыртын жіберіліп жүрген газеттің нағызы өзі осы екен гой.

Екі бағанаға болінген шағын он алты бет. Кағазы жұқа, екінші жағындағы заттар анық көрінетін темекінің қагасы. Бірінші беттің сол жақ жоғарғы бұрышында былай деп жазылған: «Россияның социал-демократиялық жұмысшы партиясы». Ал, он жақ бұрышында: «Ұшқыннан жалын қаулайды!». Пушкиннің десабристерге жазған жауабынан деп жазылған.

Сергей өзіне таныс емес тақырыптар жазылған сыйырлаған жұқа беттерін аударыстырып отырып: «Біздің когамдық өмірімізден», «Фабрик, заводтардан хат», «Шетелдік шолулар», «Партиядан», «Революциялық жүрестің хабарлары» деген сөздерді оқыды.

— Ие, шетінен оқый берсеңші, — деді Саня.

Бірак, Сергей газеттің как ортасын ашып қалды да бірінші көзіне түскенді оқый бастады:

«...Бәрі де бірінші май күні Сормовода не болғаны туралы әнгімелейді. Онда не болды екен?!..»

«Бірінші май жыйыны кезінде солдаттар шақырылды. Жыйынға катыскандар сап түзеп оларға тұра келіпті де, одансоң ізінше кейін қайтып, өздерінің бағытымен мейрамдай беріпті. Солдаттар олардың соңына түсіп, қалып топты — мылтық дүмімен түйіншеп куалапты. Карусыз жұмысшылар шегінуге тиісті болыпты».

— «Тек бір гана жолдас туын қолышан ең ақырына дейін түсірмепті. «Мен ез емеспін, сондыктан қашпаймын!» деп ол қолындағы қызыл туын жоғары көтө іштей айқай салыпты. Ол қызыл Туда: «Жойылсын самодержавие! ұласасын саяси еркіндік!» деген, анбатты сөздерді барлығы да оқыпты.

«Жолдастар! Мұндай, солдаттардың нағзасынан көркпай, көздеген мақсатынан таймай, алға өршеленген ержүрек батыр адам алдында қайсыларың бас имей тұрасындар?..»

Сергей мұнап басқа да бірнеше бетін аударып — Воткиннің қазиалық заводы туралы басқа хабарларды оқыды.

«Воткиндіктер көтерілуде... Воткин заводына Вятскі губернаторы кетті, Қазаниң әскер жіберілді. Жұмысшылар өздерінің тоғапынан бөгет салып (бұларға баратын бірден-бір жол), оған өздері заводта қолдан жасаған зенбіректерін қойып алды...»

Осы бетте Бежица қаласындағы көтеріліс туралы хабар жазылыпты: онда жұмысшылар шпион Мартыненконы сабап, өлімші стіпті. Сонымен қатар міннида мынадай нәрселер хабарлаанды: «Сабак жақсы берілген, неге десе таяқ жеген агент өзінің мұнан былай ғана қаласында тіпті қалмайтынын (оны екінші рет таяктапты, бірішіде женілдеу болған екен, екіншісі тіпті ауыр тисе керек)... мояндаған».

Сергей фабрика, заводтардан жазылған хаттарды басынан аяғына дейін бір жолын да қалдыrmай оқып шыкты.

Мұнда жазылған оқыйғалардың барлығы да жақын арада, мұнан бір — екі ай бұрын гана болған-ды.

Бұл оқыйғалар жер түбінде — алыста емес, дәл осы жерде, нек астында — Вяткада, Нижнийде, Сормовода... болды ғой.

Воткин заводына әскер жіберілгенде Сергей Қазанда болатын.

Мүмкін ол вокзалға асығып бара жатып көшеде журген әскерлерді көрген де болар, бірақ оларды қайда апара жатқанына мән бермеген болар.

Кішкентай әріппен терілген жолдарды Сергей сыйдырып тез оқыды.

Ақ қағазға қарамен жазылған «революция», «көтөріліс», «патша самодержавиең құлату», «халықтың

самолержавиесі» сөздері таңданарлық ғажап болып көрінді.

Бұл өзара жолығысканда жан-жағына қараумен, сыйбырмен сөйлейтін сөздер, ал газет бетінде ашыктанашық, айқын жазылған. Олар мұны саспастан оқып отыр.

— Окый бер! — деді Саня.

Сергей тағы да бірнеше бетін аударып «Шаруалар қобалжуын» оқыды.

«Полтавада шаруалар қобалжуы туралы әңгіме жайылғанына екі апгадай уақыт етті...»

«Ашықкан шаруалардың барлық назары бостандық болсақ көмбелдерде уолі жатқан үшан-теніз астықка аударылды. Шаруалар астық қоймаларына өздері арбаларымен келіп, помещик, немесе басқарушыға өз еркімен ашып бер депті. Ал, помешниктер мен басқарушылар өз еркімен аниудан бас тартқан кезде ғана шаруаларлың өздері кілтін сындырып еріксіз кіріп арбаларын астыққа толтыра үйнеге кайтады.»

«...екімет тарапынан қойылған, алынған астық кайтарылсын деген талаптан шаруалар бас тартты, содан кейін әскерлерге оқ атуға бүйрек берілді. Табанды үш адам өлтірілді. Екі рет оқ тиіп, найзамен түйреліп жаралы болған бір адамды Полтава ауруханасына алып келген, ол бірнеше сагаттан кейін қайтыс болды. Мұнан кейін дүре соғу басталды. Дүре соғу Васильевкада да болды: шыбық ізден жататын уақыт болған жок, Қолға түскен ағаштан үзын да, жуан да откір де шыбықтар табылды. Доктордың жұмсақ тілімен айтқанда: «жазаланғандардың түгел тेңілері жыртылды». Дүренің қатты соғылғанынан олардың ауыз-мұрындарынан бірдей ағыл-тегіл кан сорғалады. Дүреден кейін шаруалар қапқара болып көгеріп кетті. Дүре соғушы жендеттер шаруаларды жүз, тіпті екі жүз реттен сокты....»

Саня меп Сергей «Искраны» оқып болуға таялғанда құзеттін Владимир Иванович өзінің дойырын сүйретіп Полстовалов көшссін екі рет айналып шықты.

«Искраның» соңғы бағанасындағы әрбір жолда:

Екі жылға.

Үш жылға.

Төрт жылға.

Бес жылға.

Алты жылға.

М.рзімсіз.., деген сөздер кездесті.

Адам аттары мен кала аттары, жазаланған мерзім мөлшерінің шекесіз тізімі қағаз бетін алып кеткен.

— Біздің Малмыжды қара, — деді мадактанғандай газеттің бір жолын сүк қолымен баса көрсеткен Саня. — Демек, Малмыждан да адамдар жер аударылатын болған гой.

— Жер аударылғандардан, майды мейрамдағаны үшін, — деді Сергей, — алты адамды...

— Оларды тағы қайда жібермекші? — деп таңырқады Саня, олардың өзі қазір айдауда жүрген жоқ па?

— Малмыж ну орманың арасында болғанмен кала аты бар гой, — деп жауап берді Сергей, — ал, оларды ең түпкірлерге жіберіп, көзін жоюдың қамын істеп жаткан болар.

Сергей газетті бүктеп жасырды да, шамды сөндірді.

— Үйктаімымз ба, қайтеміз? — деп сұрады Саня.

Сергей оған еш жауап қаткан жоқ, ал бірнеше минут өткеннен кейін өзі-өзімен сөйлескендей, күбірлеп:

— Үшқыннан жалын қаулайды... деді.

Танертен ерте оянып, жастығынан басын көтерген Саня сарайдағы майшамның әлі жанып тұрғанын көрді. Ол тунде сөндіріліп еді гой, бұл қалай деп қарағанда, стол басында екі қолымен басың сүйеп «Искраны» оқып отырган Сергейді көрді.

— Жарайды, тында олай болса. — Сонымен Сергей бірінші беттегі макаланы дауыстап оқый бастады.

Сергей жарты беттей оқығанин кейін кішкене кідіріп:

— Бұл жай хабар емес. Бұл оңай нәрсе емес... Ең алдымен іштен оқып түсініп алу керек... деді.

Бұл макалада Сергейге белгісіз кісі аттары мен сөздер бар еді. Ол мұны сарайдың есігін әжесі келіп қакқанша оқый берді.

— Сережа, Саня! — деді ол, — өзеннен су әкеле қоюйндаршы, кір жугалы жүрмін.

— Қазір әжекем! — деп дыбыстады Сергей.

Одан кейін ол «Искраны» жасырды да Саняға жайлап:

— Бұл мақала жайында бүгін кешке Спрудадан түсінік алу керек болар... Алғашқыда біздің түсінумізге қыйындау соғатын түрі бар, — деді.



XXXIII ТАРАУ

### БІРІНШІ ТАПСЫРМА

Сергей мен Саня жер аударылғандарға жиі көліп-кетіп жүрді.

Бір күні «төбе бауырайындағы үйшіктө» әлден уақытқа дейін отырып қалды. Шай ішті, әңгімелесті, сырнай ойнағанды көрді.

Осы кеште Сергей жер аударылғандардың үйінен қаракөк әріптермен таска басылған сөздер бар адам таңырқағандай бір парақ сұр қағазды бірінші рет көрді. Қағаз сары түсті, жаман еді, ал онда басылған көк әріптер кыйсық-кыйсық болатын. Сергей бұл парақ қағазбен шұғылданғысы келіп, бірден-ақ Спрудеден мұның әдеттегі таска басылғандардан басқа түрде басылу мәнін сұрады.

— Бұл қолмен басылған, — деп жауап қайырды да, Спруле мұның революциялық листок екенін, гектографпен басылып шыққанын түсіндірді. Ал, бір апта өткеннен кейін Сергей мен Саня Спрудеден жауапты және өте қа-

жетті тапсырма алды. Бұл — листовка басуды байқау көру еді.

— Байқап көрейік! — деп бірауыздап жауап қатты Сергей мен Саня.

— Сіздерге гектографты өздеріңе істеуге тұра келеді. Желатын майы мән глицеринді көбірек аласыздар. Баска-лардың көзіне түспеу үшін дәріханаға кезекпей барынцдар. Бүгін бірің барсаңдар, сртең екіншің барындар. Бұл жұмыста үлкен сактық керек екепін үмітпандар,— деді Спруде коштасып жатып.

— Сақ боламыз — деп жауап қайтарды Сергей.

Келесі күні орнына тұрысымен Сергей глицерин алуға дәріханаға кетті.

— Алдымен мен барайын, содан кейін сен баарсың, — деді ол Саняға.

Олар Воскресенск шіркеуінің қасында кездесуге уәделесті.

Уржумда бар болғаны бір ғана — земский дәріхана-сы бар болатын, ол Воскресенский көшесіне орналасқан. Бұл дәріхананың жаңынан Сергей бала кезінде үйінен жетімдер үйіне келе жатып, жексембі күндері талай жүгіріп өткен-ді.

Ал, балалар үйіне бармастан бұрын Саня екеуі тे-резе алдындағы көк, қызыл түсті шыны шарларды көру үшін талай рет келген-ді. Сергейдің анасы ауырып жатқанда осы дәріханаға немересін ертіп барып дәрі алып кайтатын оның әжесі. Сергей ссы кезле ләріханада тұрған кара жазуы бар үлкен форфор ыдыстардағы дәрілдерді көретін.

Бійк лавканың аржағында ак халат қиген жуан адам тұратын. Дәрінің ақшасын сол алатын. Оның алдындағы дәрілерді қоятын тақтайда катарлана тізілген, құйрық сияқты ұзынша рецепті қағаздар жапсырылған кішкентай шөлмектер тізіліп тұратын. Рецептілер ак және сары түсті болатын.

Сергейдің әжесі ак қағаз жапсырылған дәрілерді ішуге болатының, ал сары қағаз жапсырылғандарды ішуге болмайтының, олармен тек сыртқы денені сылауға болатынын түсінлірген еді. Рецепті қағаздарының әртүрлі түстеге жасалуының себебі: сауатсыз адамдарлың дәрілерді ауыстырып алмасы үшін әдейі істелген. Өзінің товарын сатып алушыға жібермес бұрын әрбір дәрі сатушы дәрі күйған кішкентай шөлмекті ойыншықтаған.

әшекейләйтін. Ол шөлмекке қағаз құйыршық жапсырғанин көйін, оның басына баланың басқиімі сыйкты бүрмелеген түрлі-түсті қағаз күгізетін.

Сергей көптеген бері Земский дәріханасында болған жок-ты. Ал, қазір ол дәріханаға келе жатқан себебі бас-паханага глицерин сатып алу мақсатты қөздеумен байланысты.

Бүгін таңретең дәріханада ешкім жок еді. Сергей дәрілер тұрган полкаларды, терезе алдындағы қара жазуы бар әйнек шарларды, латын жазуы бар ақ форфор банкаларды қарады. Ештең өзгермеген, барлығы да өзінің баяты бала кезінде көргеніңдегі орындарында тұр.

Міне, ак есіктің аржағынан баяғы дәрі сатушы жуан неміс Келлер шыға келді. Оның үстінде әлі халат жок-ты, тоғсғасын жаңа ғана тұрганы сезіліп тұрды.

Дәрі сатушы өзінің алтынмен көмкерген пенсінесін көзіне үстап, алушыға бажырая қарады да, сөздерін тақ-тұқ ежіктең оған не керек екенін сұрады:

— Сізге не керек еді? Қашшага аласыз?

Бұл оның тілі анық келетін, дұрыс айтатын екі сәйлемі ғана болатын.

Бұл сәйлемді күніне ондаған рет қайталап, алушыларға бірден бір осы сұракты қойғалы он екі жылдан асты.

— Он бес тыйынға глицерин беріңіз — деп жауап кайтарды Сергей.

Келлер полкадан басына иректелген қағаздан қалпак қигізген кішкентай шөлмекті алды. Сергей акша-сын төлең, шөлмекті қалтасына салды да дәріханадан шығып кетті. Бұрыштағы шіркеу қасында Саня оны күтіл тұрган-ды. Олар бір-біріне иек қағысып өткеннен кейін, Саня дәріханаға қарай кетті.

— Сізге не керек еді? Қашшага аласыз? — деп сұрады одан да, әлгі дәрі сатушы.

— Он бес тыйынға глицерин беріңіз.

Осылай Сергей мен Саня күн сайын алма-кезек глицерин алуға барып жүрді.

Бір апта өткенде сарайдың бұрышындағы құрым киізлің астына жыйналған шөлмектер саны едәуір болды. Бірақ, Сергейге глицерин әлі де аздау сыйкты көрінді. Ол Саняға дәріханаға Келлердің орына оның көмекшісі туратын кез—кешике барулы үсынды. Қала халқы айтқандай Келлердің көмекшісі қала бастықтары-

мен дос болып, арак ішуді тәуір көретін, өтірікті көп айтатын, тығыншықтай каска бас кісі болатын.

Дәрі даярлаушиның көмекшісі еш уақытта калатын үстінен тастамайтын. Ол өзін үлкен дәрігер, немесе оқымысты адамға баласын дегендей, тіпті базарға сәбіз саңып алуға барғанда да калатын иығынан түсірмейтін.

Сергей дәріханаға бірінші кеште барып, он бес тынынға глицерин сұрағанда, дәрі даярлаушиның көмекшісі жымыйып күліп, көзін қысты да:

— Сізге глицерин не үшін керек, жігітім? Бетті жұмсаарту үшін бе? Бикештерге ұнағыңыз келеді-ау, ә? — деді.

— Жок мен глицеринді ішіп жүрмін, даусым ашылсын деп едім, — деп қысылмай жауап қайырды Сергей.

Дәрі даярлаушиның көмекшісі шкафтан глицерин қойған шөлмекті алып, үндеместен Сергейге берді.

---



#### XXXIV ТАРАУ

### УРЖУМДАҒЫ «ИСКРА»

Сергейдің тезірек іске кірісікісі келді. Қолына алған ісін шатастырмас үшін ол өзінің таныс кітапхана-шысынан энциклопедиялық сөздік алды.

Оның зор қуанышына бұл сөздіктің ішінде гектографты қалай даярлау және онымен қалай қағаз ба-су туралы бүтіндей бір мақала бар болып шықты. Ма-қалада гектографты жасау үшін ең бірінші кажетті нәрсе — тоқірғі көтерінкі пілген, жалпақ темір туралы айтылыпты. Бұл темір тақтаға глицерин мен желатиннің пісірілген қосындысы құйылады. Элгі қосынды сұыған кезде үлкен парақ қағазға басылатын сөз тексті өзгеше көк сыймен жазылады. Содан кейін текст жа-зылған қағазды әлгі сұыған қосындының үстіне салу керек. Кағаздағы жазылған барлық әріп глицерин мен желатиннің қосындысы үстіне түсіп қалады. Осы қо-сындыға түскен әріптер үстіне таза ақ қағазды басқанда оған тасқа басқандай барлық сөз басылып шығады.

Бұл темір тақтаны Сергей мен Саня ўстаға жасатуды

мақұл көрді. Әжесінің пирок пісіретін темір тақталары бар еді, бірақ мұның бірсүйн гектограф жасау үшін алу Сергеіге қоркынышты болды.

Мұмкін ожесі пирок пісіру үшін әлгі тақта темірді ізден қалар. Сын кім алды, не үшін алды? Бұл әңгіме көрилдерге де естілер, ал мұның өзі үлкен іске зиянын тиғісер. Санымен катар тақтаның өзі де жарамсыз, кішкентай — санз. Одан да әдейі жасаткан дұрыс.

Жер аударылғандардан ақша алған екі дос, темір тақта сатып алу үшін кептетіп үстаға келді. Олар қақпадаң шыққанда көрші үйлерде шам жағыла бастаған болатын.

— Үйкысыздар, тағы да таң атқанша кезуге кетесіңдер-ау! — дед Маланъя әже құңқілдеп жүр. Кемпір Сергей мен Саняны әлі жас балалар катарында санаитын.

Бірақ, достар кемпірдің қуңқіліне мырс етіп кулумен жауап қайырды да, тездетіп көшеге шығып кетті.

Үста дүкені кала шетінде, үлкен жолға жақын, дала да болатын. Оның жанында жылқылар сыйырған бірнеше бұталар бар-ды. Кештің әлде уақытында үста дүкені қарайған тәбе, немесе үйілген комір сыйқты болып көрінеді. Тек алasca моржасынан жоғары үшқан үшқынығана оның үста дүкені екенін танытты. Сергей мен Саня оның есігіне жақыннады. Үста дүкенінің іші қаралып кетті, онда тек көріктің сөніп бара жатқан қызыл шоғы гана эржерден жылтылдайды. Табалдырықта темекі тартқан сакалды үста отыр. Сергей карт үстаның касына отырып біраз әңгімелескеннен кейін орта көлемді, өрнектері бінік темір тақтаны жасауға заказ берді.

— Сендерге темір тақта емес, — қаңылтыр таба керек қой, — деп үста оның сөзін түзете сөйледі. — Жарайды, жасауға болады, — бес күннен кейін даяр болады.

— Одан ертерек болмас па екен?

— Болмайлы, — деді де қарт дүкеніне кіріп кетті.

Осымен әнгіме аяқталды.

Үста қаңылтыр табаны бітіргенше Сергей мен Саня да уақытты босқа өткізбеді. Олар желатин қорын жыйнады, гектограф үшін көк сия тапты және өздерінің болашак баспаҳасына қолайлы орын қараптырып, оны кора ішіндегі ескі моншаға орнатпақшы болды.

Барлығы да даяр болды, ал қаңылтыр табаны әлі де аттай үш күн күту керек. Достар әзірге бір шаруашылық іспен шұғылдануға үйгарды. Сарайда қаксыған ескі

кайық төңкеріліп жаткан-ды. Сергей мен Саня оның тұ-  
біндегі тесікті бітеп, қақсыған жерлерін карамаймен сы-  
лады, ернегіндегі тот басқан есік шығыршығын жермай-  
мен майлады. Енді оны сырлап, оған ат қоюған кал-  
ды. Бір кездерде ол «Незабудка» болып аталыпты, бі-  
рақ алғашқы төрт әрпі қазір өшіп калыпты да оның ер-  
негінде «булка» деген жазуған қалған.

Сергей бұл жазуды кайыкты тегіс бояған жасыл май-  
лы сырмен сырлап жіберді де, чертежге жазғандай етіп  
асылластан, барлығы бірдей тен және анық әріптермен:

*Искра*

деп жазды.

Бұл жазудың әріптері төңрегіне кызыл жүгіртіліп,  
қара бояумен жазылды.

Кайық даяр болған кезде Сергей сарайда жаткан  
кол шанаға кайыкты салып, Саня екеуі Уржум өзеніне  
сүйреп алып кетті.

Шананың табаны күмға келгенде батып, тастардан  
секіріп келеді. Шанаға жіп тақкан. Сергей сүйреп, Саня  
артынан итеріп келеді.

Өзен жағасында олар полиция бакылаушысы Кур-  
шаковты көрді. Оның кішкентай бойы, барылдаған дау-  
сына лайық; кала халқы оны әтеш деп атайды.

Әтеш жаңа гана шомылып шығып, өрге қарай ың-  
қылдап көтеріліп келе жаткан-ды. Суга түсіп рахаттан-  
ғаннан кейін ол шекпенінің ілгектерін салып, кабыршақ-  
танған басының сүртіп келеді.

Шананың катарына келе бергенде әтеш токтай қалды  
да, көзін сыграйта ежірейіп қарады.

— «Искра», — дегенді оқыды ол — Жігіттер тамаша  
атты ойлас тапқансындар — «Искра! Сіздер оны ен жақ-  
сы ат «Жел» немесе «Зорька» деп атағандарың дурыс  
еді ғой. «Красотка» — бұл да тәуір ат, немесе «Зазно-  
ба»...

— Бізге бәрінен де «Искра» ўнайды — деді де Сер-  
гей шананы өзенге қарай сүйрей жөнелді.



#### XXXV ТАРАУ

### ЖАСЫРЫН БАСПАХАНА

Ақырында қанылтыр таба да даяр болды. Сергей мөн Саян оны қаранды түскенде алып келу мақсатын көздей, ұста лукеніне кешке жақын барлы.

Олар темір тактаны алып та, карт үстамен әңгімелесіп те үлгірді. Алайда, күн әлі жарық еді.

— Жүр, жол жиегіндегі орда отыра түрайық, — деді Сергей, төнірекіне жалтак-жұлтак қарап.

Олар үлкөн жоллың жачынлағы түрлі бұталар мөн жусандар өсken абықтың жаңына келіп, аспанда жұлдызы шыққанша сол арыктың ішінде отырды. Енді қанылтыр табаны кешіден коркынышсыз алып жүргуге болады. Бірақ, олар бір қақпадан күтпеген жерден таныс әйелдер шығып қалып:

«Балалар мынау жаңа қанылтыр табаны кімге апара жатырсындар, — Устиңя Степановнаға ма, немесе Маланье Авдеевнаға апара жатырсындар ма?» деп сұрап қалуы мүмкін деп ойлады.

Бірақ, көшеде бұларға ешкім кездескен жоқ, екі дос

көшеде ешкімді кездестірмеген қалпында қаңылтыр **табаны** өздері жаткан сарайға алып келді.

Ал, түнде, үйдегілердің бәрі үйкіга кеткенде, достар жайлап қорага шығып, оның ішінен темір тақтаны ешкімге көрсетпей көмір тастау үшін шұңқыр қазды.

Біреуі шұңқырды қазса, ал екіншісі біреу-мірсу көріп тұрған жоқ па екен дегендегі сактанып, тың тыңдаумен болды. Бірақ, кораның маны жым-жырт еді. Тек Полстовалов көшесінің қыйыр шетіндегі иттердің үргені ғана анда-санда естіліп тұрды. Ал, Сергейдің әжесінің досы, түнгі күзетші Владимир Иванович өз участесін арапал жүріп, қолындағы дойырының сабымен тықылдатып қояды.

Темір тақтаны көмгеннен кейін, оның таза топырағын аяктарымен таптап, жермен бірдей тегістеп таstadtы.

Келесі күні Сергей мен Саня листовканың жазу текстін алуға жер аударылғандарға барып келуге кетті.

Бұлар келген кезде ағайынды Спруделер бақшада жүр еді. Екі білегін сыбанып алған Христофор картошканы жекелеп жүрді, ал Франц қыярдың араларындағы арамшөптерін отап отыр.

Бұлардың қасында тұрған жер аударылғандардың үй көжасы Анна Павловна кемпір бақша туралы әрбір мәселені бір айтып, бақшаны қалай күттуді талқыға салып тұрды.

Сергей мен Саня Анна Павловна өз жөніне кеткенше көшеде ерлі-берлі жүрді. Ол кеткенден кейін Христофэрға дыбыс білдірді.

Ол үстіне жүққан шашы қолымен қағып Сергей мен Саняға карсы келді де үйге ертіп кірді.

— Бізде барлығы да дайын болды, — делі Сергей бәссен дауыспен. — Біз сізге текстін алуға келдік.

Спруде бұган тапдана түсті.

— Дайын болып қалғаны ма? Бұл тамаша екен!

Ол басқа бөлмеге кетті де, бірнеше минуттің кейін оларға «Искра» газетінен мақала алыш шықты. Бұл мақаланың асты қызыл қарындашпен сыйылыпты. Мақаланы олар тасқа басқандай етіп көшіріп жазғанин кейін гектографпен көбейтуге тиісті еді.

Макаланы тасқа басқан әріптермен көшіріп жазу себебі, кімнің жазғанын жандармдар айыра алмайтын болсын дегені еді.

— Ал, сендердің үйлерің бұл істің жайын біле ме? —

деді Христофор Спруде, екі досқа кезекпе-кезек мұкият  
карай отырып.

Сергей күлімсіреді ле, нығын комдады.

— Корықпаныз, Христофор Иванович, — біздің екеу-  
мізден басқа ешкім де білмейді.

— Жарайлды! Олай болса бастаңыздар. Тек жазуды  
эте айқын, тайға таңба басқандай етіп, әрітерді әрек-  
әрең таныйтын адамдар да жақсы оқыйтындаій етіп жа-  
зыңыздар.

— Сергей мұны істей алады! Ол чертежник қой, —  
деді Саня.

— Солай, — деп Спруде басын изеді. — Ал, сіздер  
тағы бір істі жасай алар ма екенсіздер?

— Бұл қандай нэрсе екен? — дегендей Сергей мен  
Саня аң-таң болды.

— Бұл іс өте маңызлы. Мұны орындау үшін салмақ-  
тылық және сактық қерек. Бұрсігүні, сембіге қараған  
түні, базар алаңы мен Малмыжск жолына листовкалар  
тастау кажет. Түсіндіңіздер ме?

— Түсінікті. Істейміз!

Дәл осы кеште жермен жексен болған сарайда ды-  
быссыз, асығыс жұмыс басталды.

Сергей мен Саня сарайдың есігін ішінен іліп алған-  
нан кейін «Искраның» судыраған жұка қағазын алда-  
рына жайып салып, ондағы қызыл карындашпен сыйыл-  
ған мақаланы көшіріп жазуға кіресті.

Стол үстінде жыпылықтаپ, сыйырлап балауыз шам  
жанып тұрды. Одан еріп тамған балауыздың тамшыла-  
ры балауыз орналаскан жez ыдысқа мезгіл-мезгіл тамып  
тұр. Стол үстінде үчіліп түйіскең екі бастың қолеңкесі  
сарайдың бөренелі тәбесі мен қабыргаларына түсіп, әр-  
лі-берлі қозғалуда.

Тұні бойы, таң бозарып атқанша екі дос кезекпен ма-  
каланы көшірумен болды. Сергей ең акырғы жолды кө-  
шіріп аяқтағанда этештер үшінші рет шақырган бола-  
тын. Сарайдың қабыргаларындағы жарықтардан күн  
көзі түссе бастады. Каланың шеттерінде малишылар сы-  
бызығыларын тартып жүрді, әйелдер мөңіреген сыйырла-  
рын табынға косуға әкетіп жатты.

Достар «Искра» мен көшіріп жазған қағаздарын ескі  
күрым күйінде астына тығып, оның үстінен шөй үйді де, өз-  
дері үйкүға кірісуге ыңғайланды.

Бірақ, мұндай жұмыстан кейін көз ілінту онай болып  
па?..

Сергей мен Сания көпкө дейін үйктай алмады. Ал, бұдан кейін олар біріне бірі тіл катыспастан киіне бастады.

— Уржумқага барамыз ба?

— Енді кайда барамыз!

Жазғы таңда, қайыршак тайпак жағадан арғы бетке, шыктың буы көтеріліп мұнарткан тоғайға карай беттеген бірінші қайық — «Искра» қайығы болды.

Бул қайықтың ішінде екі жас жігіт отырды. Олар қайықтың есекегін кезекпен есіп, бүкіл өзен бойын жаңырықтырып ән шырқап келе жатты. Бұл екі жастың түні бойы көз іліндірмей жұмыс істеп, «Самодержавия жоһылсы! Революция жақасын!» деген сөздермен аяқталған үндеуді қөшіріп жазғанын ешкім де байқай алмағандай еді.

---

Келесі түні достар өз жұмысын ескі моншага қөшірді. Төрт аяғынаи бірдей аксаған ағаш тақтаның үстінен бір буда ақ қағазды желатин мен глицерин косындысы күййылған темір тақтаны орналастырды.

— Ал, бастадык! — деді Сергей.

Ол көйлегінің жециң түріп, текст қөшірілген парак қағазлы алып глицерин еріндісінің бетіне жапты. Бірақ, ол қағазды мұнда канша уақыт үсташа керектігін ол білмейтін-ді. Сонымен катар, оның сағаты да жоқ-ты. Ол бір-екі деп онга дейін санауды да, сонаң кейін жайлап парак қағаздың шетінен үстап оны ептілікпен көтере бастады. Қек оріптер гектографка тайға танба басқандай жосылып түсіп калыпты. Қағаздың өзі де коюланып, салмақты болып қалды. Сергей оны умаждан ағаш тақтаның астына тастанды.

— Сіро, — жаман шығатын емес, — бастауға болады. Қағаз әкел!

Міне, мұнан кейін жұмыс жүре бастады. Бір секундтан кейін Сергей гектографтан бірінші листовканы шығарды. Каракөк кою сыймен жазылған әріптер дөңбекстей болып көрінеді, бір сөзбен айтқанда текстіні оңай окуға мүмкіншілік толық болған.

Сергей листовканы колына алып тәнкерістіріп қарал, сілкіп-сілкіп жіберді де, өз ісіне өзі қуанды. Ол үшін бұл листовка емес, бір тамаша картина сыйқтанып көрінді.

— Тамаша шыккан, ә? — деп Саяя әрбір минут са-  
йын сөзін қайталай беріп, таза парак қағазды Сергейге  
ұсынып үлгіріп тұрды.

Сергейдің колы-колына тимейді. Ол парак қағазды  
желатин мен глицерин ертіндісіне тигізеді де кайта шы-  
ғарады, тигизді де кайта шығарады.

Барлық полкалар, оның барлық бес баскышы, мон-  
шаның ескі екі скамьясы — барлығы да казір гана ба-  
сылып шыккан, әлі де ылғалы кеппеген листовкалармен  
толтырылды.


— Мүмкін осы жететін шығар? — деді Саяя. — Қоя-  
тын жеріміз қалмады ғой.

— Жоқ, тары да! Барлық ақ қағазды іске асыруымыз  
керек.

Ақырында таза қағазлардан бір де парак қалмаған  
кезде достар өз жұмыстарының ізін жасыру үшін жый-  
ыстыруға кірісті. Олар жердегі шашылып жатқан қағаз  
жыйындыларын жыйыстырды және гектографтан көк  
сыямен жазылған әріптерді жылды сумен жуып кетірді.  
Содан кейін гектографты кораға шығарды да, оны бұ-  
рынғы орнына кайтадан көміп тастады.

Енді ең акырғы жұмыс, жер аударылғандардың ең  
қажетті тапсырмасы — үндеу қағаздарын қалаға тарату  
кажет болды.

---



#### XXXVI ТАРАУ

### ҚАЛА ҮЙҚЫГА ӘНГЕНДЕ

— Ал, жыйналайык! Алдымен базарға барайық, содаң кейін Малмыжск жолына баармыз.

Олар асып, листовкаларды борлық калталарына, койның-коныштарына толтыра бастады. Қойлектерінің іші жет көмегендегі торсыйып, жан калталары бұлтыйып истті, біртқ қалған листовкалар әлі дс жетерлік еді. Сергей жыйырма шақтысын етігінің конышына, соңшасын койлектің ішіне жақындасты. Бұл ең акырғы листовкалар еді.

Мүнан жүйін Сергей мен Саня шамды үрлеп сөндірді де, жайлап қана сарайдан шыбып, біреу-міреу келе жаткан жок на омен деп, кораның ішінде бір минуттайтын тындаш түрлі.

Жоқ, ешқандай дыбыс естілмейді. Түн көзге тұртсе көрінбес қараңғы, қалырық, ыстық елі. Шөп араларында жүрген қата шеңірткелер ғана шырылдайлы.

Балалар сактықиен бірінің қолынан бірі үстап аяқ-

тарының үшінан басын корана аралап өтті де, көшеге шыкты.

Минсара басындағы слагат 12-ші сокты. Уржум қаласы жым-жырт үйкүда. Үйлердің барлық терезелері караны еді. Пелетсовалов көшесінің бұрышындағы шам әлде қашан соңіл қалған-ды. Өйткені, бұл фонарларды жаздырудар ерте сөндіретін.

Сергей мен Сания базар алаңына қарай жүрлі. Мінешіркеу, ал оның аржағында қарайып жатқан алаң. Олар жүгіріп отырып бос тұрған тектай лавкаларға келлі. Бұл лавкаларда базар болатын күндері деревнядан келген шаруалар өздерінің товарлары: сут құйған кумра, жұмыртка салған шетен корзиналарын қоятын.

Екі дос үнісіз-түнсіз және көз ілеспейтін шапшандықпен прилавкага листовкаларын таратып журді.

Аланды тыйыштық еді. Бірақ, жан-жактан шөп жеңен, пыскырган жылқылардың дыбысы естіліп тұрды. Бұл арбага жегіліп келген аттардың шөп жеп тұрған көзі еді. Олардың қасында тертесін жоғары кетеріп байлаган жук тиеген арбалар тұрған-ды. Жүктің үстінде және арбаның астында ертеңі болатын базарға келген шаруалор үйктап жатқан-ды. Аттардың біреуі анила-санда елеуреп, бір иәрседен сессекіндей тұяғын тарпып, кісінен кояды.

— Өй, қыршаңкы!... — деген арбаның астында жатқан үйкүлі-ояу аламның даусы естілді. Арбаның үстінегі адамлар қыбырлап козғала бастады.

Осы кезде Сергей мен Сания прилавкалардың астына жасырынып калды. Біраз уақыт дыбыстарға күлақ салған жатқаннан кейін, қайталан өзлөрінің ісіне кішті.

Кешікпей-ақ барлық прилавкалар листовкалармен жабылады.

— Ал, даяр болды ғой деймін, — деп сыйыр етті. Сөзій, — енді Малмыжск жолына қарай жүгірун керек.

Олар жүгіріп келді. Малмыжск жолына дәлір біткен жер барды, ал бұл жұмысты таң атқанша аялтау кажет.

Сергей бір бійк корғанды, темір қақпалы үйлім залдағы тәкестің касын, жамшалтасынан Сіриен штоқиты суырып алды да бар әлінше бійк қорғаннан бау-бакшаның ішіне қарай лактырып жіберді. Бұған үршелдіктен

Саня онын колынан шап беріп үстай алды. Бұл үйде ояздық исправниктің өзі тұратын-ды.

— Ал, кеттік.

Сергей Саняны бүйірінен түртіп қалып жүгіре жеңелді.

Көшіп артка қалдырғанин кейін Сергей сыйырлап:

— Мейлі, революционерлердің түнде де үйктамай жүретінін білсін — деді.

Қалыптың бакқа келгенде балалар етігін шыніп алды да Уржум өзенін кешіп өтті. Өзеннің аргы бетінен Малмыжек жолы басталады. Оның екі жағында ну орман қарайып көрінеді.

Сергей мен Саня жолға жетер-жетпесте, ойла жокта оларлың артынан құлакты жара ыскырган біреудің даусы естілді.

Оларға бұл ыскырық тіпті жакыннан естілгендей боллы. Сергей мен Саня аллы-артына қарамастан орманға карай жүгіре жөнелді. Өйткені, бұл орманда құышындардан жасырынуға мүмкіншілік мол еді.

Бірінші ыскырықтан кейін екінші ыскырық, және үшіншісінің даусы бұрынғыларынан да қаттырақ естілді. Ақырында бұл дыбыс жым-жырт басылғып калды.

— Токта, — деп Сергей Саняны тоқтатты. — Кайда жөнеп баrasың? Листовкаларды тастау керек!

— Дұрыс, — деді де Саня демін алды.

Олар жол бойымен жүріп келе жатып, әржерге, жол бойындағы бұталар жанына, кейде жолдың как ортасына листовкаларды тастап келеді.

Жарты сағат өткеннен кейін листовкалардың барлығы таратып болды.

— Каітарда басқа жолмен жүрейік, — деп үсыныс жасады Сергей. — Жанағы ыскырганның кім екенін шайтан біле ме. Ыскырық полицейскийдікі. Мүмкін, олар бізлі өткелде амдып тұрган шыгар...

Ол Спруденің сак болу керек деген кенесін есінде жақсы сақтаған-ды.

Жол батпактан өтетін. Ак тұмаи төмендеп жерге шөгүде, жоллы байқау өте қыйын. Олар бір дәңден бір дәңге жобалмен секіріп келеді. Батпактың мұздай сұына жиі-жиі сүрініп жығылып, белшелерінен батып келеді. Еменің үзінші бутактары беттерін тіліп барады.

— Ештеңе етпейді, үйге келгеннен кейін құргаймыз, — деп Сергей касындағы жолдасына дем беріп келеді.

Саня ауыр жүкті аркалап келе жатқандай терең күрсінеді.

Екі лос өзлерінің істеген жұмыстарына риза болып, судан шықкан тышканша жаураған бойы қалаға кіргенде көш лерле таң рауандап атып келе жатты. Олар өздерінің мекені — сарайға келгеннен кейін кемпірдің даярлаған наны мен бір күмыра сүтті күп соғып алды. Содан кейін, су болған киімдерін жайып қойып, үйктауға жыйналды. Бірак, үйктауға уакыт қалмай калды, таң атып кетті.

Калада листовка тасталғаны туралы бірінші хабарды кемпір Маланья жеткізді. Кемпір үрейленген және ашуланған бойы базардан жанаға қайтқан-ды. Аптықкан кемпірдің кара шәлісі таркатылып кеткен.

— Тәнірім сактай көрсін, — деп ынтықсан бойы сөйлей берді ол. — Мейрам күндеріне арнап шошканың жарты басын және сыйрактарын сатып алып үйінен сорпа жасауды көздел бармадым ба базарға, жазған басым. Ал, базар мен барған кезде мұлде сакшылар корасына айналып кетті. Пристав та, полицейдің тергеушілері де, кала бастығы да жандарын шүберекке түйіп жүгірісіп жур. Айқай-шу, ыскырыктар құлакты жарады... Бір белгісіз қағаздарды ізлеп жүргендер. Бүгін түнде, дейді олар, бүлік шыгаруши студенттер қалаға қағаздар тараткан, ал бұл қағаздарда патшаға карсы неше алуан сөздер жазылған. Тәнірім сактасын, олардың бұл қағазды шашпаган жер! қалмаган! Малмыжек жочында да, базарда да және бүкіл қалада әлгі қағаздар толып кеткен. Ие. бұл бұл ма, тағы да сөлекеті бар! Тіпті исправниктің корасынан да бір будасы табылыпты, деді маган Владимир Иванович. Жаратқан нем, өзің жар болағар! Бұл қандай корықпайтын пәлекеттер!...

Сергей мен Саня бір-біріне қарап, ішек-сілесі катып күлісті.

— Мұның неменесі құлкі? Неменеге сендердің тістерін сақылдап, мәз-мәйрам боласындар? Мұндай қағаздар үшін адамдарды Сібірге айдайды, ал булар күледі ғой!..

Кемпір көпке дейін күнкіллей берді. Ол жаңағы «корықпайтын пәлекеттер» — өзінің немересі Сережа мен Самарцевтарлың Санькасы екені және оларлың өз корасы ішіндегі монша артында жасырын баспаханасы бар екенин сезбеді де.

Күн ұзакқа Сергей емтиханнан мұдірмей откен пішінде көнілді жүрді.

Оа, қызының көтере үстап, қауғадай фуражкасын едіретін кітеп полицей нақышрателі — «Әтепіңі» саскалатын үйдің касына жүгіріп етіп бара жатқының генді. «Әтепіңі» кейін сары мұртты Дергач, ал оның сонына ырқылдан енгізіп, алдындағыларға зорға ілесіп қаһарлық пристав жүгіріп бара жатты. 10 минут откеннен кейін жанағылардың сонынаң, Полстовалов көшесін шаңдатып күйме жиеки исправник отті.

— Жаңана бастапты! — деп күлді Сережа. — Бірақ, көніңің міни қалған! Енді біздің листовкаларымыз бүкіл сияға тараپ кетті.

Қалада — көшеслерде де, үйлерде де, дүкендерде де, езен басында да — барлық әнгіме тек листовка туралығана болды. Бұл іс жер аударылғандардың қолынаң откен болу керек, деп ойлады барлығы да.

Барлығы да сыйырлап сәйлесіп, үйлеп-аһлап, бастарын шайқасып, қолдарын сілтесіп таңданумен болды. Сергей мен Саня көшелерді аралап жүріп, әнгімелерге күлактарын тікті, іштерінен мазақ етті. Олар Полстолов көшесінің басына барып, жер аударылғандарда қандай хабарлар бар екенін естігілері де келді. Үйрак, бұл туралы кемінде үш—төрт күн өтпей ойлаудың да қажеті жоқ-ты.

Әдеттегіше, әрбір сембі күні барлық уржумдықтар корасындағы монишаларын жағатын-ди. Бұл сомбі күні де белгіленген тәртіп бұзылған жоқ, қаладағы жағдайға карамастан монша жағыла бастады.

Маланья кемпір де өзінің моншасын жакты. Сергей өзінің досымен бірге шелектеп су тасыды. Ақырында кемпір оларға риза болғандай былай деді:

— Сендер өзендеңі барлық суды тасып боларсындар. Баскаларға да қалдыру керек кой!

Балалар бүгінгі қуаныштарының аркасында тек өзендеңі судығана емес, тіпті бүтін бір теңіздің сусын саркатында болып жүрген-ди.

Кештің әлден уағында, барлық үй адамдарынан кейін олар моншага жуынуға кетті. Сергей тіпті екіленіп кетті. Ол қызып түрған тастың үстіне қатарынан біриеше шылапшын суды шашып жіберді. Отпен балқыған тасқа күйилған су сол минутінде кою, ыстық, ак буга айналды.

— Жетеді! Өзі де ыстық кой! Сен немесе, жындану-

дан саусын ба? — деп будан көзін аша алмай тұрған Саяяқайдалап жіберді.

— Істық па? — деп Сергей Саняның аяғының астынан бір шылапшын суды құя салды.

— Серьга, шайтан! — деп бакырып жіберді Саяя.

Ол басын әбден сабындаң тақтаниң үстіне отырды. Оның келбеті ашууланған төрізді еді.

— Тондыш ба Санячка? Олай болса мен сені сыныртқымен сабалайын!

Сергей тақтада жатқан қайың сыныртқыны алды да, жолдасына караң тап берді. Бірақ, Саня мұздағы су тәлі шылапшынды алып Сергейдің үстіне құйып та үлгірді.

— Ал, енді менен жаксылық күтпе!

Саяя бұл әзілді шын деп ойлап үрэйленіп кетті. Ол тақтаниң үстіне бүрісіп отырып алып, өзінің алдына қалқан етіп бос шылапшынды көлегейледі. Сабынның көбігі оның көзін ашытып барады, ал оны жуайын десе жанында сұзы жок. Мұндай жағдайға түскен Саняның бет-аузы тыржыйғаны сондай, оны көрген Сергейдің күлкісі келді.

Ол Саняға карсы тақтаға отырып алып қолын созды да:

— Жарайды, солай-ақ болсын! Тіпті тамаша! — деді.

Саяя бос шылапшының жерге қойып, Сөрежаның шылапшындағы суга көзін жуды.

Келісімге келгеннен кейін екі дос жоғары тақтаға көтеріліп бір-бірінің аркасын жуғыштады.

Бірақ, олар бір-біріне әлі де сенбестік көзben қарасты.

Түн ортасында кемпір далага шығып, балалар моншадағы шамды сөндіруді үмытып кетпеді ме еken дегендей тесіле қарады.

Жарық әлі де жылтылдан көрініп тұр еді.

Кемпір моншага таялып келді де, онан мынадай өлеңді естіді:

Темір үшін адам құрбаң,  
Темір үшін адам құрбан,  
Шайтан онда сауық құрган.

Сергейдің пәрменді, сыңғыраған, дүниені жаңғырықтырған күшті даусын оның әжесі бірден-ақ таный қойды. Бұл өлең айтып отырған соның өзі. Ал, оның досы өзінің барылдаған даусымен оған қосылып:

Сауық күрған, сауық күрған, сауық күрған...  
деп жырлайды.

Кемпір терезеден карап аң-таң болды.

Достар тақтада отырып алып, шылапшының тұбіне жұдырықтарымен гарсылдатып урып отырып біріне бірі әдемі косылып отыр.

Шайтан онда сауық күрған...

— Моншада отырып алып түннің әлден уағында айтып отырғандары қандай өлең, булардын. Ту пәлекет! — деп кемпір жері еткірді де терезені қакты.

— Барындар, үйктандар тұн кезушілер!

Бірнеше минут өткеннен кейін моншадағы шам сөндірілді. Бұдан кейін екі қоленке кораның ішімен тездестіп жүгіріп отырып, сарайға барып кірді. Сарайдың есігі сарт етіп жабылды.

Бұл тұні Сергей мен Саня өлген кісідей катты үйктады.

---

Жаз бойы ыстық болды, тіпті август айының дәл ортасына дейін күн көзі тамылжып тұрды. Жаңа ғана алма пісе бастаған кез, ал Сергейге Казанға бару уақытың жетіп қалды. Өнеркәсіп училищесінде оку августың 15-ин басталатын-ды.

Жүрер алдында, түннің бір уақытында Сергей коштасуға жер аударылғандарға кетті. Ол Полстовалов көшесінің бойымен жүріп келе жатып, кішкентай үйдің терезелерінен санлау көрінбейтінін сезіп келеді.

«Мүмкін, олардың барлығы да корада үйктап жатқан шығар?» деген оймен Сергей жақындал келеді.

Жермен жексен болып бір жағына қыйсайған баспалдақта біреу темекі тартып отырды. Папирос тартқандағы жарық сәулесі оның ала көйлегі мен кішкентай шоқша сакалын емескі байқатады. Бұл Христофор Спруде еді.

— Біздің адамдарымыз балық аулап жүр... Отыр! — деді де ол ысырылып орын берді.

Сергей оның касына отыра кетті.

— Ертең жүремін — коштасуға келдім.

— Солай ма, онда кідіре тұр біздің адамдар шынында да казір қайтады. Темекі тартқыңыз келе ме?

## Екеуі де темекі тартты.

Көшедегі тыыштық сондай еді, әрбір сыбырлап айтылған сөздер көше басына дейін естіліп тұрды.

Полстовалов көшесінің келесі аяғында Пронки үйінің қақласы алдында скамияда отырған біреу ызылдағы өлең айтады. Оның өлеңі қайғылы, және шіркеудегі айтылатын ән тәрізді еді.

Кешті қырдан асырғанда,  
Жұрт аяғы басылғанда  
Самсап шығып, сәуле шашад  
Көп жүлдіздар қек аспанда.

## Бұл өлең кешікпей-ақ тынып қалды.

Үйлердегі шамдар бірінен соң бірі өшіріліп, көше бірте-бірте караңыланып, тыышталып барады. Сергейге касында отырған адаммен бірге жол жүріп келе жатып, екеуі дем алуға отырған сыйктанып көріне бастады. Төңіректегі кішкентай үйлер караңыда шөмелде сыйктанып көрінеді.

— Үнсіз қала, — деді Спруде, — бізді мұнда жер аударғалы үшінші жыл болды.

— Ал, сіз мұнан бұрын қай жерде тұрдыныз?

— Россия байтак кой. Менің бармаған жерім жок... Петербургте де, Москвада да, Донда да, Уралда да, Казанда да тұрып көрдім...

— Қазан жақсы қала емес пе? — деп сұрады Сергей.

— Қала жаман емес, сонымен қатар онда жақсы адамдар да бар. Онда менің казір де бір студент жолдасым тұрады. Мүмкін, барғаннан кейін оған кіріп шығарсыз? Үйіне жүрт көп келеді — студенттер, жұмысшылар үнемі болып тұрады...

— Мен оған тіпті қуана-қуана баар едім!.. — деді Сергей асыға сөйлеп. — Бірак, олар мені...

— Олар немене! Оларга тек қана Христофор жіберді десең-ақ болғаны, сізді олар ескі досындағы қабылдайды.

Спруде Сергейдің күлағына аузын таяп:

— Сіз гектографка листовка баса біледі екенсіз, түнде листовка таратса біледі екенсіз, — демек, сізді үсынуға әбден болады... Сонымен қатар сіз бір нәрсені естевшиғарманыз: біздің ісімізде өте кажет... тіпті кажет... Кыскартып айтқанда мұны сізге калай түсіндіруге болар екен? Сіздің жүргегініздің қайнаған ыстық болуы, ад, басыңыздың салқынқанды болуы қажет?



#### XХХVII ТАРАУ

### ҚАЗАНДАҒЫ АҚЫРҒЫ ЖЫЛ

1903 жылы Сергей, Қазанда оқыған бірінші жылы болған забоды Крестовниковтар заводында практикант болып жұмыс істей бастады.

Ол енді цехтардағы ауыр тұрмысты, сабын мен кой майларының көңірсігеп шістерін Акимычтың сөзінен ғана емес, өз көзімен көріп, құлағымен естіді.

Кислота қүйған үлкен шандар мен атышулы Қазан сабыны қайнап жаткан қазаңдар жанынан жұмысшылар 11 сағат бойы кетпей үздіксіз жұмыс істелі.

Крестовниковтарда көптеген татарлар жұмыс істеді. Сергей тері тамшилап, маймен араласқан сабын ерінділерін қүйған үлкен ыдыстарды тасып жүрген талай татарларды көрді. Ишіне бірнеше пүт сабын қўйылған

ыдыстар таякты майыстырып, жук тасушилардың ийкетарын тіліп барады. Олар кейбір уақыттарда күніне өз ийкетарымен үш-төрт жүз пүттан жук тасыйтын.

Бул жігіттерді жасына, бойына және күшіне карай таңдал алатын. Кауіпті жұмыстарда, кислотаны шөлмек ыдыстан шанға қюо жұмысында да татарлар тұратын. Олардың аяктары мен колдары түгелінен уланған және күйген. Бұл кауіпті және соншалық ауыр жұмыстары үшін оларға айна 8 сомдан 18 сомға дейін жалакы төлейтін. Ал, олар күні-түні бірдей жұмыста болатын.

Сергей заводтан шаршап кайтканша кейін майға былғанған кімін шешіп, таза кімін киіп училищениң чертежкин жасауга отырган кездерде заводтың котел бөлімінің, лебедкамын дүреілдеп, гүілдеген дыбыстары мен мастерлердің боктаған, жук тасуши татарлардың айқайлаған дауыстары күлағышан кетпейтін.

Кыйын машиналардың, казанның детальдарын ақ қағазға түсірумен шұғылданған Сергей түннің алден уағына дейін тынбастан жұмыс істейтін. Ол жұмыс істеп отырып, сол қағазға түсіріп отырган двигательдер мен казандар жұмыс істеп жаткан Крестовниковтар заводының адамды тұншыктыратын, лас цехтарый көз алдына елестетін. Ол сол заводтагы машиналардың бұдан елу жыл бұрын негізделген заводтың жұмыс істей бастаған кезіндегі карқынмен жургеніне риза өмес-ті.

Жұмысшылардың еріксіз өмірін көрген Сергей сол жылды Уржумға былай деп хат жазды:

«...Мысалы, мунда Крестовниковтар заводы бар (Крестовников свечкасын білетін шығарсыздар), осы заводта жұмыс істейтін жұмысшылар күні-түні және ешқандай мейрамсыз жұмыс істейді. Ал, сіз олардан мейрам күндері жұмыс істеулеріңнің себебі не, деп сұрай қалсаңыз, олар сізге былай деп жауап береді: «Егер де біз тек бір күн ғана жұмыс іstemей қойсак, онда біздің сабынымыздың еріндісі мен тоңмаймызы катып қалады. Оны кайтадан жылтуға ең кемі елу сом немесе тіпті жүз сом шығын болады». Ал, өздерініз байқап көріңіздер, фабрикашы немесе завод иелеріне жүз сом деген қандай зиян келтірмекші? Шынында бұл оларға ештene өмес кой! Е, осыны ойлағанда: біреулердің шөп басын қыймылдатпай рахат көретіні қалай да, біреулердің тышым таппай жұмыс істеп жүріп қайыршы болатыны қалай?

Осыны қалай деп ойлар едініздер? — деп сұрағын келелі».

Сол кезде, Сергей бұл хатты жазған уақытта, оның жасы 17 де болатын. Ол сол кездегі ортасына, болып жатқан оқыйғаларға жіті қарап, талай-талай нәрселерді түйді. Ал, ол кезде көңіл аударатын оқыйғалар да жеткілікті болатын.

Ол кезде бүкіл ел тұтана бастаған пілтемен ораулы оқ-дәрілер қоймасын еске түсіргендей еді. Уақыт тогыз жүз бесінші жылға айналып бара жатқан кез. Ана жерден де, мына жерден де көтеріліс пен ереуілдер шыбып жатты.

Армияда да қобалжу бар деген қауесет орын алғанды. Солдаттар мен матростардан да бұлік шығарушылар листовкалары табылып жүрді. Төменгі шен-шекпенділерді де үнемі соңғы жеу, пайдасыз бірнәрселермен басын шата беру тойдырыған сыйкты.

Тұрме іші де адамға лық толы. Қылмыстылар түрменин әрбір бөлмесінде біреуден, екеуден қамалған «бұлік шығарушылар» жыл санап көбейіп келеді. Олар — заводтарда да, армияда да, және студент жастар арасында да орын тепкен. Листовкаларда да, шакыруларда да, жасырын кездесулерде де және көшелерде болған ашық жыйындарда да самодержавияға қарсы күреске шакырған үрандар тасталып жүрді.

Байтақ Россияда да, Казанда да дәл осылай болып жатты. 1903 жылғы 21 январьда қалада шакыру қағаздар тасталып, үйлер жанына желімделіп қалды. Листовкалар Алафузов, Крестовниковтар, Свешниковтар, заводтарына да, оқ-дәрі және сыра заводтары мен мастерскайларге де, баспаханаға да жеткізілген.

Ғұбайдуллинің қаладан он бес километр қашықтықтағы шұға фабрикасына да листовкалар тарап үлгірғен. Шакыру қағаздар орыс және татар тілдерінде де басылып шыққан. Бұл листовкаларда былай деп жазылған:

«...Біз, «Россия Социал-Демократиялық Партиясы» деп аталатын күресуші жұмысшылардың жалпы семьясына бас қосуымыз керек.

Біз, Қазанның саналы жұмысшылары, бұл партия қатарына қазірдің өзінде кіріп отырмыз және біздің барлық жолдастарымызды катарымызға қосылуға шакырамыз. Ал, жолдастар, бұл туралы қатты ойланыңыз-

дар және касса, үйірме, одактарға бас косып алғаннан кейін, бізге өздеріңіздің ағайындық күс қолдарынызды ұсынысыздар және біздерді қанаушы, тонаушыларға қарсы құресте барлық зәбірленгендермен, корлық көргендермен біріге отырып, батыл алға басындар».

Осындай листовкалар бағаналарға, әр үйлерге, қорғандарға жабыстырылды. Құндізгі сағат он екіге таяу полициялар бүкіл қаланы алды, листовканы құртуға күмірсқадай жұмылды. Листовкалар қатты желімделген діктен оларды сыйдырып алу оңайға түспейді. Полицейлер өздерінің қылыштарын қырғышқа айналдырып, кабыргаға қамырмен жапсырылған листовкаларды тырнаумен болды. Ал, олармен араласып жүрген татар балалары дәл сондай листовкаларды бұқараға таратумен болды. Бұл листовкалар күнделікті шыгарылып жататын газеттерден кем тараган жок. Полицейлер алғашкыда әлгі шайтан-балаларды үстарын, немесе кабыргалардағы листовкаларды сыйдырып аларын білмей анырды.

Полицейлер ай сайын дерлік бірде қаланың ана шетінен, бірде мына шетінен демонстранттарды таратумен әлек болды.

26 октябрь күні Казанда түрмеге жабылған студент, социал-демократ Симонов қайтыс болды. Ол түрмеде екі ай, округтік есінен ауғандар ауруханасында төрт ай жатты. Бұл аурухана оған түрмeden де жаман болды. Олар бұл студентті қасақана нағыз коянышқадамдардың ішіне орналастырыды. Оған аурухананың корасының ішіне де қыдыруға үлықсат етпейді. Ол төрт ай бойы сасылқ ауамен дем алды. Одан кейін оның бұрынғы көкірек ауруы қоза түсті.

Ол ауруханаға орналасқанмен, оны ешкім емдемеді. Дәрігерлер оған көзін де салмады, алайда, әрбір күн сағын оның жаткан палатасына үзбестен жандармдар мен тергеушілер келіп тұрды. Олар шалажансар Симоновтан өзімен бірге революциялық үйымға қатысқан адамдарды білгісі келіп, оған талай корлық көрсетті.

Міне, сонымен Симонов өліп тынды.

Бұл өлімге жауап ретінде көптеген студенттер мен жұмысшылар жынын үйымдастырыды. Симоновты жерлеуғе барғандар оның басына қызыл гүл қойып, революциялық өлөндөр айтумен шығарып салды. Ал, бірнеше күн өткеннен кейін, 5 ноябрь күні, Казан университетінің жылдық мерекесінде Симоновты еске түсірген екінші

жыйын болды. Мұнан бұрын Қазанда мұндай ешқандай жыйын болып көрмеген ді. Полицейлер жыйынға жыйналған студенттер мен жұмысшыларды қамшымен сабалап күді. Сол күні 35 студент қамауға алынды.

5 ноябрь күнгі болған жыйынға басқа окушы жастармен бірге өнеркәсіп училищесінің окушылары да катысты.

Бұл естен кетпес күннен кейін Қазан жастары көп уақыт толықсумен болды. Осыған байланысты университеттің аудиториялары мен жеке пәтерлерде кездесулер болды.

Заводтар мен фабрикаларда социал-демократ студенттер басқарған жасырын үйірмелер көбейе түсті.

Бір кездерде Христофор Спруденің Сергейді жібергев студенті де социал-демократ болып шыкты және ол үйірме басқарады екен.

Оны ешқандай фамилясыз тек қана Виктор деп атайды. Ол жігіт карапайым және тамаша жайдары болатын. Оның мұртсыз, жас баланың бетіндей құлімдеген бетіне қарағанда, отыз жасқа келгендігіне сенуге тіпті болмайтын. Тек басындағы онып, бояуы кеткен бұрынғы шымқай қаракөк, казір солғын көк түсті фуражкасынан ғана оның бір кездерде студент болғанын сезуге болатын еді.

Сергей оған жиі барып, түннің әлден уақытына дейін онымен бірге отырып, шай ішіп, әрбір талас әнгімелердің кейде үлкен кітаптар әкетіп жүрді. Бұларын Сергей үнемі шинелінің ішіне тыкқыштап, жасырып әкететін.

Симоновты жерлегеннен кейін кешікпей-ақ Сергей бір күні кешкі түрым Виктордың үйіне барды.

— Маган дәл сіз керексіз, — деді Виктор. — Мүмків, сіз маган бірнәрсеге кеңес берерсіз.

Сергей ортасы түскен ескі диванға барып отырған кезде, студент бірнәрсені ойланғандай, темекісінің түтінін бүркүрата бөлменің ішінде әрлі-берлі жүрумен болды.

Содан кейін ол Сергейге жақын келіп отырды.

— Күлақ қойыцыз, — деді ол, — бастықтарға сездірмей сіздің механика мастерскойныңда бірнәрсені да-бындауға болар ма екен?

— Атап айтқанда қандай нәрсе қажет? — деп сүрады Сергей. — Әрине, сізге гидравлика прессі, немесе кронциркульдер қажет емес шығар...

Виктор құлді.

— Пресс дерлік — пресс емес, бірақ та соған үқсас нәрсе. Тұсінесіз бе, бұл нәрсенің тарихина... Бізге бірнәрселерді басу қажет еді. Өте тығыз. Және саны өте көп. Ал, гектографпен онша алысқа бара алмайсын. Сонымен, сіз біз үшін сондай нәрсені ойлап таппас па екенсіз. Бір кішкентай ғана станок, немесе валигі бар әріптер қобдыйшасы. Эріптер бізде бар — бұған баспахана жұмысшылары көмектесті.

Сергей ойланып қалды.

— Несі бар, ойланып табу керек... Қобдыйша дегениңдің онша қыйын нәрсе өмес. Бірақ та ол гектографтың аз-ақ алдында гой. Мықтағанда екі—үш жұз ғана листовка басып шығарасыз содан кейін оның да халі бітеді...

— Бір амалын табу керек, — деп Виктор алақанын жайды. — Тимофеевтің баспаханасында бірден он мың дана басып шығаруға болатын еді, амал қанша, онда біздің заказымызды қабылдай қоймайтын шығар...

— Токтай тұрыңыз, — деді Сергей. — Менің ойыма бірнәрселер келе бастады, ойлап көрейінші.

— Кәне, кәне?

— Қазіргі уақытта біздің механика мастерскоймызда бірнәрсені жөндеп жатыр, мүмкін, соның өзі бұл іске жарап қалар. Тимофеев баспаханасынан жаман емес, бірақ та одан едәуір аз шығарар.

— Бұл тіпті тамаша болар еді, — деді Виктор орынан тұрып.

Сергей де орынан тұрды.

— Сонымен, демек, мен соны алғын сізге жеткізу жағын қөздейін. Ол бізге бір соқырларға көмектесу когамынан келіп түскен-ді. Бірақ, ол қазіргі уақытта, меніңше, көзі барларға қажеттірек болып тұр ғой... Тек бізге мұның ыңғайын табу керек.

— Тіпті жақсы, — деді Виктор. — Бұл туралы мен өз адамдарыма ертең хабар етейін, ал сіз істің қалай болғаны жайлы маған айтарсыз. Кешке таман қалалық театрга келіңіз. Сонда жолығармыз.

Бұл әңгіме 13 ноябрь күні болған-ды. Ал, 15 ноябрьге қараған күні Сергей өзінің уәдесін орындауға табан тіреген еді.

Бірақ, 14 күні бұл іске кеселін келтіретін бір жағдай кездесіп қалды.



#### XXXVIII ТАРАУ

### МЕҚТЕПТЕГІ КӨТЕРИЛІС

14 ноябрь қуні Қазанның калалық театрында кедей студенттердің пайдасына концертті-спектакль қойылды. Бұл концертке студенттердің өздері катысты.

Бұл концерт басталмастан бірнеше күн бұрын-ак студенттердің концертінің калай да ереуілмен тынатынығы туралы қалада әңгімелер айтылып жүрді.

Театрдың күндізгідей жарқыраған есігінің алдына жастар лек-легімен жыйналған басталды. Колдарын артына үстап жайбарақат тенселген кала бакылаушылары театрдың кең баскышының алдында әрлі-берлі сенделуде. Бүгін олар тіпті көп еді, — оларды полиция бастығы катап бакылау жасауға жібергені байқалып тұр.

Үш дос — Сергей Костриков, Асеев және Яковлев театрға жақындей беріп, жан-жактарына қарасты. Олардың театрға баруға директордан алған рұқсаты жок-ты ал бұл жолы театрға кіру өте қажет еді.

Достар есіктен кіруге үмтыла бергенде өздерінен екі — үш қадам жерде тұрған, кезкелген жерде андып жүретін, бакылаушы Макаровты көріп қалды. Макаров екі колын артына үстап оларға қозінің қызығын салып қарағатыр екен. Қашып кетуге кеш болды. Үш оқушыны көрген бакылаушы оларға бір сөз айтқысы келіп шүйіле тусты. Бірак, Асеев оның алдын орағыта:

— Сәлемәтсіз бе, Панфил Никитич. Біздін үлгілі мінезд-құлқымыз үшін инспектор мырзаның өзі бізге бүгін театрға баруға үлықсат етті, — деді.

Бакылаушы аузын ашып үлгергенше достар есікке барып қалды.

Елкалармен безелген фоэде әскери оркестр ойнап жатты. Киоскілерде студенттер мен оқушыларға ғулдер, программалар және түрлі тәттілер сатып жатты. Бүгін театрға Қазанның барлық дерлік оқушы жастары жыйналыпты. Студенттердің формалы түжуркалары арасынан жай азаматтардың киімдері мен әйелдердің әшекейлі көйлектері әржерден бір көрінеді. Жастардың барлығының дерлік омырауына «Амур почтасы» номерлері калаған.

Сергей, Асеев және Яковлев фоэдегі халықтар арасында біраз жүрді. Олар Викторды іздеді. Кенеттен Сергейге бір үзын бұрымды гимназистка жетіп келді. Оның иғынына асынған ленталы сумкасында: «Амур почтасы» деген жазу бар.

— Сіздің номерініз 69 ба? — деп сұрап койды, күлімсіреп.—Сізге хат бар.

Сергей кішкентай көк конвертті ашып, оның ішінек бадырайған үлкен әріппен, қыйсайта жазған үш жолды оқыды.

«Сізбен жолығысуға күштармын. Концерттен кейін Державин скверінде асыға күтемін. Кіреберістегі он жактағы үшінші скамейка».

Бұл хат Виктордан еді.

Сергей көк конвертін жаңына салып үлгірместен Асеев оған қарап сыйыр ете калды:

— Широков, Широков! Кара, Широков келе жатыр!

Достар артына қарап, бүкіл училищенің пірі — инспектор Широков Алексей Саввичтің келе жатканын көрді. Ол фоэге салтанатпен, кеудесіне де және мойнына да ордендарын тағып, маңыздынып кіріп келе жатты. Ал, оның сонында көзін қысып, мойнын соза қараған бакылаушы Макаров келе жатты. Достар біріне-бірі қарап,

тездетіп коридорға шығуды ойлады. Бірак, бұл жолы оларға Макаровтың көзінен таюға мүмкіндік болмай қалды.

Ол, Сергейдің қолынан шап беріп үстай алып, оған кейіген түрде былай деді:

— Үят, мызралар, өтірік айту үят. Мұлде үят. Инспектор мырза сендерге рұқсат етуді тіпті ойлаған да жок. Дәл қазір театрдан шығып үйлеріне баруларыңды сұраймын.

Сергей және оның екі жолдасы үндеместен тәжім еті де, киім ілетін жерге қарай жүріп кетті. Олар киім ілетін жердің артында он минуттай тұрды да, содан кейін қайтадан жогары көтерілді.

Концерт басталып та қалды.

Барлық халық залда болатын. Тек кешіккен бірнеше адам топталып, жабылып қалған есіктің алдында тұрды. Залдан рояльдің шулы даусы мен сыбызының созылған жіңішке дауыстары естілді. Содан кейін, дүрілдеген кол шапалактау бүкіл залды жаңырықтырды. Олардың ішінен біреуі «браво» деп айқайлап жіберді. Омырауына ғул қадаған басқарушы-студент кешіккендерді залға кіргізді.

Дәл осы минутта сахнаға, жаңағыдай омырауына ғул қадаған басқа бір студент шыға келіп, бар даусымен былай деп жариялады:

— Бальмонттың «Жан тапсырғалы жатқан ақкуы». Мұны орындайтын Қазан университетінің студенті Павлов-ский. Рояльдағы Москва консерваториясының оқушысы мадмуазель Фельдман.

Сахнаның кейінгі жағынан кызылала белбеулі, қараселдір кейілек киген, талдырмаш кыз шыға келді, ал онаң кейін жауырыны қажпактай, басы кейін қайқайған аккуба студент шықты. Формамен тігілген сиортуқ оған қонымызыдау еді, ол киімнің басқа адамдікі екені байқа-лып-ақ тұрды.

Кыз рояльдың жанына келіп отырды да жіңішке ак саусағын рояльдің пернесіне тигізді, ал студент сахнаның жиегіне жақындей түсіп, жастарға толы залды көзімен бір шолып өтті де, бірқалыпты, күшті, кең даусымен:

Тенізденің ақбурыл айдынына дауыл бұлтты үйіреді...  
деп бастады.

Залдағы жұрт күбір ете қалды.

**Ал, саҳнадан шыққан дауыс бұрынғысынан да үдең, толқый түсті:**

Бұлт пен теңіздің арасында наизағай сынды дауылпаз өршелене самғап қанағады.

Бірессе қанаттымен толқынды жанап, бірессе оқша зымырап бұлтқа ешіп ол санқ-санқ етіп дауыстайды, күстың осы батыл айбынды даусынан бұлттар шаттық үшін есітеді.

Бұл дауыс дауылдия көксеиді. Бұл дауыстан бұлтар ызынның күшін, күмарлықтың жалынын, жеңіс майданының сенімін есітеді.

**Студент азырақ тоқтап қалды, бұған жауап ретіндегі жоғарыда отырғандар кенеттен қол шапалақтап жібереді.**

Дауыл болар алдынан шағалалар зәресі үшіп шаңқылдайды, үрейлене шаңқылдайды, теңіз үстінде жалпылдан үшқан болады, дауылдан үріккендегі өз үрейлері оларды теңіз түбіне ба-тыргандай.

Гагар үйректер де шаңқылдайды, — олар, гагарлар өмірдің күрес майданынан ләззат ала алмайды. Найзагайдың сатыр-сү-тыр етіп, күннің күркіреуі олардың зәресін алады...

Біреу қарғып тұрып, үрейленген пішінмен, асыға ба-сып залдан жүгіріп өтті...

Есалаң кеккүттан семіз денесін жасырып, жартасқа тығы-лады...

**Ложада отырған полиция бастығының қырылдаған даусы естілді:**

— Жабылсын перде! Бассыздық тоқтатылсын!

Көзі алақандай, жуан денелі полиция бастығы барьерден асыла қарап, есік жақтағы тұрған біреулерге ақ-колғап киген қолын бұлғады.

Халық өздерінің орындарынан өре тұра келіп, саҳнаға қарай үмтүлды. Үскірық, сыңғыраған өкше темір дауыстары залда көбейіп кетті. Бірақ, перде әлі жабылған жок. Ал, студент саҳнаның нақ ернегінде тұрып алып Максим Горькийдің «Дауылпаз» жырын залдағы шулаған дауыстарды баса, күшті бар даусымен оқый берді.

— Дауыл! Жакын арада дауыл согады!

Батыл дауылпаз жарқылдаған жай оғының арасында, долданған ашулы теңіздің үстінде өршелене қанағады. Майданды жеңістің пайғамбары шаңқылдан жар салады:

— Дауыл үдей соқсын!

Кейінгі қатарда отырған ондаған жастар даусы **ек** ақырғы сөзді іліп әкетті:

## — Дауыл үдәй соқсын!

Перде ақырын сырғып барады. Халық шығатын есік-ке қарай жаптырыла жөнелді. Мектеп бакылаушысы Макаров топ ішінде қысылып-қымтырла киім іletія орынға қарай ұмтылып барады. Дәл сол кезде оның қасындағы баспалдактан Қазанның өнеркәсіп училищесінің үш окушысы — Костриков, Асеев және Яковлев секіріп түсіп бара жатты.

Сергей театрдан шыккан бойы Державин скверінде ті үәделескен орынға турға тартты. Ол үйге кеш қайтты.

---

Келесі күні достар күндегісіндей училищеге кетті; Асеев пең Яковлев шинель іletін жерде аялдағанда, Сергей чертежын қолтығына қысып класка кетті. Есік алдында оны бакылаушы Макаров қарсы алды.

— Костриков, — деді ол байсалды, тіпті ерінген адамдай. — Каршерге журе қойыныз.

Каршерде, коридордың түкпірінде үқсас қараңғы, ұзынша бәлмеде, өте сұық болатын және оның шіріген ие мүнкіп тұратын. Бес минут өткеннен кейін оған Асеев пең Яковлевты да алып келді. Бакылаушы есікті жауып кілтеп үлгіргенше Яковлев былай деп өлең айтЫп жіберді:

Саған сәлем жолдаймын ізгі мекен.

Достар каршерде азды-көпті болса да, танертенгі сөгізден кешкі сегізге дейін — катарынан он екі сағат отыруға тиісті болды.

Олар жабықпауға бел буды.

Алдымен олар есікті аяғымен тепкіледі, содан кейін күресті. Бірінің үстінен бірі секіріп ойнады, ал ақырында өлең айта бастады.

Торда өскен жас бүркіттей қанаттары комдаулы...

Торда өскен жас бүркіттей қанаттары комдаулы...

Оларға ешкім бөгет жасаған жок. Каршердің есігінің алдындағы коридорда сондай тыныштық еді, мектептің барлық бакылаушылары қырылып калғандай.

Кешкे жақын, мастерскойлар мен лабораторияларда оку біткен кезде тұтқындарды босатып, оларға ерекшे ғұлықсат болғанша училищеге келмеу бўйырылды.

Келесі күні училищеде Костриковты, Асеевты және

**Яковлевты шығарады деген қауесет тарады.** Үлкен ве-  
менге болған қонырау кезінде көнілсіз үзын коридорда  
окушылар тынышсызданып жүгірісе бастады.

— Мәжліс залына... Барлығы да мәжліс залына!

— Директорды шакыр! Инспекторды шакыр!

— Оларды мектептен шығару туралы бұйрықтың  
кушін жоятын болсын!

— Костриков, Асеев пен Яковлевты училищеде кал-  
дырысын!

Мектеп басшылары тынышсыздана бастады. Учи-  
лище тарихында мұнан бұрын бұған тенденс **окыйға** бо-  
лып көрген емес-ті.

Окушыларды коридордан класка әрендең кіргізіп  
жүрген, үрейленген бақылаушылар асып-сасып бір айт-  
қандарын қайталай берді:

— Тыйышталыңдар, мырзалар, тыйышталыңдар. Ер-  
тең таңертең барлығы да дұрысталады. Қалай да дұрыс-  
талады. Директор сіздермен әңгіме өткізеді, барлығы да  
әңгісталады және дұрысталатыны сөзсіз.

Ақырында бақылаушылар окушыларды алдақ клас-  
ка енгізді. Оку әреңдегендеге ең ақырғы қонырауға дейів  
жүргізілді.

Училищеден шығысымен үйлеріне бармастан үшінші  
класс окушылары топ-тобымен Рыбнорядский көшесін-  
дегі Асеев, Костриков және Яковлев тұрған үйге кетті.

Олар кішкентай белмедегі кроваттар, тақта және  
абажадай тігінші столына орналасып алып жағдайды  
галқылай бастады.

— Шығарады! — десті олар. — Егер де Широков бір  
төктамға келсе, ол өзінің ойын іске асырмай қоймайды.

— Жоқ, олай болуы мүмкін емес, — деп біреулері  
қарсылық етті, — бұл туралы әлі де ешқандай қаулы  
болған жоқ.

— Қандай қаулы?

— Педагогтер кеңесі ше? Қеңессіз шығара **алмайды**.  
Мұның барлығы жай сөздер ғой.

— Мейлі, сөз болсын, мейлі болмасын шығарып қа-  
расын тек. Бүгін училищеде не болғанын көрген жоқсын-  
дар ма? Ал, ертең одан да күшейеді. Әлгі Томск семина-  
риясында, мұнан екі ай бұрын бір жігітті шығаруға ўй-  
тарғанда ондағы балалар барлық терезелерді қыйратып,  
сымдарды үзіп тастаған және инспектордың өзін сабап-  
ты дейді. Біз де осыны істейміз.

Егер де бұл туралы Сергей үндемей отыра бергөй болса, үшінші класта оқыттындар мұнан былай да ма-  
засызданып көп уақытка дейін таласа беретін еді.

— Балалар, біз былай етейік. Біз сртеп ештеңені көрмегендей болып окуға барайық, содан кейін не болғанын көре жатармыз.

Осы тоқтамға келгениен кейін жөндеріне тарасты.

Ал, келесі күні таңтерген, сағат жеті болар-болмаста, Костиров, Асеев және Яковлев өз үйінің какпасынан шыкты да Арское даласындағы училищеге карай жүрді.

Училищеде «шишельный» деп аталатын киім ілетін жерде шулаган балалар тобы көбейген-ді. Бақылаушылардың бірі де өз бетімен окуға келген окушыларды көрмедин. Бірак, олар киім ілетін жерлен коридорға карай топтарын жазып шыға бергенде Макаров оларға тап берді.

— Инспектордың ерекше бүйрығы болғанша сіздердің келмеулерінді сұраімын. Қазір кетіңдер. Бұл сөздің сіздерге орыс тілімен айтқанбыз.

Достар біріне бірі қарап тұрды да қайтадан киім ілетін жерге кетті.

Бірак, олар киініп үлгіргенше үшінші кластың екінші тіпті бірінші кластардың окушылары оларды қоршап алды.

— Қазірден бастап өз кластарың тарауларынды өтінемін. Оқу басталады! — деп киім ілетін жерге қарап тұрған Макаров зекіріп жіберді. Бірак, оны ешкім де тындағысы келмедин.

Кластарда ешкім де жок, канырап калды. Сонымен катар, бүгін таңтертең оқу болады деп мұғалімдердің ойламағаны да сезіліп тұрды.

Олар мұғалімдер отыратын бөлменін есігін ішінен жауып алғып, бірде-бірі коридорға шыкпады. Ал, конырау соғылғалы біраз уақыт өткен-ді.

Барлық жолдастары қамап алған Костриков, Асеев пен Яковлев коридордың шетіндегі үлкен терезенің алдында тагы да бір жарты сағаттай отырлы. Макаров бұл топка алыштан қарағанымен, оларға келуге бата алмады.

Міне, тагы да шынғыраган ўзак конырау соғылды. Мұғалімдер тобын жазbastan бөлmeden шығып кластарға bettedi. Терезе алдындағы топтар сирей бастады.

— Бұл қалай? Сіздер әлі мұнда тұрсындар ма, мырзалар? — деп таңданды, қайтадан батылдана түскен Макаров.

«Мырзалардың» өздері шығатын есікке қарай беттеді, ал бакылаушы Макаровтың өзі бұларды шығарып салған адамдай қақпаға дейін жүріп келді.

Үшесінің артынан училищениң ауыр емен есігі жабылып үлгермestен астан-кестен әбігер басталды.

Училищениң жоғары кластарының оқушылары Сергей Костриков пен оның жолдастарын тоқтатуды ойлап киім іletін жерге қарай жүгірісті. Бірақ, киім іletін жерде ештеңе жоқ еді.

— Күып жіберді — деп айқайлады да балалардың біреуі жүздеген шинель ілінген үлкен киім ілгішті тартқылап құлатқысы келді. Бірақ, зор киім ілгіш оның тартқылауына болмады.

Бұл жігітке көмекке тағы да бірнеше балалар келді. Кіім ілгіш тенселіп барып шинельдердің жандарі мем етектерін желліп, лұре етіп жерге құлады.

Оқушылар оған шапырлап жабыла түсті.

— Балалар, оқуды тоқтатындар! — деп олар бүкіл коридорды басына көтерді. — Училищеге Костриков. Асеев пен Яковлевтарды кайтарсын.

— Директор, инспектор кайда!

Бұл кезде бакылаушылар әбден састь. Олардың бөлме есіктерінен қарауы-ақ мұң екен, біреуіне галош, және біреулеріне фуражка, тіпті шинельдер де тиіп жатты. Оқушылар баспалдаққа барлық нәрселерді шашып жүр.

— Директорды! Инспекторды талап етеміз! Инспекторды!

— Директор калада жоқ. Инспектор да жоқ. Ол басқа жакқа кетіп калған, — деп үрепті үшып, қанын ішінے тарткан бақылаушы Тумалович оқушыларға өтірік айтты.

Бірақ, оған ешкім де сенген жоқ. Оқушылардың барлығы да көшеге атылып шығып, училище үйінің жанымен кетіп бара жатты. Олар өте беріп бір терезенің алдына тоқталды. Мұнда инспектор Широков тұратын.

— Ал, балалар, оған иманды болсын өлеңін айтайық! — деп топтың ішінен біреуі айқайлап жіберді.

— Баста, айтамыз! — деп басқалары көтере жөнелді.

— Иманды болсын... Инспектор Широков Алексей Саввич марқұмға тие берсін, — деп бірауыздан хорға косылды. Ал, жеткіншектің біреуі түмбаға шығып алышарық, үзын колымен әнді көтеріп басқарға берді.

Селдір матамен жабылған терезенің арғы жағында

жасырынып тұрған Широков әрі ашулы, әрі абыржулы еді.

«Иманды болсын» дегенді айтқаннан кейін оқушылар Грузин көшесімен алға тартты. Олар жүріп бара жатып студенттердің революциялық өлецін айтты:

Кымбат еді жас ғылымның орласы ол,  
Кымбатырақ бізге одан да бостандық.  
Біз күлләккә көтергенбіз карсы кол,  
Жойылсын деп кануа, зорлық қастандық.

Олардың карсы алдынан полиция наряды шыкты. Оларды үстап алып, кейін кайырды. Олар бүл кезде көзінің бұрышына да жетпеген еді.

Мейлі тәнсін офицерлер қамшысы  
Тәнсін мейлі, аштық, азап, түрмелер,  
Бірақ кейін үрпағымыз білмекші  
Құрескенін әкелері аскан ер.

деп өлеңдетіп келе жатты. Полицейлердің қоршауына түскең көтерілісшілер.

Өнеркәсіп училищесінің оқушылары тірі инспекторды мархұм етіп еске түсіріп өлең айтқан күні Сергей де үйінде отырмадан-ды.

Мұнан екі күн бұрын Державин скверінде жолығысқан Виктормен тағы да кездескен болатын.

— Ал, ісің қалай? — деді Виктор. — Бүгін кешке бола ма?

Сергей түнеріп отырып қалды.

— Бүгін болмайды, — деді ол.

— Немене болып қалды?

— Өзгеше ештеңе болған жок. Училищеге енді баруға болмайды. Училище басшылары мені және Асеев пең Яковлевты шығарайын деп жатыр. Біздің 14-індегі ісіміз үшін...

— Солай де, — деп Виктор да уайымдал қалды. — Жақсы нәрсе емес. Ал, сендердің бітірулеріне қанша үақыт қалып еді?

— Алты ай.

— Барлық болғаны ма? Жауыздық қой бұл... Менің байқауымша ата-аналарың жок қой деймін?

— Жоқ. Мен сегіз жасымнан бастап панаханадамын.

— Ал, бірнәрсесін ойлад көрейік, — деді Виктор қолын Сергейдің тізесіне қойып.

— Эрине, бір айласын табамыз, — деп Сергей басын өзеді. — Мүмкін, шығара қоймайтын да шығар. Біздің ба-

лалар онда көтеріліс жасап жатыр... Бірақ, іс мемем тынған күнде де станокті табу керек, ал оны екі күннен кейін несіне қайтарады. Бірақ, оның адресі өзгөрмейді.

— Солай де, — деді Виктор.

— Ал, демек, 18 не дейін ғой?

17 ноябрь күні таңертен Қазан училищесінің жанына бір шана келіп тоқтады. Одан басына қамшат бөрік киғен ақсақалды поп жарықтық пен жуан полиция бастығы ырылдап түсіп жатты.

Барлық окушыларды мәжліс залына шықыртты.

Бірінші болып жаңағы поп жарықтық сөйлемді. Ол, басшыларға қарсы шығу кұна болатынын, оның ақылсыздық екені туралы, оларды бұл үшін құдай жазалайтыны туралы айтты. Содан кейін ол бастықтарға «катаң және әділ» болудың қажет екенін түсіндіре келіп, әрқашан да олардың ықпалымен жүрудің қажет екенін айтты. Окушылар үндемеді.

Содан кейін полиция бастығы тұжырымды бірнеше үрейлендіретін сөздерін келтірді. Оның ұзақ сөйлеген сөзін «казна каражатымен оқып жүреді де, бүлік шығарды»; деген бірауыз сөзben түсіндіруге болатын еді.

— Бес тыйындық стипендиясын әлдекандай етіп, көзге шұқыйды екен! — деді кейінгі катарда отырғандардың біреуі.

Ақырында инспектордың өзі сөйлемді. Наполеон сыяқты киімінің жағасын қолымен үстап тұрып Алексей Саввич Широков алға үмтүла түсіп өзінің кырылдаған даусымен былай деді:

— Костриков, Асеев пен Яковлевты училищеден шығарарамыз... Бұл арада Широков катты күрсініп жіберді.

Барлығы да демін ішіне тартты.

— ...Деген бүйрығымызды жойдық, — деп бітірді сөзін Широков.

Залда шулаған дауыс көтерілді. Отырғандардың біреуі «ура» деп катты айқайлап жіберді.

Училищенің басшылары бұл көтерілістің училищенің сыртына жайылып кетуінен корыққандықтан көтерілешілерді оқуда калдыруға мәжбур болды. Өнеркәсіп училищесінің окушыларын Қазанның студенттері мен жұмысшылары әрбір минутте де қолдауы мүмкін еді.

18 ноябрьден бастап өнеркәсіп училищесінде барлық іс өзінің кезегімен жүріп жатты. Қоңыраулар соғылыш, сабак басталады, переменнен кейін тыбыштықпен өз-

бак та дұрыс аяқталады. Барлығы да өздерінің орындарында — мұғалімдер де, оқушылар да, мектеп күзетшілері де бұрынғы қалыпта.

Ауыр салмақты, үзын киім ілгіште бұрынғысындай өз орнында тұрды. Оның шеткі үш ілгешегінде Костриков, Асеев, Яковлевтың шинельдері ілулі тұрды.

Үш дос таңтертең училищеге келгенде, оларды қашармандар есебінде қарсы алды. Киім ілгіштің алдында оларды аспанга көтөріп, корага шыққанда оларға «ура» лап айқайлости.

Ауыр азап шегін, зор қайғыда болған адамдардай -ақ, сабак үақтында мұғалімдер олармен сақтана сөйлесті.

Бір сөзбен айтқанда училищедегі тәртіп қалпына келтірілді. Қелесі күнгі таңтертеңгі сағат сегізге дейін барлығы да тыныш, барлығы да бейбіт болып тұрды.

Ал, келесі күннің таңтертеңгі сағат сегізінен бастап училище басшыларын, керек десе полицейлерді қобалжытқан тагы бір жаңа оқыйға басталды.

Механика мастерскойнен жаңа ғана жөндеуден шығарылып, заказчикке қайтарылуға даярланып қойған қолмен басатын станок жоғалып кетті.

Бұл туралы инспектор Широков білгеннен кейін, ол зілді, ашууланған түрмен бақылаушыларға былай деп зекірді:

— Бұл өзі немене, мырзалар? Мұны неге бақылаудыңдар? Ойласаңдаршы, бұл майшамның астына қоятын нәрсе емес қой. Бұл станок, — мұнда талай сөздерді басып шығаруға болады! Мұндай әдет қойылmasa жақын арада менің кабинетіме де бомба тасталуы мүмкін... Қазірден бастап шұғыл зерттеу керек, станоктың кім алды!

Бақылаушылар асып-сасып жүгірісумен, аптығумен болды. Бірақ, кіналі адамды таба алмады. Сонымен қатар, станокты да таба алмады.

Сол күні кешке жақын бұл станок жаңа орынға орналасқан болатын.

Оның жаңа қожалары бірден-ақ онымен жұмыс істей бастады.

Бұл станок іш пыстыратын: «кем-тарлар» қоғамына қаражат берген тізімдер мен жылдық отчетты басудың орнына, қазір бостандықка шақырган батыл, өткір және

жүрекке ыстық сөздер жазылған, мындаған листовкаларды басып жатыр. Бұл листовкада мынадай өздер жазылған:

Самодержавие жойылсын!  
Қанаушылар жойылсын!  
Революция жасасын!

---



#### XXXIX ТАРАУ

### ҚАЗАННАН ҚАЙТҚАНДА

1904 жылғы июнь айының аяқ кезінде Полстовалов көшесіндегі кішкентай үйшікте асығыспен дайындық жүргізіліп жатқан-ды.

Сергейді күтуде. Ол бүгін-ертең Уржумға келуге тиісті. Сергейді, әсіресе оның әжесі Маланья асығыспен күтуде. Оның жасы қазір 92 ге шықты. Ол дегендей соқыр болып, әлсіреп, күн ұзаққа пештің түбінен шықпайтын болған-ды.

— Немереме сығыр көзіммен бір рет қарап өлсем арманым болmas еді. Ол механик болып шығады. Ол осал нәрсе ме? — дейтін кемпір көршілеріне.

Сергейдің келер қарсаңында үйдің ішкі қабырғалары мен пештері акталған-ды. Оның апа, қарындастары Анюта мен Лиза еденді жуды, сонымен қатар олар төреке эйнегін жуып, оны кіршіксіз ақ қағазбен сүртіп, жалтыратып койды. Төрғи бөлмедегі столға тек Иса

пайғамбар туған күні және қызылжұмыртка күндері ғана жайылатын ак дастарқан жаюлы түр. Столдың қак ортасында тұрған балшық құмраға Сергейдің ең жақсы көретін гүлі — кекіре гүлінің ұлкен бір шоғы қойылған.

Ағарған қабырға, тамаша дастарқан және шоқты гүл мен безенген кішкентай ғана жұпның болменің сәні кіріп, мейрам күндеріндегі түрге түсуде. Бұл болме көзге бұрынғысынан кесірек және жарығырақ сыйкты болды.

Сергейді қарсы алуға барлығы да даяр болды.

Кеме Цепочкино пристанына аптастына төрт рет, күнде ізгі сағат 12 нің шамасында келетін-ді.

Бірақ, Сергей келетін күні кеме кешігіп қалды.

Сергей Полстовалов көшесіндегі үйіне келгенде, үйде тек жалғыз әжесі Малаңя ғана отыр еді. Сергейдің апасты Аниота өзінің досына кеткен-ді, ал карындасты Лиза Уржум өзеніне шомылуға кеткен-ді. Кемпір шәлісін жағынан бойы тақтады үстіндегі қалғып отырған-ды.

— Анда жүрген кім? — деп айқайлалды, сенекте біреудің каттырақ аяқ басқан дыбысын сезіп.

— Өзіміз гой! — деп жауап берді, таныс дауыс.

— Сереженька! Қеліп қалдың ба! — деп дауыстап жіберді кемпір.

Ол тақтадан тұрып, қабырғаға сүйене, сыйпалай, Сергейге қарсы жүріп келеді. Бір минуттен кейін олар тақтада қатарласып отырып та ұлғірді. Кемпірдің әжім кірген көне беті пүрланып кетті.

— Үлкейгенсін, жігіт болып өскенсің. Тужурка да форма мен тігілген! Мұртың да!... Барлығы да жаразтықты өзіңде! Марқұм Катя сені қазір көрер ме еді, — деп кемпір жылап жіберді.

Шынында да, Қазанда тұрған соңғы жылында Сергей өсіп, келбетті жігіт болған еді. Ол жауырыны қакпактай, шымыр, шұғадан тіккен формалы тужуркасы, кейін карай тараған кою қара шашы, оны 18 жастагыдан ересек етіп корсететін.

Кешікпей-ак апа қарындастары да келіп үйдің сәні кірді, жігерлі жас дауыстар қуанышпен сөйлем жатты. Ал, бір сағаттан кейін Сергейдің келгенін бүкіл Полстовалов көшесі тегіс білді. Костриковтың кішкентай пәтері адамга лық толды.

Саняның шешесі Устинья Степановна Самарцева да келді, ескі дінді ўстайтын Пронка да кіріп шыкты, Сергейдің қалалық училищеде бірге оқыған екі жолдасы

да келді. Ал, кешке жақын панахананың күзетшісі Палладий де келді.

Ол тіпті қартайып қалған, оның сары шашына да ақ кіріпті.

Палладий өзінің «өзімнің досым» деп атайдын бұдырып бұдыр таяғын есіктің босағасына сүйей салды да, Сергейге амандасып, оның қарсысындағы табуреткеге отыра кетті.

— Қалай, техник-механик болдың ба! — деп Палладий таңдаңды, — панаханада он бір жылдан бері жұмыс істеп келемін, ал панахананың жетімектерінен адам болып шыққанды көріп отырғаным осы.

Ол Сергейдің біртүрлі формамен тігілген фуражкасын қолының үшымен жайлап мандайынан үстап көрді.

Күзетші Костриковтардың үйінде біраз уакыт қонақтап, тоқаш пен шай ішті. Сергейден Қазан туралы әңгімелер сұрастырыды. Сонымен ол Сергейдің «механик» болып шығып, оған онша «мадақданбайтынына» риза болып кетті.

Күзетші Палладийдің шыккан есіргі жабыл-маста Саня Самарцев келді. Саняның үстінде жаңа қостюмі, иегін тіреп тұрған қатырмалы ақ жағасына жібек галстук байлаған көйлегі бар екен. Оның қолында «Кавказ» деген жазуы бар әдемі, жеңіл таяғы да бар.

— Міне біздің ауылдың жігіті де келді, — деді кемпір Маланья.

Шынында да Саняны енді жігіт деп атауға әбден болатын-ды.

— Мен сені бірден таный алмай қалдым. Кара өзін франт<sup>1</sup> болып кетіпті, — деді Сергей, өзінің досын иығынан құшақтап тұрып.

— Сізді де, құрметті Сергей Миронович тану қыйынырақ болып кеткен, — деп Саня құлді.

---

Бірінші жексембі күні достар таңертенгі сағат алтыда тұрып, онан кейін балық аулауга аттанды.

Қала халқы орнынан тұрып жатқан кезі. Уруждық әйелдер шелектерін алып өзенге қарай кетіп барады. Шір-

<sup>1</sup> Франт — сәнқой, кербез.

кеуде ертеңгі тамаққа қоңырау соғылды. Үй қожалары әздерінің үйлерінің алдын сыйрып жүр.

Достар өзенге келіп әздеріне жайлы бір орынға шешінді де, суга шомп кетті. Июнь айының ыстық кезінде, таңтерең өзенниң мұздай сұйна дұзу қандай ракат. Судың тазалығы сонша, оның сары қайыршакты тубі анық көрініп жатыр.

— Бұдан әрі де оқыйсың ба? — деп сұрак қойды Саня, Сергеймен қатарласып дүзіп келе жатып.

— Мен қарсы емеслін, бірақ та өзің білесің. — Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді, деген емес пе? — деп Сергей күлді.

— Осында-ақ қалсайшы. Біздің Басқармамызда бос орын бар, тіркеушіні қызметтен босатады. Барғың келсе мен сен үшін айтып көрейін.

— Керек емес, — деді Сергей.

Екеуі де бірнеше минут сөйлеспестен жүзе берді.

— Иван Никонович! — деп айқайлады кенеттен Саня, — Иван Никонович!

Сергей жағадағы қайықты, ондағы жасы 26 шамасына келген, бүркүраған сары шашы бар жігітті көрді. Оның басындағы күн көзіне күйіп оңған студент фуражкасы желкесіне түсіп кеткен. Қайықтан темір бақырашпен суды төгіп жатыр.

— Оны саяси адам дейді, — деді жайлап Саня. — Таныстырайын ба сені?

Иван Никонович, Томскідегі технологиялық институттың студенті. Саня оны Вяткеден білетін-ді. Олар танысты. Бұл күнді үшеуі бірге журіп өткізді. Ал, кеште олар саяси жер аударылғандарға қонаққа кетті.

Бұлік шығарушылардан қайтып келгеннен кейін Сергей кенеттен былай деді:

— Барлық таныс жастаңдарды жыйнап қайықпен өзенде қыдырысақ жақсы болар еді.

— Бұл ой зыянды емес! — деді бірден студент.

Бір аптадан кейін жастаңдардың саяхаты үйымдастырылды. Қайықпен 12 адам өзенге шықты. Бұлардың ішінде окушылар, студенттер, гимназистер бар болатын. Бұлар әздерімен бірге шай қайнататын самауыр, ішетін тамақтарын және ойнайтын музыка аспаптарын алды.

Кешкі тұрым Уржум өзенінің жағасында костер жақты, балықтан қарма пісірді. Гитар ойнады, барлығы қосылып революциялық өлеңдер айтты.

Қерек емес бізге алтын пірі де,  
Жиркенішті сарайы да патшанын.

деп өлең айтқан жастар даусы өзенді жаңғырықтырды.

Жағада жағылған костердың қызыл сәулесі өзен **бе-**  
**тіне түсті.**

Сергей костердың қасында тұрып өлең айтқандардың  
басқарды.

Бас көтер, орныңнан түр, жұмысшы тап!

**Аш** халық, тайсалмastaн дүшпанға шап!



#### LX ТАРАУ

### СЕРГЕЙ ЖҮРІП ҚЕТТИ

Әрбір күн сайын Сергей үдайы студентпен кездесіп жүрді.

Басқармадан жұмыстан кайтқан Саня үнемі олардың бірге отырғанын көретін еді. Ол Сергейді жаңа студенттен қызгана бастады. Өйткені оған Сергей өзімен ешқашан да бұл студентпен сөйлескендей өте терең сырласып көрмелегендей болды.

Кемпір Маланья да Иван Никоновичке, өз үйіне күн сайын келіп тұрғаны үшін ракмет айтатын болды. Кемпір оны «Тара — ри-ра» деп атады. Бұл студенттің күн-

жіргі әдеті бартұғын: ол әрқашан да әндерді сөзінсіз, тек үнемі біргана «тара-ри-ра, тара-ри ра» деген дыбыспен ғана айтатын.

Август айның орта шенінде Сергей кенеттен үй ішіне өзінің Иван Никоновичпен Томскіге жүретінін хабарлады.

— Немене, сен технологиялық институтқа окуга бара-сың ба? — деп сұрақ берді Саня.

— Барғым келіп еді, білмеймін не боларын, алдағы жағдай шешер де.

— Дегенмен өзің кім болуды ойлайсың?

— Бір сөзбен айтқанда мен дәл осы уақытта ең ма-цызды және нағыз қажетті адам болсам деймін, — деп жауап қайырды Сергей.

— Ештең түсінесем бұйырмасын, — деп Саня ашуланған бойы үнсіз отырып қалды.

Сергейдің жүретінін естіген кемпір ауыр күрсінді.

— Не үшін кетссің? Саня сені Басқармага орналас-тырған болар еді, сонымен ың жок, шың жок Уржумда тұра берген болар едін.

— Жұру керек, әже.

— Ал, кайтейің, қажет болса жүре бер, — деп кем-пір қолын сермеді. — Менің байқауымша сенің басынды пырмаган «Тара-ри-ра» гой!

Жұруге жеті күн қалғанда Сергей әжесі мен апа, қарындастарын ертіп сурет түсірушіге баруға бел байлады.

Кемпір мұндаій салтанатты жағдай үстінде өз үйіне Устина Степановнаны шақырып алғып, суретке қандай шәлісін, әшекейлісі ме, әлде қара орамалды таға ма, мі-ис осы туралы онымен көп уақыт кеңесті. Лиза өзінін бұрынғы бұрымын тарқатып, шашына прическа жасатты.

Суретке түсетін жерге барғанша кемпірді Лиза мен Сергей қолтықтап алғып жүрді. Кемпір жүріп келе жатып бірнеше рет сүрінді, оның кәрі аяқтары дегеніне көнгісі келмейді.

Өзінше траштанған кішкентай суретші жалбалактап қалды. Ол суретке түсіретін адамдарын көп уақытқа дей-ін дұрыстап орналастырудың әрекетінде болды, акыры өл ыңғайлы жағдайымен оларды реттеп орналастырды: кемпірді қолына кітап үстаған Лизамен қатар отырғызыды, ал олардан кейін Сергей мен Аютаны тұрғызыды.

Төрт күн өткеннен кейін сурет те даяр **boldы**. Бұл

сүретті Маланъя кемпір төргі бөлменің ең көрнекті орны бұрыштағы жез құдайдың тәменгі жағына апарып ілді.

---

Сергей күздің бұлтсыз, жылы күні жүргуге жыйналды. Бұл уақытта кайындардың жапырактары сарғая бастаған, бірақ, аспанда бір түйір бұлт жоқ, көк мөлдір еді.

Жыйналу көпке созылған жоқ. Корзинкаға ішкім салынды, одеял және жастиқ алынды, — міне барлық біткен жиһазы осы ғана!

Бұл күні тацертен Маланъя кемпір жарық біліне бастағанда тұрған-ды. Ол немесе Сергейге азық пісріді, сонымен қатар шөлмекке пісріген сүт құйып қойды.

— Жолда ішерсің. Сумен жүрген адамның әрқашан да тамак ішкісі келе береді, — деп оның алмаймын дегенін болмай бір шөлмек сүтті Сергейдің жан қалтасына салды.

Сергейдің қарындасы Лиза ағасымен қоштасарда оған өз атымен әкесінің аты кестелеп жазылған қол орамалын сыйлады.

Сергей, әжесі және апа, қарындасымен қоштасты. Оның соңынан Иван Никонович пен Цепочкино пристанына дейін жолдастарын шығарып салғысы келген Саня да срді.

Олар пристаньға келгенде кеме де жүргуге ыңғайла-нып түр екен.

Жүргуге он бес минуттей уақыт қалды, бірақ, барлық жолаушылар кеменің палубасына шығып алышты. Палубада арқалаған түймешектері мен балалы әйелдер, басына шетен қалпақ киіп, қолына кенеп шатыр ўстаған поп, камзолды подрядчик және қапшық арқалаған бірнеше шаруа адамдар бар еді.

Сергей мен студент тақтайдың үстімен кемеге шығып үлгіруі сол-ақ екен, жалаңақ матрос арқаның үшін жыйнап алғанда, кеме де пристанинан жайлап жылжый бастады.

Сергей мен Иван Никонович палубада тұрып, фуржкаларымен қолын бұлғады.

— Қош бол, Иван Никонович! Қош бол, Сергей! Жазындар! Жазып тұрыңыздар! — деп айқалады. Саня.

Ол кеме өзеннің иығына тасаланғанша жағада тұрып

калды. Кеме көзден таса болғаннан **кейіп** өзінің **таяғын** былғай-былғай үйіне қарай жайлап жүріп кетті.

«Міне, кетті олар, — деп ойлады ол, — үлкен қалада тұрады, онда оқыйды, жұмыс істейді, ал мен болсам Уржумда қалдым».

Ол колындағы таяғын бұлғалақтатып, ызаланған-дақтан жол бойындағы бұта ағаштардың жапырақтарын қыйып түсіре берді.

Ал, дәл осы кезде кеменің кішкене **каютінде отырған** достар әңгімеге кіріскең-ді.

Кеме шайқап келеді, оның төменгі жағында машина тарсылы естіліп тұр, Сергей жіңішке койканың үстінде отыр, Никонов кабыргаға сүйеніп темекі тартып тұр.

— Сен білуге тиістісін, Сергей, алдыңнан не күтіп тұрғанын! Мүмкін дар күтіп тұруы да. Ал, түрме және жер аударылу туралы тіпті айтудың да қажеті жоқ...

Сергей орынан тұрып, басын сілкіп шашын маңдайынан жогары ысырып таstadtы.

— Білем, Иван!

Ол кішкентай ғана дөңгелек терезені шалқасынан ашып таstadtы, сол кезде каютага өзениң таза ауасы мен кеменің үлкен дөңгелегінің суда айналған дыбысы **анық** естілді.

— Міне, Шурмадан да өтіп кеттік, — деді Сергей, терезеден басып суға қарап.

Кеш жақындалп келеді. Ежелгі заманнан бергі келе жаткан ну ормандар да, батпакты жерлер де, аласалау тобешіктер де артта калып барады, тек тік жарлардың жағасында тұрған мыжырайған лашыктар ғана анда-санда карауытып көрінеді.

Әрбір жерлерде жылтылдаپ от жағыла бастады.

Өзен үстін кою, салқын, сұр тұман басты.

Кеме Томскіге қарап жүріп келеді.

## МАЗМУНЫ

Бейн:  
3

### Автордан

	Бейн:
I тарау. Полстовалов көшесіндегі үй және оның адамдары.	9
II тарау. Кузьмовиа	14
III тарау. Сережаның әжесі	20
IV тарау. Жетімдер	23
V тарау. Мұқтаждық	29
VI тарау. Жетімдер үйінде	33
VII тарау. «Панасыздар үйі»	37
VIII тарау. Төрбиеленушілер	43
IX тарау. Жетімдер үйінің өмірі	46
X тарау. Үйіне қайтты	52
XI тарау. Мектеп	57
XII тарау. Жетімдер үйіндегі балалар мен қала балалары	66
XIII тарау. У. Қ. У.	73
XIV тарау. Мұғалімдер мен шәкірттер	78
XV тарау. Саня—реалист	83
XVI тарау. Екінші класс окушысы	89
XVII тарау. Спектакль	196
XVIII тарау. Бұл қалай?	103
XIX тарау. Үржум начальниктері	106
XX тарау. «Ізгі қамқорлар»	111
XXI тарау. Қазанда	116
XXII тарау. Мүйісте түрушы	120
XXIII тарау. Жаңа жүрт, жаңа адамдар	125
XXIV тарау. Біріккен өнеркәсіп училищесі	129
XXV тарау. Студентпен танысу	136
XXVI тарау. Еріксіздер	140
XXVII тарау. Двигатель оқығасы	148
<b>XXVIII тарау. «Кайрымды қамқорлар» безді.</b>	<b>158</b>

**Бетк**

XXIX тарау. Үшеуінің тұрмысы . . . . .	164
XXX тарау. Балалық шақтағы достар қайта кездеседі . . . . .	169
XXXI тарау. Бұлік шығарушылар . . . . .	177
XXXII тарау. Төбе астындағы үйшік . . . . .	181
XXXIII тарау. Бірінші тапсырма . . . . .	190
XXXIV тарау. Уржумдағы «Искра» . . . . .	195
XXXV тарау. Жасырын баспахана . . . . .	198
XXXVI тарау. Қала үйқыға енгенде . . . . .	203
XXXVII тарау. Қазандары ақырғы жыл . . . . .	211
XXXVIII тарау. Мектептері көтеріліс . . . . .	217
XXXIX тарау. Қазаннан қайтқанда . . . . .	229
LX тарау. Сергей жүріп кетті . . . . .	234

А. ГОЛУБЕВА

**МАЛЬЧИК ИЗ УРЖУМА**

*Повесть о детстве и юности  
С. М КИРОВА*

(На казахском языке)

Издание КазОГИЗа — 1950

Редактор Т. Алимкулов.

Техредактор Гиричев.

Корректор А. Шаншаров.

---

Подписано к печати 18. I. 1950 г.  
Изд. № 9.  
УГ01216. Объем 15 п. л. Уч.-изд. 11,2.  
Ф. б. 84×108<sup>1/2</sup>. Тираж 10.000.  
Цена 10 руб.

---

г. Алма-Ата, Гостипография № 2  
Управления по делам полиграфии,  
издательств и книжной торговли при  
Совете Министров КазССР.  
Зак. № 918.